

ОРАЗГҮЛ ХАСЕНҚЫЗЫ МҰХАТОВА

**ТАРИХИ ЖӘНЕ
ТАРИХНАМАЛЫҚ
ДЕРЕКТЕР**

АЛМАТЫ – 2012

ӘОЖ 94(574)
ББК 63. 3 (5 Каз)
М 87

әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих, археология және этнология факультетінің Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған (2012 жыл №10 хаттама)

Пікір жазғандар:

Х.М. Әбжанов - тарих ғылымдарының докторы, профессор
Т. Омарбеков - тарих ғылымдарының докторы, профессор
Қ.Р. Несипбаева - тарих ғылымдарының докторы, профессор

Мұхатова О.Х. Тарихи және тарихнамалық деректер. Монография. - Алматы, 2012. - 269 бет.

ISBN 978-601-247-732-0

Монографияда ұлт даналары Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Барлыбек Сыртанұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Қошке Кемеңгерұлының, Жақып Ақпаевтың, М. Тынышпаевтың және өзге де зиялылардың тарихи көзқарастары көрсетіледі. Сонымен қатар Ә.Б.Тұрсынбаев, Ж. Жұмабеков, Кеңес Нұрпейісұлы, У. Шәлкенев сынды кеңестік тарихшы-ғалымдардың зерттеулері тарихнамалық тұрғыда талданады. Ұлттық саяси элитаның өкілдері Жұмабай Шаяхметов, Жұмабек Тәшеновтің өмірлік және қызметтік ұстанымдары қарастырылады. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланған деректерге тарихнамалық шолу жасалады. Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі қорының құжаттары деректанулық тұрғыда талданады.

Монография студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, тарихнама пәнінен дәріс беретін оқытушыларға және қазақ тарихына қызығушылық танытатын барша оқырмандарға арналады.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

1-ТАРАУ. ҰЛТ ДАНАЛАРЫ ЖӘНЕ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Мәшһүр Жүсіп және қазақ тарихы мәселелері.

Халқы үшін еңбек еткен тұлға (Барлыбек Сыртанұлының қызметі және еңбектері)

Тарихшы, шежіреші – Шәкәрім

Қошке Кемеңгерұлы және қазақ тарихының мәселелері

Қошке Кемеңгерұлы және “Бұрынғы езілген ұлттар”

Жақып Ақпаев қазақтың шығу тегі мәселелері

М. Тынышпаев және қазақтың этникалық тарихының мәселелері

Ұлт зиялылары және тәуелсіздік идеясы

2-ТАРАУ. КЕҢЕСТІК ҒАЛЫМ-ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Ә.Б.Тұрсынбаев - Қазақстанның аграрлық тарихының білгірі

Батыл әрекетке ұмтылған ғалым (тарихшы Ж. Жұмабеков еңбектері жайында)

Кеңестік аграрлық тарихшылардың тұжырымдарына жаңа көзқарас

Кеңес Нұрпейісұлы және отандық тарих ғылымының методологиялық мәселелері

Кеңес Нұрпейістің отандық тарихнама ғылымына қосқан үлесі

У. Шәлкенов және этнографияның өзекті мәселелерінің зерттелуі

3-ТАРАУ. ҰЛТТЫҚ САЯСИ ЭЛИТА ӨКІЛДЕРІ ТУРАЛЫ

Билік құрсауына қамалған тұлға

Өз заманының ірі тұлғасы (Жұмабек Тәшенев туралы)

4- ТАРАУ. ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ТАРИХНАМАСЫ

Қазақ қоғамындағы әйел – ананың орны мен рөлі мәселелерінен

Қазақ халқының ұлттық тағамдарын зерттеу: бағыттары мен проблемалары

Қазақ батырлары тарихының мәселелерін зерттеу

5-ТАРАУ. «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМСЫ АЯСЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН ДЕРЕКТЕРГЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ

«Мәдени мұра» бағдарламасы мәселелерін зерттеу: бағыттары мен деңгейі

Ресей бодандығындағы қазақ тарихының мәселелері
Қазақстан тарихы бойынша орыс деректеріне сипаттама
Қазақстан тарихы бойынша орыс деректеріне тарихнамалық шолу

6-ТАРАУ. ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУЛАР

Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі қорының
құжаттарын сыныптау мәселесі

Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі қорының
құжаттары өлкедегі рухани отарлау тарихының деректері

ҚОРЫТЫНДЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Тарих ғылымының проблемаларын нақты методологиялық талдауларсыз шешу мүмкін емес. Бұл проблемаларға дәлірек айтсақ, дүниежүзілік тарихи үдерістің заңдылықтары, қазақ тарихының әлем тарихының құрамдас бір бөлігі екендігі, Қазақстан аумағында өмір сүрген халықтардың, олардың тарихтағы рөлі, субъективті факторлардың ықпалы және сол сияқты көптеген мәселелер жатады.

Отан тарихын терең зерттеген сайын, әрі жаңа методологиялық ұстанымдарды қалыптастыру барысында оның зерттелмеген мәселелерінің шаш етектен екендігіне көз жеткізілуде. Оның үстіне соңғы уақыттарда тарихи зерттеулер жүргізуде ғылым мен техниканың жаңа технологиялық жетістіктері пайдаланылуда. Осының барлығы тарих ғылымының қазіргі кезеңдегі жағдайы, зерттеулерге талдау жасаудың деңгейі оның теориялық-методологиялық негіздерін жетілдіруді талап етеді.

Тарихнамалық проблемаларды методологиялық ой-елегінен өткізу тарихи оқиғаларды түсінуді жаңа деңгейге көтереді. Ал тарихи деректерге деректанулық талдау жасау өткенді жай түсіндіріп қана қоймайды, сонымен қатар ғылымның жай-күйін, оның қозғаушы күштерін, даму тенденцияларын айқындайды.

Соңғы жиырма жылда тарихнамалық және деректанулық зерттеулерді жүргізуге ықылас артып, тарих ғылымының тарихын терең түсінуде бірқатар зерттеулер жүргізілді. Мұның өзі жаңа, ғылымның түрлі салаларында қол жеткізілген жетістіктер тұрғысынан тарихнамалық және деректанулық методологиялық талдаудың заңдылықтары мен өзіне тән белгілерін тануды талап етті. Осы бағытта біраз жұмыстар жасалды. Тарихнамалық зерттеулердің методологиялық тұғыры болып танымның жалпы ғылыми мәртебесін иемденуші дербес диалектикалық-материалистік, философиялық ілімдер жүйесі, теориялық-әдіснамалық ұстанымдар қалыптастырылды. Сонымен қатар ұлттық деректану ғылымының негізі қаланып, бұл саланың теориялық-методологиялық негіздері анықталды. Орыстың белгілі ғалымы И.Д.Ковальченко: “Тарих ғылымында тарихи теориялық және методологиялық түйіткілдерді шешу қазір ерекше маңызды міндеттердің бірі. Тарихнамалық зерттеулер қазіргі кезде кең көлемге ие болды, бұл пән өзіндік даму жолынан өтті, ол тарих ғылымының сұраныстарын қанағаттандырады. Алайда басты мәселе бұл емес, бізге аса қажет міндет тарихнаманың методологиялық тұстарын жетілдіру”¹, - деп жазғандай методологиялық проблемалар өз шешімін таппаса, зерттеушілер

¹ Ковальченко И.Д. Методологические и историографические вопросы исторической науки. -Томск , 1974. -43 б.

әдіснамалық жағынан пісіп-жетілмесе ғылым жаңа, сапалы жетістіктерге жете алмайды.

Тарихнаманың және деректанудың методологиясы “тарих адамның іс-әрекеті” принципіне негізделіп, тарих методологиясымен, сондай-ақ жаңадан қалыптасып, ғылымтану, информатика, болжау, әлеуметтік психология тәрізді пәндермен тығыз өзара байланыста ғылымнан көрініс беруде. Бұл пәндердің сапалы даму деңгейі, теориялық-методологиялық негіздері және зерттеу әдістері тарихнаманың әдіснамалық проблемаларын оқып-үйренуде маңызды болып табылады.

Тарихнамадағы методологиялық проблемаларды оқып-үйренуді ғылымдағы “тарих және қазіргі заман” парадигмасымен байланыстыра жүргізу өзекті болып табылады. “Тарих және қазіргі заман” проблемасын мына төмендегі бірқатар мәселелермен етене жақын шешу қажет. Олар: зерттеу тақырыбын таңдау, оны қарастырудың теориялық және методологиялық деңгейі, қорытындылар жасау, тұжырымдардың қазіргі заман үшін маңызы.

Тарихнама ғылымтанушылық рөл атқара отырып, нақты тарихи зерттеулердің негізгі жетістіктерін талдай келе шындықтың аса маңызды жақтарын тұтастай көрсетіп береді. Тарихнаманың тағы бір ерекшелігі осы ғылым саласы арқылы белгілі бір мәселенің зерттелу деңгейін анықтап қана қоймай, сол мәселе ауқымында жаңа, тың тақырыптар айқындалып, зерттеушілерге ұсынылады. Тарихнамалық талдау неғұрлым терең, жан-жақты жасалса, соғұрлым мәселенің мән-мазмұны, зерттелу бағыттары мен үрдістері барынша анықталады, зерттелуге тиісті тың тақырыптар молаяды. Осы жағынан алғанда тарихнамалық зерттеу жүргізудің маңызы артып, көкейкесті бола түседі.

Дегенмен осындай тенденциямен қатар методологиялық ізденістер жүргізуді талап ететін жаңа проблемалар, зерттеулердің жаңа бағыттары пайда болуда.

Осыған орай тарихнамалық және деректанулық зерттеулер жүргізудің методологиясын көрсету мақсатында тарихнамашыларға осы еңбегімізді ұсынып отырмыз. Зерттеуіміз тарихшылардың, жас ізденушілердің және қалың оқырман қауымның кәдесіне жарар деген ниеттеміз.

Монографияның мақсаты - тарих ғылымының салалары тарихнаманың және деректанудың өзіне тән зерттеу методологиясын, ерекшеліктері мен заңдылықтарын пайдалана отырып, тарихнамалық еңбек жазудың, деректанулық талдау жасаудың бағыт-бағдарын, үлгісін нақты мәселелерді қарастыру арқылы көрсету.

Автор өзінің алдына мынадай **міндеттерді** қояды :

- ұлт даналары және зиялыларының тарихи көзқарастарын қарастыру;
- кеңестік ғалым-тарихшылардың еңбектеріне тарихнамалық талдау жасау;
- ұлттық элита өкілдерінің өмірі мен халқына сіңірген еңбегіне баға беру;
- кейбір этнографиялық мәселелерді тарихнамалық тұрғыда зерделеу;
- «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланған деректерге тарихнамалық шолу жасау;
- Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі қорының құжаттарына деректанулық талдау жүргізу. Осы соңғы тарау шәкіртім-

Гүлжан Бөлегенқызымен бірлесе отырып дайындалды.

Автор тарихнамалық зерттеудің методологиясын көрсетуде, өзінің пікірін танытып, тұжырымдарын түйіндеуде кеңестік және қазіргі кезеңдегі Ресей Федерациясы, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстан тарихшылары мен тарихнамашыларының, деректанушыларының көзқарастарына сүйенеді.

ҰЛТ ДАНАЛАРЫ ЖӘНЕ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Мәшһүр Жүсіп және қазақ тарихы мәселелері.

ПМУ хабаршысы. Гуманитарлық серия. 2009. №1. -105-139 бб.

Биылғы жылы қазақ халқының танымал ақыны, этнографы шежірешісі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туғанына 150 жыл толып отыр. Осы күнге дейін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектері тек қана философиялық, әдеби, ауыз әдебиеті, фольклористика тұрғысынан зерттеліп келіп, өкінішке қарай тарихи тұрғыда қарастырылмаған. Сондықтан біз осы жұмысымызда осы олқылықтың орнын толтыруға тырыстық. Өйткені Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ халқының тарихын зерттеуде аса ірі үлес қосқан тұлғалардың бірі екені даусыз. Оның қазақ халқының тарихын жан-жақты зерттеп деректерді жинауы, қазақ халқын аралап ауыз әдебиет, шежіре үлгілерін жинап нәтижесінде 30 томдық «Мес» жинағын шығаруы дәлел бола алады. Себебі бұл жинақта төл тарихымызға арналған жазбалар орын алды. Өз кезінде мол мұра қалдырған адамның бірі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы тарихымызға елеулі үлесі, оның еңбектеріндегі тарихи жыр, аңыз-әңгіме, дастан тағы басқалары дәуірлер мен кезеңдерге байланысты ретімен берілуінде. Бұл жерде айтқымыз келіп тұрғаны оның еңбектерінде нақты дәуірлеу болмасада хронологиялық талдау байқалады. Бұл жерде тарихымызға қатысты оқиғалармен үрдістер ретімен көрсетіліп тарихи сабақтастық сақталған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазбасында белгілі-бір халықтардың шығу тегіне, рулық құрамына, қоныс аударуына, қалыптасуына, тіпті олардың тұрмыс тіршілігіне, киетін киімдері мен кәсібіне, рухани мәдениетіне т.б. қатысты деректердің молынан ұшырасуы назар аудартады. Мәселен, «Бұл қазақ қай уақыттан үш жүз атанған» оның ішінде «Алаш» деген қай ел, не себепті олай айтылғандығы, «Жүз» деген атау қайдан шыққан деген сұрақтарға өз көзқарасын білдірген. Сол арқылы қазақ елінің пайда болуы тарихнамасына шолу жасалынады.

Көрнекті ақын, публицист, этнограф, жиһанкез, саяхатшы, ағартушы, көріпкел, шежіреші Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (шын есімі Көпжасар) 1858 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Қызылтау жерінде дүниеге келген.

Мәшһүр - Арғынның Сүйіндік тайпасынан тараған ұрпақтың өкілі. Шежіре арқылы көрсететін болсақ, Жүсіп Сүйіндіктің Құлболды руының Күлік атасының Тілеуімбет тармағынан тарайды. Өз атасы Ақжігіттен туған

Сырмағамбет, әкесі - Көпжасар.

Сүйіндік→Құлболды→Күлік→Тілеуімбет→Ақжігіт→ Сырмағамбет →
Көпжасар → Мәшһүр Жүсіп.

Туғанда азан шақырып қойылған есімі - Адам Жүсіп болған көрінеді. Кейіннен 9 жасында қисса-дастандарды айтып, ел көзіне түскен кезде жиынды шақырып отырған Мұса Шорманұлы Жүсіпті ұнатып, тақиясына үкі таққызып: «өз заманында халыққа мәшһүр болатын бала екен», - деп лепес қылуымен Мәшһүр Жүсіп атанып кеткен [1. 1 б].

Мәшһүр 3 жасқа толғанда әкесі Көпейдің малы жұтқа ұшырап, «ақ сирақ» болып шыққан. Сонда Көпей: «Адамға мал жолдас болмас, ғылым жолдас, жұтамас байлық» - деген даналықты ескеріп, баласын оқытуға бел буған. Сөйтіп бала Жүсіп Баянауыл медресесінде Қамар (Хамараддин) хазіреттен білім алып, алғаш оқуға ден қойған.

Мәшһүр ауыз әдебиеті нұсқаларымен ерте танысып, халықтық жыр-дастандарды жаттап өскен. Өзінің алғырлығын, сөз өнеріне бейімділігін ол ерте танытқан. Ақындық жолға түсуінің 15 жасында басталғанын ақын былай баяндаған: «Айырылдым дәл он бесте ақыл-естен,

Жабысып бір дауасыз ауру төстен...» [2.147 б].

Мәшһүрдің есейіп, оңы мен солын тани бастаған кезі ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ел өміріндегі өзгерістерге тұспа-тұс келді. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуға билік жүргізіп келген Қоқан хандығы ХІХ ғасырдың 50-60-жылдары саяси билік дағдарысына ұшырап, үнемі Бұхар хандығымен соғыс жүргізумен болды [3. 79-80 б б].

Сол мезгілде Ресей екі жақтан: Сырдария (Ақмешіт) пен Жетісудан (Верный) шабуылдап, Ұлы жүз жерін басып алды. Қазақстанды тұтас иемденгеннен кейін, Ресейдің отаршылдық саясаты күрт өзгерді. Саяси-әскери отарлау кезеңі аяқталып, патша шенеуніктері қазақ еліне Ресей заңдарын, әкімшілік-басқару жүйесін тікелей енгізіп, рухани отарлау, шаруаларды қоныстандыру әдістерін жүзеге асыра бастады [4. 116 б].

Әкесінің ақыл-кеңесімен білім алуды жалғастыру мақсатында Мәшһүр Жүсіп 1872 жылы Бұхарадағы Көкілташ жоғары діни медресесіне оқуға түскен. Оны 1874 жылы тәмамдап, өз заманына лайық жоғары мұсылмандық білім алып, ортағасырлық араб, парсы, шағатай тілдерін еркін меңгеріп шыққан. Еліне оралған соң екі жылдай ауылда балаларды оқытып, ағартушылық қызметпен айналыса бастаған,

Мәшһүрдің тұрмысын жақсартуды ойлаған Арғындар арасында жомарттығымен, мырзалығымен, ағайынға қайырымдылығымен аты шыққан Әкімбек Мырза Жүсіпке қаражат беріп, астына ат міндіріп, алдына мал салып, Көпей отбасының дәулеттенуіне мұрындық болған [3. 79 б]. Тұрмысы түзелген Мәшһүр 1887, 1895, 1907 жылдары үш рет Түркістан, Ташкент, Бұхара, Самарканд қалаларына сапар шегіп, шығыстың мұсылмандық білімін молайтқан, Осы жылдары белгілі оқымыстылармен, ақындармен кездесіп, түркітанушы-академик В.В.Радловпен танысқан. Орта Азия қалаларына сапар шегуде ғалым, білгірлермен жүздесіп қана қоймай, сонымен қатар сол өңірлердегі тарихи әңгіме, аңыз, шежіре сөздерін жазып алды. Осы тұста айта

кетерлік бір жайт Мәшһүр ел аузындағы аңыз-әңгімелер мен жыр-дастандарды бала кезінен-ақ жаттап, кейбіреулерін жыршылардан жазып алған. Мәселен, Ә.Марғұланның айтуынша Жүсіп 7 жасында «Ер Олжабай батыр» жырын сақау ақынның аузынан қағазға қондырған. Бала Жүсіптің осындай маңызды іспен айналысуына ұстазы Қамар хазіреттің де ықпалы болғаны даусыз.

Айта кетерлік бір жайт, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұрпақтары қазіргі Жүсіповтер әулеті аталарының мол мұрасын зерттеп, талдап, көптеген еңбектерін ғылыми айналымға өндіріп, ғылым үшін келелі нәтижелерге қол жеткізуде. Міне осы Жүсіповтер әулетінің шаңырағында жинақталып, сақталған (Мәшһүрге қатысты) жеке мұрағат қорларында ғалымды деректанушы, тарихшы ретінде сомдайтын мәліметтер жиі кездеседі. Солардың бірінде Мәшһүрдің ауызша тарих айту дәстүріне сәйкес елеулі істер атқарғандығы жайлы жазылған. 1881 жылы Мәшһүр 23 жасында Ақмола дуанына сапар шегіп, Мейрам Жанайдаров үйінде бір жыл қыстап, Қара өткелдегі Әліке Байдалы, Аққошқар Сайдалы, Бердалы қожадан Қаракесек шежіресін, Қазыбек би тарихын, Бөгенбай батыр немересі Сәбелең (Саққұлақ) шешеннен Қанжығалы, Бөгенбай батыр шежіресін, Қоңырқұлжа сұлтанның ұрпағымен бірге ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы ел тарихы хақында мәлімет жинақтаған. 1870 жылы Санкт-Петербург қаласынан В.В.Радловтың «Түркі тайпаларының, халық әдебиеті үлгілері» атты еңбегі басылып шыққан. М.Ж.Көпеев осы кітапты 1881 жылы Ақмола өңіріне барған сапарында Мейрам Жанайдарұлының кітапханасынан кездестіріп, түпнұсқасын көшіріп алған [4. 22 б]. Еңбекпен танысқаннан кейін, оның жариялануына байланысты өз пікірін былайша білдірген: «Жетпіске жетіп, жер таянып отырған біздердің тумай тұрып қалған күнімізде Василей Василевич Радлоф қазақ әдебиетін бастырған екен. Біз жазайық деп отырған сөзіміз сонан алынған. «Қазақты: түбі» деп Василей Василевич Радлоф баспаға бастырған» [5. 91-96 б б].

Кейіннен өзі де «Қазақ түбі» деген еңбек жазуда осы В.В.Радловтың зерттеуіне сүйеніп, мәліметтерді салыстырып, талдап отырған.

Мәшһүр қазақ сахарасын көп аралап, сапар, саяхат шегіп, ауыз әдебиет үлгілерін жинауға ынталы болған. Мәселен, 1887 жылы Бұхар сапарының барар жолында Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи, Ташкенттегі Зеңгі Ата кесенелерін көріп, қайтар жолында Шу мен Сырдария, Ұлытау, Кішітауды, Есіл, Нұраны асықпай аралап көрген. Жай ғана саяхаттап, барды-жоқты көрумен шектелмей, ел жадындағы баға жетпес деректерді қағаз бетіне түсірумен де айналысқан. Ташкентте болған кезінде Сыздық төреден әкесі Кенесары туралы айтқан әңгімелерін жазып алған [5. 12 б].

Арада біраз уақыт өткеннен кейін 1889-1891 жылдары Кіші жүз жеріне аяқ басып, халқымен сұхбаттасқан. Осы сапарында төкпе жыршылар мен жыраулардың аузынан Жәңгір хан, Науша батыр, Исатай, Шернияз туралы аңыз-әңгімелерді, ру-тайпалардың шежірелерін, шежірелік баяндауларын жинаған [6. 220 б].

Осылайша Мәшһүр өмірінің айтарлықтай бөлігін салт атпен қазақ даласын аралаумен, мол рухани мұра жинаумен өткізген. Там-тұмдап жинаған мәліметтерінің негізінде зерттеу еңбектерін жазып, оларды қолжазбалық кітап

түрінде жинақтаған. Солардың арасында «Мес» деп аталатын 30 томдық жинағының ішінде төл тарихымызға қатысты қолжазбалар орын алған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазақ тарихын зерттеуге қосқан үлесі , негізгі еңбектері және ондағы тарихи деректер.

Мәшһүр Жүсіптің қазақ тарихы туралы жазылған еңбектерінің бірі –«Қазақ түбі». Бұл еңбектің бірнеше нұсқалары бар. Әр үлгіде ел тарихы түрлі қырларынан баяндалады. Дегенмен тарихи тақырыптарды қамтитын Мәшһүр шығармаларының ортақ атауы – «Қазақ түбі». Еңбек ауыз әдебиеті үлгілерінің негізінде жазылған. Тарихи жыр, аңыз-әңгіме, дастан т.б. дәуірлер мен кезеңдерге байланысты ретімен берілген. Шығарма тарихи сипаттағы еңбек түрінде бағаланғанымен тарихи аңыз-әңгімелердің мазмұны әдеби тұрғыда ашылған.

Мәшһүр Жүсіп өзінің осы еңбегінде қазақ тарихының ежелгі дәуірден бастап ХХ ғасырдың бас кезі аралығындағы өзекті оқиғалар мен процестерге тоқталып, оларды баяндап, кейбіреулеріне сипаттама беріп кеткен. М.Ж.Көпейұлы жазбаларындағы ел тарихының мерзімдік шегі аса ауқымды болғандықтан тарихи оқиғалар тізбегін материалдың топтастырылуына, көлеміне, мазмұнына, қолжазбада орналасуына сәйкес 11 кезеңге жіктеуге болады. Бұл кезеңдер:

1. Адам Ата - Ел хан (б.з. YIII ғ. дейін);
2. Ел хан - Қондыкер жұрты (YIII-IX ғ.);
3. 92 баулы Қыпшақ (XI-XII ғғ.);
4. Шыңғыс хан - Жәнібек Барақұлы (XIII-XV ғғ.);
5. Жәнібек - Салқам Жәңгір (XV-XVII ғғ.);
6. Әз Тәуке - Абылай сұлтан (1680-1734 жж.);
7. Абылай хан(1734-1781 жж.);
8. Уәли-Саржан (1781-1836 жж.);
9. Кенесары (1837-1847 жж.); Ю.Қоқан (XVIII-XIX ғ. 60-ж.);
11. Патшалы Ресейдің отарлау саясаты (XIX ғ. II жартысы - 1907 ж.) [4. 73 б].

Айта кетерлік бір жайт, мұндай кезеңдерге бөлу шартты түрде жасалған. М.Ж.Көпеевтің өзі төл тарихымызды дәуірлемеген, дегенмен оған қатысты оқиғалар мен процестер ежелгі дәуірден бері қарай хронологиялық ретпен көрсетіліп, тарихи сабақтастық сақталған. Автор қазақ тарихындағы елеулі оқиғаларды бөліп көрсетіп, оларды тарихи тұлғалармен байланыстырып, өзіндік тұжырымдар түйіндеп отырған. Мәселен, М.Ж. Көпеев «Қазақ түбі» еңбегінде Нұх пайғамбарға, яғни адамзат тарихындағы топан су қаптаған оқиғаға ерекше тоқталып, Нұх заманы туралы діни сипаттағы аңыз-әңгімелерді берген [7. 223 б]. "Наурыз" атты еңбегінде Баянауыл мен Көкшетау жерлеріндегі ежелгі дәуірдің іздерін көрсетеді.

Зерттеуінде түркі дәуірінің, соның ішінде оғыздар кезеңіне тоқталып, оны сипаттап, қазақ тарихымен, салт-дәстүрмен байланыстырған. Өзінің тұжырымдарын пайымдауда шежіре, аңыз-әңгімелерге сүйенген. «Бұл шежіреден біздің алып отырған сыбағамыз - Уыз (Оғыз) хан балаларына өз пайым-парасатын, көзіне көрінген нәрсенің толымды-жарамдысын ат қылып

қоя беріпті: Күн, Ай, Жұлдыз, Тау, Теңіз деп. Сол аттарды күні бүгінге шейін біздің қазақ айдың басында туған баланың атын Айбас қояды. Таң ата туған баланың атын Таңатар қояды. Күн шыға туса, Күншығар қояды. Түн ортасында туса, Түнқатар қояды. Көл басында туса, Көлбай қояды. Тауда туса Таубай, жайлауда туса Жайлаубай, қыстауда туса Қыстаубай, күзекте туса Күзекбай, Күзеубай. Есілде туса Есілбай. Нұрада туса Нұрабай. Уыз ханнан ұстап қалған үлгі-өнеге – осы» [7. 223 б]. - деп Мәшһүр Жүсіп Оғыздар заманында қалыптасқан төрт өрнек-үлгінің алғашқысын сипаттаған. Қалған үшеуін ғалым мына төмендегідей етіп баяндаған: «Екінші өрнек үлгісі - киіз үй. Бір нәрсені біреу іздеп таба алмай келсе: «Осы уыз үйлі пәленнен таба алмағаның ба?» - дейді. Үшінші өрнек үлгісі - топырлатып жылқы сою, қой сою, қара сабаға қымыз толтыру. Төртінші үлгісі- тоғыз-тоғыздан сый, сыйлық, сияпат. Өлген өлігіне мал шығарса да тоғыздан. Байлар өлсе жаназаға барып келушілерден: «Неше тоғыз шығарыпты?» - деседі [7. 223 б].

Оғыз кезеңін қорыта келіп, шежіре арқылы қазақтардың үш жүзге бөлінуін: «Арғы атамыз Ер Түрік, екінші буын атамыз Мұғол, Маңғұлыскейге қосыламыз. Үшінші буын атамыз - Уыз хан. Ай мен Күн, Жұлдызына таласпай-ақ қоялық. Үш оқты бізге қимай ма?! Біз неге бұл күнге шейін үш жүз атанып, үш алаш атанып жүрміз?!» [7. 223 б], - деп түсіндіреді. Мәшһүрдің үш оқ жайындағы пайымдауына келетін болсақ, оның өзі негізсіз емес. Х.Әділгереев «Қазақ халқы құралуы тарихынан» атты мақаласында

Оғыз мемлекетінің үш ордаға бөлінгендігі туралы жазған: Отандық тарих ғылымында оғыз ұлысының боз оқ, үш оқ тайпаларынан құралғандығы жайындағы да пікірлер кездеседі [8.10 б]. Мұндай пікірлер М.Ж.Көпеев пайымдауларын бекіте түседі.

«Қазақ түбінде» түркі дәуіріндегі Ел хан жұртының тарихы әңгімеленген. Ел жадындағы аңыз-әңгімелерге сүйене отырып, қазақ халқының шығу тегі жөнінде былай деп жазған: «Біздің қазақ халқының қариялары: «Біз үш ханның баласымыз, - десіп сөйлейді, - Сейіл хан, Жайыл хан, Ел хан. Сейіл ханнан - сегіз арыс түрікпен. Жайыл ханнан - Майқы, Майқыдан туған өзбек Елден-Сыбан. Өзбектің үш баласы бар: үлкені - Мың, ортаншысы - Жүз, кішісінің аты - Қырық, - дейді. Сыбаннан Қазақ пен Созақ. Созақ баласы - Қарақалпақ. Қазақтан: Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Үш жүздің баласы: «Қазақтың атасы осы үшеуі екен», - деп айтысады. Ел ханның балалары Қондыкер жұрты. Ол қайда десең халифа қол астында «Қондыкердің ауыр жолы» деп айтыла тұғын бұрынғының сөзінде бар емес пе» - дейді [9].Түрікмен (Түрікпен) дегеннің мәнісі Қондыкер жұрты ауып кеткенде, бұлар мұнда қалғаны үшін маңайындағы сарт-сауан: «Түркі мұнда!», - деп, Түркілерден қалғандар», - деп, сонан түрікмен атанып кеткен деседі» [10. 10-21 бб].

Осы мәліметтерді пайдаланған Ә.Х.Марғұлан ІХ-ХІ ғасырларда Қондыкер шежіресінің шығуына негіз болған оғыз тайпалары ХҮ ғасырда Түркия жеріне ауып, сол аумақта орнығып, соған сәйкес Осман түріктері атанғандығын дәйектеуге тырысқан [11. 352-354 бб].

М.Ж.Көпеев көрсетілген үшінші кезеңде 92 баулы Қыпшақ тарихы туралы әртүрлі мәліметтер келтірген. Сарыарқа жерінің тарихын сөз қылған

кітабында Дешті Қыпшақ заманы баян еткен. Автор Дешті Қыпшақтың аумағын: «Әркім білімі жеткен жерден сөйлеу керек. Күн батысы Сырдария, күн шығысы - ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі Жетісу, Семиреченский өзені, солтүстігі - Еділ, Жайық. Сол төрт судың арасы заман қадымда Дешті Қыпшақ жұртының қонысы еді. Сол Қыпшақтан 92 ру ел тарайды. «Қытай көп пе, Қыпшақ көп пе» - деп мақал болған себебі сол» [12. 112-113, 121 бб], - түрінде анықтап көрсеткен.

XIII-XV ғасырларды қамтитын төртінші кезең бойынша «Қазақ түбі» Шыңғыс хан мен оның әулетінің шежіресін тарқатып, тарихын баяндаған [13. 15 б]. Автор Шыңғыс әулетінің шежіресін Жәнібекке дейінгі, Жәнібектен кейінгі кезеңдерге бөліп берген. Бұл шежірені жай ғана тізбектеп көрсетумен шектелмей, оны фольклорлық мәліметтермен толықтырып, Қ.Халидтың, Ш.Құдайбердиевтің жазба шежірелерімен, орыс ғалымдарының зерттеулерімен байланыстырып, салыстыра отырып тарқатқан. Сол шежіренің бір нұсқасы мынадай: "Шыңғыс хан ұлы - Жошы хан. Бұл Жошы ханның балалары: Бату хан, лақабы «Сайын хан», бір баласы Бөрке (Бүрік) хан. Бұлардың заманында Мауралінхәрдегі, Дешті Қыпшақ үшке бөлініп: Ақ Орда, Көк Орда, Алтын Орда атанды.

Алтын Ордада Бөрке хан болды. Ақ Ордада Шайбан хан болды. Көк Ордада Тоқай Темірхан хан болды. Тоқай Темірден Өз Темір, мұның ұлы Хожақол, мұның ұлы Бадақол, мұның ұлы Орыс хан, мұның ұлы Барақ хан, мұның ұлы Өз Жәнібек хан, мұның ұлы Жәдік хан...» [14 68 б].

Келтірілген шежіре үзіндісі Ш.Құдайбердіұлының еңбегіндегі мәліметтерге үндес. Сөзіміз дәлелді болу үшін Шәкәрім тарқатқан шежіреге назар аударайық. «Шыңғыстың үлкен баласы Жошы хан өлген соң орнына Бату (Жошы баласы) хан болды. Оны орыстар Бати дейді. Лақап аты Сайын хан еді. Оның орыс жұртын қаратып алғаны 1242 жылы. Батудан соң інісі Бүрге хан болды. Жошыдан бұрын ол Еділ-Жайықта қыпшақ атанып тұрған түріктер бар еді. Сол себептен Дешті Қыпшақ хандығы деп аталушы еді. Бүрге хан кезінде үш ордаға бөлініп, Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда деп бәрінің үстінен Алтын Ордадағы Бүрге хан билеуші еді. Ақ Ордаға Жошының Шайбан деген баласы хан болып, бер жақтағы тәмам көшпелі ел Көк орда атанып, оған Жошының Тоқайтемір деген баласы хан еді» [15. 21-22 бб]. Екі шежіре үзінділерін салыстыра отырып, Ш.Құдайбердіұлының мәліметтері анағұрлым нақты екендігін байқаймыз. М.Ж.Көпеев шежіресінің маңызын жоққа шығармаймыз, дегенмен шежіре кестесінде кейбір ауытқулардың орын алғандығына назар аударамыз. Мәселен, Мәшһүр шежіреде Орыс ханды Бату ханның ұрпағы деп көрсеткен [16. 12 б]. Шын мәнінде Орыс хан (Ұрұс хан) - Орда Еженнен тараған ұрпақ. Мұны орыс зерттеушілері Б.Д.Греков, А.Ю.Якубовский де дәлелдеген. Олар Жошы ханның ұлы Орда Еженнен Сасыбұқа, одан Ерзен, одан Шымтай, Шымтайдан Орыс хан тараған деп жазған [17.230 б]. Моңғолдың төл тарихи шежірелерінің бірі «Чингис ханы язгуур тормийн кадигууд» Орыс ханды Орда Еженнің тоғызыншы ұрпағы деп таниды. В.В.Вельяминов-Зернов батыс еуропалық зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, «Орыс Жошының тұңғыш ұлы Орда Еженнің ұрпағы, Көк Орданың

түлегі деп жазды [18. 122 б]. Осы мәліметтерге қарап Орыс ханның Орда ежен ұрпағы болғандығы даусыз деп тұжырымдаймыз.

Мәшһүрдің Әмір Темір, Тоқтамыс, Едіге туралы айтылған тарихи аңыз-әңгімелері XIII-XV ғасырлардағы қазақ тарихын жан-жақты қарастыруға септеседі. Осы орайда «Қазақ түбінің» бір ерекшелігі онда Әмір Темір хақында сақталған діни фольклор беріліп, соңында әмірдің жарқын істері автор тарапынан бағаланған. «Дүниеде қылқан еш ісінде салдырғаны мешіт, медресе. Шаһынша әулие хазірет сұлтан Алғарфин Қожа Ахмет Иассауиының үстіне күмбез салдырған. Ташкентте Зеңгі Ата деген әулиенің үстіне күмбез салдырған... Бұхарай Шарифтың осы күнгі қорғанын Әмір Темір салдырған», - деп Әмір Темірдің кесенелер салдыруын жоғары бағалаған [7. 1-2б; 1.28-тізім. 84 б].

Мәшһүр «Қазақ түбінде» Қазақ хандығы тарихын Жәнібек Барақұлынан бастаған. Керей ханның есімі аталмайды. Жәнібектен кейін хан сайланған Бұрындықты Жәнібектің баласы деп көрсетіп, жаңсақтық танытады [4. 85 б]. Еңбегінің кейбір нұсқаларында Жайық бойынша ордасын салғызған Алтын Орда билеушісі Жәнібек Өзбекұлын қазақтың ханы Жәнібек Барақұлы ретінде танып, ханның өзін Батый ұрпағы, ноғайлының ханы деп есептейді. Осыған орай автор: «Әз Жәнібек - Жиренше шешен заманындағы хан. ... ноғайлының ханы болған. Жайық бойында ордасы болған. Мұның хан күнінде қазақ та бұған қараған деседі» [7.244 б]. - деп жазған.

Жәнібек Барақұлының Қазақ хандығының іргесін қалаған хандардың бірі болғандығы тарихтан аян. Алайда Мәшһүрдің мұндай пайымдауына Қазақ шежірешілерінің Қазақ хандығы тарихын Алтын Орданың тарихи жалғасы ретінде қабылдауы ықпал еткен тәрізді. Оның үстіне шежірешілердің сөзін қазқалпында қабылдаған ғалым ноғайлы халқы мен қазақ жұрты кезінде бір ел болған деген тұжырымға келген. Мұның өзі автордың өзі пайдаланған деректерді үнемі сыннан өткізіп отыруға дағдыланбағандығын көрсетеді.

Ноғай Ордасы Қазақ хандығынан анағұрлым ерте құрылған этносаяси бірлестік болғаны, оның XIV ғасырдың соңында Жайық пен Жем өзендерінің, ал Қазақ хандығы аралығында құрылуының мерзімі XV ғасырдың екінші жартысы екендігін көптеген тарихи деректер мен зерттеулер дәйектейді [19. 127 б]. Ноғай Ордасының құрамына барлық қазақ тайпаларының кірмегендігі де ақиқат.

«Қазақ түбінің» авторы Қасым ханның заманына ерекше тоқталып өткен. Мәшһүрдің Қасым ханның өзіне, билігі жайындағы пікірлері М.Х.Дулати, В.В.Вельяминов-Зернов тұжырымдарына ұқсас. «Қазақ түбі» нұсқаларының бірінде Қасым хан жайлы былай деп жазған: «Әз Жәнібектің 9 ұлы болыпты. Оның бірі - Қасым хан. Бұл тақты Сарайшықтан көшіріп, Ұлытауға орнаттырған. Қазақты қатарға қосып кеткен осы Қасым хан. Қазақтың ортасында «Қасым ханның қасқа жолы» делінген сөз үлгі, өсиет болып қалды.

Баласы Жәнібектің сардар Қасым,
Қазақтың біріктіріп, құрап басын.

Осы жер ата қоныс мекенің деп,

Найзамен сызып кеткен шекарасын» [20. 127 б].

М.Ж.Көпеев «Қазақ түбінде» Қасым ханнан соң Хақназар туралы көптеген мәліметтер берген. Бұдан кейін Тәуекел, Есім хандардың билігі тұсындағы қазақ елі жайлы айтып кеткен.

Халықтың ауызша тарих айтуында Өз Тәуке ханның билігі бірліктің, берекеліктің, молшылықтың заманы сипатталады. Тәуке ханның тұсында қазақ елінің ынтымақ-бірлігі қайта қалпына келтіріліп, уақытша болса да «қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын» кезең туды. Дәстүрлі шаруашылықпен қатар отырықшы мәдениет, қала мәдениеті өркендеп, көрші елдермен қарым-қатынас жақсарды. Елдің ішкі, сыртқы жағдайының өзекті тұстары жылына бір рет шақырылатын құрылтайдың басты назарында тұрды. Өз Тәукенің заманы турасында Мәшһүр Жүсіп былай деп жазған: «Өз Тәукенің тұсында үш жүздің баласы оңтүстіктен шөлейтке қарай жайлайды екен. Сырдың бойын жағалап, Жетісу, Алматы, Қапал тауларын өрлей отырады екен. Орта жүздің қыс қыстауы шүйгіген Сыр бойы да, жаз жайлауы Арқаның жоны екен» [1.1 б].

М.Ж.Көпеев Тәукені тарихи тұлға ретінде де дәріптеген. «Салқам Жәңгірден кейін Өз Тәуке хан болды. Мұның өзі ақылды кісі болды, табанды кісі болды. «Байсалды айғырдың үйірін ат жақтайды" деген қалыппен хандық қылды. «Күлтөбеде күнде кеңес» деген сөз - осы Өз Тәуке тұсында айтылған сөз. «Кері кеткен елдің кеңесі көп болады, кедей елдің көш басшысы көп болады». Бұл сөз де сол Өз Тәуке заманында айтылған сөз екен» [14.70 б], - деген автор пайымдаулары Тәуке хан билік еткен кезеңнің сипатын айқын көрсетеді. Сонымен қатар М.Ж.Көпеев Тәукенің ата-бабасы мен ұрпақтары туралы да мәліметтерді келтіріп, шежіре тарқатқан. Осы турасында автор: «Еңсегей бойлы ер Есімнен Салқам Жәңгір. Салқам Жәңгірден Өз Тәуке. Өз Тәукеден Болат хан. Болат ханнан Әбілмәмбет, Сәмеке. Салқам Жәңгірдің бір катынынан Уәлі бақы жалғыз, мұнан Қанішер Абылай жалғыз. Қанішер Абылайдан Көркем Уәлі жалғыз. Мұнан Әбілмәнсұр жалғыз...» [15. 23 б], - деп жазып, Өз Тәуке ханның әулеттік шежіресін нақты көрсетіп берген.

«Қазақ түбі» әңгіме-аңыздарында 1723-26 жылдардағы «Ақтабан шұбырынды...» оқиғасы да орын алған. Жоңғар жаулап алуына байланысты халықтың басына түскен қасірет қалмақтың дәуірлеуімен байланыстырылып, оқиға желісі тартышды баяндалған. Ұлы қасіреттің сабақтарын танытатын оқиғаға байланысты тарих пен шежірелік есепшілер мәліметтері қатар беріліп, соның нәтижесінде «Қазақ түбінің» мазмұны зерттеушілер үшін құнды бола түскен. Сол заманның халыққа түсірген ауыртпалығы, тарихи шындық еңбектен айқын көрініс тапқан. «Ақтабан шұбырынды 1723 жылы болған деседі. 1643-те қоңтажы күшейіп, қалмақ аса дәуірлеген деседі. 1720-ның шамасында Қалдан Шерін Түркістан, Ташкенді түгел билеп, пайжын Ташкентте қылған деседі. Қалдан Шерін құба қалмақтың ханы, тамам қалмақтың хандары Қалдан Шеріннің аузына қараған деседі. Қазақтан бақ тайған соң Ұлы жүз Қоқанға, Орта жүз Самарқанға, Кіші жүз Хиуаға қорғалады... Сол ауып келе жатқанда қалмақ шапқыншылығына ұшырады» [16. 246 б]. - деген мәліметтер қазіргі төл тарихымызды ұлттық мүдде тұрғысынан қалыптастыруда дәйекті дерек бола алады.

Өз кезегінде «Ақтабан шұбырынды»... оқиғаларын анағұрлым терең әрі

жан-жақты М.Тынышпаев зерттеген болатын. Ұлт зиялысы осы мәселеге өзінің еңбегін арнады [17.23б]. М.Ж.Көпеев М.Тынышпаевпен салыстырғанда ұлы қасірет жылдарын негізінен аңыз-әңгімелердің желісіне сүйеніп, Тәуке хан заманынан бастап, одан кейінгі 1715-1738 жылдар аралығындағы үш жүздің саяси тарихына жеке-жеке тоқталған. Дегенмен бұл оқиғалардың барлығы үстірт қарастырылған, өйткені шежіреші оларды арнайы зерттеу мақсатын қоймаған.

«Қазақ түбінде» Абылай хан заманы топтама жинақтарынан ханның ата-тегі мен әулеті, сол кездегі атақты билер мен батырлар, заң жоралғылары, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы сақталған фольклорлық үлгілер, тарихи зерттеулерден алынған деректер негізінде көрініс тапқан [18. 23-24 б б].

1739-1750 жылдардағы қазақ-қалмақ қатынастары тарихы «Қалдан Шерін» әңгімесінде орын алған [19. 60-63 б б]. 1750-1758 жылдардағы саяси оқиғаларға Абылай сұлтанның белсенді араласуы да «Қазақ түбінде» жазылған. Осыған байланысты Мәшһүр Абылайдың жоңғарларға қарсы күресін жоғары бағалап, былай деп жазған: «Бұрынғы замандарда қалмақ қазаққа таң атырып, күн шығармаған. Абылай хан ат арқасына мінген соң, қалмақтың бетін қайтарған. Алатаудың бергі жағында, Алтай тауының бергі жағында қалмақ түтін түтетіп, күн көріп отыра алмаған. Қалмақты Сарыарқадан аударған, басына қара қан жаудырған Абылай болатұғын, ақыры қалмақты су сепкендей қылды» [20. 322 б].

1752-1758 жылдардағы саяси оқиғаларға байланысты беделі артып, билігі күшейген Абылай сұлтан Ресей мен Қытай арасында бейтараптық бағыт ұстап, алма-кезек екі жақты қолдап, нәтижесінде қазақ халқының тәуелсіздігін сақтап қалған. Осы хақында Мәшһүр Жүсіп Абылайдың көреген саясатын дөп басып, даналығын көрсете: «Орыспен жауласпады, ел болды. Шүршітпен жауласпады, ел болды. Екеуіне де тіл болды... шүршіт ханы Абылайға «Ежен» атын байлады... Керей төресіне «күнлік», найман төресіне «уаңлық», арғын төресіне «ханлық» берген шүршіт ханы Еженнің екі жорасы. Сонда Арғында ханлық алған екі төре: бірі – Абылай, бірі - Бөкей...», – деп жазған [18. 24 б].

«Қазақ түбі» топтамасында 1822-1836 жылдар аралығындағы оқиғалар қысқаша түрде әңгімеленген. 1836-1838 жылдардағы Исатай қозғалысы туралы мәлімет аз берілген [21. 106 б]. Қайыпқали Есімов, Исатай Тайманов, Кенесары Қасымов көтерілістеріне қатысқан Кіші жүздің атақты батыры Науша

Қаржауұлы жөнінде біршама мәліметтер жиналған. Мәшһүрдің пікірінше Науша батыр Бөкей ордасында Қайболды (яғни Қ.Есімов) деген төремен бірлесіп, патша әскерімен соғысып, Шабар Ақшабарұлы көмегімен Кіші жүзге өткен. Наушадан кейін 7 жылдан соң Жайықтан орыс әскерінен қашқан Исатай да өтіп, Кіші жүзде хан-сұлтандармен келісе алмаған [22. 201-202 б б]. Бұл оқиғалардың шынайылығын А.Ф.Рязанов, И.Кенжалиев, Ж.О.Артықбаев дәйектенді [23. 85 б].

XIX ғасырдың орта кезіндегі қазақ елінің тарихын әңгімелеуде Мәшһүр Жүсіп ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы Бұхар, Қоқан хандықтарының тарихын шежіре ретінде келтіреді. Автор XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ жерлерінің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысының Қоқан хандығының қол астында

болғандығын өзінше былай деп сипаттаған: «Кеше ХҮІІІ ғасырдың ішінде Қазақ уалаятында «Қоқан заманы» деген заман болды. Сонда қазақта мақал болып қалды: «Ақ жалау барда малым бар деме, Әзірейіл барда жаным бар деме» – деген сөз. Ол «ақ жалау» деген Қоқан хандарының ел шабатұғын қосыны екен... Сонда аса зорлық қылып шапқанда біздің Арғынды, оның ішінде Қуандық, Қаракесекті баса шапқан екен...» [24. 107 б], .

Осы Бұхар, Қоқан хандықтарын, жалпы алғанда Орта Азияны, қазақтың Ұлы жүзін орыс әскерлерінің империяға қарату үшін жаулап алу жорықтарына М.Ж.Көпеев тоқтала келіп, 1865 жылы Ташкентті Черняев отрядының басып алу ұрысына Шоқан Уәлихановтың қатысқандығына назар аударған. «...Уәлі ханның Айғаным деген тоқалынан Шыңғыс төре. Сұлтанғазы мен Шыңғыс баласы Шоқан ұрысқа қолбасшылық қылып, Ташкентті орыс алғанда Шернейф жанаралмен бірге тұрып, бірге жүрген...» [6. 41 б], – деп өзі пайдаланған деректерге сүйеніп, пікірін шындай түскен.

Осылайша Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ түбі» тарихи мұрасында Отан тарихының ежелгі дәуірден ХІХ ғасырдың соңына дейінгі аралықтағы тарихи оқиғаларға шолу жасалып, кейбір тұстарына сипаттама беріліп, ой қорытылған. Оны тарихнамада өзіндік орын алатын көлемді еңбектердің қатарына жатқызуға болады. Бұл еңбектің бір ерекшелігі онда ресми құжаттарда, өзге де деректерде кездеспейтін мәліметтер берілген. Сондығымен де ол қайталанбас артықшылыққа ие болған. Мәшһүр Жүсіптің қазақ тарихын түрлі көзқарастар, нұсқалар бойынша баяндауы өткенге тайталас пікірлер негізінде қарауға үйретеді. «Қазақ түбін» тек тарихи оқиғаларды баяндайтын топтама ғана емес, төл тарихымызға қатысты мол дерек беретін, әсіресе, ауызша тарих айту дәстүріне сәйкес мәліметтер жинақталған деректер жинағы ретінде бағалауға болады.

«Мес» жинағы Әбілғазының «Түрік шежіресі» негізінде жазылса, «Қазақ түбін» құрастыруда Қ.Халид, Ш.Құдайбердіұлы шежірелерін, В.Радлов, В.В.Вельяминов-Зернов, Ш.Уәлиханов зерттеулерін, естеліктерді, тарихи әңгіме, аңыз, жыр, ертегілерді пайдаланды.

Сонымен қатар М.Ж.Көпеев араб, парсы, түркі тілдерінде басылып шыққан ортағасырлық кітаптарды да өзінің ғылыми ізденісіне жұмсай білген, Баласы Мұхаммед, Фазыл көшірмесінде сақталған мәліметтерге қарағанда Мәшһүр Жүсіп Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегімен де таныс болған көрінеді. «Өзбектен Қазақ пен Қырғыз. Бұхардан арғы халықты Тауариқ кітабы (бұл жерде автор Қ.Халидтың еңбегі туралы айтып отыр) айтады. Мір Мырза Хайдар хазірет басқандар. Өзіміз Бұхарда оқып көрдік. Көрдім. Парсыша жазылған екен. Ол кісі шаһарда өлсе керек. Ғабдилуәлі марқұм наклият бин ғабрахан» [25.96 б], – деген Мәшһүрдің өзінің сөздері осының айғағы.

Осы орайда айтарымыз М.Ж.Көпеев еңбек жазуда тарихи деректерді өте көп пайдаланған. Мұның өзі автордың шығармаларын салмақты да салиқалы етіп, оқырманына түсінікті болып, шынайылығымен тартымды бола түскен. Содан да болса керек өз кезегінде Ә.Х.Марғұлан Мәшһүр зерттеулерін, өзін жоғары бағалаған. Ә.Марғұланның: «Мәшһүр ақындықтан басқа ғалым адам. Күншығыс, араб, парсы халқының тарихын, фәлсафасын жақсы білген. Химия,

физика, геология, астрономия ғылымдарынан жақсы хабары болған. Мәшһүрдің бұл сияқты терең ғылымдармен танысуына көз болған, көбінесе атақты Әбу Әли ибн Сина, әл-Фараби сияқты орта ғасырдағы бұқара ғалымдарының шығармалары, жаңа араб, фарсы, түрік кітаптарын көп оқыған... Мәшһүр Жүсіп жинаған тарих, әдебиет материалдары өте бағалы» [26. 91 б], – деген пікірі М.Ж.Көпеевтің тұлғасы мен шығармашылығын аша түседі.

Мәшһүр Жүсіптің тарихи мағлұматтарды шежіре түрінде баяндап жазғаны белгілі. Көрнекті шығыстанушы ғалым В.П.Юдин өз зерттеуінде фольклордағы тарихи әңгімелер топтамасын далалық ауызша тарихнаманың тарихи білімді жеткізудің негізгі түрі ретінде көрсеткен. Осыған орай ғалым былай деп жазған: «Тарихи-әңгімелер – далалық ауызша тарихнама. Тарихи атқарушының (субъектінің) өткені жөніндегі жады. Қазақстан тарихын қалпына келтіру тек екі тарихнамалық дәстүрді пайдалану арқылы ғана іске аспақ. Олардың бірі – кәдімгі жазбаша, яғни отырықшы елдердің мәдениетінің нәтижесі, екіншісі – далалықтардың ауызшасы» [4. 4 б]. Бұдан әрі тарихшы ауызша тарих айту дәстүрінің маңызына тоқтала отырып: «Далалық ауызша тарихнама – Дешті Қыпшақ көшпелілерінің тарихи білімі. Біз үшін Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігі моңғол заманынан бері көшпелілердің ортақ тарихи зердесінен бөлектене бастаған ерекше өлке. Осы себептен тарихи білімді не «ауызша дәстүр» деп, не «аңыз», «хикая» деп анықтауға болмайды. Далалық ауызша тарихнама не мифология, не фольклор, мысалы, батырлық эпос түрінде ұтылмауы керек, себебі фольклордың өзі далалық ауызша тарихнамадан нәр алған» [27. 121-122 б б], – деп пайымдаған. Сонымен қатар В.П.Юдин көшпелілер тарихнамасының ерекшеліктерін көре білген. Оның өзіне тән сипатты белгілерін де дөп басып айқындай алған. «Тарихи білімді көрсететін шығармаларды далалық ауызша тарихнаманың деректері, қайнар көзі деп белгілесе болар еді. Олар Дешті Қыпшақ көшпелілерінің тарихи білімдердің тарауларына құрылған тарихи әңгімелердің жинағы сияқты. Бұл әңгіме тараулар «қария сөзі», яғни ескіден қалған көне сөз деп ерекше аталған. Осы белгісімен бұл деректер шығыстың кәдімгі сарай тарихнамасынан бөлектенбеді. Оларда далалық ауызша және шығыстың жазбаша тарихнамасының элементтері аралас» [28. 122б], – деген тұжырымдары осының айғағы.

В.П.Юдин көрсеткен екі тарихнамалық дәстүр, яғни далалық ауызша және жазбаша шығыс Мәшһүр шығармаларында етене аралас әрі өзара байланыста көрініс тапқан, Мұның өзі тарихи еңбектердің мазмұнының тартымды, салмақты, мәнінің үйлесімді болуына жол ашқан. Оның үстіне ғалымның қазақ елі тарихына қатысты барлық дерек көздерін қамтуға тырысуы және тарихи білімді ғылыми жүйелілік тұрғысынан баяндауға ұмтылуы қолжазбалар құндылығын арттыра түседі [4. 5 б].

Әдетте Мәшһүр Жүсіп кез-келген тарихи оқиға туралы мәліметті сол оқиғаға тікелей қатысқан куәгерлерден мәселен, Кенесары көтерілісі кезінде Жанайдар батырдың атқосшысы болған Майлы Жәдігер Сымайыл қариядан жазып алған. Кейде тарихи оқиғалар жайында сол оқиғаларға қатысқан адамның ұрпағының аузынан естіп, қағазға қондырып отырған. Мәселен, 1838

жылы Қараөткелдегі оқиғалар куәгері Байғозының баласы Нүрсейіттен шынайы мәліметтер алып, Кенесары қозғалысының дерек көздерін молайта түскен. Тағы да осы Қараөткелдегі оқиға жөнінде Шоң-Торайғыр, Абайділдә, Кенесары туралы ескі тарихи сөздер мен шежірелерді жинаған Мұса Шорманұлы қолжазбасын Мәшһүр Жүсіп оның баласы Сәдуақасан сұрап алған. [29. 202 б].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ шежіресін зерттеуі туралы.

Мәшһүр Жүсіп өзінің шығармашылық ғұмырында қазақ шежіресіне ерекше назар аударып, мән берген. Осы хақында «Қазақ шежіресі» деген еңбек жазған. Қазақ шежіресінің кемшіліктері, сондай-ақ ерекшеліктері турасында былай деп жазған: «Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ. «Оқуға сенген ұмытшақ» деп оқуды керек қылмаған. «Жазуға сенген жаңылшақ» деп жазуды керек қылмаған. Оқу мен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтұғын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естігені, көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан-ауыз алып айтумен үлгі-өсиет қалдырған» [30. 9 б].

Мәшһүр Арғын шежіресін тарқатпай тұрып, сөзінің басында қазақ сөзінің мағынасына тоқталған, яғни этноним мәселесі де ғалым назарынан тыс қалмаған. Қазақ сөзіне байланысты Мәшһүр былай деп жазған: «Мына мен, Мәшһүр Жүсіп Көпей баласы осы сөзді жазып отырмын! Бақсыдай бал ашып, түлкідей түс көріп, жаурын жағып, құмалақ салып айтып отырғаным жоқ. Нұсқалардан көрумен, кәрі құлақтан естумен өз білгенімді шамам келгенше қорытып, шыдап, тыңдап айтып отырмын. Бұл қазақ деген кеше мен бүгін қойылған ат емес, заман-заманнан айтылып келе жатқан ат. Араб тілінде «ұғызақ» деп жазылған, шағатай түркісінде «хазағ» деп жазылған, шағатай түркісінде «хазағ» деп жазылған, өзіміздің жуан тілде «қазақ» деп жазылған» [31.126 б],.

Халықтың қазақ деп атануына және қалыптасуына қатысты пікірін ғалым: «Әуел басы Нұх пайғамбардан тарап бөлінгенде Жаппас деген баласынан түрік, онан түтік, онан қой, онан киік, онан еділше, онан алтыншы, онан мағол татардың мағолынан Қара хан, онан Уыз хан! Осы Уыз ханнан өрбіп, өнген нәсілден тарадық. Киіз үй сол Уыз ханның жасатқан үйі. Киіз туырлықты қазақ, уыз үйлі атанғандығы сондықтан» [32. 12 б], – деп түйіндеген.

Мәшһүр Жүсіп Орта жүз тарихына біршама тоқтала келіп, оның Жанарыстан тарайтындығын аңыз-әңгіме арқылы көрсеткен. Жанарыстан Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа, Есімқұлқожа, Қосымқожа атты ұлдар туған. Осы қожалардың қонақ болуына орай дүниеге келген ұлдардан, соның ішінде «Қарақожадан арғын, Аққожадан найман, Ақтамбердіқожадан қыпшақ, Дарақожадан қоңырат, тоқалдан туған Есімқұлқожа, Қосымқожаның біреуінен – керей, біреуінен – уақ» [33. 13- 14 б б], тараған деп жазған.

Шежірешілер мен зерттеушілердің көпшілігі Арғынның бір тайпасы санап жүрген Тарақтыны Мәшһүр Жүсіп Орта жүзге жатқызып, оны жеті арыс ел деп атаған. Ол жайында ғалым өз пікірін былай білдірген: «Естіген құлақтың жазығы жоқ, арғын апасы қыз күнінде оң жақта отырып, бір төремен айқасып қалып, еркек бала тауып, бұл қалай деушіге дәнеме дей алмай, шашын тарай

берген екен. Сонан баланың аты Тарақты қойылып, ... арғын балаларына тарақты нокта ағасы болған деседі. Орта жүз тарақтымен қосылып жеті арыс ел аталған» [33. 146 б], .

Өзі Арғынның Сүйіндігінен болғандықтан төл шежіресіне тоқталып, оны былайша тарқатқан: «Арғынның бәйбішесінің аты Аргүл бәйбіше. Мұнан Қотан, Ботан деген екі ұл туған. Ботан қыршын жасында өліп қалып, нәсіл-тұқым қалмаған, Қотаннан Мейрамсопы жалғыз:

Сұрасаң арғы атамды ер Қотанды,
Сұлтанбек Әзіден ол бата алды.
Мейрамұлы Қарашаш бір қыз туып,
Қуандық, Сүйіндік боп сонда атанды» [33. 146 б], .

Келтірілген мәліметтер Мәшһүр Жүсіптің шежіре тарқатуда аңыз-әңгімелерге, тарихи жырларға ден қойғанын байқатады. Бұдан кейін Жүсіп Көпейұлы Мейрам, Бошан, Сүйіндік, Тілеуімбет, Наурыз, Күлік, Алтай, Қаракесек, Бәсентиін, Сырым тайпаларының шығу тарихын өзі айтқандай сұрыптап, ақ тарыдай ақтарып [33. 49 б], жазған. Мәшһүрді жұрт шежіреші атаған. Сол турасында ғалымның өзі мойындап, «маған көктен Жәбірейіл періште рухы келтірген жоқ. Қағаз жүзінде жазылған қазақта шежіренің нұсқасы жоқ. Естіген құлақтың жазығы жоқ... Естігенімді жаза бергендіктен шежіреші атандым» [33. 51 б], – деген.

Мәшһүр Жүсіп өзінің еңбектерінде мәселен, «Хал-ахуал», «Сарпарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Кенесары-Наурызбай хақындағы әңгімелерде» сол кездегі қазақ елінің тұрмыс-жайын, отарлық езгіге қарсы наразылығын, бұқара халыққа көрсеткен зорлық-зомбылығын ашып көрсеткен.

«Кенесары-Наурызбай хақындағы әңгімелерде» хан Кенеге қолдау көрсетіп, орыстың озбыр отарлау саясатына қарсы шыққан тайпалар айтылады. «Кенесары Қауындық, Сүйіндік, Қаракесек, бес мейрамды соңынан ертіп алып, Шу, Қаратауға ауамыз деп Әлке, Байдалы және төменгі Алтайдың басшысы болған Аққошқар Сайдалының Сүйін Жарқының ертіп алып, өр Алтайы – Алда Жұманға келіп, оны соңынан ертіп, «Азынабай, Сапақ» атанған Азынабай байға келеді. Орысқа қарап бағынып қойған Азынабай балалары – Тайжанқазы, Сейтен-болыс еді. Болыстық, қазылықты керек қылған жоқ», – деген мәліметі Кене ханды жақтаған тайпалар мен жеке тұлғалар жайынан хабар береді. Кенесары туралы ел сөзін жинастырған Мәшһүр Жүсіп аңыз-әңгімелерді тек жазып алып қана қоймай, қазақ, қырғыз жерлеріндегі 1837-1847 жылдардағы арпалыстарға қатысып, тікелей куәгер болған Майлы Жәдігер Сымайыл қария әңгімелеріндегі, Нысанбай дастанындағы деректерді өзара салыстырып, қағаз бетіне түсірген. Сонымен бірге өткен шайқастардың мекенін, уақытын тәптіштеп көрсетіп, жекелеген оқиғаларды аңыздармен толықтырып, XIX ғасырдағы Ресей мен Қоқанға қараған қазақтардың саяси жағдайына түсініктеме жасап, өз пікірін де білдіріп, Кенесары заманын егжей-тегжейлі баяндауға ұмтылған [34. 33 б], .

Бір жағынан Қоқанға қараған тайпаларды, екінші жағынан Кенесарыға қолдамағандарды нақты деректер арқылы көрсеткен Мәшһүрдің мәліметтері

дәйекті, төл тарихымызды толықтыруға лайық.

Мәшһүрдің жазбаларынан тың деректерді көптеп кездестіруге болады. «Іле деген өзеннің Балқашқа құйған жерін Қамау деп атайды. Қараталдың, Іленің, Шудың алабын, Алматы төңірегін Найман мен Үйсін жайлайды. Албан, Суан, Дулат, Жалайыр, Шапырашты деген рулары. Кенесары Ұлытау, Кішітаудан ауып барғанда, сол қамауға барған. Шапыраштыдан басқа Ұлы жүз де, Найман да Кенесарыны мойындай қоймаған. Ұлы жүз бұрыннан Қоқанға қарап, атқамінерлері, еркегі жыл сайын сарттан шапан киіп тұратұғын. Найман: Темірсу, Жеменей Алматы, Аягөздегі орысқа бағынып, басты-басты мінерлері тері шекпен киіп тұратұғын» [22. 43 б], – деген жазбалары жоғарыдағы пікірімізді дәйектеумен бірге ру-тайпалардың атамекендері турасында да мәлімет береді.

М.Ж.Көпейұлы жазбаларында Кенесары Қасымұлына қатысты шынайы емес мәліметтер кездеседі. Мәселен, Мәшһүр: «Көне ханның жылы қоян еді. Қырық жасында, жылқы жылы демі таусылды» [22. 201 б] деп жазғаны шындыққа сәйкес келмейді. Кене хан Е.Бекмаханов атап көрсеткендей шын мәнінде 40 жасында 1847 жылы өлтірілген» [35. 219 б] . Демек Мәшһүр жазғандай Кене хан 1802 жылы емес, 1807 жылы дүниеге келген болып шығады[36. 34 б] .

Ғалым Кене хан туралы айтқанда ұлт-азаттық қозғалысқа түрткі болған жайттар, яғни алғы шарттары мен себептеріне қатысты 1822-1836 жылдар аралығындағы тарихи оқиғалар жайында да сөз қозғаған. «1822 жылы Уәлі хан өлген соң Абайділдәні хан сайлайды. Бірақ, қала салғызбаймын, бағынбаймын деп айтқаны үшін оны Баянауылда орыс ұстап алып әкетеді. Сол күндегі қазақ басшылары дінімізге, жерімізге тимесең, солдат алмасаң деп сөйлесіп, ит терісінен шарт қағаз алып, ауызекі ант алып бағынуға келіседі. Жақ пен оғын алып көпестерді қорқытқаны үшін Иван Семенович деген полковой Саржан төремен ұрыс қылған соң, Қасым өз ауылымен Шу, Қаратауға, одан әрі Ташкент, Түркістанға көшіп барады. Сонда Ташкент бегі қонаққа алдап шақырып алып, Қасым, Саржан, Есенгелді, Әлжан – айналасы 40-50 шақты жолдасымен түгел өлтірген» [34. 34 б] , – деп жазған. Бұл жерде Мәшһүрдің Абайділдәнің хан сайлануынан бастап, Қасым сұлтанның Ташкент маңына барғаны жайлы айтқандары тарихи шындыққа сәйкес келеді [37.146]. Ғалымның бұдан кейінгі жазғандары да шынайы. А.Кенесарин естелігінде Ташкент беклербегі Әулиеатада Саржан мен Есенгелдінің көзін жойып, сол кезде Әзірет Сұлтан мешітіне тәуап етуге барған Қасым сұлтанды 1840 жылы өлтірген [38. 10 б]. Осы деректі Ж.Қасымбаев та өз зерттеуінде бекітіп, қоқандықтар Қасым сұлтанды 1840 жылы өлтірген деп көрсетеді [39. 32-33 бб] . Атасы Абылайдың азаттық жолындағы даңқты өмірін естіп өскен, әкесі Қасымның патша әкімшілігі тарапынан қуғындалғанын көріп есейген ел ағалары Саржан мен Есенгелдінің 1824-1836 жылы жүргізген көтерілісіне қатысып, шайқастарда ержүрек батыр ретінде көзге түседі[35. 212-213 б б] . Қазақ жұртының басшылары Ресей мен Қоқанға бағынып, олардың ықпалынан аса алмағанда, тек Қасым әулеті ғана Абылай заманындағы еркіндікті қалпына келтіруге күш салды[34. 34 б] . Мәшһүр Жүсіптің: «Отыз ұлды Абылайдың 29-

ның тұқымы Кенесары, Наурызбайға қас болған... Бір ғана Қасым ұрпағынан басқа Абылай ұрпағы ас ішіп, аяқ босатқаннан басқа ешнәрсеге жарамаған» [40. 197 б] – деген тұжырымы осының айғағы.

Мәшһүр Жүсіп өзінің жазбаларында Кенесары қозғалысына үлкен мән беріп, оны өзінше бағалап, маңызды тұстарын ашып көрсетуге тырысқан. Кене хан қозғалысының себептерімен қатар барысын, қорытындыларын сипаттап, кезеңдерге бөліп көрсеткен. Ғалымның мына бір пайымдаулары назар аударарлықтай. «Аяғы кеше Кенесары 8-ақ жыл хандық дәуірі болды. 7-8 жыл ішінде жел құйын үргін-сүргінмен өмір өтті, дәурені бітті. Баяғы атам заманындағы Бұхарекеңнің: «Қала салады, орыс салады» деген жерлеріне Абылай ханның немересі Кенесары заманында салынып, Кенесары, Наурызбай барымташыдай шеттеп, жырмалап жүріп, екі мыңға анық толмайтұғын жігіт-желеңмен оған бір тиіп, бұған бір тиіп... ойда орыс, қырда қазақпен өш болып жүріп, 8 жыл үргін-сүргін жүріспен хандық қылып...» [41. 80 б], – деген пікірі Кенесары қозғалысының сипаты мен қайшылықтарын аша түседі.

Мәшһүр жазбаларында Кенесары Қасымұлы 1839-40 жылдары, ал А.Кенесарин естелігінде 1847 жылы хан сайланған деп көрсетілген [42.11 б]. Осы қозғалыс тарихын өзінің зерттеу объектісіне айналдырған Е.Бекмаханов Кенесарының 1841 жылдың қыркүйегінде хан сайланғанын ресми құжаттармен дәйектеген [35. 255 б]. Бұдан А.Кенесаринмен салыстырғанда Мәшһүрдің тарихи шындыққа таяу болғандығын байқаймыз.

М.Ж. Көпейұлы Кенесары қозғалысының өрістеуін және тығырыққа тірелуін де деректер негізінде баяндай алған. Біздің мақсатымыз Мәшһүр Жүсіптің тарихи көзқарастарын ашу болғандықтан бүкіл қозғалыс тарихын егжей-тегжейлі қарастыра алмаймыз. Дегенмен де қырғыз жеріндегі соңғы соғыс жайында ғалымның мәліметтерін келтіріп көрейік. «Кекілік тауы Шудың оң жағында Тоқмақ деген қаланың күншығыс жағында болады. Кекіліктің терістік жағындағы Шуға төніп тұрған Кекілік Сеңгір деп атайды. Қырғыз бенен соңғы соғысқан жері – Кекілік сеңгірінен бес шақырымдай жоғары Майтөбе деген жер екен. Майтөбені қырғыздар «ежелден қанды жер!» – деп атайды екен. Бірақ түбінде майлы болар деседі екен» [42.97б], – деп тартымды баяндайды. Бірақ тарихта Майтөбедей қанды жер Мәшһүр айтқандай қазақтар үшін қанды болды.

Кенесары, Наурызбайдың 1847 жылы өлтірілуі туралы әртүрлі болжамдар сақталған. Кене хан өлімін егжей-тегжейлі баяндаған зерттеулер де бар [43. 84 б]. Ал Мәшһүр жазбаларында Кенесары мен Наурызбай ер өлшмен өлген [23.202 б]. Содан соң «бас терісін сойдырып, орыс жұртына, патшаға жіберген.

Бұл үшін Шабдан, Жантай Қарабековтер патшаға құрметті кісі болып, шаһырт тапты» [29.202 б], – деп жазған.

Өз кезегінде Мәшһүр еңбектерін зерттеулерінде пайдаланған қазақтың белгілі тарихшы, ғалымы Е.Бекмаханов шежірешінің жазбаларын жоғары бағалаған. «Көпеев өзгелерге қарағанда шайқас болған орындарды егжей-тегжейлі суреттейді және жекелеген мекендердің атауларын атап-атап көрсетіп отырады, ал мұны басқа шығармалардан ешбір кездестіре алмайсың. Алайда

Көпеев өзінің түсіндірулерінде және қорытынды жасауларында –қателік те жібереді. Оның үстіне халық ішінде тараған жекелеген аңыздарды Көпеев шындыққа балайды. Ол мысалы, «Кенесарыны өлтірушілердің бәрі оның киелі рухының қарғысына ұшырап, бүкіл үрім-бұтағымен құрып кетті» деп жазады» [35. 330 б], – деген тарихшы-ғалымның тұжырымында шындық бар. Мәшһүр Жүсіптің Кенесарыға, оның қозғалысына қатысты жинастырған ауыз әдебиеті үлгілерінің шындыққа жақын екендігін жоққа шығаруға болмас. Әрине, оларды басқа да деректермен салыстырып, шынайылығына көз жеткізуге болады.

Ойымызды қорыта келіп, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әңгімелері Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс тарихын зерттеуде дерек көздері болып табылады деп тұжырымдаймыз.

Ресей отарындағы қазақ халқының хал-ахуалын суреттеген «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты кітабы туралы айтатын болсақ, автор өз заманының бет-бейнесін ашып көрсете алған. Мәшһүр Жүсіптің: «...

Бұл жұртта сұмырай нәрсе толып жатыр,

Өтірік, ұрлық, өсек араласқан.

Өңшең сәуірік, текешік, бұқашықтар,

Бірі-бірін соғып, шаншып, жараласқан.

Жақсыны өзі болған көре алмаған,

Өрт қойып жан-жағынан қамаласқан» [44. 29 б], – деген өлең жолдары билік үшін таласқан төре, сұлтандардың әрекетін айқын көрсеткен.

Қарашекпенділердің қазақ жерлеріне ағылып келіп, жергілікті тұрғындарды шөл, шөлейт аймақтарға ығыстырып, шаруашылықтарын тығырыққа тіреуін капиталистік қатынастардың енуіне орай әртүрлі әлеуметтік топтардың қалыптасып, кедейлердің одан әрі кедейленуін де Мәшһүр Жүсіп назардан тыс қалдырмаған.

«Жер-судан айырылған соң қаңғып кетіп,

Үйінде отыра алмай кедей қашты.

Тыңдайтын мұның сөзін құлақ қайда,

Шұлғытып тұрғанымен қанша басты,

Қазақты үшке бөлсең біреуі жоқ,

Жоқ болмай қайтсін, зорлық шектен асты.

Көз жасы жылауының болып қабыл,

Көбейді зорлықшылға өшті, қасты» [45. 32-33 б б], – деп М.Ж.Көпеев өлең жолдарымен қазақтың басына түскен шынайы жағдайды нақты суреттеген. Орыс шаруаларының даланы емін-еркін жайлап, қазақ халқының жағдайының нашарлағандығын «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты кітабында да жазған. Сол шығармада былай делінген:

«Есіктен кіре алмайтын қарашекпен,

Орынды қақ жарып кеп алды төрден.

Тұтқында сорлы қазақ қалмап па едің,

Қол қойып ақ қағазға басқан мөрден» [46. 566 б],.

Айта кетерлік жайт, Мәшһүрдің «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты шығармасы мен «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабының мазмұндары үндес. Соңғысында да шаруалар отарлауының

салдарлары айтылып, қиын-қыстау тірлік кешкен қазақтар жайында айтылады.

«Жайлауы баратұғын тарылған соң,
Айрылды мал да, жан да несібінен...

Зынданда не шаһбаздар нахақ жатыр,

Ұлықтың қылған зорлық кесімінен» [46. 57 б], – деген жолдар соның айғағы.

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезіндегі дәстүрлі шаруашылықтың біраз өзгерістерге ұшырағандығы тарихтан белгілі. Империяның отарлау құрығының ұзарып, бодандық бұғауының тарылған кезінде, екінші жағынан орыс шаруаларының қоныс аударуына байланысты көшпелі мал шаруашылығында қысқа азық дайындау, шөп шабу, егіншілікпен етене айналысу тәрізді қосалқы шаруашылықтардың түрі пайда болды. Осындай жаңашыл өзгерістерді Мәшһүр өз шығармашылығына арқау ете алған. «Айрылған біздің қазақ Нұрасынан,

Атаның мекен салған мұрасынан.

Законды жылқышы мен қойшы білді,

Үйреніп мал қамайтын қорасынан» [46. 576 б], – деген өлеңмен берілген мәліметтер айтылған ойымызға дәлел бола алады.

Орыс шаруаларының қазақ жерлерін жаппай тартып алуы империя билеушілерінің әлімжеттік әрекеттері «Сарыарқаның кімдікі екендігінде» ашық айтылған. Жерінен айрылған халықтың шағым жасап барар жері, басар тауы болмағандығын Мәшһүр былайшажырлаған:

«... мынау жерің керек десе,

Әркім-ақ жылап көшті ұясынан.

Ұлыққа бізден барып арыз айту,

Шыңның да қиын еді-ау қиясынан.

Ұлықтың ғұзырына қалам тартқан,

Айта алсаң болар ердің сиясынан.

Қазақтан баса-көктеп жер алуды,

Ғадет қып алып еді крестьян» [46.57 б].

Патшалық Ресейдің отарлау саясаты казак, саяси, шаруалар отарлауы және рухани отарлау түрінде бірнеше бағытта жүргізілгендігі мәлім. Шаруалар отарлауын М.Ж.Көпеев жоғарыдағыдай көрсетсе, үкіметтің орыстандыру саясатын қоса жүргізгендігін, христиан дінін уағыздап, мұсылмандыққа қарсы шыққандарын:

«Арзан боп құран болып тиын,

Бас қосар ғамалға да болмай жиын.

Орысша тіл білгенді жұлдыз қылып,

Жоқ қылды шарифаттың құрмет-сыйын» [46. 61б], – деп өлеңге қосқан.

Отарлық езгіге түскен халықтың тұрмыс-тіршілігін көрсетудегі Мәшһүрдің пайымдаулары Абай көзқарастарына ұқсас. Егер Абай:

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,

Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.

...Бір ұртың май, бір ұртың қан боп,

Бас-басыңа би болған өңшең қиқым» [47. 43б], – деп ынтымағы іріген, берекесі қашқан халық жайында айтса, Мәшһүр:

«Байланып қорыққандықтан жүрді тілім,
Қазағым, қайран жұртым, халқым, елім.

Мұжық кеп, қара шекпен крестьян,

Жерінді қылмады ма тілім-тілім» [46. 61б], – деп түгін тартса майы шығатын шұрайлы жерлерінен шөл, шөлейт аймақтарға ығыстырылған көшпенділер үшін ет-бауыры езіліп, халқы үшін алаңдап, басына түскен ауыр жағдайды түсіндіруге ұмтылды.

Мәшһүр 1905-07 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезіндегі қазақ даласындағы ахуалды және сол кезеңдегі мемлекеттік думаға сайлауды, мұсылмандық қозғалысты оқиға куәгері ретінде өз шығармаларына арқау етіп, мәліметтерді өлең өрнектерімен тартымды түрде бере алған.

«Мәнифис берді патша басыңа ерік,

Барып қал, құзырына тауып серік.

Түсіңе үш ұйықтасаң кірмейтұғын,

Сықылды табылатын асың жерік» [46. 62б], – деген өлең жолдары 1906 жылы 17 қазандағы патша II Николайдың манифесі қазақтың оқығандарына таныс болғандығын айғақтайды. Манифесті, мемлекеттің думаның мінберін пайдаланып халыққа қажетті ең өзекті мәселелерді шешіп алуға ұмтылу керектігін ескертеді. Мұсылмандық қозғалысты өрістету арқылы да жер, дін, қазақ тілінде кітап, газет-журнал шығару мәселелерінің шешіміне қол жеткізуге мүмкіндіктің бар екендігін де Мәшһүр көре білген. Осы орайда автор:

«Құдайдың шын нансаңдар бірлігіне,

Ерлердің күш қосыңдар ерлігіне.

Сарт демей, ноғай демей, қазақ демей,

Тілек қыл дін мұсылман бірлігіне», – деп жазған [46. 63б].

Революцияны пайдаланып, ел мүддесіндегі істерді атқарып, думаға депутат сайлап, бар мүмкіндігінше халықтың көкейіндегі мәселелерді батыл шешіп, белсене кірісіп, оңтайлы тұста қарманып қалу жайында Мәшһүр былай деп жырлаған:

«Бір ниет дін қамы үшін бастаңыздар,

Бұрынғы араздықты тастаңыздар.

Сайландар депутатқа кісі тауып,

Айдалып, атылудан қашпаңыздар.

Дінін кім қорласа – сол өш қасың,

Қорлықтан ақпап па еді көзден жасың.

Үйде өлген мың шіріктің бірі болмай,

Жұрт үшін арманың не кетсе басың» [46. 67б].

Мәшһүрдің өзі патша манифесін пайдаланып, «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» еңбектерін жариялады. Арада біраз уақыт өткеннен кейін аталған еңбектердің мазмұнының өзінің саясатына кереғар екендігін түсінген патша шенеуніктері оларға тиым салып, авторын қуғындауға ұшыратты. Сонымен қатар жарық көрген кітаптарға қорытынды жасау үшін патша әкімшілігі профессор

Н.Ф.Катановқа тапсырма берді.

Жарты жылдық тексеруден кейін баспасөз туралы уақытша комитеті 1916 жылы қазанда Қазан губерниялық жандармерия басқармасы ресми түрде Катанов аударған кітаптардың кейбір тұстарынан үзінділер жіберген. Мәселен, «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты еңбекке Катанов мынадай түсініктеме жазған: «Мен аударған 3-7, 14-17 беттердің мазмұнына қарасақ, автор 1905 жылғы манифесті езілген халықтардың көз жасын құрғатқан пайдалы іс еді деп дәріптейтіндігі. Ал, ел билеуші болыс, билер халықты өздерінің құлқындарын толтыратын байлық көзі деп санайды. Сондай-ақ ол жер аударылған (келімсектер) шаруалар да қазақ халқына ол пиғылда емес деп есептейді» [4. 13б]. Катановтың осы аударма арқылы берген түсініктемесінен кейін баспасөз туралы уақытша комитеті «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыздың» авторын қылмысты істер ережесінің 129-бабының 6-тармағы бойынша жауапқа тарту туралы қаулы қабылдады. Осының алдында 1913 жылы 16 қаңтарда «Хал-ахуал» атты өлеңдер жинағы тұтқындалды [4. 146 б].

. Осылайша Мәшһүрдің шығармашылық қызметі және жариялаған кітаптары үнемі патша үкіметі полициясының тарапынан бақыланып, өзі қудалануға түсті.

Мәшһүр Жүсіп 1917 жылғы қазан төңкерісіне де, кеңес өкіметіне де тосырқай қарап, құшақ жайып қарсы алмады, тіпті оған сенімсіздік тудырды. Сондықтан да осы кезде ғалым қоғамдық-саяси өмірмен байланысын үзіп, ақындықпен қош айтысып, «Қазақ түбі» үлгілерін құрастырып, жинақтай бастаған. Мәшһүрдің осындай томаға-тұйық тіршілігін сырттай байқаған халқына жанашыр ұлт зиялылары, соның ішінде Ж.Аймауытов оған мынадай мазмұндағы хат жолдаған: «Сіз қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гауһарысыз. Сіздің құлашыңыз ұшын, қиялыңыз терең, арманыңыз алыстағы өткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінезі сізді жорытпайды, тосаңсытады, күні өткен жат адам қылады. Жаңа заман өте берсін! Сіз онда жалғыздығыңызды, жапандығыңызды, сәнді-салтанатты ескі күніңізді жырлап өтіңіз. Ақынның ақындығы улаған ойын, тулаған сырын, оқушыны толқытқандай қылып, тізген меруерттей кестелі, толғаулы сөзімен айта білуінде ғой...

Одан соңғы сіздей көп қазына – қазақтың шежіресі, ең болмаса Орта жүзді, Арғынды тараулатқаңыз керек. Осы күнде әркімдер қазақ тарихын, шежіресін жазып жүр. Мұхамеджан Тынышбайұлы деген ұлы жүз, инженер, орысша кітап қылып шығарып жүр. Сіз шежіреңізді жіберсеңіз, оны да көріп, түзетіп, ең болмасын журналға басып тұрар едік, әрине, өз атыңызбен басталады» [6.137-138бб].

Бұл хаттың мазмұнынан ұлт зиялыларының кеңес өкіметін мойындамаса да амалсыз соған қызмет ете бастағанын көруге болады. Ж.Аймауытов Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің дарындылығын ескеріп, шығармашылығын үзбей, жалғастыра беруін өтінген. Мәшһүрді шежіреші ретінде танып, ауызша тарих айту дәстүрін жетілдіре беруін қалаған. Сондай-ақ, сол кездегі мерзімді басылым алқаларымен байланысып, бірлесе жұмыс істеуді де ұсынған пікірді де байқауға

болады.

Мәшһүр Ж.Аймауытовтың хатына өлеңмен жауап қайтарған. Сол жыр жолдарында былай делінген:

«Өзіңе берсін Алла ұзын ғұмыр,
Көңгіш бол қорғасындай, болма темір.
Ризамын өзіңе де, сөзіңе де,
Мақал бар, аз сөз алтын, көп көмір.
Жалғанның өмір бойы уын іштім,
Өз бойыма шақ емес киім піштім.
Сәрсенбайдың бақытсыз Жамалындай,
Сөзіңе мейрім қанды, түстім-түстім» [6. 17-226 б].

Бұл өлең жолдарынан Мәшһүрдің ең алдымен Ж.Аймауытовқа ризашылығы, одан кейін өзінің өмір сүрген заманына реніші анық көрінеді.

М.Ж.Көпеев 1931 жылы ауырып дүние салды. Бұл турасында Мәшһүрдің өмірі мен шығармашылық қызметін көп зерттеген ғалым С.Дәуітов былайша жазған: «Ақын жеті күн ауырды. Дәл жеті күн ауырып жатқанда бір айтқан сөзі: «Ажал жүр жағалап қоймаймын деп, Шәрәпиден жүр бермеймін» деп күледі (Шәрәпиден – үлкен ұлы)». Өзі тірісінде айтушы еді «Жетпіс үштен ары қарай сүйресен де аспаймын», – деп». Мәшһүрдің өзі айтқанындай 73 жыл өмір сүріп, қайтыс болды. Өзі өлсе де артында өлмейтін сөздері, шығармалары, бір сөзбен айтқанда мол мұрасы қалды.

Қорыта айтқанда, Өзі өлседе артында өлмейтұғын сөздері, шығармалары, бір сөзбен айтқанда рухани мұра деп айтуға тұрарлық мол мұрасы қалды. Биыл осы даңқты тұлғаның туғанына 150 жыл толған торқалы тойы, сондықтан біздің ойымызша Мәшһүр Жүсіптің тарихи шығармаларын әлі де болса терең зерттеуіміз қажет. Әсіресе жас ғалымдар осы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қолжазбаларын, олардағы деректерді де талдап, ғылыми айналымға түсіруіміз қажет. Осы пікірімізді өз кезегінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасымен таныс болған ғалым М.Қ.Әбусейтова да білдірген болатын. Ол ғалым қолжазбаларындағы мәліметтердің тарихилығын жоғары бағалап, деректерін терең зерттеудің қажет екені жайлы жазған [48.286 б]. Өйткені Мәшһүр Жүсіптің тарихи мағлұматтарды шежіре түрінде баяндап жазғаны белгілі. Әдетте Мәшһүр Жүсіп кез-келген тарихи оқиға туралы мәліметті сол оқиғаға тікелей қатысқан куәгерлерден мәселен, Кенесары көтерілісі кезінде Жанайдар батырдың атқосшысы болған Майлы Жәдігер Сымайыл қариядан жазып алған. Бұл оның ізденушілігінің сипатын ашады.

Дегенмен де біз өз заманының ерен тұлғасы, энциклопедист ғалым, шежіреші Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихи көзқарастарына, еңбектеріне біршама тоқталып, талдау жасауға талпындық. Мәшһүрді тарихи оқиғалар жайлы дерек жинақтаушы, «Қазақ түбі» арқылы өткеніміз туралы баяндаған тарихшы ретінде тұлғасын ашуға ұмтылдық. Мұндай талпынысымызға қол жеткізген тәріздіміз. Оған баға беруші әрине, оқырман қауым.

1. Қуандық Пазылұлы Жүсіповтің әулеттік мұрағаты, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 14 тізім. -1 б.

2. Тарихи тұлғалар. -Алматы, 1997. -147 б.
3. Көпеев М.Ж. Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер /Материалды баспаға әзірлеген Н.Жүсіпов //Ақ Орда. 1993. №2.-79-80 бб.
4. Жүсіпова Л.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы - деректанушы. - 116 б.
5. Көпеев М.Ж. Таңдамалы. - 91-96 бб.; В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері. - Алматы, 1994.
6. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 6 томдық. 3-т. - Алматы, 1981. - 220 б.
7. ОҒКҚҚ. М. Ж. Көпеев қолжазбасы. № 1177 папка.
8. Әділгереев Х. Қазақ халқы құралуы тарихынан //Социалистік Қазақстан. 1941. 18 май.
9. Қазақ тарихынан. - Алматы, 1994.
10. ҚПЖӘМ. Жолмұрат көшірмесі. 2-топтама. 28-тізім. -10-21 бб.
11. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар. -Алматы, 1964. -352-354 бб.
12. Көпеев М.Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі//Қазақ тілі мен әдебиеті. 1999. №4. -112-113, 121 бб.
13. ҚПЖӘМ. Машһүр Жүсіп қолжазбасы. 3-т. 28-тізім. - 15 б.
14. Көпеев М.Ж. Қазақ хандары //Қазақстан мектебі. 1999. №9. - 68 б.
15. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. - Алматы, 1991. - 21-22 бб.
16. ОҒКҚҚ. М.Ж.Көпеев қолжазбасы. №1178 папка. - 244 б.
17. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. -М.-Л., 1950. - 311-312 бб. Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. -Астана, 2004. -230 б.
18. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. - СПб., 1864. Ұ. 2. -122 б.
19. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. - М., 2002.; Фазлаллах иби Рубихан Исфакхани. Михман намеи Бухара (Записки Бухарского гостя. МИКХ. - Алма-Ата, 1969.; Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв.). - М., 1982.
20. Артықбаев Ж.О. Қазақстан тарихы. -Астана, 2003. -127 б.
21. Көпеев М.Ж. 4 үлгі. //Қазақ тарихы. 2001. №1. - 23 б.
22. ОҒКҚҚ. №1178 папка. - 246 б.
23. Тынышпаев М. Великие бедствия... (Ақтабан-шубырынды). - Алма-Ата, 1992.
24. Көпеев.М.Ж. 3 үлгі.//Қазақ тарихы. 2001. №1. -23-24бб.
25. Көпеев М.Ж. "Қалдан Шерін әңгімесі" хақында. //Қазақ тарихы. 1998. №3. - 60-63 бб.
26. Абылай хан /Құрастырған С.Дәуітов. - Алматы, 1993. 1-т. - 322 б.
27. Көпеев М.Ж. Таңдамалы. 2 т. -106 б.
28. Көпеев М.Ж. Тарихи әңгімелер //Жұлдыз. 1994. №10-12. -201-202 бб.
29. Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова. -Алма-Ата, -85 б.; Кенжалиев И. Тайманұлы Исатай. -Алматы, 1997. -92 б.; Артықбаев Ж.О. История Казахстана XIX века. -Астана, 2000. -87-88 бб.
30. Көпеев М.Ж. Туыскан бауырларыма бір насихат //Энциклопедия для

"Айқап". -Алматы, 1995. -107 б.

31. Қуандық Пазылұлы Жүсіптің әулеттік мұрағаты. Фазыл көшірмесі. 3 топтама. 17 дәптер. -96 б.

32. Тілеке Ж. Шежіре: Ертіс-Баянауыл өңірі. -Алматы, 1994. -91 б.

33. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы (ҚҚҒС). 3 т. -Алматы, 1981. - 121-122 бб.

34. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы (ҚҚҒС). 3 т. -122 б.

35. Көпеев М.Ж. Тарихи әңгімелер //Жұлдыз. 1992. №10-12. -202 б.; Орталық ғылыми кітапхана қолжазба қоры. №1130 папка, №1645 папка.

36. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Қазақ шежіресі. -Алматы, 1993. -9 б.

37. Жүсіпов Е. Мәшһүр Жүсіп жазбасындағы Кенесары тұлғасы //Қазақ тарихы. 2000. №2. -33 б.

38. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Кенесары туралы жазбалар //Қазақ тарихы. 2000. №2. - 43 б.

39. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. -Алматы, 1993. - 219 б.

40. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. -Алматы, 1994.

41. Хан Кене. - Алматы, 1993. - 14 б.

42. Кенесары А. Кенесары және Сыздық сұлтандар. -Алматы, 1992. -10 б.

43. Қасымбаев Ж. Кенесары хан. -Алматы, 1993. -32-33 бб.

44. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Кенесары-Наурызбай хақындағы әңгімелер //Жұлдыз. 1992. №4. - 197 б.

45. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 2-т. - Павлодар, 2003. -80 б.

46. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы (Екі томдық шығармалар жинағы). 1 т. - Алматы, 1990. -29 б.

47. Абай. Шығармалары. 1-т. -Алматы, 1982. -43 б.

48. Марғұлан Ә.Х. Мәшһүр Жүсіп Көпеев //Қазақ әдебиеті. 1940. 5 қаңтар; Бөжеев М. Мәшһүр Жүсіп мұралары хақында //Жалын. 1974. №4; Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. -А., 1994; Абусейтова М.Х. Қазақстан и Центральная Азия в ХУІ-ХУІІ вв.: история, политика, дипломатия. -А., 1998.

**Халқы үшін еңбек еткен тұлға
(Барлыбек Сыртанұлының қызметі және еңбектері туралы)
Туған өлке/Родной край. 2009. №4. - 113-119 бб.**

ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының арасында Барлыбек Сыртанның есімі тарихи тұлға ретінде ерекшеленді. Қазақ елінің Жарғысын, Конституциясын жазған Барлыбек алты Алаштың мақтанышы. Ірі қоғам қайраткері, білімдар, елінің тәуелсіздігі үшін аянбай күрескен Барлыбек Сыртанды көзі ашық, көкірегі ояу жамағат көрнекті құқықтанушы деп біледі. Бұл Барлыбектің бір қыры ғана. Аяулы азамат әртүрлі күрмеуі қиын күрделі мәселелердің шешімін табуға мұрындық болып, ұлт мүддесінде еңбек еткен.

Барлыбектің құқықтық, қоғамдық саяси қызметіне С.Өзбекұлының, М.Қойгелдиевтің, К.Нұрпейістің іргелі зерттеулері арналды [1]. Дегенмен Алаш аяулысының өскен ортасы мен оның тарихи көзқарастары арнайы зерттеле қоймады.

Барлыбек Сыртан 1866 жылы Жетісу облысының Қапал уезіне қарасты Арасан болысындағы Қарашоқы деген жерде Сыртан есімді шаруа отбасында дүниеге келген. Тегі - Найман тайпасы Матай руының Қаптағай тармағы.

Барлыбек әкесі Сыртанның өжеттігі мен беделінің арқасында Верный (Алматы қаласының бұрынғы атауы) қаласындағы ерлер гимназиясына оқуға түскен. Сыртан өз заманында Матай жұртына танымал, әділет үшін күрескен, көзі ашық, көкірегі ояу азамат болған. Балаларының болашағына алаңдаған Сыртан ұлдарын, яғни Барлыбек пен Тұрлыбекті 1874 жылы Қапал қаласында қазақ балалары үшін ашылған эзірлік пансионында оқытқан. Бұл жайында мұрағат қорларында сақталаған тарихи деректердің бірінде былай жазылған: “В октябре 1874 г. киргиз Арасанской волости Сыртан Бокин привел в уездное управление двух детей 11-ти и 9-ти летних мальчиков и просия принять их в училище с условием, чтобы от него не требовали ни на учеб, ни на содержание, а также, чтобы при них находилась их мать, его старшая жена.

Дети были приняты и размещены в юрту, данной Сыртаном на первое время пока неизучтен средства для найма другой юрты” [2]. “Бұлардың оқуына да, жағдайларына да менен ақы талап етпейсіңдер” деген деген Сыртанның қойған талабын гимназия директорының есеп-рапортында жазылған мына жолдар дәлелдейді: “... Алғашқыда балалар мен олардың анасына маған төтенше бөлінген сома есебінен жағдай жасалды, ал одан кейінгі кезеңде бұл шаралар болыстық басқарушылар арқылы салынатын және жоба ережесіне сәйкес уезд бастықтарының шешімі бойынша тағайындамалараға тиесілі айыппұл есебінен қарастырылды. Екі бала мен олардың анасының тамағына, отын-суына жұмсалатын шығын мөлшері болымсыз ғана, эзірге балалараға киім-кешектің керегі жоқ, сондықтан да айыппұлдың ақшасы әр кезде және өте аз сомада (бір кезде 3 пен 6 сом аралығында) түсетін болса да қазақ мектебінің капиталын құрайтын депозитке аударылып, жинақталып жатыр” [3].

Барлыбек Сыртан Верный гимназиясын үздік тәмамдап, Петербордағы Император университетіне оқуға түскен. Оның өз заманының белді оқу орнына қабылдануына Верный гимназиясының директоры Д. Новактың көмегі тиген. Тіпті ол Барлыбекке университетке оқуға баруға арнайы қаражат бөлуді өтініп, Жетісу облысының әскери губернаторына қатынас қағаз жазған. Осы бір қамқорлыққа толы өтініште былай делінген: “Сыртанов Бардыбек, ученик 7 класса желает продолжать свое образование в высшем учебном заведении, но так как нет у родителей его средств для продолжения высшего образования, то покорнейше прошу Ваше превосходительство, не найдете ли возможным пособлять ему из каких-нибудь средств, состоящих в Вашем распоряжении, тем более что Сыртанов Бардыбек весьма смиренного характера, вел себя в течение всего гимназического курса отлично, и, несмотря на затруднения, какие он, как инородец, должен был преодолеть, оказал очень хорошие результаты успехов, как приложенные при сем баллы, выставленные для

допущения к испытанию зрелости, доказывают. Прошу покорнейше дать возможность кончить первому киргизу здешней страны высшее образование, что несомненно благотворительно отразится на все киргизское сословие” [4]

Осылайша, Жетісу әскери губернаторының қолдауымен өлкеден бірінші болып Петербордағы Император университетіне оқуға қабылданады. 1890 жылы университеттің шығыстану факультетін араб-парсы және түрік-татар тілдерінің маманы бойынша бірінші дәрежелі дипломмен бітірген. Студенттік жылдары Ресей империясының астанасында сан қилы саяси оқиғаларға куә болып, орыс халқының мәдениетін, өнерін таныған Барлыбектің сана-сезімі қарыштап өсті. Барлыбектің алған білімі, ортасы, көкірегіне түйгені оның нағыз ұлтжанды, халқына адал, елінің тәуелсіздігі үшін күрескер болуына ықпал етті, өйткені оның балалық және жастық шағы патшалық Ресейдің қазақ елін отарлауының шарықтау кезіне дөп келген еді. Жетісудағы отарлау саясатының бірнеше бағыттарда жүргені мәлім. Солардың бірі шаруалар отарлауы болатын. “Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы” деп білетін қазақ үшін күн көрістің көзі мал, ал оны жаятын жер болғандықтан жер жаннаты - Жетісу өлкесіндегі жер мәселесі Барлыбекке көдедей қадалды. Туған еліндегі жағдайды бірде әдебиеттерден, бірде көзімен көрген азамат оны ұлт мүддесінде шешуге ұмтылды. Алайда Барлыбек алып империя алдында дәрменсіз еді. Отар өлкедегі ахуал шиеленісті болатын.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өлкеге орыс шаруаларының легі ағылып келді. Патша өкіметі қазақ жеріне келімсектерді қоныстандыру саясатын тез қарқынмен жүзеге асыру үшін, 1904-1905 жылдары Қазақстан аумағын бес қоныс аудару ауданына бөлді: Торғай-Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу. Бұл облыстарда Жерге орналастыру және Егіншілік Бас Басқармасына қарасты арнайы Қоныс аудару мекемелері ашылды [5].

Солардың бірі XX ғасырдың басында құрылған Жетісу қоныс аудару басқармасы болды. Отаршылдық негізде құрылған Қоныс аудару басқармалары жергілікті халықтың пайдалануындағы «артық» жерлерді тартып алып, қоныс аудару телімдерін дайындады. Жыл сайын Жетісу облысында алдын-ала кіші аудандар жоспарланып, оларда қоныс аудару телімдері құрылды [6]. Сөйтіп, Жетісу облысындағы Қоныс аудару мекемесі С.Н. Велецкийдің басшылығымен патша үкіметінің отаршылдық саясатын жүзеге асырды [7]. Патшалық шенеунік А.Л. Трегубов өзінің зерттеуінде [8] Жетісу өлкесінде бос жатқан жер қорының көптігін ерекше атап, 1 миллионға дейін орыс шаруаларын әлі де болса орналастыруға болатындығын айтты [8, с. 42]. Әсіресе, Қытаймен шекаралас территорияларда шаруаларды тығыз қоныстандыру қажет деп тұжырымдаған.

Ресей империясы уақыт өткен сайын қоныстандыру саясатына терең мән беріп, шет аймақтардағы Қоныс аудару мекемелерін күшейтті. Оларды қажетті мамандармен толықтырып, жұмыстарының нәтижелі болуын қадағалап отырды. Осыған байланысты Жетісу қоныс аудару ауданындағы штат қызметкерлерінің саны жылдан жылға көбейтілді. 1906 жылы Жетісу қоныс аудару ауданында барлығы 40 адам болса, ал 1911 жылы 227-ге жетті. Сонда жыл сайын, қызметкерлердің саны шамамен 20-30 % -ға өсіп отырған [9]. Бұл Ресей үкіметінің отаршылдық саясаты ұйымдасқан түрде әрі тез қарқынмен жүргізіп,

жүзеге асырғандығын дәйектей түседі. Осылайша, Жетісу қоныс аудару мекемесі 1906-1916 жылдар аралығында патша үкіметінің отаршылдық саясатын жүргізіп, жер мәселесін империяның мүддесінде шешіп отырды.

Жетісу қоныс аудару басқармасы өлкеде орыс шаруаларын қоныстандыру ісімен қатар, рухани отарлау саясатын да жүзеге асырды. Отырыста меңгеруші С.Н. Велецкийдің Жетісу өлкесінде орыс қоныс аударушыларының орналасуы мен жобаланған телімдер туралы баяндамасы тыңдалды. Баяндамада облыс бойынша барлығы 62 шіркеу мен приход: Лепсі уезінде – 12, Қапал уезінде – 14, Жаркет уезінде – 5, Верный уезінде – 12, Пржевальский уезінде – 7, Пішпек уезінде – 12 діни мекемелердің ашылғандығы ашып көрсетілді [10]. Жетісу өлкесінде шіркеулік-приходтық мектептердің құрылысы 1906-1914 жылдары жүргізіліп, барлығы 27 ғимарат салынды [11]. Ресей әкімшілігі жергілікті қазақ халқын өз мәдениетінен, дінінен алшақтату мақсатында орыс мектептері мен шіркеулердің санын өсірді. Ал өлкенің байырғы тұрғындары мешіттердің және медреселердің салу былай тұрсын бас қайғысына ұшырады.

Елінің отарлық саясаттың шырмауына түскенін көрген, туған жері үшін ішер асын жерге қоятын Барлыбек халықтың басына түскен ауыр жағдайды жеңілдетуге септігін тигізбекші оймен 1891-1894 жылдары Ташкент қаласында қызмет істеп, одан кейін Жетісу облыстық басқармасының іс жүргізу бөлімінің меңгерушілігіне ауысқан [12]. Отаршылдық езгідегі халқына рухани көмек ретінде Ахметкәрім Зейнуллин деген азаматпен бірге “Семиреченские областные ведомости” газетінің ішінен “Бұратаналар бөлімі” (“Туземный отдел”) деген бөлім аштырып, жерінен, бостандығынан айрылған байырғы ұлттың ауыр хал жағдайын батыл көрсетіп отырған [13].

1903-1907 жылдары Барлыбек Жетісудың Қытаймен шектесетін шекарасын тексеру тобына қатысып, Столыпиннің аграрлық реформасына орай ағылып келе бастаған келімсектер легін азайтуға бар күш жігерін жұмсады. Осы орайда ерекше қадап айтар бір жайт, Барлыбек ата-бабаларының ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған жері үшін отарлық саясатқа қарсы тұрып, оған барша жетісулықтарды жұмылдыруға күш салды. Осы мақсатта съезд шақырып, оның күн тәртібіне қазақтардан тартып алынған жерлерді қайтару мәселесін қоюды талап етті. Жетісу өлкесінде шұрайлы жерлерді келімсектер тартып алып, талан-таражға салып, қазақтардың күн көрісін қиындатты. Осындай әрекеттерге тосқауыл болу барысында Барлыбек Сыртан 1910 жылдың 21 қазанында Ұзынағашта облыс қазақтарын жинап, арнайы кеңес өткізді. [14]. Жиында өзі баяндама жасап, жерлерінен айрылып, шөл, шөлейт аймақтарға ығысқан халықтың ауыр жағдайын, шаруалар отарлауының зардаптарын ашып көрсетті. Жердің тарлығы мен тауқыметін тартқан елдің еңсесін көтеріп, баяндамасында халықты бірлікке, күреске шақырып, былай деген: “Ел жұртым, қара шекпенділер күннен-күнге біздің жерімізге қоныстануда, халіміз ауырлап барады, күн көру қиынға соғып тұр, жақсы жердің бәрі қарашекпенділердің меншігіне өтті, жұртынан айырылған байғұс қазақ тақыр жерге қуылды. Ауыз ашпай жатуға енді болмас, ояну қажет, кір жуып, кіндік кескен, аталарымыздан қалған жерімізді сақтап қалу басты міндетіміз. Қарашекпенділердің келуін тоқтату үшін бүтін қазақ болып бас қосу

қажет”[15.] Осындай мақсатты алға тартқан Барлыбек 1911 жылы қазақтың мұң- мұқтажын патша өкіметінің басты билеушілеріне жеткізу үшін Петерборға барған. Жетісу тұрғындарының атынан әскери министрге өтініш-арыз жазып, жер мәселесінің шиеленісті күйін, қазақ халқының ауыр халін батыл түрде жеткізген. ”С 1905 года в Семиреченской области производится отвод переселенческих участков из земель, находившихся в пользовании киргиз. Местная переселенческая организация отводит под переселенческие участки киргизские усадебные места, зимовки, культурные поля, занятые садами, искусственными рощами, клевром и пашнями, которые орошаются искусственными канавами арыками, произведенными киргизами, реконструируемыми ежегодно после спада весеннего половодья. Киргизы выселяются. Жалоба киргиз оставляются без удовлетворения... Современная практика местной переселенческой организации Переселенческого Управления не только неотчуждаемые усадьбы, культурные поля, но идет в разрез существующему закону... 800 тысячное киргизское население Семиреченской области приходит в отчаяние, не находя защиты своих законных, кровных интересов и вынуждено просить о наделении их землею в размере надела оседлого населения, хотя это грозит разорением кочевого хозяйства и грозящего нищетою 800 тысячному населению и номадному краю”[16], - деген абзал зиялының жазғаны оның халқына қызмет еткен азамат болғандығын айшықты айғақтайды.

Жер тағдырына, ел тағдырына алаңдау - Барлыбектің халық мүддесін көздеу бағытындағы қызметінің бір саласы ғана.

1911 жылы Барлыбек Сыртан науқасына қарамастан Жетісу облысының қазақ, қырғыз, сарт, ноғайлары патша өкіметінің жерді тартып алып жатқан саясатына өздерінің наразылықтарын білдіру үшін Санкт-Петербургға арнайы өтінішпен жіберді. Өзіне тапсырылған халықтың аманатын орындау мақсатымен ол патша өкіметі шенеуніктерінің есігін күзетумен болады. Оның сөзін кім тыңдасын. Ресейдің тоңмойын, халық, ұлт мүддесінен алшақ тұрған аппараты сөзіне құлақ аспайды.

Міне, осындай сергелдең күй кешіп жүргенде Барлыбек Сыртан сол кезде бүкіл мұсылман жұртшылығына кеңінен таныс Әлихан Бөкейханов кездеседі”[17].

Барлыбек қазақтардың құқықтарын империядағы өзге ұлттармен теңестіру, елінің тәуелсіздігі, оқу-ағарту ісін бір сәт есінен шығармаған. Халықтың осындай көкейкесті мәселелерін шешу мақсатында табанды күрес жүргізген. Осы мақсатта бірқатар еңбектер жазған. Барлыбек өзінің еңбектерін жариялауда жансыздар мен тыңшыларды адастыру үшін “Алатау баласы”, кейде “С.Б.Алашинский” деген бүркеншік есімдерді пайдаланған [18]. Бұл жерде Алашинский дегенді алты Алаштың ұлы деген мағынада ұғынып, бабалар жолын ұстанған деп түсінген жөн.

Барлыбек Сыртанның Ресей астанасының кітапханаларында сарыла отырып, көз майын тауысып, зерттеулерді ақтарып, оларды ой-зердесінен өткізіп жазған еңбектерінің бірі - “Қазақ елінің Уставы”(Жарғысы). Бұл шын мәнінде қазақ мемлекетінің Конституциясы еді. Еңбектің кіріспе бөлімінде тарихқа қатысты

мынадай ойлар жазылған: “Қазақ елі көне ұлттардың бірі. Оның тарихының тамыры тереңге жайылған. Жеке ел болып өмір сүрді, елін, жерін қорғады. Ұрпақ жалғастырудан 7 миллионға жетті. Санымен Россияда үшінші орында. ”Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” жылдарда қалмақтардың күшті һәм көп әскеріне ауызбірлік жоқтығынан қарсы тұра алмады. Бірақ Үш жүздің ақылды ұлдары бір байрақтың астына жиналуға уәде беріп, бас қосып, қалмақтарды күл - талқан жасады. Әбілқайыр хан асығыстық жасаумен Кіші жүздің қазақтарын Россияға бағынышты етті. Орыс патшасы жасалған шартты бұзып, қазақ жеріне бекіністер орнатты, жаулап алуды күштіледі, қара шекпенділерді қапталты, қазақтың жерін, жеген нанын, ішкен суын тартып алды. Байғұс қазақтар қазақ жеріне ие болудан айрылды, һәм айдалаға, құмға ығыстырылды...”[19 15 6]. Автор қазақ тарихына қысқаша сипаттама беріп, отар елге айналудың себептерін ашуға ұмтылған. Отарлау саясатының зардаптарын ашып көрсеткен. Барлыбек егемен, тәуелсіз ел болу үшін жарғы қажет деп түсінді. Осы мақсатта конституция дайындады. ”Қазақ елінің Уставы” төрт бөлімнен тұрды. Олар; “Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында”, “Адам баласының хұқы турасында”, “Қазақ жері турасында”, “Сот турасында”. ”Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында” атты бөлімнің тарихи маңызы өте зор, өйткені онда айтылған ойлар қазіргі тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен толық орын алған. Өз кезегінде Барлыбек армандаған егемен республика жаһанға танылып, салтанат құрып келеді. Сол ұлт зиялысы тайға таңба басқадай жазып, өміршең болуын тілеген жарғының қазақтың жеке ел ретінде дамуы жөнінде айтылатын тұстарына назар аударайық. ”...4. Қазақ елінде ең басшы орыны Ұлт мәжілісі. Оған дауыспен өткендер Қазақ елінің басшы Президенті төрт жылға сайлайды.

5. Бір Президент екі реттен асып ел билеуге хұқы жоқ.

6. Президент Қазақ елін министрлер арқылы басқарады. Министрлерді Президент өзі таңдайды, бірақ Ұлт мәжілісі дауыспен шешеді.

7. Министрлер өздері басқарған жұмыстарымен Президенттің һәм Ұлт мәжіліснің алдында есеп беріп тұрады..

Қазақ елінде билік жүргізу закон шығаратын, орындайтын һәм сот болып тұрады. Үш билік бір - біріне бағынбайды, бассыздыққа жол бермеудің белгісі болып тұрады” [19],- деп жазылған жарғының тармақшалары Барлыбектің оны дайындауда көп іздегенін байқатады. Сондай - ақ, оның білімдарлығынан да хабар береді. Келтірілген үзінділер Барлыбектің құқықтық мемлекеттің белгілерін нақты көрсетіп бергендігін дәйектейді. Қазіргі кезде тәуелсіз Қазақстанда Барлыбек көрсеткен құқықтық мемлекеттің белгілері орын алған. Саяси билік үш тармаққа бөлініп, атқарушы, заң шығарушы, сот билігі түрінде өзінің функцияларын іске асыруда. Барлыбектің Ұлт мәжілісінің орнына қос палаталы парламент келген, ол Сенат және Мәжіліс арқылы барша қазақстандықтарға танымал.

Жарғының ерекше көңіл бөлер тұсы - оның жер туралы айтылатын бөлімі. Барлыбек: “...19. Қазақ елінің жері саудаға түспейді, құдай оны адам баласына пайдалану үшін жаратты.

20. Жердің кені, орман, су, көлі һәм таулары қазақ елінің иесінде. Мал жаю,

егін өсіру, үй салу, жерді өңдеу һәм жерді пайдалы іс мақсатында қазынаға қайтару хукмет рұқсатымен болады”, - деп жазған. Мұның өзі жердің қазақ үшін басты байлық болуға тиіс екендігін аңғартады. Барлыбек Сыртан жер турасында: “...Құдай оны адам баласына пайдалану үшін жаратты” - деп нықтап сыналады, өйткені жер мәселесі ХХ ғасырдың басында өте өткір сипат алған еді. Жерді тартып алу, сату, мердігерлікке беру, сыйға тарту, т.б. әрекеттер көбейіп кеткен. Қазақтардан осы кезде 45 млн. десятина жер тартып алынып, Ресейдің орталық аудандарынан көшіп келген келімсектерге берілген. Жерінен айрылған халықтың ырыс - берекесі де кете бастаған. Барлыбек әсіресе, жерді сатуға қарсы болған. Қазақ елінің болашағына алаңдаған ұлт зиялысының осыған ұқсас пікірін өз заманында жаһанға танымал М.Ганди, ресейлік жазушы Л.Н.Толстой да танытқан.”...Земля может принадлежат только богу и всем сынам человеческим, работающим на ней. Она есть собственность всех поколений людей”, - деп жазған Л.Толстой.[12]

Барлыбектің “Бұқарбай балаларының “ Ынтымақ ережесі”. “Партия һәм низамсыз жинаған алым” деп аталатын мақаларының негізгі мазмұны елді ынтымаққа, бірлікке шақыру, ата - баба дәстүрінде тәрбие беру, рушылдықтан арылу, т.б. “Партия һәм низамсыз жинаған алым” атты мақаласында болыс билеушілерінің әділетсіздігін,, ру аралық тартысты ашына жазған. “Болыстық, билік һәм старшындық қызметті шығарғанда орыс ұлықтары ойлаған еді, қазақ халқы өзін қызмет қылуға жарайтын, халықтың пайдасын ойлайтын адамдарды сайлайды ғой деген-ді. Бұл ойлағаны бекер шығып, болыс, би, старшындармыз халқымызға қызмет қылып, жұртқа пайда ойлап, халықтың жұмыскері болмақ түгіл, елімізді момын, мінген аттай көріп, білгенін қылатын болды. Халыққа қылғаны көбінесе зорлық...”[19] - дегені осының айғағы. Бір айта кетерлігі, осы мақаласын Барлыбек “Дала уалаятының газетінде” Алатау баласы деген бүркеншік есіммен жариялаған.

Билік үшін, болыстың мансабы жолында руға бөлінудің, халықты тонаудың ел арасында етек жайғанына ашынған Барлыбек осы мақаласында “Бір руды бір ру жаудай көреді. Бірін - бірі бөтен санап, әлі келсе жеп қояды... Сайлаудан жарты жыл, бір жыл бұрын бай адамдар шарын көбейтуге ел арасындағы құрметті адамдарға ат, майын, шайын, ақша, шапан бере бастайды. Мұны бергенде елден тым болмаса жасырып берсе екен, жоқ, қайта мақтанады көп бергендігіне, халыққа көрсетіп пәре беріп. Өз малын, ақшасын беріп қоймайды, халықтан жиып алады “шығын”, “жұртшылық” деп. Сайлау солардың алдында қазақ арасында әуелі елубасыларды сайлайды. Бұдан да әрқайсысы өзінің кісілерін қоюға таласып, төбелес шығарады.

Жақ - жақ болып, шарт - шұрт қамшыласып жатқаны, қанға бялып...[19. 592].

Барлыбек Сыртан өзінің мақаларында жер мәселесімен қатар оқу- ағарту ісі туралы ыждахаттықпен жазып өткен. Ғылым, білімнің пайдасын ашып көрсеткен. Қазақ халқының қараңғылығына налып, былай деп жазған: “...Білімді халық біздің қыл, тері, жүн жұрқамызды қымбат, жақсы нәрселер шұға, былғары істеп, өз еркімен дүние айналып жол жүріп, бөгетсіз мұхиттан өтіп, Сүлеймен патшаның ақылымен жаратылғандай от арбасына, кемесіне мініп даладан, таудан, судан өтіп жүргенде, ақ шайтанның күшімен алғандай,

жер түбінен телеграммамен олар хабар алғанда, біз қазақ халқы олардың біріне де ұқпаймыз...[19. 541-542 бб]. Осы қараңғылықтан шығып, білім-ғылымға үйрену қажеттілігін Барлыбек баса айтқан. Білімді халықтың тұрмыс тіршілігінің жақсаратынын ескерткен ұлт зиялысы : “Ғылымның жарығының соңынан ерген халық көбейді, күшейді, ақылдың қуатымен, ғылымның табысымен рахатқа батып жатыр. Оның алдында бәрі ашық, бекем тұрады. Бөгет болады деп қорықпайды. Ақылы көрсетіп, қолы жұмыста тұр. Және олардың ғылымы от пен су, бу, электричествоға (электричество деп жайдың әсерін айтады) жұмыс қылдырды өздеріне. Адамға керектің бәрін ғылымның себебімен оңай табады. Жақсымен тұрсаң пайдасы, жаманмен тұрсаң залалы тиеді. Бізде ондай емес, біз ешбір өнер, ғылым, кәсіп, білім білмейміз, себебі дәнеме қылмауға үйреніп кеттік, қырдың таза ауасына рахаттанып. Мұнда тұру арзан, ертеңгі күнді ойламай, жүріс тұрысымызды түзейік демейміз. Енді бұрынғыдай көп жер жоқ мұнда малға, мал, егін шарусымен тұру қиын. Үйрету керек һәм өзгеге пайдалы болып тұруды. Біз әлі ештемеге түсінгеніміз жоқ, ғылымның көрсеткен жұмысын жақсы жолмен жаһут қылыуды көрсеткен де жоқ”[19.542] - деп, қазақ халқының назарын болашағын ойланар кездің әлдеқашан жеткендігіне аударған. Өз ұлтының бүгінгі мен келешегіне алаңдаған бірегей ұлт зиялысы құнарлы өрісі тарылып, малының берекі кеткен, солай бола тұрса да әлі егін шаруашылығына бейімделе қоймаған халқының мұңын өз атынан баяндап, оқу, білімге ұмтылуға шақырған.

Халықты оқу білімге шақырып қана қоймай, өзінің тікелей көмегімен М.Тынышпаев, С.Аманжолов, Б.Мәмбетов, Н.Жақыпбаев, Қ.Боранбаев, О.Жандосов, Ж.Бәрібаев, Ы.Дүйсенбаев сынды жастарды Верный қаласындағы гимназияға оқуға түсуге септігін тигізді.[20]

Сондай-ақ, Барлыбек Сыртан 1909 жылы Қапалда Сейтбаттал Маманның қазақ балаларына арналған мектеп салуына қаржы бөлінуіне өз тарапынан ықпал еткен еді. Халық арасында беделі зор Барлыбек Сыртановтың сөзін жерге тастамай С.Маманов, кейінірек Тұрысбек, Есенқұл Маман мектеп салып, қазақ жастарына үлкен қамқоршы болған [21]. Қазақ тарихында бұл мектеп Мамания деген атаумен әйгілі болған.

Барлыбектің қоғамдық қызметінен мәлімет беретін тарихи құжаттарда Барлыбектің Мамания метебіне қатысы туралы былайша жазылған: ”Сыртанов Б. Делает предложение местным зажиточным строить школу-мектеб и договорившись с Саркандским учителем Жихангереевым Фаизрахманом (он умер в Ташкенте в 1964 году настаивает на Мамановы, чтобы они строили мектеб, они соглашаются и тогда Сейтбаттал Маманов побыв в Алма - Ате у Сыртанова берет план мужской гимназии, Алма – Аты - Верного и по этому плану был построен мектеб в 1909 году. Хорошо помню этого мектеба в Карагаче, мектеб сломали в 1930-годах - Махмутовым. Сыртанов организует собрание среди аксакалов и советует об устройстве мектеб – обучать детей и девочек, а также перейти из кочевания на оседлость, предлагает 1 гильдии купцу Копальскому Абсаттарову Шаяхмету об устройстве 2-х школ среди Матай и Жалайыр” [22].

Көріп отырғанымыздай, Барлыбек халқының көкірегі ояу, көзі ашық, санасы

зерделі болуы үшін әрекет етіп, оқу білімді насихаттаған.

Осылайша біз қазақ халқының мүддесі үшін бар ғұмырын сарп еткен ұлт зиялысы Барлыбек Сыртановтың өмірін қоғамдық қызметімен сабақтастыра отырып талдадық. Алты Алаштың осындай арысының өмірі мен елінің бостандығы, мәдениеті, болашағы үшін жүргізген табанды әрі қажылы күресі ұрпаққа өнеге. Барлыбек - нағыз ұлтжанды, Отанын, жерін, елін сүйген, халық мүддесін қара басының қамынан жоғары қойған аяулы азамат. Өз заманында Барлыбектің осындай баға жетпес адами қасиеттерін көре білген Бақытжан Қаратаев: ”Меніңше жалғыз сен ғана халықтың сеніміне ие болдың. Жалғыз сенің “халық үшін еңбек еттім” деп айтуға хақың бар” [13. 256] -, деп айтқан. Шындығында да солай екеніне тарихи деректер мен уақыт куә.

1. Өзбекұлы С. Арыстары Алаштың. - Алматы., 1988; Соныкі. Барлыбек Сыртанов.-А., 1996; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы., 1995; Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы., 1995.
2. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. 44-қор.1-тізбе. 372-іс, 11-п.
3. ҚР ОММ. 44-қор.1-тізбе. 372-іс, 12-13-пп.
4. ҚР ОММ. 64-қор. 1-тізбе.2911-іс. 2-п
5. Свод законов Российской империи. Книга первая. Второе издание. – СПб., 1913. – Т. 1-4. – 2774 с.
6. Сборник законов и распоряжений по переселенческому делу и по поземельному устройству в губерниях и областях Азиатской России (по 1 августа 1909 г.). – СПб.: изд. Переселенческого Управления, 1909. – 698 с.
7. Велецкий С.Н. Семиреченская область и ее колония. Итоги работ по колонизации Семиречья за 8 лет (1906-1913 гг.). – СПб., 1916.
8. Трегубов А.Л. Переселенческое дело в Семипалатинской и Семиреченской области. – СПб., 1910. – 78 с.
9. Свод законов Российской империи. Книга первая. Второе издание. – СПб., 1913. – Т. 2. – 2774 с.1, с. 1178-1179
10. Смета на постройку школы на 6-м Чуйском участке, переписка с Туркестанской консисторией о постройке церквей // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 2706. – 191 п., Материалы о постройке церквей и школ на переселенческих участках // ҚР ОММ. Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі қоры. Қ. 19; т. 1, іс. 2767. – 3-4 пп.1, 195 п.
11. Таблицы о числе сельских школ и церквей в селениях Семиреченского переселенческого района // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 618 – 10-14 пп.
12. Ақыпбекұлы Ө. Барлыбек Сыртанов //Егемен Қазақстан. 26 сәуір 2006 жыл.
13. Федоров Е. Очерки национально-освободительного движения в Средней Азии. - Ташкент, 1925.-46 б.
14. Сыртанов Б. Жерді қорғау. Барлыбек Сыртановтың мұрағаты. 1-т.13б.
15. Прощение Б.Сыртанова//Барлыбек Сыртанов мұрағаты.1-т.-1,4бб.
16. Сыртанов Б. Қазақ елінің Уставы //Б.Сыртанов мұрағаты.1-т. 7-34-35бб.
17. Өзбекұлы С. Барлыбек Сыртанов.- 89б.
18. Алатау баласы. Партия һәм низамсыз жиналған алым //Дала уалаятының

газеті, 1897 жыл //Дала уалаятының газеті. Құрастырушы Ү.Сухбанбердина.- Алматы, 1994.- 590б.

19. Алатау баласы. Қазақ халқының қазіргі һәм ілгері күні турасынан бірнеше ойға келген сана //Дала уалаятының газеті.-541-542бб.

20. ҚР ОММ.135-қор. 1-тізбе. 564-іс. 1-п.

21. Есенқұлұлы А. Қазақтың нобелі. - Алматы., 2009.

22.Мамания мектебі. - Алматы., 2001.

Тарихшы, шежіреші – Шәкәрім
Вестник КазНУ им. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы.
Тарих сериясы. 2008. №1. -32-37 бб.

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931) ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезінде өмір сүрген ұлы ақын, прозашы, аудармашы, тарихшы және философ. Туған жері – қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Шыңғыстау бөктері. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді Құнанбайдың үлкен бәйбішесі Күнкеден туған.

Әкесінен ерте жетім қалған Шәкәрім атасы Құнанбайдың тәрбиесінде болған. Көңіліне қаяу түсірмей, бетінен қақпай, еркелетіп өсірген. Ол жөнінде ақынның өзі: “қажы марқұм мені “жетім” деп аяп, қысып оқыта алмай, жетімді сылтау етіп, ойыма не келсе, соны істеп, ғылымсыз өстім” деп өкіне еске алған. Алайда ақылды бала өсе келе тез ес жиып, білім-ғылымның қадір-қасиетін кештеу болса да түсініп, өз бетімен оқып, үйреніп, рухани қазыналарға үңілген.

Шәкәрім поэзиямен қатар тарихи, философиялық шығармалар жазып, әдебиет пен ғылымға мол үлес қосты. Араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік меңгерген ғалым сол халықтардың ғасырлар бойы қалыптасқан қазыналарына еркін бойлап, озық үлгілерін қазақшаға аударып, халқының игілігіне айналдырды. Аудармамен бірге өзі де сүбелі еңбектер жазып, бар өмірін ғылым мен білімге сарп етті.

Шәкәрім даланың ауызша тарих айту дәстүрінде көптеген мәліметтер жинақтап, нәтижесінде “Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі” атты еңбегін жазды. Еңбекте келтірілген мағлұматтардың құндылығы сонда оларды күні бүгінге дейін тарихшы, шежірешілер пайдаланып, сілтеме беріп, өздерінің зерттеулеріне арқау етеді.

Шәкәрімнің аталған еңбегі 1911 жылы Орынбор қаласында басылып шыққан. Шәкәрім шежіресіне арқау болған ой желісі – халқымыздың ғасырлар бойы ауызша айтылып келе жатқан аңыз-әңгімелері, батыс, шығыс ойшылдарының, тарихшыларының еңбектері. Ш.Құдайбердіұлы бұл еңбегінде түркі елдерінің ата-тегін әңгімелей отырып, қазақ халқының шежіресіне кеңінен тоқталып, тарих түкпірінен ой екшейді. Шәкәрімнің бұл еңбегінің ерекшелігі сол – шығарма өзіне дейін халқымыздың ата-тегі жайлы ауызша айтылып келген шежірелерді бір жүйеге түсіріп, хронологиялық тәртіппен арнайы түрде баяндап берген.

Біздің мақала жазудағы мақсатымыз бір жағы Шәкәрімнің тарихи

көзқарастарын көрсету, екінші жағынан халқымыздың шежіресіне шолу жасауда қазақтың шығу тегі, тарихы, шежіресі жайлы жазылған еңбекті қарастыру. Ш.Құдайбердіұлы ежелгі дәуірдегі үйсін тайпаларынан бастап, оның бер жағындағы түркілер туралы қытай деректеріне сүйене отырып жазған. Сол түркі тайпаларының тарихы жайында айтылар тұста қазақты құраған ру-тайпаларға тоқталған. “Қытай жазушысы Си-иуэн-Шауу-ми-ши сөзінше Шыңғыс ханнан 850 жылдай бұрын қара қытай менен шүршіт билеп тұрғандағы Моғолстан жұртының тұрған тұрағы мынау: оңтүс күншығысында Татаби, яғни Онийот, оның сол жағында татар, оның сол тұс һәм күнбатысында Керейт, Жалайыр, мұңғұл, онан Керулен де оның күнбатысында Тамир һәм Орхоннан Ертіске шейін найман, оң солтүсында меркит және Қосакөл менен Таннуолада Ойрат һәм Тува және әр түрлі тоғайлы атанғандар. Енисейде қырғызбенен оған қараған ұсақ ел бар. Оның күнбатысында Телес бар еді” - [1] деген мәліметі осының дәлелі.

Шәкәрім ерте ортағасырлардағы тайпалардың ата жұртын көрсетуге де айтарлықтай мән берген, әсіресе, Шыңғыс ханның жаулап алуынан кейін құрылған ұлыстар туралы айтқан кезде солардың құрамындағы тайпаларды қоныстанған аумағымен қоса көрсеткен. “Шағатай ұлысы болып жүрген алғашқы елі мыналар: Арғынот, яғни Арғын, керейт, яғни керей, Доғлат, яғни ұлы жүздегі дулат, көрлеут, яғни қарлұқ, қаңлы, қырғыз бұлардан керейлер Қара Ертіспенен барлық һәм Ерен қабырға арасында Арғын, Найман менен Еміл өзенінен Қараталға шейін һәм Нұра өзеніне шейін көшіп жүрді. Дулат Қаратал өзені менен Шу арасында болды. Қаңлы менен қарлұқ аралас Талас өзенінен Сырдарияға шейін жүрді. Қырғыз осы күнгі орнында жүрді”[1.19б].

Шәкәрімнің осы мәліметтері ру-тайпалардың тарихын зерделеуде мәнді болып табылады, өйткені этносаяси бірлестіктердегі тарихи оқиғалардың желісін тарқатуда тайпалардың орналасқан аймақтарын айқындау ғылыми тұжырымдарды дәйекті ете түседі.

Шежіреші ғалым біз талдап отырған еңбегінде қазақтың шығу тегі туралы егжей-тегжейлі айтып өткен. “... Сол ұйғырдан қырғыз, қаңлы, қыпшақ, арғынот, найман, керейт, дулат, үйсін деген таптар шығып, солардың нәсілінен шыққанбыз. Ақырында Шыңғыс хан татам татар мағолды алып, төрт баласына ел бөліп бергенде, үлкен баласы Жошыменен онан кіші баласы Шағатайға татар атанған елдерді бергенде, соның ішінде татар атанып және Жошыға тигені; Жошы ұлысы, Шағатайға тигені, Шағатай ұлысы атанған, онан кейін біздің Жошы ұлысындағы аталарымыз Жошы нәсілінен Өзбек хан мұсылман болғанда, барша Жошы ұлысы өзбек атанып, онан кейін Өз Жәнібек ханға еріп, Ноғай ханнан бөлінгенде қырғыз, қазақ атанған елміз, ол кезде ол атпен атанған ел, жалғыз ғана біздің үш жүздегі қазақ емес, көп ел еді. Оның көбі отырықты өмірге кіріп, әр жерге барып бірталайы ноғай, башқұрт атанып, бірталайы өзбек, сарт атанып кеткен. Ақырында қазақ деген ата бізде қалған”[1.21б].

Осы келтірілген үзіндіден Шәкәрімнің қазақ этногенезін ғұн, үйсін, қаңлы дәуірінен бастап, Әбілхайыр хандығымен аяқтағандығын көруге болады. Қазақ хандығының құрылуына байланысты бұл ұзақ әрі күрделі процестің аяқталғандығын Ш.Құдайбердіұлы қарапайым сөздермен жеткізген.

Сонымен қатар біз талдап отырған еңбекте Шәкәрім хандар шежіресін де тарқатуға ұмтылыс жасап, оның кейбір тұстары басқа да шежірелерге қарағанда нақты шыққан. Хандар шежіресін автор Батый ханнан бастап Абылай ханға дейін әкелген.

Өзінің шежіресінде Ш.Құдайбердіұлы қазақтың үш жүзіне жеке-жеке тоқталып, олардағы тайпаларды атап өткен. Мәселен, Ұлы жүз туралы былай деп жазған: “Балқаш, яғни Теңіз көліне құятын Қаратал өзенінен Сырдария һәм Шыршық өзеніне шейін қаңлы, дулат нәсілі. ... Оның ішінде ботбай, шымыр, сиқым, жаныс, албан, суан. Албаннан шыққандары: қызыл бөрік, қоңыр бөрік, айт бозым, сегіз сары, құрман, әлжан, қиыстық және Іле өзенінің сол тұс жағында ескі үйсін нәсілінен сары үйсін бар. Оның рулары – құттымбет, жанай, жолай, танай, жан досай, құлүке, қырық деген және Ұлы жүздің дулаттан соңғы көбі жалайыр болған. Оның рулары: андас, мырза, кара шапан, орақты, ақ бейім, қалпе, Сүпөтай, арық тыным, байшегір, сиыршы, балғалы, қайшылы, күшік. ... Ұлы жүздің шапырашты, ысты дегендері Алматыға қарайды. Сіргелі мен ошақты Сырдарияға жақын. Бұл төртеуі қаңлыдан шыққан...”[1.33б]

Көріп отырғанымыздай, шежіреші ғалым Ұлы жүзге қарасты барлық тайпаларды, олардың құрамындағы руларды түгел атап берген. Сол ру-тайпалардың ата қоныстарынан да мәліметтер берілген. Мұның өзі олардың шежірелерін толық тарқатып зерттеуге елеулі септігін тигізері сөзсіз. Осы орайда айта кетерлік жайт, қазақ ру-тайпаларының шежіресін таратуда Ш.Құдайбердіұлының мәліметтері анағұрлым шынайы болып табылады. Оны автордың: “Әз Жәнібек ханнан бері қарай біздің қазақ аталары туралы шынды-өтірікті айтылған сөздер бар, соның ішінде анықты дегенін һәм дұрыс шежіре хабарына тура келгендерін шежіре кітаптардың сөзіне қосып жазамын”, - [1.21б] деген сөзінен де аңғаруға болады.

Орта жүз жайында тарихшы былай жазған: “1220 жыл шамасында бұрынғы қырғыз жерінің, яғни Сарыарқаның күншығысыменен оң тұс аралығында арғын, найман, керей деген елдер араласып, көшіп жүрді. Онан кейінгі кезде әз Тәуке хан тұсында ол жақты қалмақ жеңіп алып, қазақ ауғанда және араласып кетті. Және 1723 жылы қалмақтан жеңіліп ақтабан шұбырынды да тіпті былығып араласты. Онан соң керей мен найман қайта келіп қытай жеріне шейін кіргенде және араласты.

Осы күнде орта жүз қазақтары Лепсі, Қапал уездерінде олар Жетісу облысында және Семей, Ақмола облыстарында түгел бар және Сырдария, Торғай облыстарында бір бөлегі бар және Қытайға қараған қызай, байжігіттер бар. Орысқа қарағанның ең күншығыс жақ шетінде керейдің көбі бар...” - [1.33-34б]. Осылайша орта жүзге жататын арғын, найман, керей тайпаларының бір-бірімен тығыз байланыста болып, бірге көшіп-қонып жүргендерін атап айтқан. Автор Орта жүзге аталғандардан басқа қыпшақ, қоңырат, уақ, тарақты тайпаларына да қысқаша сипаттама берген.

Шәкәрім қыпшақтардың санының аздығын олардың әртүрлі түркі халықтарының құрамына қосылып кетулерімен түсіндірген. Ал қоңыратты шежіреші “басында орта жүзде болған, онан соң ұлы жүзге барған”, - деп

жазған [1.35б]. Уақ, керей, тарақты тайпалары туралы түрлі шежіре нұсқалары, аңыз-әңгімелер бар екендігіне тоқталып, өзінің пікірін білдірген. Мәселен, уақ тайпасы жайында өз ойын былай түйіндеген: “Менің ойымша уақ деген ұсақ ел деген сөзден арғын, найман, керей ішінде ұсақ ата жиылған болар... Аристов сөзінше Мауренаһардегі өзбек ішіндегі найман атанған үш ру бар: садырбек, қостамғалы, уақтамғалы. Солар қазақтың, қоңыраттың, найманнан бөлінген дейді, сол уақтамғалы уақ болуға мүмкін” [1.38-39бб].

Шәкәрім тайпалардың шығу тегіне байланысты кейде өзінің болжамын да келтіріп отырған. Мысалы, тарақтыға қатысты пайымдауын: “Қазақ ішінде тарақты арғынның нокта ағасы деген сөз бар, соған қарағанда тарақ таңбалы болып арғыннан бөлінген бір тап болса керек...” [1.38-39бб] - деп көрсеткен.

Жүздердің рулық-тайпалық құрамы туралы өз ой-тұжырымдарын түйіндеуде Шәкәрім Н.А.Аристов, М.Тынышпаев, Рашид-ад-Дин, Әбілғазы, А.Левшин, Березин, Маевский тәрізді ғалымдардың зерттеулері мен шежірелеріне, солардың көзқарастарына сүйенген. Мұның өзі оның тарихи еңбек жазуда көптеген зерттеулерді зерделегенін дәлелдейді. Ш.Құдайбердіұлы сол зерттеушілердің пікірлері мен пайымдауларын көрсете отырып, өзінің талдауларын ұсынған. Алайда өзі пайдаланған орыс зерттеушілердің ой-пікірлерінің дұрыс-бұрыстығын ашып айтпайды. Еңбектің сондай тұстарының бірі Кіші жүз жайында айтылатын жерлері. Онда былай делінген: “Аристов кіші жүзді орта жүзден бөлінген алшын табы дейді. Левшин сөзінше кіші жүздегі рулар ең басты елі алшын, оған жеті ру деген елдерді атақты Тәуке хан қосқан. Бұл күнде кіші жүз үш ру: әлімұлы, байұлы, жетіру деген. Әлімұлы алты ру: қарасақал, қара кесек, қытай, төртқара, шөмекей, шекті. Байұлы он екі ру: адай, жаппас, алаша, байбақты, масқар, беріш, таздар, есентемір, черкес, тана, қызылғұрт, шайығлар. Жеті рулар: табын, тама, кердері, керейт, жағалбайлы, тілеу, рамадан... Бұрынғы кезде Алақшын деген ел болған, қытайша Пома дейді. Енисейде жүрген қырғызбен нәсілдес, алшын сонан шыққан болар”[1.34б].

Келтірілген үзіндіден көріп отырғанымыздай, Шәкәрім Н.Аристов пікірін толық қолдап, Кіші жүздің ру-тайпаларын сол зерттеушінің пайымдаулары негізінде көрсетіп отыр. Мұның өзі Шәкәрімге көзқарастары анағұрлым дәйекті әрі шындыққа негізделген Н.Аристовтың пайымдаулары шежіре тарқатуда мұрындық болғандығын білдіреді.

Арғын тайпасының шығу тегі туралы Шәкәрімнің болжамдары тартымды. Енді соған назар аударайық. “Арғын деген не себептен аталғаны туралы орыстың жазушылары әр түрлі сөз айтады. Соның ішінде қисындысы түрік орхонский надпистағы ұлығ Ерен деген сөз сықылды көрінеді. Бұрынғы заманда осы ұлығ Ерен деген тап мағол жұртының күншығысында жүрген оны қытайлар баягу депті. Себебі қытайда “ра” әрпі жоқ, және сөздің аяғындағы әріпті тастап айтатұғын әдеттері бар. Баягудың ортасына “ра” қосып, ақырына “нун” әрпін қосса, Байергун болады. Байергун һәм улұғ Ергун екеуі де ұлұғ арғын дегенге келеді, бұлай болғанда біздің арғын түріктің қытайша ху-ху бізше ұйғыр атанғанынан қытайша гауу-гуй, бізше қаңлы, яғни арбалы атанған табынан шыққан”[1.39-40бб].

Арғын тайпасының шығу тегі жөніндегі Шәкәрім пікірі осындай болса, тайпаның атауы, яғни этнонимі жайында тұжырымы мынадай: “Берігірек заманда шежіреде арғынның білінетұғыны Шыңғыс ханның үлкен баласы Жошымен онан кішісі Шағатайға ел бөліп бергенде, солардың қол астында аргинут деп аталады. Аргинут дегені арғындар деген сөз. Әмір Темір хан заманында және аргинут атанып, осы Шыңғыс тауы мен Тарбағатайда жүргені анық...”[1.40б].

Ш.Құдайбердіұлы Орта жүздегі арғын руларына тоқталып, солардың шежіресін тарқатады. Арғындардың шежіресін талдайтын зерттеушілер осы Шәкәрім көрсеткен аталарды басшылыққа алып, ары қарай өрбітеді. Осы орайда Ш.Құдайбердіұлының мәліметтері анағұрлым толық әрі нақты болып саналатындығын баса айтқымыз келеді.

Біз талдап отырған Шәкәрім еңбегінде шежіреші хандардың ата-бабалары мен ұрпақтарына тоқталған. Мәселен, Әмір Темірдің әкесіне, өзіне және балаларына, немерелеріне талдау жасаған. Содан соң Шыңғыс ханның шежіресін тарқатып, ұрпақтарының есімдерін атап, олардың хандық биліктері туралы қысқаша айтып өткен. Мұндай мағлұматтар XIII-XV ғасырлардағы этникалық тарихымызды жазуда аса қажет әрі маңызды болып табылады.

Қазақты құраған ру-тайпалардың тарихы Жошы ұлысымен тығыз байланыста болғандықтан Жошының ұрпақтарына Шәкәрімнің көрсетуі бойынша тоқталып өтейік. “Жошының үлкен баласы – Орда, оның лақап аты Ежен еді. (Тарихта бұл тұлға Орда ежен есімі арқылы танымал – О.М.). Бұл қалмақ хандарының атасы болса керек, оның мәнісін білмеймін. Бірақ Еженнің бір баласы – Төлу, оның баласы Аяшы, оның баласы – Ғазан хан, Жошының екінші баласы – Батухан, лақап аты Сейын, 1227-де Шыңғыс тірі күнінде Жошының орнына хан болды. Мұның орыс жұртын қаратып алғаны 1243 жыл еді. Батудың төрт баласы: Мөңгітемір, Сыртақ, Ұлақшы, Тоқан. Тоқанның баласы – Тодамәңге, Мөңгітемірдің баласы Тоғұрул, оның баласы атақты Өзбек хан өзі де мұсылман болып, халқын да мұсылман қылып, сонда Жошы ұлысы өзбек атанды”, - [1.51б] деп Жошы ұрпақтарын тізіп, Бату мен Өзбек хандарды сипаттаған.

Шәкәрімнің Шыңғыс ханның төрт ұлынан тараған ұрпақты тәптіштеп көрсетуі төл тарихымыздағы саяси процестерді терең зерделеуге мүмкіндік береді. Хан ұрпақтарының билік үшін күресіп, үнемі алауыздық жағдайда өмір сүргендерін де айта кеткен. Осы орайда шежіреші былай деп жазған: “Осы шежіредегі айтылған барша мағол-татарды билеген Шыңғыс хан нәсілдері бірін-бірі күндеп, өлтіріп, шабысып, хандыққа таласып, ақырында бөлек-бөлек кішкене хан болып, соның бәрін де ақырында орыс алды. Жердің жүзін сілкінткен хандардың арты солай болды. Осыдан ғибрат алу тиіс”[1.57б]. Философ, тарихшы таққа таластың салдарлары келеңсіз зардаптарға әкелгендігіне Алтын Орда тарихындағы оқиғалар куә бола алатындығына назар аударған.

Өзінің еңбегінде Ш.Құдайбердіұлы Осман империясындағы, Ирандағы, Кавказ өңіріндегі түркі халықтары жайлы да жазған. Сарт, өзбек сөздердің мән-мағынасын ашуға ұмтылған. Осыған байланысты құрамалардың ішіндегі

қазақтың ру-тайпаларын атап берген. Мәселен, сарт этимологиясы турасындағы автордың пайымдаулары төмендегідей: “Бұл сарт деген яксарт деген сөзден шыққан, ол Сырдарияның ескі замандағы аты еді. Сонда барып орныққан ел кім де болса, сарт атанып кеткендіктен болған. Сондай елдердің бәрі де сол Сырдарияға барып орнығып, бұрынғы сарт атанып отырғандармен бірге сарт атанған, және құрама деген ел бар, олар ақтабан шұбырындыда жүре алмай қалған кедейлер. Рулары керейучі, шаһрухия, бұқа, мұратали, керейт, байсу, қарақытай, қалайбар, панғаз, бұлар сартқа қосылып егін салған.

Құрама ішінде тама, алшын, жағалбайлы, қанжығалы, керей, үйсін, жалайыр – бәрі де бар”[1.59б]. Шын мәнінде де Орта Азиядағы құрамалардың қатарында үш жүздің ру-тайпалары кездеседі.

Шәкәрімнің өзбек этимологиясына байланысты пікірлері біршама ғылыми болып табылады. Себебі өзіне дейінгі Рашид-ад-Дин, Әбілғазы шежірелері мен орыс зерттеушілерінің еңбектерін оқып-үйрене отырып, солардың негізінде шындыққа саятын тұжырым жасаған. “Бұл өзбек деген, - деп жазған Ш.Құдайбердіұлы, - Өзбек хан атыменен аталған деп айтылған. Өз Жәнібек ханға еріп, Шағатай нәсіліне қараған қазақтар Мауранаһарда отырықты болып қалғандықтан өзбек аталып қалды. Онан басқа анық қазақ еді. Бұлардың ішінде Жошыға қараған мағолдан да, татардан да бар және Шағатайға қарағандардан да қосылғандар бар. Бұл өзбек рулары: тұяқлы, оның ішіндегі рулар: молла кесек, мырза кесек, митаны, бұлар ноғайдан. Және найман бұл үш ру: қостамғалы, уақтамғалы, садырбек. Бұлар: найман һәм қоңыраттан бөлінген қазақпыз дейді. Және үйсін үш ру: ошақты, көзтамғалы, ергенеклі және көшші, катаған. Бұларды бекзат деседі. Және сарай, бағрын юз, қырық мың қытай, қыпшақ, қарақалпақ, түрікмен, жалайыр, дүрмен, түрік, маңғыт, қаңлы, кенегес, мисит, ябы, тама, меркіт, аллат, баташ – осының бәрі әр жерден келгендер - өзбек атанып отырған”[1.59-60бб]. Көріп отырғанымыздай, өзбек халқының ішінде қазақты құраған үш жүздің ру-тайпаларынан өзге түрлі түркі тайпалары болған. Автордың пайымдауынша олар отырықшы шаруашылықпен айналысып, негізінен Мауереннахр аумағында өмір сүрген. Өзбектердің арасында Жошы және Шағатай ұлыстарын мекендеген түркі және түркіленген тайпалар да көп болған. Шын мәнінде Алтын Орда ыдырағаннан кейін құрылған мемлекеттердің, соның ішінде Ақ Орданың, одан кейін Әбілхайыр хандығының құрамына өзбек-қазақ атанған тайпалап енген.

Аталған тайпалардан басқа шежіреші-тарихшы ноғай, башқұрт, қалмақ, телеу, түрікмен, якут, енисей түркілері, Шығыс Түркістан түркілеріне тоқталып, олардың шығу тегі мен орналасқан аймақтары жайында жазған. Мысалы, қалмақ һәм телеуіт деп айдарлаған шағын тараушасында шежіреші: “Осы күндегі Алтай, Саян, Таннуола тауларындағы халықтар бұрынғы түрік нәсілі және түркі болып кеткен Самайыд халқынан араласқаннан һәм ескі теле, яки динлин деп аталған жұрттан” [1.62б] -, деп пайымдаған.

Қалмақтарға қатысты Шәкәрімнің пікірі шежірешілер мен зерттеушілердің көзқарастарына негізделіп түйінделген, себебі автор солардың тұжырымдарына сілтеме жасап сөйлеген. “Шарыш өзеніндегілер, Катонидегі һәм Телет көліндегі Алтай түріктерін орыстар қалмақ дейді. Біздің қазақ білеуіт

қалмақ дейді. Олар өздерін Ойрат дейді. Кейде Алтай кіші дейді... Сол қалмақтар – біздің қазақпен жақын тұқымдас ел... Оның рулары арғын, найман, қыпшақ, керейт, меркіт, қан, сақал..., сарт, тілдері ескі түрікше бірақ моңғолға көп қарағандықтан мағол тілі қосылған”, - деген пайымдаулары осының айғағы [1.626].

Ш.Құдайбердіұлы “Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі” атты біз талдап отырған зерттеуінде “Қазақтың түп атасы” деген тақырыппен өлең түрінде қазақ халқының шығу тегін жырлаған [1.70-766]. Онда түркілерден бастап “Ақтабан шұбырындыға” дейінгі аралықтағы қазақ тарихын өлеңмен өрнектеп, маңызды оқиғаларына, тарихи тұлғаларына тоқталып өткен.

“Адамның тұқымынан Нұқ пайғамбар,
Үш ұлы: Хам, Сам, Яфас міне осылар,
Яфастың бір баласы Түрік деген
Өрбіген сонан өсіп талай жандар”, -

деген жолдар арқылы Ш.Құдайбердіұлы қазақтың түп атасы түркілер болғандығын ашып көрсеткен.

Алтын Орда тұсындағы түркі тілдес тайпалардың жағдайын, өмір-салтын:

“Батумен бір туысқан Тоқай темір,
Көшпелі Көк орданы сол билеп жүр.
Біздің ел онда қазақ атанған жоқ,
Сарт, ноғай, қазақ, қалмақ түбіміз бір.
Батудың жұрағаты Өзбек хан,
Тұсында болған екен ол мұсылман.
“Дін қалды Өзбектен” деген мақал,
Қалмайды әлі күнге аузымыздан”, - [1.736].

деп сипаттаған. Көк орданың этникалық құрамы түркі тайпалары екендігін, Өзбек ханның ислам дінін мойындағанын Шәкәрім нақты тарихи фактілер арқылы жазған.

1450 жылдар шамасында Қазақ хандығының құрылып, қазақ халқының қалыптасып, өз алдына дербес мемлекет болғандығын тарихшы, ақын былай жырлаған:

“Билеген бергі шетті Әбілқайыр
1450 жылдың шамасында.
Осы кез біздің “қазақ” атанғандық, ...
Құралған әр рудан қазақ басы,
Анда боп қан қосылған қарындасы.
“Ел болып, өз еркімен еркін жүрген”
деген сөз қазақтың мағынасы”[1.736].

Бұдан кейін Жәнібек, Қасым, Есім, салқам-Жәңгір, Тәуке хандар тұсындағы Қазақ хандығына тоқталып, әрқайсысының ерекшеліктерін ашып көрсеткен.

Сөзінің аяғын 1723 жылғы “Ақтабан шұбырындымен” тәмамдай келе кез-келген қазақтың өзінің шығу тегін білуі тиіс екендігін айта отырып оны:

“Жазғанмын ендігісін мұнан бұрын,
Шежіремнің “Еңлік-Кебек” оқы бірін.

Осыған соны қосып жаттап алсаң,

Білерсің түп атаңның барлық сырын”, - [1.76б] деп ескерткен.

Осылайша біз Ш.Құдайбердіұлының қазақ тарихына, қазақ халқының шежіресімен етене жақын “Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі” туралы еңбегін талдадық. Зерттеудің ғылыми құндылығының елеулі екендігіне көз жеткіздік. Өкінішке орай, бұл - Шәкәрімнің тұла бойы жалғыз тарихи шығармасы. Кім біледі, бәлкім, шежіреші тағы да көптеген еңбектер жазар ма еді?! Бірақ өмірден көргені мол, қабілет-қарымы тегеурінді ақыл-ой иесінің жиған-тергенін халқына түгел беруіне отаршылдықтың озбыр саясаты мүмкіндік бермеді. Шәкәрім өзінің қазақ тілінде жазылған еңбектерінің кеңестік кезеңде орыс тіліне аударылуын армандады. Алайда өзінің кім екендігін жасырып, еңбектерінің “Мұтылған” атты бүркеншік есіммен басылуын қалады, өйткені кеңестік жендеттердің қанды қолынан жасқанды. Оны 1931 жылы ақпан айында Сәбит Мұқановқа жазған хатынан айқын көруге болады. Хатта былай делінген: “... Әттең дүние, осыны құры қазақша ғана басып қоймай, орысшаға жақсы переводпен смыслін переводтап, ғылымды азаматтың бірі еңбек етіп, переводын өзіме көрсетер ме еді... Қайсысы басылса да “Мұтылған” деген атыммен басылғаны жөн болар еді...” [1.78б].

Өмірінің соңына қарай ұлғайған шағында заманға жағынған, күндік тірлігінің құлы болған, ойы таяз белсенділер түртпектеп мазасын алғандықтан ақын, философ, тарихшы “елу бес жыл жинаған қазынамды оңашада қорытам, ойға салып” деп, жалғыз өзі Шыңғыс тауына кеткен. Алайда мұның өзі Шәкәрімнің өмірдің қуаныш-рахатынан аулақ болуды уағыздаған тақуа, бәрін жоққа шығаратын нигилист болмағанын көрсетсе керек. Ақын тек табиғат тыныштығы аясында өмір сүріп, ғұмыр бойы жиған-терген рухани байлығын қорытуға бел буған. Алайда онда да тыныштық болмаған. Ешқандай жазығы жоқ, тауда жалғыз жүрген 73 жастағы қарт ойшылды большевиктердің шаш ал десе бас алатын жендеттері атып өлтіріп, денесін құдыққа тастаған. Өмірінің соңы осылай қайғылы аяқталғанымен Шәкәрім Құдайбердіұлының есімі, оның шығармалары, зерттеулері ел есінде қалды. Ойшыл, ғалымның, ақынның есімі тәуелсіздікке қол жеткізген кезде ақталды. Ғылымда оның еңбектері талданып, шынайы бағасын алуда.

1. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. - Алматы, 1991.

Жақып Ақбаев қазақтың шығу тегі мәселелері

«Алаш және тәуелсіз Қазақстан: идеялар мен ұстанымдар сабақтастығы» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. 21 қараша 2008 жыл. - Алматы, 2008. - 213-220бб.

Қазақ зиялыларының ұлттық-демократиялық Алаш қозғалысының белсенді мүшелерінің бірі – Жақып Ақбаев. Жақыптың еліне сіңірген еңбегі елеулі болғанымен ұлттық мүддені көздеген қызметі кеңестік идеология мен саясатқа

кері деп есептеліп, өзі жазаланып, есімі мен шығармаларын ауызға алуға тиым салынған еді. Соның салдарынан ұзақ уақыт бойы ұрпақ Жақыптың кім екендігін, нендей қызмет еткендіген білмей келді. Дегенмен ара-тұра хрущевтік жылымық пен брежневтік демократиялық бастамалар орын алған кездерде Жақыптың есімі ауызға ілініп қалды.

Жақыптың өмірі мен қызметі аз зерттелген. Аз ғана зерттеулерде Ж. Ақпаевтың көбінесе саяси-құқықтық қызметі туралы айтылған. Алаш және Алашорда қайраткерлері жайында айтуға ресми рұқсат етіліп, есімдері ақталғаннан кейін бірқатар еңбектер жарық көрді. Солардың алғашқысын, яғни Жақып туралы тұңғыш еңбекті оның қызы, қазақ қыздарының арасындағы тұңғыш заң ғылымдарының кандидаты – Аспазия Жақыпова жазды. Мақала 1964 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің ғылыми топтамасында жарияланған [1]. Содан соң 1966 жылы Б. Сүлейменовтың Ж. Ақпаевтың қоғамдық-саяси қызметіне баға берген мақаласы ҚазССР Ғылым академиясының жаршысында жарық көрді [1.76б]. Ж. Ақбаевқа берілген баға шын мәнінде жазықсыз жазаның құрбаны болған тұлғаны ақтау еді. Арада бір жыл өткеннен кейін 1967 жылы қазақтан шыққан тұңғыш құқық магистрі Ж. Ақбаев жайында А. Жақыпова мен заң ғылымдарының кандидаты Ғ. Сапарғалиев бірлескен мақала жариялады [2]. Алаш және Алашорда тарихын зерттеуге тиым салынған тұста Ж. Ақпаев туралы жарияланымдар оқтап қалды. Дегенмен ХХ ғасырдың 60-70-жылдары Алаш арыстарына тікелей зерттеулер арналмаса да, қазақ халқының құқықтық нормалары, ұлттық мемлекеттілік, заңдар жөнінде сөз қозғалған еңбектерде Ж. Ақбаев жайлы үстірт болса да айтылды. Мәселен, 1970 жылы жарияланған белгілі ғалым, республикадағы құқықтанушылардың атасы, заңгер Салық Зимановтың зерттеуінде Ж. Ақпаевтың қызметіне байланысты мәселелер қарастырылып, ол оң бағаланды [3]. Арада біраз жылдар уақыт өткеннен кейін Кеңес Одағы өзінің тарихында қоғамды қайта құру және демократияландыру кезеңін бастан кешірді. Осы тұста жариялылықтың белең алуына орай сталиндік саяси қуғын-сүргіннің құрбандарының есімдері ақталып, олардың қызметі шынайы бағалана бастады. Осындай үдерістің ауқымында Ж. Ақбаевтың өмірі мен құқықтық қызметін қарастырған зерттеулер ары қарай жалғастырылып, толықтырыла түсті. Жарық көрген еңбектерде Жақыптың есімі тарих төріне шығарылып, дәріптелді, халқына еткен қызметі еленді [4].

Айта кетерлік бір жайт, Алаш қозғалысы қайраткерлерінің бірқатары өз кезегінде қазақ тарихы мәселелерін зерттеген. Мәселен, М.Тынышпаев қазақ ру-тайпаларының тарихын терең зерделеп, іргелі еңбектер жазса, Ш. Құдайбердіұлы шежіреге ден қойып, өз көзқарасын білдірді. Ә№ Бөкейхановтың Императорлық географиялық қоғамның Батыс Сібір бөліміне қарасты Семей бөлімшесінде арнайы тарихи зерттеулер жүргізіп, шығармаларын жариялағандығы көпшілікке мәлім. А. Байтұрсынов арнайы тарихи зерттеулер жазбаса да қазақ тарихына қатысты мәнді пікір танытқан. Ал Жақып Ақбаев ұлттық өткенін ой елегінен өткізіп, төл тарихына бей-жай қарай алмайтындығын өзінің дербес зерттеулері арқылы білдірді. Алаш ардагерінің тарихи еңбектерінің бар екендігін біреу білсе, біреу білмейді. Олардың осы

уақытқа дейін зерттелуі былай тұрсын аттары аталып, жөндері жөнделмеді. Осы орайда Жақыптың тарихи көзқарастары ғылыми талдауға тұрарлық еңбек болып табылатындығын баса айтқан абзал. Еңбектердің мазмұны терең, маңызы зор, тәлімі елеулі.

Жақыптың ғылыми зерттеулері туралы айтудан бұрын оның өмірбаянына қысқаша тоқталып өткен жөн болар.

Жақып Ақбаев 1876 жылы 7 қарашада Қарқаралы уезінің Берқара болыстығындағы №3 ауылда, Төңіректес алқабында дүниеге келген [1.8б]. Ақбай әуліті Қарқаралыға бай, ауқатты адамдар ретінде танылған. Сталиндік жапай саяси нәубет кезінде Жақып біріншіден, Алаш қозғалысының беделді қайраткері, екіншіден, бай-феодал тұқымы ретінде қуғындалған. Бірақ Жақып кеңес өкіметінің мәнін терең түсінгендіктен, өзінің өмірбаянында кедей отбасынан шыққан адам түрінде көрсеткен. Ақбайдың Жақыптан өзге Ыбырай, Мәжит, Бек есімді ұлдары, Шәмшіқамар деген жалғаз қызы болған.

Жақып әуелі Қарқаралыдағы орыс-қазақ мектебін тәмамдап, содан соң Омбы гимназиясына оқуға түсіп, Том гимназиясына ауыстырылып, бітіріп шыққан.

Оқуын жалғастыруды ниет етіп, ынталанған Жақып 31 жасында Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түскен. Ол Бақытжан Қаратаевтан кейін екінші болып Ресейдің атақты оқу орнының студенті атанған еді.

Ж. Ақбаевтың білімге деген құштарлығын үшінші курсты бітіргеннен кейін, 1901 жылғы тамыз айына бастап сол кездегі жетекші академиялық оқу орындарының бірі Археологиялық институтта дәріс тыңдаумен ұштастырылығандығын көруге болады [1.10-11бб]. Археология институтына негізінен басқа жоғары оқу орындарын бітіргендер қабылданатын. Жақыптың тарих ғылымы бойынша білімін кеңейтуге ұмтылысы университет басшылығы тарапынан қолдау тапты. Оны институт ректоры қол қойған мынадай анықтама дәлелдейді: «Бұл Императорлық Санкт-Петербург университетінің студенті Якуб Ақпаевқа (бір деректерде Якуп мырза Ақпаев деп көрсетілген) Санкт-Петербург Археология институтына көрсету үшін оның аталған институтта дәріс тыңдауына бастықтар тарапынан кедергі жасамайтынына беріліп отыр»[1.11б].

Келесі жылы да нақ осындай анықтама берілген. Себебі, Археология институтында оқу мерзімі екі жыл болатын. Институтты бітіргендерге мүше корреспондент дәрежесі берілетін. Жақып та осындай дәрежеге қол жеткізді. Археология институтында ол тарих ғылымын, сондай-ақ археология, мұрағат ісі, палеография, нумизматика, метрология сияқты қосымша тарихи пәндерді, психологияны оқып-үйреніп, толық меңгеріп шықты. Осындай білімі мен біліктілігі әрі ғылымға деген құштарлығы Жақыпты тарих саласынан бірнеше еңбектер жазуға итермеледі. Солардың алғашқысы 1927 жылғы 28 қаңтарда Қазақ педагогика техникумында қазақ халқының шығу тегі туралы тақырыпта жасалған баяндамасының тезистері. Осы аталған тақырыптағы баяндаманың өзін Ж. Ақбаев 1927 жылы 23 қаңтарда Семей Географиялық қоғамында жасаған. Баяндаманың мәтіні заң ғылымдарының докторы, профессор, академик Ғ.С. Сапарғалиевтің жеке мұрағатынан алынып, М. Құл-Мұхаммед «Алаш ардагері» атты кітабына қосымша ретінде жариялаған. Біз сол

қосымшадаға баяндаманың мәтінін тарихи және тарихнамалық дерек ретінде талдап, мазмұнын ашып, маңызына баға беруге ұмтылды.

Ж. Ақбаев тарихшы болмаса да кезінде Санкт-Петербург Археология институтында тарих ғылымы бойынша алған біліміне сүйеніп, қазақ халқының шығу тегі туралы бірқатар салмақты пікірлер айтқан. Жақыптың тарихи еңбек дайындауына біріншіден, ұлтына деген құрмет, оның өткеніне тағзым етуі ықпал етсе, екіншіден, халқының төл тарихын зерттеуді Алаштың ардақтысы өзінің парызы деп санаса керек. Алдына осындай міндет қоя білген Жақып оны орындап, ХХ ғасырдың бас кезіндегі тарихи білімнің дамуына өз үлесін қоса алды.

Алайда қарапайым жоғары білімді, мәдениетті ұлт зиялысы ғылымға қосқан аз да болса үлесін елеулі деп есептемеген. Осыған байланысты өзі былай деп жазған: «Жергілікті жерде қажетті материалдар мен деректер жеткіліксіз және осы баяндама үшін берілген мерзімнің аз болуына байланысты мен сіздердің назарларыңызға жан-жақты негізделген және байсалды баяндама ұсынып, адамзат білімінің ортақ қазынасына лайықты үлес қоса алмадым»[1.158б].

Енді аталмыш зерттеудің негізгі түйндеріне тоқталып, Жақыптың пайымдауларын таразылауға көшейік. Автор өзіне дейінгі тарихшылардың пайымдауына сүйене отырып, түрік тайпаларының бастапқы отаны Алтай, Ыстықкөл деп көрсеткен. Заңгер нағыз түрік тацпаларының құрамына қаңлыларды, қыпшақтарды, алшындарды, якуттарды, сағайлар мен качиндерді, Урянхай өлкесінің Саян тауының солтүстігіндегі сойоттар мен қарағастарды, т.б. жатқызған. Мұндай тұжырымды ол көптеген лингвистика, этнография және антропология деректерін зерделеу негізінде жасаған. Автор пікірінің тарих ғылымында орныққан көзқарасқа сәйкес келетіндігі оның ғылымилығын айғақтайды. Ортағасырлардағы араб, парсы, көне түрік тілдеріндегі жазба деректерді талдауда шығыс тілдерін жетік меңгермесе де ресейлік шығыстанушы ғалымдардың зерттеулерін көп оқығандығы байқалады.

Қазақты құраған үш жүз құрамын көрсетуде де Жақыптың көптеген зерттеулер мен деректерді оқып-үйренгендігі көрінеді. Оған зиялының мына төмендегі пайымдаулары дәлел бола алады. «Ұлы ордаға енетіндер: 1. үйсіндер, сары үйсін, дулат (албан және суан), шапырашты, ошақты, ысты және сіргелі; 2. жалайыр; 3. қаңлы; 4. шанышқылы.

Орта ордаға енетіндер: 1. арғын; 2. тарақты; 3. қыпшақ; 4. найман; 5. қоңырат; 6. керей; 7. уақ.

Кіші ордаға (жүзге) Алшындар кіреді, олар үш топтан тұрады:

8. Байұлы - шеркес, беріш, алтын, адай, жаппас, есентемір, таз, байбақты, тана, масқар, алаша, қызылқұрт және ысық.

9. Қаракесек, шөмекей немесе шөмен, кете және тағы да екі тармақ қаратамыр, шекті, төртқара, шобан.

10. пайымдаулары дәлел бола алады: «Ұлы жүзге ордада қаңлылар, Орта жүзде қыпшақтар және Кіші жүзде ордада үш топтың бәрі дерлік түрік тегінен шыққан. Ұл орда мен Орта орданың көпшілігі монғол тегінен тараған. Айтқанын дәлелдей түсу үшін монғолдардың да шығу тегіне тоқталып кеткен. Шыңғыс хан (Темучин) заманында монғолдар негізінен мынадай үш топқа

бөлінген:

1. Экз – монғол ұлы моңғолдар. Шыңғыс ханның өзі осы топтан.
2. Су – моңғолдар (су моңғолдары немесе Татарлар қытай тілінде Тата).
3. Керейлер, Корей түбегіндегі корейлер және Орта жүз бен Кіші жүз құрамына кіретін керейліктер және керейттер солардан тараған»[1.1596]. Ж. Ақбаев өзінің баяндамасында тұжырымдар жасауда Геродоттың, Плинийдің, М. Тынышпаевтың, Вамберидің, Ж. Дулатовтың қағидаларына сүйеніп, өзара салыстырып, шынайы тұстарына назар аударды.

Бұдан кейін Шыңғыс хан дәуірінен бастап тарихтың айтулы кезеңдеріне тоқталып өткен. Жақып жасаған баяндаманың ұтымды тұстарының бірі онда «қазақ» сөзінің мәнін ашуға талпыныс жасалған. Оны автордың мына төмендегі айтқандарынан байқауға болады: «Үзінділерде қазақтар барлық жерде бірдей солдат, әскер, шерік, әскерилер, әскери сословие мағынасында қолданылды деуге болады. Мендігерей із қазақтарын соғысуға жіберер еді... Өзбек ханы Ибақ 1000 қазағымен және Ноғай мырзалары 15000қазағымен Алтын Орда ханы Ахметке шабуыл жасап, оны өлтіреді...» [1. 1646]. Барлық келтірілген үзінділерде барлық «қазақ» сөзі солдат, әскер, атты әскер мағынасында қолданылған. «Қазақ» сөзінің Қазақ хандығы құрылған кезде біржола нығайып, орныққандығын өзінше тұжырымдаған автор: «Қазақ хандығының нақты басшысы Керей болғанымен, іс жүзінде ұлысты Өз Жәнібек (дұрысы Өзіз Жәнібек) басқарып, өзінің кеңесшісі Жиренше шешеннің қатысуымен өз қазақтарын жаңа жерге орналастырған.1465 жылы Өзбек Әбілхайыр қайтыс болғаннан кейін оның ұлысынан Жәнібек пен Керей көп халық қосылып, қазақ одағының санын көбейтті. «Қазақ» есімімен «наразылық білдіруші еркіндер», «еркін», «кезбе» және сол сияқты сөздердің байланыстырылуы психологиялық жағынан әбден түсінікті, жаңа ұлыс халқының «қазақтар» деп атала бастағаны да түсінікті, өйткені бастапқыда барлық халық әскери адамдар және қазақ кавалприясы, атты әскер болатын», - жазған[1.1686].

Ұлт зиялысының мұндай пайымдауынан оның тек қазақ этимологиясының мәніне ғана емес, Қазақ хандығының құрылуына байланысты бұл сөздің жаңа мағынаға ие болғандығын нақты айта алғандығын аңғарамыз. Қазақ мемлекеттігінің тарих сахнасына келуіне орай «қазақ» сөзінің ұлттық халықтық мәнге ұласқандығын Жақып: «Бастапқыда «қазақ» сөзі жауынгерлік ұран болған, содан соң ержүректікті, еркіндікті білдірген және ақырында, халық ұлт мағынасында қолданыла бастаған», - деп көрсеткен [1.1696]. Мұндай тұжырымды қазақ этимологиясын зерттеуге, оның мәнін түсіндіруге қосылған үлес деп санауға негіз бар.

Қазақ хандығы құрылғаннан кейін оның құрамына көптеген «қазақ» деген жалпылама атаумен аталған шаруашылығы, тілі, діні, ділі, мәдениеті етене ұқсас түрік және түрік түркіленген тайпалар келіп қосылған. Соның нәтижесінде Қазақ хандығы тұрғындарының қатары көбейіп, халқының саны артқан. Осындай тарихи шынайы фактіні Ж. Ақбаев былай баяндаған: «Жаңа Қазақ хандығының құрылғанын естіген барлық наразы және қарсылық білдірген элементтер, әсіресе әскери бөлімдер «қазақтар» барлық үлестік хандықтардан соған ағылып келіп, жас хандық халқының санын көбейткен

және оның жер аумағының ұлғаюына себепші болған» [1.170б].

Жақып Ақбаевтың баяндамасының тағы бір ұтымды тұсы – оның қазақтың ру-тайпаларының атын атап, олардың тарихи оқиғалар мен үдерістерге қатысуын көрсетуі. Яғни автор оқиғаларды жалаң деректер негізінде, кеңестік кезеңде қалыптасқан азаматтық тарих жазу тәсілінде емес, этникалық тарих тұрғысында баяндауға тырысқан. Өзінің баяндамасында осы орайда тарихи оқиғалардың хронологиялық ретін бұзбай, ойын сабақтап, ХУІ ғасырдың бас кезіндегі Қасым ханның тұсындағы Қазақ хандығына байланысты үрдістерді ашуда былай деп жазған: «Үйсіндердің, жалайырлардың, дулаттар мен қаңлылардың тарихы негізінен алғанда Жетісумен (ол кезде Моғолстан немесе Монғолстан) тығыз байланысты болды. Бұл халықтар мен тайпалар болмашы үзілістерді есептемегенде, Моғолстаннан кетпеген» [1.171б]. Бұл үзіндіден Ұлы жүздің негізін құраған аталған тайпалардың ата қоныстары Жетісу болғандығына көз жеткізіледі.

Ж. Ақбаевтың баяндамасында ру-тайпалардың орналасуы туралы мәліметтер келтірілген. «Аталған кезеңде арғындар, қыпшақтар, наймандар, қоңыраттар мен тарақтылар Өзбекстанда тұрған, ал олардың бір бөлігі қазақтар ретінде Қазақстан ұлысында болған. Бұл топтар әуелі өздері бірігіп, жүздік одақ құрып, сөйтіп маңдайында ай сияқты қасқасы бар көк атты («көк қасқа ат) құрбандыққа шалып, адалдыққа ант берді» [1.171б].

Баяндамада сонымен қатар үш жүздің ноқта ағалары жөнінде де айтылған. Олар негізінен үшеу: Ұлы жүзден - жалайыр, Орта жүзден - тарақты, Кіші жүзден – әлімұлы. Жақыптың сөзімен айтсақ, «жалайыр соңғы уақытқа дейін жаназаларда, салтанатты жағдайларда құрметті орынға отырып, бата жасап келген. Тарақтылар да ноқта ағасы деп саналып, әлімұлы сияқты өздерінің құрметті міндетін мұқият орындап отырған» [1.174б]. Жақыптың ноқта ағалрын айқындауда өзіне дейін қалыптасып, тарихи білімде орын алған қағиданы ұстанғаны анық байқалады. Ноқта ағасы деген ұғымды автор: «Бата жасаушыларды Ноқт ағасы – қой жүні мен қылдан есілген шылбырды ұстаушы аға деп атайды. Аға жасы үлкен адам, ноқта сауған кезде биеден ажыратылатын құлынды байлайтын бас жіп» түрінде түсіндірген [1.174б].

Баяндамашы үш жүздің құрылған уақытын аңыздардың желісіне қарап Хақназар ханның тұсы деп көрсеткен. Тәуке ханның билік құрған кезін сипаттай келіп, оның оның билер арқылы басқаруды жүргізгендігін ерекше атаған. Осы турасында: «Тәуке хан Алаштың алты тобын мейліеше атақты алты би арқылы басқарды. Олар: 1. Үлкен Ордадан Төле би Әлібекұлы, дулат руынан, жаныс атасынан; 2. Орта Ордадан Қазыбек би, Қаз дауысты Қазыбек, арғын руынан, қаракесек атасынан; 3. Кіші Ордадан Әйтеке би, әлім руынан, төртқара атасынан, сонымен қатар жетірудың жағалбайлы атасынан шыққан Шешен би; 4. Қара қырғыз Қоқым би Қара Қорын; Қарақалпақ Сасық би және Қатаған, Жайылма және басқаларының есімдері әлі анықталған жоқ», - жазған [1.174б], яғни автор билерді жай ғана атай салмай, олардың руларын, аталарын қоса көрсеткен. Мұның өзі этникалық тарих жазу үшін маңызды пайымдау екендігі сөзсіз.

Жақып баяндамасының соңында 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды,

Алқакөл сұлама» қасіретіне тоқталып, 1917 жылғы қазан төңкерісін қанаушы таптардың жойылуына жол ашқан оқиға ретінде санап, сол кездегі идеология мүддесінде көтеріңкі көңіл-күймен сөзін аяқтаған. Алайда ұлы қасіретке қатысты автор пайымдауының таптық сипаты оның өз тұжырымын маркстік-лениндік методологияның шеңберіне зорлап енгізуге мәжбүр болғандығынан хабар береді.

«Өзақтың шығу тегі» Ж. Ақбаевтың алғашқы және соңғы тарихи еңбегі. Осыған дейін ол құқық, заң ғылымдары бойынша бірнеше еңбектер жазған. Мүмкін олардың қатары көбейіп, Жақып тарихи мәселелерді қозғайтын басқа да еңбектер жазар ма еді, кім біледі? Алайда большевиктер оны қуғын-сүргінге салып, «контрреволюцияшыл», «ұлттық буржуазияшыл», «алашордашыл» әрекеттері үшін айыптап, абақтыға қамады. Түрмелер мен айдаулардан денсаулығы нашарлаған Жақып 1934 жылы дүние салды. Ал оның тарих ғылымы саласынан жазған еңбегі ұзақ жылдар бойы белгісіз қалып, өзінің лайықты бағасын ала алмады. Қазақ елі өзінің тәуелсідігіне қол жеткізгеннен соң ғана Алаштың ардагері туралы айтылып, тарихи еңбегі рухани мұрасының арасынан табылды.

Жақыптың қазақтың шығу тегіне байланысты жазылған баяндамасын тарих ғылымына қосылған үлес деп санауға негіз бар. Бұл еңбекті тарихшылар ғылыми айналымға енгізіп, тарихи дерек ретінде пайдаланатындарына күмән келтірмейміз.

1. Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. - Алматы, 1996. - 157-176 бб.
2. Научные записки. Т.8. - Алма-Ата., 1976.
3. Зиманов С. В.И. Ленин және Қазақстандағы советтік ұлттық мемлекеттілік. - Алматы., 1970.
4. Ақбаев Ж.//Қарағанды. Қарағанды облысы. Энциклопедия. - Алматы., 1990. - 608-609 бб; Ақбаев Ж. //Ақмола. Энциклопедия. - Алматы., 1995. -286-287 бб; Ақбаев Ж. Краткая энциклопедия. «Казахская ССР». - Алма-Ата., 1991. - Т.4.- С. 821; Заң магистрі Жақып Ақбаев.// Қазақстан Республикасы Жоғары сот жаршысы. 1994. - №2. - 23-33 бб; Жақып Ақбаев – наш первый магистр права.//Вестник Верховного суда Республики Казахстан. - 1993. - №2. - С.54-64; Жақып Ақбаев -Алаштың бас прокуроры. // Социалистік Қазақстан. 1992. 4-7 сәуір.

**Қошке Кемеңгерұлы және қазақ тарихының мәселелері
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. 2011.
2011. №1(60) – 78-85 бб.**

Қазақтың бір туар ұлдарының бірі Қошке Кемеңгерұлы екенін қара домалақ қазақтың бірі білсе де, бірі біле бермейді. Мұның өзіндік себебі де бар, өйткені Қошке есімі 1920-1930 жылдары аталғанымен одан кейінгі кездерде тиым салынған болатын. Қазақ халқының бетке ұстарлары жазықсыз жазаланып, бірлерінен соң бірлері атылып жатқан тұста Қошке де беймәлім жағдайда бақи дүниеге аттанып кете берген-ді. Есімі ақталып, ұрпағы алаңсыз ғұмыр кешкен

кезде де Қошкенің рухани мұрасы зерделене қоймады. Ел егемендігіне қол жеткізген шақта алты Алаштың бары мен жоғын түгендеуге ұмтылған зиялылар оның еңбектерін жинақтап, орысша қаріптермен қайта хатқа түсіріп, талдай бастады. Шығармалары филология, журналистика ғылымдары ауқымында зерттеле бастағанымен тарихи тұрғыда саралана қоймады. Біз алғашқылардың бірі болып Қошке Кеменгерұлының тарихи туындыларының мәнін анықтап, мазмұнымен көпшілікті таныстырып, өзіндік баға беруді мақсат етіп отырмыз. Алаш арысының тарихи көзқарастарын көрсетпес бұрын оның өзіндік өмірлік ұстанымдарының қалыптасып, жетілуіне ықпал еткен туып-өскен жері мен ортасына тоқталып кетуді жөн көрдік.

Қошке Кеменгерұлы 1896 жылы 15 шілдеде бұрынғы сол кездегі Ақмола облысы, Омбы уезінің Қаржас ауылында дүниеге келген. Ата-бабасы мұнда Баянауылдың Сарытауынан қоныс аударған болатын. Деректерге қарағанда, Шорман би “Омбыға барғанда тамақ ішетін, намаз оқитын жерім жоқ” деп, баласы Мұса оқыған кадет корпусы көрінетін Ертістің сол жақ бетінен 250 сомға жер сатып алып, сол жерге 1849 жылы сенімді ағайыны Атанұлы Кеменгерге, өзіне арнайы үй салдырып, қызметшілері үшін тұрғын жай, малы үшін қора-қопсы тұрғызады.

Кеменгер Дүйсенбай, Дүйсебай есімді екі ұл сүйген. Дүйсебайдан тарайтын Қошмұхамбет есейе келе қалам ұстағанда, жазғандарына “Қошке Кеменгерұлы” деп қол қояды. Ата атын қадірлеу – қазаққа етене тән дәстүр. Сондықтан ХХ ғасыр басында “ұлы” деген қосымша бүгінде біз арыла алмай жүрген орыстың “ов” жалғауының орнында қолданылған [1]. Қошкенің әкесі діндар, Меккеге барып келіп, қажы атанған, өз заманының білімді азаматы болған көрінеді. Меккеге барар сапарында Дүйсебай Атығайдың шыққан ауқатты, беделді де белді, көп таныған Қартабаймен танысып, дос болсақ, құда болайық» деген салтты ұстанып, екеуі балалары Қошке мен Жәмиләні қосады.

Алдымен ауыл молдасынан, содан соң Омбы приход мектебінде білім алған Қошке Омбының ветеринарлық-фельдшерлік школына қабылданып, оны 1913 жылы тәмамдаған. Білім жолын қуған Қошке мұнымен шектелмей Омбы ауыл шаруашылық училищесіне оқуға түсіп, Ахмет Әбдірахымұлы, Смағұл Қазыбекұлы, Мұхтар Саматұлы, Сүлембек Байжанұлы, Бірмұхамед Айбасұлы, Асфандияр Шорманұлы секілді қазақ балаларымен қатар білім алған.

Қошмұхамедтің рухани мұрасын көпшілікке таныстырып, тіл, журналистика, салалары бойынша айтарлықтай зерттеулер жүргізген филология ғылымдарының докторы, профессор Дихан Қамзабекұлы. Қошкенің еңбектерін жарыққа шығаруға да атсалысқан тіл ғалымы оның ғұмыр жолын да назардан тыс қалдырмаған. К. Кеменгерұлының өмірі мен қызметінің бұдан кейінгі белестері жайлы Д. Қамзабекұлы былай жазды: «Қошке бастаған Омбы шаһарындағы оқуға ұмтылған шәкірттер Алаш жастарының бір жерге ұйысып, топтасуына мұрындық болған тәрізді. 1915 жылы Омбыда “Бірлік” атты қазақ жастары ұйымының құрылғандығы, оның 1916-1918 жылдары шыққан “Балапан” атты қолжазба журналына Қ. Кеменгерұлының редакторлық жасағандығы бұл ойымызды шегелей түседі. Қошкенің халыққа танылуына себепші “Айқапта” 1915 жылы шыққан бірнеше өлеңі мен осы “Бірлік” пен

“Балапандағы” қызметі еді» [1].

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін тәуелсіздік тізгінін ұстауға ұмтылғандар жер жерде құрылған қазақ комитеттерін құра бастаған тұста Қошке де осы үдерістен тыс қалмады. Сол жылдың сәуірінде Қошмұхамбет Кемеңгерұлы Ақмола қаласында төрағасы Сәкен Сейфуллин болған уездік қазақ комитетін ашқан.

«Қошке Ақмолада Сәкен ұйытқы болған “Жас қазақ” ұйымының жұмысына да қатысады. Бірақ облыстық қазақ комитеті мен уездік қазақ комитеті арасындағы кейбір маңызды мәселелер бойынша туған келіспеушіліктен соң және “Жас қазақ” басшылары Алаш Ордадан бойын аулақ салғаннан кейін 1917 жылы тамызда Қошке Омбыға қайтады. Сол жылы күз, қыс айларында Қ. Кемеңгерұлы Ақмола облыстық Алаш партиясы комитетін ашуға күш-жігер жұмсайды. Сөйтіп, өзі сол комитеттің мүшесі болады. Желтоқсанның 5-13 арасында Орынборда әйгілі Алаш Орда үкіметін жариялайтын ІІ жалпықазақ съезіне делегат ретінде қатысады. Жас тұрғысынан жиырмадан енді асқан ол күрестен де, ізденістен де шет қалмады» [1].

1918-1919 жылдары Қызылжар қаласында шығып тұрған ұлт мүддесін көздеген “Жас азамат” газетінің редакторы болды. 1919-1920 жылдары Қызылжардағы мұғалімдер курсына оқытушы, бұдан соң Омбыдағы қазақ педучилищесінің директоры болып қызмет еткен.

Қошке 1924 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне оқуға түскен. «Ташкентке табан тіреген Қошке мұнда 1921-22 жылдардан орныға бастаған Алаш зиялыларымен тығыз қарым-қатынас жасай бастады. Бұл кезде Ахмет пен Міржақып – Орынборда, ал Әлихан Бөкейхан Мәскеудегі “Күншығыс” баспасының қазақ секциясында қызметте еді. Ташкентте Қошке сондай-ақ Халел Досмұхамедұлы, Мұхтар Әуез, Мағжан Жұмабай, Жүсіпбек Аймауытұлы, Абдолла Байтасұлы, Даниял Ысқақұлы сынды арыстармен араласып тұрды

Ғұмырының Ташкент кезеңі Қ.Кемеңгерұлы шығармашылығының тынысын кеңейтті. Ол Омбыда бастаған **“Қазақ тарихынан”** зерттеуін аяқтап, Мәскеудегі “Күншығыс” баспасына тапсырды. Аталған баспадан сонымен бірге 1925 жылы қаламгердің “Бұрынғы езілген ұлттар” атты ғылыми еңбегі жарық көрді [1].

1930 жылы 13 қазанда Қ. Кемеңгерұлына “Кеңес өкіметіне қарсы әрекет жасаушы” деген жалған айып тағылып, 1937 жылдың 17 қарашасында атылды. нгерұлы “Қазақ тарихынан” деп аталатын еңбегінде қазақтың қысқаша саяси тарихын жазған. Аталмыш зерттеуге Ғаббас есімді адам пікір жазып, еңбектің жарық көруінің көкейкестілігін көрсеткен. Бұны автордың «Біздің бұл кітапшаны басқандағы бір ойымыз, аз болсын – көп болсын оқушыларымызға қазақтың саяси-тарихи тұрмысынан хабар беру» деген сөздері дәйектейді[1. 326]. Ғаббас кез-келген зерттеушінің тарихының өзі өмір сүріп отырған жүйеге, идеологияға тәуелділігін: «Тарих жазушылардың тарихта уақиғаларға өзінің көзқарасы болады. Тарихи істерге өзінше мағына береді, сын тағады. Тарихшының тарихи істерге беретін сыны – бағасы, саяси жолына байлаулы», - деген шынайы пікірі арқылы жеткізген[1. 326]. Шындығында да солай,

мәселен, кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихын зерттеу маркстік-лениндік методологияға, коммунистік идеологияға бағындырылып, мәселелер таптық тұрғыда қарастырылды. Ал тарихты дәуірлеу формациялық тұжырымдаманың аясына сыйдырылып, ол алғашқы қауымдық құрылыс, құл иеленуші құрылыс, феодализм, капитализм, социализм деп аталатын бес дәуір замандарға, соңғылары кезеңдерге бөлінді. Тарихи оқиғалар мен үдерістерді ұлттық тұрғыда қарастыру мүмкін болмағандықтан төл деректердің көпшілігі ғылыми айналымнан тыс қалды. Бұл бір жағынан қасақана жасалған саясат болса, екінші жағынан оның астарында халықты төл деректерінен айыру, соның нәтижесінде шынайы тарихынан жат ету пиғылы жатқан еді. Зерттеу принциптері мен әдістерінің маркстік-лениндік методологияға бағындырылуы тарихи жағдаяттарды шынайы қарастыруға жол бермеді. Сондықтан да тарихшылар түрлі деректерді пайдаланғанымен саяси жүйеге тиімді тұжырымдар түйіндеуге мәжбүр болды. Осыған орай ғылыми тұжырымдар мен пікірлер бір арнаға тоғысып, балама көзқарастар білдіру мүмкін болмады.

Пікір білдіруші Қ. Кеменгерұлының зерттеу жазудағы ұстанымын анықтап, оны «ұлтшылдық жолы» деп атаған. «Ұлтшылдық жолы» дегені «өзінің көздеген саяси идеясы – қазақ ұлтын «бұзбай, жармай» мәдениетті ұлтқа жеткізу» деп түсіндірген. Мұндай тәсілді қазіргі уақытта біз өркениетті ұстаным деп атап жүрміз. Өркениеттілік ұстанымының тарихи оқиғалар мен үдерістердің алға шарттарын, себептерін, қозғаушы күштерін, барысын, салдарын, маңызын ашуда анағұрлым тиімді екендігі зерттеулерді жан-жақты әрі терең жүргізген сайын байқалуда. Өркениет теориясы бойынша өткен уақыттардағы тарихты бүгінгі күннің көзқарасымен емес, оқиға болған кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, зерттеу ұтымды бола түседі. Өркениеттілік Қазақстанның адамзат қауымдастығындағы тарихи орнын анықтауға, өзге халықтармен салыстырғанда қазақтардың қоғамы мен мәдениетінің ерекшеліктерін айқындауға; қазақ халқының тарихи дамуы жолын, оның қиындықтары мен күрделілігі, адами, табиғи әлеуетін түсінуге: тарихи дәуірлер мен кезеңдердегі қоғамдық дамудың балама, таңдау жолдарын, тарихта ұтқан және ұтылған уақыттарын айқындауға мүмкіндіктер тудырады [2].

Еңбектің «идея адам баласының күндізгі өміріне құл емес, шаруа қалпына байланбайды» деген көзқарасымен жазылғандығын ескертеді [1. 33Б]. Біз бұны ғылымда идея емес методология ретінде түсінеміз. Осы орайда ресейлік тарихшы В.В.Журавлевтің: «... тарихи зерттеу методологиясы - бұл тарихи білімді дүниеге келтіру және олардың принциптерін реттеу. Методология бұл тұста ғалымның қарамағындағы малай немесе құлдық ұруды талап ететін патша емес. Яғни, методологияны “не істесем де өзім білемін” деген принципті ұстанып, оны біржақты дәріптеуге немесе елеусіз қалдыруға болмайды» деген тұжырымы орынды болыр саналады [3]. Сонымен қатар тарихты жасаушы жекелеген тұлға ұстанымын да басшылыққа алған. Оны «халықтың ілгері аяқ басуы, мәдениетті ел болуы, шаруасы өркендеуі – сол халықтан шыққан саяси басшы адамның тура бастауынан; зиялылардың саяси тәрбие көруінен, «адамшылық», «әділдік аңғары мен шығарған заңы» дегенінен көруге болады [1.33Б]. Өзінің бұл ұстанымын маркстік методологиямен салыстырып,

«марксшылар бір тайпа елдің, таптың тағдырын бір адамның қолында деп білмейді: «Бір ұлттың ауызға ілінген, білікті болған басшы адамы болса, ол адам заманына қарай шыққан ұлт ішіндегі бір таптың адамы, жоқсышы болады. Қазақтың тарихи адамдарын да осы жолмен бағалау керек» деп көрсетеді. Соңғы уақыттардағы посткеңестік кеңістіктегі саяси өзгерістер зерделі тарихшыға өткенді терең зерттеп, тарихи оқиғалар мен процестердің шынайы бағасын беруге жағдай жасады. Тарихшы зерттеушілерге тарихты “Тарих жекелеген адамдардың, таптар мен партиялардың еркі мен санасына байланысты емес” және “Тарих өз мақсатын көздеген адам қызметі” деген екі қағиданы байланыстыра зерттеуге мүмкіндіктер туды. Мұндайда зерттеуші екі қағиданың екеуін де жоққа шығармай тарихтағы заңдылықтарды тануға ұмтылуы тиіс. Әміршіл- әкімшіл басқару кезінде орныққан “тарихты халық жасайды” деген тұжырымды әрбір тарихи дәуірде тарихты жеке адам, субъект қалыптастыратындығы туралы қағида толықтыруы қажет. Тарихи оқиғалар мен үдерістердің бағыты мен мазмұнын өзгертетін, тарихты жасайтын жекелеген тұлғалар тұжырымдамасының жетілуіне де үлес қосу да маңызыды болып табылады.

Ғаббас «Не себепті қазақ елі жуасыды» дегеннің себептерін іздеп, басты себептерінің бірі: қазақтың шаруасы күйзелді, қазақ ішіндегі үстем тап орыс патшалығының бетіне қарсы келмейтін болды», - деп жазды [1. 33Б]. «Егер, қазақтың ол кездегі үстем табы күшті болса, орыс патшалығымен тең түссе, қазақ шаруасы күйзелмесе, қазақ хандығын бөлек жасауға жол болса, бір Кенесары, Наурызбай өлгенімен, тағы өз әлінше бір Кенесары өлсе, үшінші Кенесары туар еді» [1. 34Б]. Бұл сауалды Қошке «Қазақ тарихынан» деген еңбегінде көтергендіктен пікір білдіруші оған өз жауабын беруді жөн көрген. Әрине, Қошкенің бұл мәселеге көзқарасы бөлек, ол жайында төменде айтылатын болады. Осы тұста тарихи мәселелерге объективті, ғылыми тұрғыдан қарай білген А.Байтұрсыновтың «Олжалы жерде үлестен қағылғанмыз, ордалы жерде орыннан қағылғанмыз, жоралы жерде жолдан қағылғанмыз бәрі надандық кесапаты» - деген тұжырымы ойға оралады [4]

Әлихан Бөкейхановтың қоғамдық қызметіне объективті баға беруде Ғаббас Алаш арысын барлық қырынан көруге, оның ұтымды тұстарымен қатар кемшіліктерін тануға ұмтылған. «Әлиханға баға бергенде тарих шығып болмайды. Өніп-өскен ортасы, ұстаған саяси жолы, әдісі, істеген ісі, Әлиханды амалсыз қазақтың бір табының жоқшысы қылады. Әлихан өз көңілімен «қазақтың маған бөтендігі жоқ, бәрін де жақсы көрем» дегенмен, іс жүзінде, саяси тартыста бәрінің көңілін таба алмайды» [1. 34Б]. Пікір білдірушінің Ә.Бөкейхановтың ұстанымы жайлы айтуы бекер емес, бір жағынан, мұндағы ойы Қошкенің Әлиханды қолдап, «Жас азамат» газетін шығарып, большевиктердің іс-әрекетін әшкерелеп, жария етіп отырғандығынан хабардар ету. Екіншіден, қоғамда Алашордашылдарға қарсы пиғылдың біртіндеп бой көтеріп келегендігінен хабар береді. Ақиқатында Алаш қозғалысы, оның мүшелері, қолдаушылары саяси қуғын-сүргінге түскенімен ұлттық тәуелсіз тарих олардың тарихтағы орынын айқындап қойған. Ә.Бөкейхановтың ХХ ғасырдың басындағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының көсемі болуы оны

теңдікке, ұлттық тәуелсіздікке жетудің басқа бейбіт, саяси жағын қарастыруға итермелеушіге, тұтас қазақ елінің мүддесін көздеушіге айналдырды. Теңдік пен ұлттық тәуелсіздіктің төте жолы деп Әлихан өркениетті елдердің мәдениетінен үлгі алу, сөйтіп халықтың ұлттық мәдениетін өркендету, өнер білімін көтеру, ұлттық сана-сезімін оятуды санаған. Осы идеяны ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа стратегиялық бағыты етіп алған.

Ғаббас деген автордың «басқарманың тапсыруы бойынша жазылды» деп көрсеткен алғысөзі баяндалғаннан соң жай ғана І деген белгі қойылған Қошке еңбегінің тараушасы басталады. Мұнда ол қазақ хандығындағы билік, ханның мәртебесі, жекелеген Қасым, Тәуке, Есім хандар жайлы қысқаша айтып өткен. Қазақ әйелінің қоғамдағы орны мен рөлін ауызша тарих айту деректеріне сүйеніп көрсетіп берген.

«Менгеру жайы» деп аталатын тараушасында қазақ жүздерінің Ресей бодандығын қабылдауының себептері ашылады. «Киіз туырлықты қазақ... Ресейдің қолтығына кірді. Қазақ кірейін деп кірген жоқ, қалмақ, башқұрт, казак, орыс, жоңғар талқысынан еріксіз кірді. Еділ қалмағын қысып, Жем мен Жайықтың арасында орныққан Кіші жүз, Орал казак-орысымен қалмақтан қағажу жеп, ілгері баруға Ресейден қорқып, кері қайтуға Жоңғардан қорқып, екі оттың арасында қалып, амалсыздық күнінен Ресейге бағынды. Бағынғаннан байсалды тұрмыс табамыз деп ойлады» [1. 40-41бб]. Бес томдық Қазақстан тарихының үшінші томында: «Қазақ қоғамының ішкі күрделі даму жағдайларында, жоңғарлар мен Еділ қалмақтарының, башқұрттардың, Жайық пен Сібір казактарының қоршауында, шын мәнінде экономикалық оқшаулау, ұлы империяның тұрақты қысым көрсетуі жағдайында бола отырып, қазақ жүздерінің билеушілері Ресей империясы сияқты одақтас іздеуге мәжбүр етті», - [5] деп шынайы жазылған. Мұның өзі ешбір сілтемесіз баяндалған еңбек авторының көптеген зерттеулер мен шығармаларды оқып, ауызша тарих айту материалдарын шебер қолданып, солардың негізінде Қошкенің тарихи оқиғаларды, үдерістерді шынайы көрсете алғандығын дәйектейді.

Ресей бодандығын қабылдаудағы Әбілқайыр ханның рөлін: «Әбілқайыр хан: 1). Күшті Ресейге арқа тіреп Хиуалықты, Қарақалпақты бағындырамын, үш жүзге үлкен хан боламын; 2). Тақты мұралы қыламын; 3). Қол-аяқты жинап болған соң, Ресейден бөлініп кетемін деп ойлады. Соңғы пікірімен толқыған халықты миландырды» [1. 41Б], - деп көрсетті. Айтылғанды тарихта орын алған өзге де пікірлемен салыстыратын болсақ, Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдауы туралы көзқарастар әртүрлі. Мәселен, орыс тарихнамасында Әбілхайыр хан жағымсыз жағынан сипатталған. Л.Мейер, М.Красовский, С.В.Жуковский еңбектерінде Әбілқайыр хан біржақты мансапқор, жайдақ, жалған пікірлерге бой ұрған, жеке басын күйіттеген, мәселенің байыбына терең бара алмайтын билеуші ретінде баса көрсетілген. Қазақ зиялылары аталған мәселелерге үлкен мән беріп, бірқатар еңбектерін арнады. Ұлт зиялылары: Жоңғар империясының жаулап алу саясатының Қазақстанның Ресейге қосылуының сыртқы факторының ең бастысы болды; Кіші жүз ханы Әбілхайырдың рөлі осы үдерісті бастауға әсерін тигізді. Қазақ жүздерінің, билеушілерінің арасындағы ішкі алауыздықтың өршуі қазақ жерлерінің

бодандықты қабылдауын тездетуге ықпал еткендігін де қоса көрсеткен. Тәуелсіз тарих ғылымында да қазақ жерлерінің Ресейге қосылуы мәселесінде бірнеше көзқарастар байқалды. Ж.Қасымбаев, Б.Б.Ермұханов тәрзді ғалым-тарихшылар Кіші және орта жүздер Ресейге өз еркімен өтініш жасады, Қазақстанның қалған жерлерінің әскери күштің көмегімен империяға қосылды[6]. М.Қозыбаев, М.Ж.Әбдіров, М.Мырзахметов Қазақстанның Ресей империясына өз еркімен енуі сипатын толығымен жоққа шығарып, “қосылу” сөзінің сынға алып, “жаулап алу”, “басып алудың”, “бодандықты қабылдаудың” тәрзді мән беретіні, қазақ даласының империяға күштеп ендірілгендігі, отарлау саясатының жүргізілгендігі турасында тағы басқа ғалымдар мен зерттеушілер ой-пікірлер танытты[7]. Ал Қазақстан тарихы тәрзді қорытындылаушы еңбекте Әбілқайырдың әрекеті жайында былай деп жазылған: «Тұтас алғанда Кіші жүздің Ресей бодандығын қабылдауының объективті негіздерін теріске шығармай, Әбілқайырдың алысты көздейтін жеке басының менмендігін, оның барған сайын айқын көріне түскен қара басын ойлаған мүдделерін естен шығармау керек екенін атап өтеміз»[5. 161б]. Мұның өзі Қошкенің тұжырымдарының дәйектілігін толығымен бекіте түседі.

Қошке: «Ресей үкіметінің мақсаты: қазақты бағындырып, қазақ даласы мен отырықшы Орта Азияға керуен өткізу болды», - деп жазды[1. 41б]. Шын мәнінде патшалық Ресейдің Қазақстанды өзіне бодан етудегі мақсаты оны отар елге айналдыру екендігін дерек пен уақыт өзі дәлелдеп берді. «Ресей үкіметі ұзын өлшеуге салып, бар билік, күш, бедел, мандат бар күшін ханды өзіне тартуға салды. Бұлай ойлағандық 1726 жылы кіші жүз атынан бағынамыз деп бараған Қойбағарды, Әбілқайырдың ашық қосылғандығы белгілі болмаған соң, Ресей үкіметі қабыл алмағандығынан көрінді. [1. 41б].

Кіші жүз Ресей бодандығын қабылдағаннан кейін империяның үкіметі қазақ жеріне арнайы экспедицияларды ұйымдастыра бастады. «Хүкімет 1734 жылы Кирилловты Орынборға жіберді... Оған: 1)қазақты бақылайтын тыңшылар қой; 2)керуен өткізуді ретте; 3)хандарға үй, мешіт салып бер; 4)қазақты сыймен алда» деп, жоба берді. Қошкенің осы бір тұжырымындағы алдыңғылары тарихи зерттеулерден көрініс тапқанымен соңғысы туралы айтыла бермейді. Қазақ даласына ұйымдастырылған бірқатар экспедициялар, солардың нәтижесінде дүниеге келген еңбектерді оқып та, ғылыми зерттеулер дайындауда пайдаланып та жүрміз. Алайда сол экспедициялардың өзі әлі де болса зерттеу нысанына айналмай келеді.

Ресей империясының қазақ жүздерін өзіне қосып алудағы мақсаты отарлауды жүргізу екендігін Әбілқайыр ханның кеш түсінгендігін Қошке былай жеткізген: «1740 жылы үкіметтен Әбілқайыр сұраған: 1)зеңбіректі жеткізу қиын деп берілмеді; 2)ел арасына сауда таратуға деген керуен жіберілмеді; 3)баласы аманаттан босатылмады; 4)Сібір бойына қазақты отырықшылыққа үйретуге салынсын деген қаласы «қазақ бір жерде басын қосып тұра алмайды» деп салынбады. Ханның да, халықтың да түпкі мақсаты орындалмады. Сонымен екеуі де наразылық көтере бастады[1.41б]. Өз дәуірінің көреген саяси қайраткері ретінде Әбілқайыр хан патша өкіметі шараларының жарға апарып жығатынын айқын түсінді, ол шаралар Орынбордың ханағ әкімшілік қысымы

жөнінен аймақты әскери-егіншілік отарлаудың тірегіне айналағн әскери-инженерлік базалар салуды кеңейтуден көрініс тапты [5.-167б]. Ақырында «Қарақалпақты қиратуға шыққан бетінде Әбілқайырды Барақ өлтірді. Сонымен Әбілқайырдың хукіметке қарсы наразылығы аяқталмай қалды»[1.42б]. Бұл да тарихи шындық, әрі орыс отаршыларының көздеуімен болған оқиға еді. Себебі орыс шенеуніктері Барақ пен Әбілқайырды бір біріне айдап салып отырды. Нәтижесінде империяның айтқанына көнбейтін ханның көзі жойылып тынды.

Абылайдың қазақ жүздерінің басын қосып, көршілес елдермен тиімді саясат ұстанғанын жаза келіп, мұндай әрекеттің империяға ұнамағандығын: «... Ресей Қытай мен Жоңғарияны бір-бірімен сүзістіріп, Орта жүзге сырттан жара салдырмағандығынан (Абылайды Ресей хукіметі «знаменитый варвар» деп атаған)[1.43б], - деп баса көрсеткен.

«Бөкей Ордасы Жәңгірдің арқасында қой аузынан шөп алмайтын ел болды»[1.45б], - деген Қошкенің тұжырымы негізді, өйткені Бөкей ордасының халқы екі жақты, бірі отарлаушылар тарапынан, екіншісі хан және оның төңірегіндегілердің арқасында қаналып, бас көтере алмайтын жағдайға жеткен.

Қошке өз еңбегінде рухани отарлау туралы жазған. «... 1912 жылы Святейший Синодтың мынадай пікірі болды: «Бір қазаққа екі орыс көрші болса, қазақ кедейленеді. Содан барып қазақты орыс қылу оңай» деген [1.45б]. Орысшылдық көріністері сонау XIX-XX ғасырларда ғана емес қазіргі қоғамда да орын алып отырғандығы ащы шындық.

Империяның орыстандыру саясатына жергілікті биліктегілердің де септігі тигендігін ашып жазған Қошке мынадай жайттарға назар аударған: «1867 жылғы жаңа заңнан (штат) кейін қазақтың хукіметке наразылығының толқыны әбден басылмаған кезде, Түркістан Ресейге қарап, наразы діншіл молда-қожалардың қазақ арасына таралып, орысқа қарсы сөз таратып жүрген кезде интернатқа бала жинау тап келді. Бала жинағандар «баланы орыс қылуға аламыз, не солдатқа беруге аламыз» деп қорқытып, ақша алып, қалдыратын болған. Ел жақсылары «Шоқынса да оқасы жоқ» -деп, қай-қайдағы жетімдерді, сіңірі шыққан кедейлердің балаларын 40 тұсаққа шейін сатып алып, интернатқа берген. Елде жүргенде кім болса содан таяқ жейтін, «бір бүтін көйлек кисем, бір тоя тамақ ішсем» дейтін нашар балалар шала-бұла уездік школды не бітіріп, не бітірмей тілмаш переводчик, шолақ адвокат болып, идеалын ақша, мал, жылтыр түйме, ақ жағаға айналдырып жіберетін болды. Орыстандырудың аяғы келіп ауылнай школоға соқты...Қазақтар ауылнай школдарын ашқызғанда, үйге беретін 10 сомына қызығып ашқызды» [49б].

Қ.Кемеңгерұлы біз талдап отырған еңбегінде ұлт азаттық күрес мәселесіне ерекше мән берген. «Қарсы қозғалыстар» деп аталатын бөлімшесінде Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс туралы пікірлері орын алған. «Кенесары толқуының шығуына бас себептер: 1)Рамат алымының жиналуы; 2)хукімет төрелерінің қысымшылығы; 3)шенге сатылған хан тұқымдарының арасында наразылықтың тууы; 4)приказ жұмыстарының әділсіз болуы; 5)казак-орыс қысымшылығы; 6)болыс-болысқа бөлінген рулардың арасындағы наразылық.

Кенесары қалың қауымға қауымға қауға түскен бір шағым оттай болып,

халықтың толқынын көтеріп жіберді. Халықтың һәм Кенесарының нені нысана қылып ұстағаны һәм не деп жауап қылғандығы сол кездегі айтылған мынау өлеңінен көрінеді:

«Бағынбағын, қазақ, орысқа!
Бағынсаң, қазақ, орысқа,
Осы бастан амандас,
Сарыарқа деген қонысқа.
Береке кетер асыңнан,
Билік кетер басыңнан.
Некеннен некен күйерсің,
Күйдіруші табылып,

Көршілес жақын-қасыңнан
Қызығып тұрсың байқамай,
Күйінгеннен айтам-ай!
Көрінісі орыстың –
Текеметтің түріндей.
Ойлағаны жамандық,
Жарадан аққан іріндей.

Абақты деген үйі бар,
Қазулы қара көріңдей.
Қара қазан, сар бала,
Обалына қаларсың.
Кейінгі өрім бұтақтан,
Қарғысын нәлет аларсың,
Ап кетейін бір жаққа,
Соңымнан ерші ерінбей» [51-52б].

«Халық қаһарманы Кенесары мен Наурызбай өлген соң қазақ елі мүлде жуасыды. Одан кейінгі күн шығыс мұсылман елдерінің көршілестік әсерімен Кіші жүз ішінде бірен-саран толқыншылар болды. Есет Көтібар баласы, Байқадам би, Жоламан батыр, Жанқожа Нүрміште, баласы сияқтылар. Бір-ақ бұлардың толқыны от басынан озған жоқ»[5б].

Автор Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстың жеңілу себептерін былайша көрсеткен: «1)Ұлы жүз бен қырғыздардың Ресейді тәуір өргендігі, ол кезде Ресей Қытайдан қорқып, екеуін де әлдилеп арбап, алдап ұстап тұрды. Өмір бойы Ресей бізді жарылқайды деп екеуі де Ресейді жақтады; 2)Кіші жүздің мойнына құлдық бұғалығы түсіп тыпырлауға шамасының келмегендігі; 3)Орта жүздің ала болғандығы һәм шаруасының күйзелгендігі. Кенесарының бас ақылдас адамдарының ішінде тыңшы болып, Кенесарының жайынан үкімет төрелеріне хабар жеткізіп тұрған, сондай тыңшылдықтың кеселінен арғынның Қаржас тобынан шыққан Кенесарыға ерген ағайынды: Тайжанды үкімет Қараөткелде атып, Сейтенді Тобыл жаққа айдады; 4)орыстың соғыс жөніндегі қару-жарағының һәм әскерлік ұйымының үстем болғандығы» [54б]. Қошкенің осындай тұжырымдары отандық тарих ғылымындағы қорытындылаушы

еңбектерден көрініс таппаған.

Еңбегінің үшінші бөлімінде мәдениет, мінез, хұқық, денсаулық, кәсіпшілдік, ауыл шаруашылығы туралы ой толғады. Қоғам мен ғылымда қалыптасқан «қазақ халқы орыстан мәдениет үйренді» деген қағиданы жоққа шығарып, «қайта казак-орыс тіл, киім, шаруа, әдет жағынан қазақтан өнеге алып, еліктеп кетті», - деп жазды [55б].

Бұрын жұқалы ауруға ұшырамаған халықтың түрлі аурулармен ауруының, әйел тұрмысының нашарлауының себептерін ашуға ұмтылды.

Төртінші бөлімінде Шоқан, Ыбырай, Әлиханды тарихи ға ретінде қарастырып, олардың халқына еткен еңбегін таразылап, кемшіліктерін көрсеткен. Шоқанның ғылымы мен біліміне жоғары баға берген Қошке оның рухани мұрасының жарияланбағанына «... Шоқанның пікірлері бір жерге жиналып кітап болып ерте жарық дүниеге шықпағандықтан, кейінгі азаматтарымызға мезгілімен әсер бере алмады»[61б] деп налыды. Ал қазір біз не деп налимыз? Шоқанның ғылыми зертханасын зерделедік, бірақ оның еңбектерін қазақ тіліне аудармадық деп пе? Ұлттығымызға сын осындай шараларды назардан тыс қалып жататындығы қынжылтады.

Қошке Әлихан Бөкейханов туралы объективті пікір танытты. Ең бастысы Алаш арысының ұлтжандылығын дәріптеді. « Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде, айдауын да, абақтысында да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан. Әлиханның қазақ еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды, өзіне ерген топты діни фанатизмге қарсы тәрбиеледі. Бұдан барып татардан іргесін аулақ салған қазақ ұлты туды... Басқа жұрттардың басшылары тырым-тырақай болып шет патшалықтарға шығып кеткенде, Әлиханның қоныс аудармай қалуы да – елін сүйгендікке дәлел»[63б].

Қазан төңкерісі мен кеңес өкіметінің орнауы қазақ еліне ешбір пайда келтірмегендігін Қошке: 1)«Шаруа шала-жансарлыққа айналды. Бір жағынан, жұт себеп болса, екінші жағынан, қазақ аудандарының соғс майданы болуы, разверсткенің тәртіпсіз алынуы орсан себеп болды, 2)Ауру, өлім көбейді, 3)Бұрынғы шаруа қуатты болған аудандарда ашаршылық өлшеусіз көбейді, 4)Көп жерлерде ашылған мектептер жабылып қалды[70б], - деп көрсеткен.

Автор біз талдап отырған еңбегін: «Қысқасын айтқанда, ескі олжамызды күн сайын басын жоққа айналдырып, қазақ елінің жолғалу хаупін көзге елестеді. Патшалық дәуірінде-ақ мінез, шаруа жағы ақсай бастаған қазақ еліне мына кемшіліктер жығылған үстіне жұдырық болып, «болу, не болмау» мәселесі туып, айырық жолдың үстінде қалай жүрерін біле алмай қазақ елі тұр», - [71б].деп аяқтаған. Бұл жерде кемшіліктер дегені жоғарыда көрсеткен төрт келеңсіз жағдайы.

«Қазақ елі құрымас үшін отырықшы болу керек» деушілер бар. Қағаз бетінде отырықшы болумен мәдениет көктен түспейді, жерден шықпайды. Отырықшылықтың көп шарттары бар... Отырықшы болған соң шаруа түрі өзгеріп, ауданы тараяды. Мұндай шаруаны алып бару үшін білімді көсемдер керек... Бізде ілгері басатын кәсіптің бірі – қол кәсібі... бұған да білімге піскен қызметкерлер керек»[73-74бб], - деп тығырықтан шығудың жолдарын сілтеген.

Осындай паймын былайша нығайта түскен: «Жалғыз-ақ қазақтың келешегіне үміт көзімен қарататын, мәдениетке жетекші болатын шарттар: 1)қазақта діни фанатизмнің әлсіздігі. 2)қазақтың еліктегіштігі. 3)көптің қамын қарастырған үкіметтің барлығы. 4)қазақ елінің жалпы оқуға ұмтылғандығы [75б].

Осылайша, Қошмұхамед Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан» деген зерттеуінің аса маңызды тұстарын талдадық. Ұлт зиялысының тарихи көзқарастарына, тарихты баяндаудағы пайымдаулары мен тұжырымдарына куә болдық.

1. Қамзабекұлы Д. Қошке Кемеңгерұлы. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-т. - Алматы: Алаш, 2005. -5-31 бб.
2. Наумова Г.Р. Историография истории России. - М., 2005. - 463 б.
3. Журавлев В.В. Методология исторической науки. Вчера. Сегодня. Завтра. // Кентавр, 1995. №6. -146 б
4. А.Байтұрсынов. «Қазақ өкпесі». «Айқап». 1911.№2.
5. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 3-т.158б]
6. Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.). - Алматы: Білім, 1999.; Его же. Кенесары хан. - Алматы: Казахстан, 1993.; Его же. Абулхайр-хан как политик //Поиск. - 1997. - № 3. - С.58-65. и др.
7. Козыбаев М.К. Актуальные проблемы изучения Отечественной истории //Отечественная история. - 1998. - №3.; Его же. История России есть история страны, которая колонизируется. К вопросу вхождения Казахстана в состав России //Столичное обозрение. – 1998. - 8 мая.; Абдиров М.Ж. Военно-казачья колонизация Казахстана (конец ХУІ – начало ХХ вв.): Опыт историко-эволюционного анализа. Автореферат диссертации на соискание ученой степени докт.истор.наук. – Алматы, 1997.

Қошке Кемеңгерұлының және “Бұрынғы езілген ұлттар”

Бұрын-соңды ғылыми айналымға түсе бермеген Қошкенің «**Бұрынғы езілген ұлттар**» атты еңбегін зерделеп, аяулы Алаш азаматының тарихи-демографиялық пайымдауларын қарастырып, кемел келешегімізге пайдалы тұстары бар деген ниетпен, оның тарихи көзқарастарын жан-жақты көрсету мақсатында келесі шағын туындымызды дайындадық. Егер **Қошкенің нысаны «Великорус тоқпағы тиген ұлттардың өткендегі, қазіргі халімен қысқаша таныстыру»** [1. 81б] болса, **біздің нысанымыз ұлт зиялысының тарихи көзқарастарын тарихнамалық тұрғыда талдау.** Қошкенің еңбегін жазудағы мақсаты «Шаруа байлығы – жердің кеңінде, сыртқы түгінде. Шаруаны гүлдендіретін – мәдени қызметкерлер. Мәдени қызметкерлер басқа ұлттардың тұрмысымен таныс болса, өз ұлтына ұнамды үлгі пішпек. Қазақ қызметкерлерін басқа ұлттармен таныстырайын деп жазып отырмын. Бұл кітаптың төрт аяғы түгел толық жазылмаса да, жоқтан бар жақсы. Аз да болса пайдасы тиер деген

үміттемін»[1.81б] дегені болса, біздің мақсатымыз - Қошкенің тарихи көзқарастарын, тұжырымдарын көрсетіп, шығармасының дерек ретіндегі маңызын анықтау.

Аталмыш еңбек турасында сөз қозғамай тұрып, Қошке Кемеңгерұлының өмірбаяны жайында қысқаша айтып кетейік. Қошмұхамбет, яғни Қошке 1896 жылы 15 шілдеде бұрынғы сол кездегі Ақмола облысы, Омбы уезінің Қаржас ауылында қажы, өз заманының білімді азаматы, арғынға есі белгілі, ауқатты Кемеңгердің отбасында дүниеге келген. Алдымен ауыл молдасынан, содан соң Омбы приход мектебінде білім алған Қошке Омбының ветеринарлық-фельдшерлік школына қабылданып, оны 1913 жылы тәмамдаған. Білім жолын қуған Қошке мұнымен шектелмей Омбы ауыл шаруашылық училищесіне оқуға түскен. Омбыда тілшілік қызметін бастаған Қошке “Бірлік” және “Балапан” атты басылымдарда редактор болып жұмыс істеген. 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін тәуелсіздік тізгінін ұстауға ұмтылғандар жер жерде құрылған қазақ комитеттерін құра бастаған тұста Қошке де осы үдерістен тыс қалмады. Сол жылдың сәуірінде Қошмұхамбет Кемеңгерұлы Ақмола қаласында төрағасы Сәкен Сейфуллин болған уездік қазақ комитетін ашқан. 1918-1919 жылдары Қызылжар қаласында шығып тұрған ұлт мүддесін көздеген “Жас азамат” газетінің редакторы болды. 1919-1920 жылдары Қызылжардағы мұғалімдер курсына оқытушы, бұдан соң Омбыдағы қазақ педучилищесінің директоры болып қызмет еткен. Қошке 1924 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне оқуға түскен. Ғұмырының Ташкент кезеңі Қ.Кемеңгерұлы шығармашылығының тынысын кеңейтті. Ол Омбыда бастаған **“Қазақ тарихынан”** зерттеуін аяқтап, Мәскеудегі “Күншығыс” баспасына тапсырды. Аталған баспадан сонымен бірге 1925 жылы қаламгердің “Бұрынғы езілген ұлттар” атты ғылыми еңбегі жарық көрді [1].

1930 жылы 13 қазанда Қ. Кемеңгерұлына “Кеңес өкіметіне қарсы әрекет жасаушы” деген жалған айып тағылып, 1937 жылдың 17 қарашасында атылды.

К. Кемеңгерұлы «Бұрынғы езілген ұлттар» деген зерттеуінде кеңес өкіметі орнаған тұста Ресей федерациясы мен Орталық Азия аумағында мекен еткен бірқатар халықтар, олардың тарихы, саяси, шаруашылық, мәдени, демографиялық жағдайы, динамикасы туралы өзі атап айтқандай, қысқаша жазды. Халықтарды тарихи этникалық атауларымен емес автономия құруларына қарай атап, әрбір ұлтқа жеке-жеке тоқталды. Мәселен, алғашқылардың бірі ретінде Қошке Татар автономиялы республикасыны жайында сөз қозғады. Татарлар жөнінде берген мәліметтерінің ішінде «1923 жылдың басындағы есепке қарағанда, 59 оқу құралдары, 50 кітап бала әдебиетінен, 18 кітап суретті әдебиеттен басылған көрінеді»[1.82б] деген ақпараты зиялының бір жағынан ағарту ісіне өзге ұлттардың өнегесі арқылы биліктегілердің назарын аудармақшы ойынан, екінші жағынан өзі айналысатын саланың салыстырмалы түрде жағдайын көргісі келгендігінен хабар береді.

Башқұрт автономиялы республикасы туралы жазған тұсында башқұрттардың қазақтарға ұқсас тағдыр, қасиеттерін баса айтқан. Мәселен, «Башқұрттың қыпшақ, табын, қырғыз деген аталары бізбен рулас екендігін көрсетеді. Башқұрт елі жауынгер елдің бірі болған. Орыс өкіметінің езген саясатына

шыдамай, 77 рет орысқа қарсы қозғалыс жасаған... [1.83б]. Башқұрт жерінде ағаш, кен байлығы мол. Екеуі де іске асса, башқұрт кедейліктен құтылады» [1.84б] деген сөздері осының айғағы.

Еңбектің құндылығы қазақ автономиялы республикасы, Қазақ елі, оның этникалық тарихы, жағрапиялық жағдайы, күн райы, әкімшілік-аумақтық бөлінісінен мәлімет беретіндігінде. Әрине, қазіргі күннің көзқарасымен қарағанда мұндай мәлімет баршаға мәлім болып көрінеді. Ал оны ғасыр басындағы жағдаймен салыстыратын болсақ, ақпараттың екінің бірі айта бермейтін, шынайылығы күмән тудырмайтын дерек екендігіне көз жеткіземіз. Мысалы, қазақ этносын көне халықтардың бірі ретінде санайтын пайымдау жөнінде күні бүгінге дейін ортақ пікірдің орын алмағандығынын Қошке XX ғасыр басында айтқан. «Бірсыпыра тарихшылар қазақты ескі жұрт деп санаса да, айдай айқын дәлелдердің жоқтығынан қазақты ескі жұрт болды деп кесіп айтуға келмейді. Өйткені, қазақ қоғамына кіріп отырған қаңлы, үйсін, дулат, қоңырат, арғын, найман, қыпшақ, алшын, қырғыз – бәрі де Айсадан бұрын да, соң да өз алдарына бөлек хандық жасап, ел болып көшпелі мәдениетті өркендеткені түрік-монғол тарихынан белгілі. 15 ғасырдың ортасына шейін бұл рулар қазақ атымен жүрген жоқ» [1.84б] дегені осының дәйегі. Шындығында да тарихта алдымен өзбек-қазақ, содан соң қазақ деген атаулардың пайда болуына дейін (бұл XIV-XV ғасырлар) тайпалар мен тайпалық бірлестіктер өзіндік этникалық атауларды иеленгендігі белгілі. Қошкенің «Қазақ хандығы туралы талассыз мағлұмат 1465 жылдардан басталады» деген тұжырымы назар аударалықтай. Автордың бұл мерзімді талассыз деп отырғанын Қазақ хандығы әлдеқашан құрылған, көрші елдерге мәлім, оны өзгелер мойындайды деп түсінген жөн. Ендеше қазіргі кезде оқулықтар мен оқу құралдарында 1464-1465 жылдар түрінде көрсетілген уақыт Қазақ хандығының құрылған мерзімі емес екендігін тайға таңба басқандай дәлелдеп тұр. Қазақ хандығы бұл уақыттан анағұрлым ертерек, яғни тәуелсіз тарихшылар дәйектегендей, 1456-1458 жылдары құрылды [2]деуге негіз бар.

Қошке Кеменгерұлы «Қазақ тарихынан» атты еңбегінде тәрізді «Бұрынғы езілген ұлттар» зерттеуінде де Ресей империясының отарлау саясатын, оның мақсатын бұлтартпайтын шындықты жазу арқылы көрсеткен. Осы турасындағы сөз басын «Ресей үкіметі қазақ даласын «Индияға шығар ауыз болады» деп қазақ хандарын ақша, медаль, шекпенмен алдайтын болды. Қазақ даласына ханды тұяғын батырып алған соң, қылыш, мылтық, найза, қамшыны жұмсады. Жерге «қолқа» салды» [1.85б], - деп бастап, әрі қарай отарлау саясатының мәнін ашты. Автордың осын ойын М. Қозыбаев, М.Әбдіров, С.Мәшімбаев[3] сынды тарихшы-ғалымдар тәуелсіздік жылдары «қазақ жүздері Ресейдің құрамына енген жоқ, оны империя жаулап алды» деп дәлелдеп берген еді.

Отарлаушы елдің мақсат-мүддедісін бүкпесіз жеткізген Қошке: «Ресей өкіметінің қазақ туралы мынадай қанды саясаты болды: 1. Қазақтың байлығын сүліктей сору. 2. Қазақтың сорпаға шығар маңдай жерін сыпырып, қазақты шөлге қуу. 3. Ауылнайлық, билік, болыстық партиясының отын үрлеп, май тастап, қазақты бір-бірімен қол қамшы-шоқпар қылып, ұлттық азаматтық сезімін өсірмеу. 4. Қазақты шоқындыру. Осы қанды саясаттың дәмін қазақ елі

қай бұратанадан болса да кем тартқан жоқ» [1.85б] деп жазды.

Империяның казак және шаруалар отарлауының сипатын ашып, ол жайында былай деп жазды: «Казак-орысты казак жеріне отыртқан - патша өкіметі. Өйткені казак-орыс қазақты торуылдап, қамшымен қарауылдап тұратын оң көзі болды. «Әйт» десе аласұрып шабатын иті болды. ...Бері келе патша өкіметі келімсекті казак жеріне шегірткедей қапталты... Қаптаудың мәнісі: 1. Помещиктердің жеріне жеріккен мұжықтардың казак жеріне бетін аудару. 2. Казак жерінде мал өсірген, егін салған орс байларына жұмыскер жеткізу. 3. Бір казакқа екі орысты орнату. 4. Мұжық қазақты бір-біріне қаршыға қылып саясатқа қарату» [1.88б]. Казак тарихынан орын алған қанды оқиғалар казак отарлауына қатысты дәйектерді нақты келтіреді. Мысалы, тарихшы-зерттеуші М. Әбдіровтың зерттеуінше, казак даласында бүкіл Ресейдегі 11 казачествоның 4 қызмет еткен[4]. Империяның қол шоқпары ретінде кез-келген ұлттық сипаттағы әрекеттер мен бас көтерулерді, т.б. басып, жаншып, айтқанына көндіріп, айдауына жүргізіп отырды.

Еңбегінде казак елінің жағрапиялық жағдайын, тауы мен жазығын, көлі мен өзендерін, күн райын, ағаш, өсімдігін сөз еткен ғалым шаруашылығы жөнінде де қайталанбайтын мәліметтер берген. «Казак жері көшпелі тұрмысқа қолайлы. Егіндік жер ала жаулы. 1923 жылғы санаққа қарағанда: 1. Егіндік аудан – 387, 4 шаршы шақрым, казак жерінің бестен бір бөлігі. Кілең егін шаруасымен 454. 500 үй айналысады. 2. Жарты көшпелі, егін де салатын, мал да өсіретін аудан – 390, 3 мың шаршы шақырым. Казак жерінің бестен біріне жуық. Аралас шаруамен айналысатындар – 183.140 үй. 3. Кілең көшпелі аудан – 1193,4 шаршы шақырым. Казак жерінің 100-ден 61-і көшпеліге кіреді. 219.840 үй – кілең көшпелі» [1.87б] деген мәліметтер - кез-келген тарихшы-зерттеушінің қолына түсе бермейтін деректер. Көріп отырғанымыздай, ХХ ғсырдың бірінші ширегінде қазақтардың көпшілігі әлі де болса көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан. Мұның өзі қазан төңкерісіне дейін қазақтардың небәрі 30 пайызы ғана отырықшылыққа өтті деген ресми мәліметті бекіте түседі. Ата кәсіптің үстем болғандығы даусыз. Осыны Қошкенің өзі де «Казак елінің негізгі кәсібі – мал өсіру. Мал – казак тұрмысының айнасы. «Мал – адамның бауыр еті» деген мәтелден қазақтың бар өмірін жіктеп шығаруға болады» [1.87б], - деп баса көрсеткен. Дегенмен де өзге шаруашылықтың етек жая бастағанын автор былай сипаттаған: «Егін салу да негізгі кәсіпке айналып барады.

Есіл, Нұра, Шу, Ертіс, Жайық өзендерінде, Қорғалжын, Зайсан, Арал, Балқаш көлінде, Каспий теңізінде балық көп ауланады.

Бақшашылық Ертіс бойындағы орыс қалаларында бар. Казак та бақшашылыққа кірісе бастады.

Аң аулау бұрын Семей губерниясында, Ақтөбе, Ырғыз уездерінде жақсы кәсіп еді. Ақмола, Атбасар уезінің қазақтары да аздап аң аулайды.

Бұрын Семей, Торғай облыстарында кілем, шәлі тоқитын. Осы күнде Қызылжар, Көкшетау уездерінің қазақтарында шәлі тоқу бар» [1.87-88 бб].

«Фабрик-зауыт кәсібі казак жерінде жоқтың қасы. Кен қазатын зауыттардан жүріп Екібас пен Риддер, Кереку, Елек айналасынан тұз алынады. Жем бойында жермай шығарылады... Кен қазу жұмысын өркендету керек деген

жоспар көп. Бірақ темір жолсыз жоспардың іске асуы екіталай. Қазақ жерінде темір жолдың жоқтығына дәлел: 10 мың шақырымға жол ғана келеді»[1.90б],|- деген мәліметтері қазақ даласындағы өнеркәсіптің жағдайын шынайы сипаттайды. Қазақтың табиғи байлығын империяның емін-еркін билеп, төстеп, өлкені өзінің шикізат көзіне айналдырғанын ашып айтпаса да автордың ойы зерделі оқырманға айдан анық байқалады.

Халық санының динамикасын «1920 жылғы есепте қазақ жерінде 857.480 түндік үй бар. Мұның 100-ден 53-і қазақ үйі, 47-і орыс үйі» [1.87б] болған деп көрсеткен. Қ. Кемеңгерұлы көрсеткендей, Қазақстанның 5 058 553 халқы жеті губерния, бір уезде тұрған. («Жетісу мен Сырдария облыстарының қосылуы қаралып жатыр» деп жазған) Оның 2 536 262- сі ер адамдар, 2 522 291 - әйел. 4 662 036 -сы ауылда, 396517-сі қалада мекен еткен [1.89б]. 1916 жылғы статистиканы төрт облыс: Орал, Торғай, Ақмола, Семей бойынша кесте түрінде берген.

1921- 22 жылғы ашаршылықтың апаты бес губернияны шалып, бүкіл жанның үштен екісі ашығып, орасан шығының болғандығын, мал басының кемігендігін нақты мәліметтер арқылы дәйектеген.[1.90б].

Бұдан соң Түркістан автономиялы республикасын сөз еткен Қ. Кемеңгерұлы оның трихта алатын орнын, маңызын ашып көрсеткен. Қошкенің ол жайында қысқа да нұсқа «Түріктің алтын бесігі - Алтай, ер жетіп, өсіп-өнген ордасы - Түркістан.

Кир, Македонский, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Надыршах ойнағы болған Түркістан. Талай ердің бақытын жалын қылып, аспан өрлеткен де, құл қылып өшірген де Түркістан. Керуен сауданың күшті кезінде мәдени орда атанып, Батыс пен Шығысты бір-біріне қабыстырып дәнекер қылған Түркістан» деп жазғандарының мазмұны терең. Тарихта Түркістанның өркениетті рөл атқарып, аты әлемге танылғаны белгілі. Бұл бұлтартпас шындық.

«Түркістанның мәдени шырайын бұзған - өзбектер. Бұлардың ішінде мәдениетті көтермелеген жалғаз Ғабдолла хан (1583 жыл) болды. «Азған елге жалған би болады» дегендей, баққұмар хандар, дін сатқан молдалар Түркістанда тоздырып, Бұқара, Хорезм, Қоқан сияқты хандықтарға бөліп саудалап кеткен» деген ғалым тұжырымы батыл да, шынайы [1.91б]. Түркістанды Ресей империясының жаулап алуын автор былай сипаттаған: «Түркістанның өзінің ішінің ала болып, қиян-кескі жауласып жатқан кезін отаршыл Ресей өкіметі пайдаланды. Ресейдің Түркістанға көз алартқаны қу құлқыны: 1. Индияға жол ашу. 2. Мәскеу байларының пұлы өтетін базар қылу. 3. Келімсек орнату» [1.91б]. Шындығында да империяның көксегені Үндістанға апаратын қақпаны ашу, Орталық Азияны өзінің тұтыну рыногына айналдыру, қарашекпенділерді орналастыру болатын. Белгілі ғалым П.Г.Галузо ХІХ-ХХ ғасырлардағы орыс зерттеушілерінің еңбектеріне сыни баға беріп, олардың патша өкіметінің жаулап алу саясатын бүркемелеп, жасырын көрсеткендігін ашып айта келіп, империя саясатының Қазақстан, Орта Азия яғни мешеу қалған, жабайы, алауыздыққа толы елдері үшін прогрессивті еместігі туралы әділ тұжырым жасаған[5]. Тіпті шетелдік авторлар әрқашан патшалық империяға кірудің ерікті және прогрессивті сипатын жоққа шығарумен болды.

“Русское завоевание Средней Азии: трансформация и аккультурация”, “Интерпретация завоевания царской Россией Средней Азии и Кавказ”, “Среднеазиатская экспансия России в свете новейшей советской интерпретации истории”, тағы сол сияқты еңбектерінің атауларынан-ақ көрініп тұрғандай шетелдік ғалымдардың көпшілігі Түркістанның Ресей империясына қосылуының әскери сипатын баса көрсетті [6].

Орталық Азияны да шикізат көзі ретінде пайдаланған патшалық Ресей өлкені мақта өсіретін аймаққа айналдырып, қыруар пайда тапты. Қалыптасқан жағдайды Қ.Кемеңгерұлы дөп басып айтты. «Мақта айналасындағы өзбектің ескі тұрмысы барлық тігісінен ыдырап, жерсіздік, аз жерлілік көбейіп еді. Ферғана облысы түгелімен капиталшылар қолына кірді. Жетісуға келімсек толды. Қазақ жерінен айрыла бастады. Мақта шаруасы далиған сайын сауда комиссионері жем қылды. Жергілікті халықтың көбі кедейленіп қалды» дегені осының айғағы. Мұндай тұжырымға отандық тарихшылар былай тұрсын мұрағат құжаттарынан алшақ шет елдік зерттеушілер де келген. өздері Мысалы, С.Беккер “Орыс отарлауы даланың дәстүрлі экономикасына драмалық импульс ретінде ықпал етті. 1906-16 жылдар арасында ортаазиялықтардың егістік жерлері төрт есеге қысқарды...бірақ олардың көпшілігінің жер бөліктері аз немесе мүлде болмады”,- деп көрсетті[6]. Мұнымен қоса жергілікті халық патшалық өкіметтің арзан жұмыс күшіне айналды. Қошкенің назарына бұл мәселе де тыс қалмағандығын мынадан көреміз: «Жергілікті халықтан жұмыскер көбейді. Фабрик-зауытта 100 жұмыскердің 23-і ғана орыс, қалғандары – жергілікті болды. Ақыны мол алатын, жұмыстың жеңілін істейтін орыс жұмыскері болған»[1.916].

Автордың «Түркістанның жер аймағы - 1 299 168 шаршы шақырым. Жан есебі – 7 201 551. Мұның 3 861 709 - ы еркек, 3 339 842 - і әйел. Тұраққа бөлгенде 6 130 400 жан – қалада, 1 071 151 жан ауылда тұрады.

Түркістанда қазақ-қырғызы – 1 577 341 жан. Мұндағы қазақтар Ұлы жүз бен Орта жүз. 1916 жылығы өкіметтің қанды қырғындарынан Жетісудағы 1 925 000 қазақтан 1920 жылға 500 мыңдай ғана қалды. Көбі қосшы ұйымына кіріп кетті»[1.946] деген мәліметтері оның көп ізденгенінен хабар береді. Мұндай мәліметтер тек мұрағат қорларынан ғана табылады.

Бірінші орыс төңкерісінен кейінгі Түркістандағы ахуалды «Қаладағы мұсылман оқығандары да 1905 жылдан бастап ұлттық сезімін көтере бастады. Мәдениет тарата бастады. Үздік-создық газет шыға бастады» [1.956], - деп жазды. Дегенмен Түркістанның өзіндік ерекшеліктерін көре алған зиялы тың дүбірлі оқиғаның орын алғанына қарамастан оның діни сипатының өзгере қоймағандығын нақты жеткізді. «19 ғасырдың аяғында Гаспринскийдің «Таржимасы» Түркістан жастарын оятып, жәдиттер тобын тәрбиелей бастады. Жәдиттер кадимдермен көп күресті. Соңғылары түзеуге қарсы болды, араб, грек схоластикасының мектептерде оқылуына қарсы болған жәдиттерге дінсіздік мөрін басты. Жәдит басшылары татар, қазақ оқығандары болды. Бірақ жәдиттер қанша жаңалық кіргіземіз дегенімен мың жылдан бері ексілікпен шіріген, тасбих, зікірмен уланған Түркістанды жаңа жолға сала алмады. Жаңа пікір бұқара жұмыскер арасына сіңе алмады»[1.956]. Ал ақпан төңкерісінен

кейінгі оқиғаларды өз көзімен көрген Қошке тарихи куәгер ретінде жағдайды мүлтіксіз сипаттады. «... Алғашқы кезде қазақ, қырғыз, өзбек бұқарасы түгіл Түркістанның орыс жұмыскерлері, солдаттары төңкерісті «өздерінше ұғынып, мұсылмандардың еншісіне бергісі келмеді...Мұсылман ғұламалары дінді перделеп, өзара «Жұмһүрият ұлама» деген ұйым ашып, лай судан балық аулап, Түркістанда дін өкіметін жасауды көздеді. Жәдиттерге қарсы болып, орыстың монархистерімен одақтасты. Жәдиттер «Шура исламның» қоғамында болды. Ходжент, Самарқан, Қоқандағы мұсылман жұмыскерлері Советке де кіре бастады».

Бұдан соң Гор, Дағыстан, Қырым, Якут, Бурят-монғол автономиялы республикалары, Карел, Чуваш, Мари (шерміс), Уот, Қалмақ, Коми, Қабарды-Балқар, Карачай-Черкес, Шешен автономиялық аймақтары және сол кезде Кеңес Одағының құрамына енген Әзербайжан, Белорус, Украина, Әрмения, Грузия советті социалды республикалары, Хорезм(Хиуа), Бұқара советті халық республикалары туралы қысқаша жазған. Жалпы саны 35 ұлт жөнінде кейбір тұстары ешбір деректерде қайталанбайтын мәлімет берген.

Қ. Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан» және «Бұрынғы езілген ұлттар» еңбектерінің маңызы өте зор, өйткені автор тек төл тарихымыздың айтулы тұстары, ұлттар жөнінде мәліметтер беріп қана қоймай, келтірілген деректерге байланысты өз ой-тұжырымдарын қоса көрсеткен. Ұлттық мүдде тұрғысындағы пікірлері тек шынайылығымен ғана емес қайталанбастығымен ерекше. Сондықтан да оларды ғылыми айналымға ендіріп, өткенімізді таразылап, болашағымызды болжау мақсатында пайдаланғанымыз абзал.

1. Кемеңгерұлы Қ. Бұрынғы езілген ұлттар. - М., 1925.
2. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығы. - Алматы., 1996; Қинаятұлы З. Ақ Орда. - Астана., 2001.
3. Қозыбаев М. Қазақстан тарихындағы ақтаңдақтар. - Алматы., 1992; Мәшімбаев С. Қазақстандағы патша өкіметінің отарлау саясаты. - Алматы., 2001.
4. Абдиров М. История казачества Казахстана. - А., 1996.
5. Галузо П.Г. Туркестан - колония. - Ташкент: Госиздат УзССР, 1935.
6. Лаумулин М.Т. История Казахстана конца XIX начала XX в. в зарубежной историографии.// Известия АН РК, Серия общест. Наук, 1992, №5. – С. 38-46.
7. Несипбаева К.Р. Современная англо-американская историография русской экспансии и колонизации центральной Азии и Казахстана (XIX- начало XX в). - Алматы., 1997.

М.Тынышпаев және қазақтың этникалық тарихының мәселелері

Қазақ тарихына қатысты көптеген зерттеулер жазылғанымен олардың барлығы дерлік этностың саяси, шаруашылық, мәдени баянын көрсетуден аса қоймады. Қазақ халқын құраған ру-тайпалардың өткенін шұқшия зерттеп, там-

тұмдап деректер жинауға ықылас танытқандар бірлі-жарым, санаулы ғана. Қазақтың этникалық тарихына біршама көңіл қойып, салиқалы еңбектер жазған көбінесе орыс ғалымдары. Қазақ зерттеушілерінің арасынан ру-тайпалардың тарихын зерттеуге үлес қосқандардың бірі - Мұхамеджан Тынышпаев. Ол - қазақ тарихының, соның ішінде этникалық мәселелерді зерделеген бірнеше зерттеудің авторы. Өзі кәсіпқой тарихшы болмаса да туған елінің өткеніне, шығу тегіне, ру-тайпалық құрылымына үлкен мән беріп, жиған-тергендерін хатқа түсіріп, ой-тұжырымдарын жазып кеткен.

М.Тынышпаевтың тарихи, этникалық көзқарастарын айтпас бұрын оның өмірбаянына қысқаша тоқталып өтейік.

Мұхамеджан 1879 жылы 12 мамырда Жетісу облысы Лепсі уезінің Мақаншы-Садыр болысында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген.

Мұхамеджанның шыққан тегі Найман тайпасының Садыр руы. Оның жеке шежіресі мынадай: Найман – Төлегетай – Садыр – Тоң – Түгелбай – Жанатай – Жәдік, Діңгеліс, Тәуімбет – Жомарт – Тасболат – Бектау – Түйте – Алдеке – Тынышпай.

Айта кетерлік бір жайт, Мұхамеджан Найман, соның ішінде Садыр руының шежіресін тарқатып, өзінің аталарын толық көрсеткен. Біз келтірген Мұхамеджанның шығу тегі осы шежіреден алынды.

Ауыл молдасынан сауатын ашқан Мұхамеджан Барлыбек Сыртановтың тікелей көмегімен Верныйдағы ер балалар гимназиясына оқуға түседі.

Мұхамеджанды оқуға аттандырып тұрып: “Жолың болсын, балақай! Қазақтың көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарының көбеюі өте қажет. “Білікті бірді жығады, білімді мыңды жығады”. Қараңғы қазақтың күні қараң, осыны зердеңе сақтап жүр”, - деп өсиетін айтқан[1].

Зерек әрі білімпаз бозбала 1900 жылы аталған гимназияны алтын медальмен бітірді. Гимназияны тәмамдаған соң сол жылы Мәскеудегі жол қатынасы институтына оқуға түсті. Мұхамеджанның ізденімпаздық, жан-жақтылық қасиеттерін көре білген Верный гимназиясының директоры Жетісу облыстық әскери губернаторына өтініш жолдап, жеткіншек Тынышпаевты “тамаша шәкірт қана емес, нағыз талант иесі” екендігін мәлімдеп, жоғары оқу орнында білім алуына арнайы стипендия бөлуді сұраған.

Студент кезінен қоғамдық-саяси өмірге белсене араласқан Мұхамеджан институтты бітіргеннен кейін де отарлық биліктің озбыр саясатына қарсы күрес жүргізді. Ұлт зиялысы Екінші Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланды. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін М.Тынышпаев Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті құрамына мүше болып тағайындалған. Бірінші жалпықазақ съезіне қатысып, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылса, Екінші жалпықазақ съезінде Алашорда үкімет құрамына сайланды. Алаш қозғалысына белсене араласып, елінің дербестігі мен тәуелсіздігі үшін қажырлы, табанды күрес жүргізді.

Теміржолшы, оқытушы қызметтерін ұштастырып, ұлтжанды азамат кеңес өкіметінің шаруашылық саласында кәсіби шеберлігін шыңдады. Сонымен бірге Мұхамеджан Тынышпаев ғылыми жұмыспен де белсене айналысып, терең зерттеулер жүргізіп, бірқатар еңбектер жариялады. “Материалы к истории

киргиз-казахского народа”, “Великие бедствия...”, “История казахского народа” атты шығармаларында қазақ тарихының көне дәуірінен бастап қазіргі заманға дейінгі күрделі мәселелерінің түйінін шешуге талпыныс жасаған. Еңбектердің бір ерекшелігі – автор оларды жазуда ұлттық мүддені, шынайылық, тарихилық принциптерін ұстануға ұмтылған.

Мұхамеджанның жарық көрген еңбектерінің ішінде “Материалы к истории киргиз-казахского народа” деген зерттеуі қарастырылған мәселелерінің ауқымдылығымен, бұрын-соңды зерттеушілер назарынан тыс қалып келген проблемаларды көтеруімен, автордың өзіндік ой-тұжырымдарымен ерекшеленеді. Ұлт зиялысы қазақ халқының шығу тегі, ру-тайпалық құрылымы, таңбалары мен ұрандары тәрізді күрделі мәселелерді терең зерттеп, қазақ руларының шежірелерін тарқатқан.

Тарихшы-ғалым өз ізденістерін жүргізуде орыс зерттеушілерінің, соның ішінде В.В.Вельяминов-Зерновтың, А.И.Левшиннің, Н.А.Аристовтың еңбектеріне сүйенді[2]. Осы зерттеушілердің шығармаларындағы ой-тұжырымдарға сын көзбен қарап, кемшіліктері мен олқылықтарын ашып көрсеткен. Ғылыми талдаудың негізінде салмақты да салиқалы пікір танытқан.

Қазақ халқының шығу тегіне және ру-тайпалық құрылымына қатысты М.Тынышпаев: “...Қырғыз-қазақтар, баршаға белгілі болғандай, үш ордадан тұрады”, - деп жазған [3]

Айта кетерлік бір жайт, ғалым өзінің зерттеулерін көбінесе орыс тілінде жазған. Осыған орай тарихшы-ғалымның еңбектерінен алынатын сілтемелерді сол қалпында өзгертпей, орыс тілінде беруді жөн көрдік.

Қазақ халқының үш жүзге бөлінетінін айта келіп, жетісулық ғалым олардың құрамын былай көрсеткен: “...Старшую Орду составляют: 1) уйсын (отделения – дулат, адбан, суан, сарыуйсын), к которому пристали чапрашты, ошакты, сты и сргелы; 2) джалаир; 3) канлы, к которому присоединился чаншклы – Среднюю Орду составляют: 1) аргын, 2) найман, 3) кыпчак, 4) конрат, 5) уак, 6) керей.

Младшую Орду составляет алчын, состоящий из 3 групп: 1) байұлы (адай, берш, алтын, джаппас, есентемр, таз, байбакты, тана, маскар, алача, кызылкурт, черкеш и ссык).

2) Алим-улы (алим, чомекей или кете).

3) Джетыру, т.е. семиродцы (табын, тама, джагалбайлы, телеу, кердери, керейт и рамадан)” [3].

Үш жүздің ру-тайпалық құрылымы бойынша тарихшы-зерттеуші аталған тайпалардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, олардың шығу тегі мен тарихи баянына сипаттама беріп өтеді.

Автор жүздердің шығуы ерте кездермен, дәлірек айтсақ, Алтын Орда кезеңіне сәйкес келетіндігі туралы пікір білдіреді. Осыған орай өз ойын былайша түйіндейді: “Джузи или Орды имеют, по нашему, более древнее происхождение главой Улуса Джочы считался старший сын Джочы Орда-Ежен (так называемая “Белая Орда”); занимавшая восточную часть Улуса; это старшая линия. В нее входили джалаиры, канлы, другие более мелкие роды (между прочим дурмены, ушедшие в Узбекию) - это Старшая Орда.

Уйсыны, аргыны, найманы, керей были тогда в Чагатаевском Улусе.

...на западе утвердилась младшая линия – это Младшая Орда.

В промежутке между владениями Орда-Ежена и Токай-Темыре находились владения средних сыновей - Батыя и Шейбака, по смерти последнего батыевца остался дом только Шейбака. На этом пространстве кочевали кыпчаки, конраты, магыты, ширины, барины (последние 2 рода ушли частью в Казань, частью в Крым) – это Средняя Орда. Найманы, аргыны и керей после ухода от чагатаидов поселились в средней части Улуса, во владениях средних сыновей; потому они и состояли в Средней Орде”[3.56-57бб].

М.Тынышпаевтың этникалық шолуын кәсіби тарихшылар қазақ ру-тайпаларының этнонимін, ежелгі дәуірдегі тарихи бастауларын, орналасқан жерлерін, орта ғасырлардағы тағдырын, Қазақ хандығы құрамындағы орнын, ата қоныстарын айқындау үшін пайдаланады. Осы турасында теміржолшы инженердің жазғандары құнды тарихи дерек болып табылады.

Әрбір жүздің ру-тайпалық баянында Мұхамеджанның өзінің тайпасы Наймандар туралы біршама жазылған. Ғалымның Наймандар жөніндегі берген мәліметтері тайпаның тарихын терең зерттеуге мұрындық болады. Тарихи деректерге негізделіп баяндалған Наймандар жайлы жазбасында автор оларды моңғол текті тайпалардың қатарына жатқызады. “В 8 веке в китайской истории найман упоминается как племя, живущее к югу от оз.Байкал; в 850 годах обитали от верховьев Орхона до Таримского бассейна с одной стороны и Черного Иртыша с другой. Из географического положения мест, занятых найманами, видно, что они все время жили в среде монголов; ввиду того, что к монголам отнесены и аргыны, жившие гораздо западнее, правильнее считать найманов за монгольское племя”[3. 14-15бб].

Шын мәнінде Наймандар түркі тілдес тайпалар одағы болып саналады. Ғылымда Наймандардың шығу тегіне байланысты әртүрлі пікірлер орын алған. Түркі тіліндегі руна жазуларының, қытай тіліндегі жазба деректердің т.б. негізінде Наймандардың түркі тайпаларына жататындығы дәлелденген. Наймандарды “сегіз оғыз” тайпалары деп те атаған, өйткені олар оғыз, қарлұқтар тәрізді түркілер болып есептелген. Наймандардың түркі тайпасына жататындығын біз ғылыми еңбегіміздің бірінші кітабында ғылыми түрде түрлі көзқарастарды салыстыра отырып дәйектегенбіз[4].

М.Тынышпаев орта ғасырларда Наймандардың ұлыстардың қоғамдық өмірінде айтарлықтай орын алғандығын Әбілғазының, Мұхамед Салихтың т.б. еңбектеріне сүйене отырып дәлелдейді. Өз ойын автор: “...целых 100 лет (с 1500 по 1600 и как далее увидим, даже до 1625) на протяжении от Мерва и Балха до низовьев Сыр-Дарьи и даже несколько дальше найманы играли крупную политическую роль, они опирались, очевидно, на свое численное превосходство над многими другими родами”, - деп қорытындылаған[3. 17б]. Наймандардың қоғамдық өмірдегі белсенділіктері мен елеулі рөлін олардың санының өзгелерден басым тұруымен түсіндірген.


Шын мәнінде Наймандар кейінгі ортағасырларда саны жағынан үлкен тайпалардың бірі болған. Саны жағынан басымдылықты олар ХХ ғасырдың бас


кезіне дейін жоғалтпаған. Наймандар тарихын терең зерттеген ғалым-тарихшы З.Қинаятұлы олардың саны 1,6 млн. адамға жуық екендігін дәйекті түрде көрсеткен [5. 96Б].

Қазақ хандығының құрамына енгеннен кейінгі Наймандардың көші-қон аймағын ғалым: “... В 1680 годах найманы заняли Каратауские горы от гор.Аулие-Ата до Ташкента с одной стороны и до впадения р.Арысь в Сыр-Дарью. Небольшая часть жила на левом берегу Сыр-Дарьи”, - деп көрсеткен.[3. 17Б]. Наймандардың орналасқан аумағын айқындауда тарихшылар ғалымның осы пайымдауын басшылыққа алады.

Мұхамеджан ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы Наймандардың ата қоныстарын көрсете отырып, олардың Семей, Жетісу өңіріне көшіп кеткендеріне назар аударады. “В 1758-1760 годах найманы уже занимали от р.Токраун в Каркаралинском уезде до Алтая и Джунгарских гор; последнее передвижение произошло около 1810 года когда найманы покинули Каркаралинский уезд и Чингис-Тау, и ушли на юг”, - [3.18б] деп жазғаны айтқан ойымызды бекіте түседі.

М.Тынышпаев қазақ ру-тайпаларының тарихын зерттеу ісінде шежіреге ауызша тарих айтудың дерегі ретінде қарап, барлық дерлік тайпалардың шежірелерін тарқатқан. Солардың арасында Найман шежіресіне байыппен қарап, оның Терістаңбалы (Кетбұқа), Сарыжомарт (Ергенекті), Төлегетай тайпаларынан Балталы, Бағаналы, Көкжарлы, Бура, Қаратай, Қаракерей, Матай, Садыр руларын атап, олардың ру тармақтары мен аталарын көрсеткен. Өзінің Садыр руының шежіресін былайша тарқатқан:





Жетісулық тарихшы-ғалым қазақ ру-тайпаларының ұрандары мен таңбаларын ескертпелерімен қоса көрнекті түрде көрсетіп берген. Ғалым Найман руларының таңбалары мен ұрандарын жеке-жеке атап, мына төмендегідей етіп көрсеткен:

Рулардың атаулары	ұраны	таңбасы		ескертпе
		сызбасы	атауы	
Найман	Қаптағай	???	Шөміш	Қаптағай ХҮІІ ғасырдың бас кезінде өмір сүрген
Бағаналы		???	Бағана	Ру атаулары таңбаларына байланысты шыққан
Балталы		???	Балта	Ру атаулары таңбаларына байланысты шыққан
Қаракерей	Қабанбай	???		Қабанбай ХҮІІІ ғасырдың ортасында өмір сүрген
Матай	Берібай	???		Берібай...
Садыр	Алдияр	???		Алдияр...
Сарыжомарт		???	Ергенек, Ай	Таңбасы ??? таңбасы бойынша ергенекті деп аталады[3. 28-29бб]
Терістаңбалы		???		
Бура		???		

М.Тынышпаев өзінің еңбектерінде қазақ халқының шығу тегіне ықылас танытып, терең зерттеуге ұмтылған. Осы мәселеде салмақты пікір таныту

мақсатында Крафт, В.В.Вельяминов-Зернов, Вамбери, Әбілғазы, Бабыр, Рашид ад-Дин, Хондемир т.б. зерттеушілер мен ғалымдардың еңбектерімен жете танысып, қазақ халқының шығу тегін, қазақ этимологиясын ғылыми түрде түсіндіруге тырысқан. Ұлт зиялысының мұндай ұмтылысын мынадай пікірінен анық байқауға болады: “По вопросу о происхождении киргиз-казаков существует два мнения: 1) Вамбери считает их за прямых потомков древних кософов или казаков, о которых упоминает Константин Порфирородный и персидский поэт Фирдоуси; но он не устанавливает генетической связи между казаками Константина и Фирдоуси и казаками 15 века; 2) почти все остальные авторы считают, что казаки появились на историческую сцену только в половине 15 века и отвергают мнение Вамбери на том простом основании, что между двумя “казаками” нет никакой связи. Чулошников дословно повторяя доводы своих предшественников, желая придать своим словам особую авторитетность, заявляет, что “всякие попытки искать самостоятельное существование казахской народности ранее 15 века заранее обречены на неудачу...”, если казаки 10-11 веков вошли в состав позднейшего казахского народа, то во всяком случае совершенно случайно. Как будет видно на дальнейшего, мы не можем удовлетвориться слишком схематически – простым выводом Вамбери, с одной стороны, или согласиться с недостаточно обоснованными мнениями остальных авторов. Категорическое заявление Чулошникова не основано на каких-либо научных данных, так как оно не является исчерпывающим результатом самостоятельных исследований трактуемого вопроса”[3.31-32бб].

Тарихшы-ғалым М.Х.Дулаттың, В.В.Бартольдтың, Ш.Уәлихановтың т.б. зерттеулеріндегі қазақ сөзінің шығу тәркінін талдай отырып, сондай-ақ, аңыз-әңгімелердің мазмұнына зер сала келе, “... народу название дается обычно соседями”, - деп [3.40б].түйіндеп, қазақ атауын оған көршілері берген деген қорытынды жасайды. Ғылыми талдауының соңында: “... киргизы названы казаками не потому, что они были разбойники, бродяги, вольны и т.д.; и комментаторы просто введены в заблуждение кем-то.

Искать значение слова “казак” также бесполезно, как и попытка найти значения слов – русский, араб, француз, англичанин и т.д.”, - [3.41б].деген тұжырымға келеді.

М.Тынышпаев зерттеушілердің негізінен деректерден қазақ сөзін ғана іздестіргендерін және оны әр түрлі кезеңдерде түрлі түрік-моңғол тайпаларын біртіндеп біріктірген негізгі тайпа ретінде жобалағандарын атап көрсетті. Тарихи зерттеулер мұның негізсіздігін, мұндай тайпаның шын мәнінде тарихымызда болмағанын айқын байқатып отыр.

М.Тынышпаев өзінің зерттеулерінде Қазақ хандығының құрылуына арнайы тоқталады. Қазақ хандығының құрылуы Алтын Орда тарихымен тығыз байланысты екендігін баса көрсеткен ғалым Орда хандары Батый, Мамай, Тоқтамыс, Ұлуғ-Мұхамед туралы айтып өтеді. Алтын Орда ыдырағаннан кейін пайда болған мемлекеттік құрылымдардың ерекшеліктерін айқындай келе автор былай деп жазады: “... 1) Ханства, возникшие в 15 веке на развалинах Золотой Орды, не считались еще самостоятельными единицами, независимыми друг от

друга; каждое из них стремилось захватывать территории соседей, а некоторые из более крупных принимали все меры к ослаблению или даже уничтожению Сарайского Ханства, чтобы самим занять его место. В дальнейшем эта лихорадочная борьба за власть и присоединения обратилась в бесконечные междоусобные войны, которые в свою очередь ослабили отдельные ханства...”[3. 446].

Ғалым тұжырымынан көрінетіндей, Алтын Орданың ыдырау процесі кезінде құрылған мемлекеттер билік үшін талас пен алауыздықтың салдарынан дербес, мықты құрылымдар бола алмаған. Олардың екінші ерекшелігі – Мұхамеджанның пікірінше ру-тайпалар үнемі бір орыннан екінші орынға көшіп отырған. “2) Этот период особенно богат передвижениями племен, так как переходы с одного конца на другой Тохтамыша и его детей, Улу-Мухамеда, Джаныбека, Шейбакидов, потомков Едыге не могли совершаться без того, чтобы с ними не уходили наиболее преданные им роды”, - [3. 45] деп автор өзінің ойын бекіте түседі. Ру-тайпалардың жиі қоныс аударуы қазақ халқына да тән болған. Олар батысында Қырым, шығысында Алтай таулары, солтүстігінде Сібір, оңтүстігінде Мауереннахр жерлеріне дейін жеткен.

М.Тынышпаев Қазақ хандығының құрылған уақытын 1456 жыл деп санайды. Осындай тұжырымға келуде ғалым Мұхамед Хайдардың “Тарих-и Рашидиіне” сүйенеді. Автордың: “... Джаныбек и Гирей ушли в 1456 году на границу Моголистана в местность, известную в настоящее время под именем Хантауских гор...”, - [3.456]. дегені осының айғағы. Ғалым-тарихшы хандықтың күшейген кезін 1465 жыл деп есептейді. Сөзіміз дәлелді болу үшін Мұхамеджанның жазғанын келтірейік: “... усилились они (Жанибек и Керей - авт.) по смерти Абулхаира (1465 г.), когда значительная часть кочевников, подвластных Абулхаира, присоединилась к ним...” [3. 456].

Кейбір тарихшылар осы көрсетілген уақытты Қазақ хандығының күшейген емес, құрылған жылы деп қабылдайды. Өкінішке орай, Қазақ хандығының құрылу уақыты тарихнамада даулы мәселе болып табылады, өйткені зерттеушілер Қазақ мемлекеттігінің құрылған уақытына келгенде әртүрлі көзқарас танытады. Осыған орай, Қазақ хандығының құрылу мерзімі туралы ғылымда ортақ тұжырым әлі қалыптаспаған. Дегенмен тарихшы-ғалымдардың біразы Қазақ хандығы 1465-1466 жылдарда құрылған деген пікір білдіреді.

М.Тынышпаев Жәнібек, Керей, Бұрындық хандарға тоқталып, Қасым ханның билігі жайында айтып өтеді. Хақназар ханның тарихтағы рөлін ғалым: “... он объединил разрозненные племена и роды, бывшие с разными мелкими ханами, так и вследствие присоединения и казакам значительных групп ногаев” - деп көрсетеді. [6].

Қазақ хандығының нығаюын оның құрамына келіп қосылған тайпалармен байланыстыра отырып тарихшы-ғалым: “Если Казакское Ханство при Джаныбеке было одним из уделов ханов Золотой Орды, то оно сделалось самостоятельным при Хак-Назаре, и получило полное законченное устройство при Есым-Хане. Во времена Есым-хана в 1625 году присоединились найманы, бывшие в Хивинских владениях и только конраты пристали в середине 18 века,

оторвавшись от Бухары”, - деп жазады [3. 516]. Автор тұжырымынан бір жағынан Қазақ хандығының даму үрдістері байқалса, екінші жағынан қазақтың жекелеген ру-тайпаларының мемлекет құрамына қосылулары туралы нақты мәлімет беріледі. Мәселен, үйсіндердің Қазақ хандығына келіп қосылуын былай баяндайды: “Приставшие с восточной стороны от чагатаидов уйсыны, разумеется, могли быть приняты только в Старшую Орду. Этим поздним вступлением их в Старшую Орду, по нашему объясняется то, что уйсыны, несмотря на свою подавляющую численность в сравнении с другими старше-ордынцами (они составляют около $\frac{3}{4}$ Старшей Орды) считаются ниже джалаиров, после джалаиров вторым считается еще боле малочисленный род Ошакты и только 3-е место занимает уйсын (дулат, адбан, суан, сары-уйсын, чапрашты). Этим также легко объясняется то, что когда найманы вернулись в Казахское Ханство, они по старой сохранившейся традиции вошли в Среднюю Орду.

Тоже самое оказалось и с конратами, которые пришли в район среднего течения р. Сыр-Дарьи, когда средне-ордынцев здесь не осталось”[3. 576].

Айта кетерлік жайт, М.Тынышпаевтың тарихшы ретінде білгірлігі оның “Отзыв о труде А.П.Чулошникова по истории казак-киргизского народа” атты еңбегінен айқын көрінеді. Ол мұнда аталған тарихшының қазақ халқын құраған “қоңырат”, “жалайыр”, “найман”, “керей” руларының тағдырындағы Шыңғысхан рөлі туралы көзқарастарындағы қателіктерді орынды байқаған. Мысалы, мұнда М.Тынышпаев деректер негізінде қоңырат руының Шыңғысханға шеше жағынан туыстығын, ал Шыңғысханды керей тайпасынан шықты деген А.Б.Чулошников көзқарасының тарихи деректер тұрғысынан негізсіздігін, сондай-ақ, аталған тарихшының Шыңғыстың наймандармен одақ жасағаны туралы көзқарасының да қателігін атап көрсеткен[7].

Болашақта қазақ халқын құраған, қазақтың халық болып қалыптасуына бастау болған тайпалар мен рулар тарихын біздің “Алаш” тарихи-зерттеу орталығы терең зерделеп, Шыңғыс хан дәуіріндегі атқарған рөлін, алар орнын тайға таңба басқандай дәлелдеп берері сөзсіз.

М.Тынышпаев жүз ұғымының мән-мағынасына назар аударып, оның дүз деген көне түркі сөзінен алынғандығы, ол қазақ тіліне бекініс, орда болып аударылатынын түсіндірген [3. 576].

Сондай-ақ, тарихшы Алаш ұғымының да мәнін ашуға ұмтылған.

Мұхамеджан Тынышпаев “алаш” сөзінің айналасында біраз пікірлер айта келе, бұл ұғымның “алшын”, “ноғай”, “қазақ” және т.б. атаулармен қатар кездесетініне, сондай-ақ, “алаш” ұранының көптеген түркі руларына тән екенін айтады. Ол моңғолша бұл “кісі өлтіруші” деген ұғымды білдіретінін баса айтқан еді. Осы негізде ол “Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда” және “Алты алаш” деген түсініктердің бар екендігін көрсете келіп, олардың мазмұнын түсіндіруге арнайы назар аударады [7. 174б].

М.Тынышпаевтың пікірінше “алты Алаш” деген сөз Тәуке ханның тұсында қолданыста болған. Бұл пайымдауын автор: “... Тауке-Хану кроме 3 казакских орд подчинялись кара киргизы, кара-калпаки и особая небольшая группа казаков из родов катаган, джайма и других. Представители последней

группы казаков, а также кара-киргизы и кара-калпака говорят, что объединяются с казаками не через казакские джусы, а через общий всем уран “алаш””, - деп бекітеді [3. 576].

Тәуке ханның тұсында алаштың алты тобын алты атақты билер билеген. Автордың пайымдауынша олар: Ұлы жүзде дулат тайпасының жаныс руынан Төле-би, Орта жүзде арғынның қаракесегінен Қаз дауысты Қазбек-би, Кіші жүзден әлім руының төртқара бөлімінен Әйтеке-би, жағалбайлы руынан Шеген-би, қара қырғыз - Қоқым-би, қарақалпақ - Сасық би, қатаған, жаймадан және т.б. есімдері белгісіз [3. 586].

Осы үш жүздің “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” жылдары бас қосқандығын айта келіп, ынтымақтастықтың арқасында Аңырақай шайқасында қазақтардың жеңіске жеткендігін баса көрсетеді [3. 204-205бб]. Біз осы оқиғаға байланысты М.Тынышпаевтың пайымдауларына тоқталуды артық деп санадық. Өйткені ұжымдық зерттеуіміздің қазақ-жоңғар қатынастары жайында баяндалатын тұсында М.Тынышпаевтың “Ұлы қасірет...” атты еңбегіне сәйкес пікірлері көрсетіліп, жоңғарларға қарсы азаттық үшін күрес жан-жақты ашылады.

Ұлт зиялысы сонымен қатар патша үкіметінің қоныстандыру саясатының қазақ халқының ұлттық мүддесін аяққа басушылық, дәстүрлі қазақ шаруашылығын бүлдірушілік сипатта болғанын өзінің еңбектерінде айқындап көрсете алды. Ғалымның осы мәселеге қатысты тұжырымдары мен пікірлері ғылым үшін орасан зор маңызы бар. Осыған нақты мысал ретінде М.Тынышпаевтың аталған мәселеге тікелей қатысты тарихи көзқарасына тоқталайық. Ол өзінің 1905 жылдың 19 қарашасында автономистердің I съезінде жасаған “Қырғыздар (қазақтар - авт.) және азаттық қозғалысы” атты баяндамасында патша үкіметінің қоныстандыру саясатының қазақтарды қиын жағдайларға ұшыратқанын “жер үшін жанжалдар, төбелестер және кісі өлтірулер орын алып отырғанын, қырғыздарды (қазақтарды - авт.) мал шаруашылығынан диқаншылыққа ауыспайды деп айыптайтынын, алайда олардың қарауына берілген жалаңаш далада және құмдарда адамдар тұрмақ, аңдар да өмір сүре алмайтынын” [8]. атап көрсеткен еді. Қоныстандыру саясатына байланысты қазақтардың халінің нашарлап, тұрмыс жағдайларының ауырлағанын баса айтқан. “Қырғыздардың мал шаруашылығының құлдырауы туралы мәліметтер тіптен адам сенбестей. Екіншілікпен айналысуға жер жоқ десе де болады. Осыдан келіп қырғыз (қазақ - авт.) халқының жаппай кедейленуге қарай неліктен жедел қарқынмен құлдырай бастағанын және таяу уақытта өздері тәріздес бақытсыз, көршілері башқұрттардың барлық жерлерде жаппай аштыққа және қырылуға ұшыраған тарихын қайталауға мәжбүр”, - деген тұжырымы осының дәлелі.

Осылайша біз ұлт зиялысы, төл тарихымыздың білгірі, ауызша тарих айту дәстүрін жетік меңгерген Мұхамеджан Тынышпаевтың қазақ ру-тайпаларына қатысты тарихи көзқарастарына тоқталып, талдау жасадық. Қорыта келе, ғалым қазақ тарихын зерттеуге қомақты үлес қосқан. Әсіресе, қазақтың ру-тайпаларының тарихын таразылаудағы рөлі айтарлықтай. М.Тынышпаевтың тарихи зерттеулері қазақ ру-тайпаларының өткенін зерделеуде мұрындық

болып, тарихшы-зерттеушілердің терең әрі мәнді ізденістер жүргізуге септеседі.

1. Өзбекұлы С. Барлыбек Сыртанов. -30 б.
2. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. – СПб., 1864; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. 2-басылуы. –А., 1996; Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. –СПб., 1897.
3. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. –Ташкент, 1925. -3 б.
4. Найман. 10-т. 1-кітап. –Алматы, 2007.
5. Қинаятұлы З. Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. -Астана, 2001. -96 б.
6. Қазақ хандығы: ол туралы не білеміз? //Алаш. 2006. №1(4). -13-15 бб.
7. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. -А., 2004. -180-181 бб.
8. Тынышпаев М. Киргизы и освободительное движение //История казахского народа. -25 б.

Ұлт зиялылары және тәуелсіздік идеясы

Тәуелсіздік, ол туралы түсінік те, идея да ықылым заманнан бері бүкіл адамзатты толғандырып, ұмтылдырып келген құндылықтардың бастысы болып саналады. Сондықтан да тәуелсіздік идеясы баға жетпес асыл қазына болып табылады. Осындай құндылықты Елбасы Астана қаласының он жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінде: «Жер бетінде қай халық үшін де тәуелсіздіктен ұлы мұрат жоқ. Болған да емес. Тәуелсіздік басқа қонған бақ. Тәуелсіздіктің арқасында ұлттық сана мен рух тіріледі», - деп атап көрсетті.[1].

Кез келген ел тәуелсіздік жолында аянбай күресіп, еркіндікте, бостандықта өмір сүруге күш-жігерін жұмсады. Мәселен, Америка Құрама Штаттарындағы тәуелсіздік, Азия, Африка елдерінің отарлық үстемдікке қарсы дербес мемлекет болу үшін күрестері тарихтың жарқын кезеңдерінің бірі екендігі даусыз.

Тәуелсіздік идеясы қазақ халқының да ХУІІІ ғасырдан бастап көкейкесті мәселелерінің бірі болды. Ресей бодандығын қабылдауға мәжбүр болған халықтың тәуелсіздік уақыт өте келе қол жетпес арманына айналды. Сол үшін де халық талай ұлт-азаттық қозғалыстар мен көтерілістерге шығып, батырлары, ел қамын ойлаған азаматтары тәуелсіздік жолында өз өмірлерін құрбан етті. Ұлтжанды, елжанды жақсы мен жайсаңдары ат үстінен түспей күн кешіп, түн қатты.

XX ғасырдың бас кезінде қалыптасқан қазақ зиялылары бодандық қамытын киген елінің хал-ахуалын терең түсініп, тәуелсіздік идеясын ту етіп көтерді. Біздің ғылыми мақала жазудағы мақсатымыз тәуелсіздік идеясының

қазақ зиялылары еңбектерінен көрініс табуын көрсетіп, сол шығармалардағы басты тұжырымдарды талдау болып саналады.

Бостандық пен тәуелсіздіктің мәнін ұлт зиялылары «Қазақ» газеті арқылы халық санасына сіңіріп, елдің назарын осы мәселеге аударуға тырысты. «Алаштың талапты азаматтарына» деген «Қазақ» газетінің кезекті санындағы «Қыр баласының» мақаласында тәуелсіздіктің өзектілігі жайында былай деп жазылды: «Бостандық, теңдік, туысқандық ХУІІІ ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерлері. Осы үш түрдің бәрі біздің шарифаттан, інжілден, будда оқуынан, Лев Николаевич Толстой философиясынан табылады... Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ...» [2].

Қазақ зиялылары үшін тәуелсіздік идеясы 1917 жылы аса өзекті болды, өйткені Ақпан революциясы халыққа бостандық пен теңдік берді деп ұғынды. Патша тақтан құлап, самодержавие жойылғаннан кейін дербес мемлекет болуға мүмкіндік туды деп есептеді. «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше ғана құл едік, енді бүгін теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырдан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет, өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті. Жүз жылдан бері халықты теңдікке жеткізу жолында ескі үкіметпен алысып, дарға асылып, оққа ұшып, басы айдауда, малы талауға түсіп жүрген сабаздар жасымай, бірі кемісе, оны артып, ақырында Россия қол астындағы халықтардың бәріне дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай азаттық әперді. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өңімізде көріп, төбеміз көкке жетіп жатыр» – деп Ақпан төңкерісінің жеңісіне шаттанды.[3]. Осы оқиғаны пайдаланып, зиялылар ұлттық мемлекеттікті жаңғырту, өз алдына тәуелсіз ел болуды мақсат етіп қойды. Тәуелсіздікке қол жеткізудің маңызын зиялылар «Қайтсек жұрт боламыз» деген атаумен жарияланған мақалада: «Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз. Қайсысына түсетін болсақ та, ерік өзімізде. Бір жол құлдық – жолы. Әскер деген сөзден бұрынғыдай ат тонымызды ала қашатын болсақ, осындай жігімізді ашып, жер суымызды қорғап, билігімізді өзіміз алып қалмасақ, күні ертең бізді алдына салып айдап жүруге ие табылады. Сонда біреуге әскер бермей кете аламыз ба, шығын төлеуден құтыламыз ба. Ошақтың үш бұтынан тілеп отырған күніміз де болған, сонда бізді алдына салып айдап кетпеп пе еді. Сонда қолымыздан ештеңе келмей, құлдық ұрғанымыз болған. Құлдық жолы дегеніміз осы.

Екінші жол – жұрттық жолы. Осы бастан автономия алудың қамына кіріссек, милициямызды жасап алып, қарамызды көрсетсек, Алаш Орданы үкіметіміз деп тіресіп қорғасақ, бізді ешкім басынбайды. Үкіметі, әскері бар жұрт деп бізбен әркім есептеседі»[4]. Көріп отырғанымыздай, тәуелсіз ел болу үшін оның атрибуттары қажет екендігін де зиялылар ескеріп қойған. Одан өзге тәуелсіздікке жету үшін аянбай күресу қажеттілігін зиялылар бір сәт естен шығармай, оны басқаларға насихаттады. Тәуелсіздіктің өзінен өзі келе салмайтындығын ескертіп, халықты күреске шақырды. «Өз тізгінім өзіме, жұрт боламын десең атқа мін, қолыңа қару – жарақ алып, большевикке қарсы шығып, өзіңнің ерлігіңді іспен көрсет. Елден ер жүректі жігіттер шықса, құрал тауып

жасандыру іс басында, Орда ішінде отырғандар міндетті» – дегені осының айғағы. [5]. Тәуелсіздікке жетудің тағы бір маңызды факторын зиялылар халықтың бірлігі деп санады. Сондықтан да үнемі өз шығармаларында оны насихаттар отырды. «Бірлік қылсаң, алашым,

Ілгері қарай басасың.

Қол ұстасып ұмтылсаң,

Қатар жұрттан асасың» – деген өлең жолдары

айтқанымызды дәйектей түседі.[6].

Отарлық езгіден құтылдық деп ойлаған халық үшін ендігі кезекте тәуелсіз ғұмыр кешудің бірден бір жолы дербес мемлекет, яғни автономия құру керектігі зиялыларды ерекше толғандырды. Осы мәселе «Қазақ» газетінің бетінде жиі айтылып, ұлт ардақтылары өз пікірлерін дәйектеуге талпынды. «...Автономия болғанда қазаққа қай түрлі автономия қолайлы.Әуелі, мемлекеттік автономия болуға ма яки уалаяттық автономия болғанда жерге қарай болу ма, елге қарай болу ма... Біздің қазақ автономия бола аламыз десе, осылардың бәрін қарап, аржақ – бержағын тесе қарап, тексеріп барып боламыз деу керек» – , деп тәуелсіздіктің тізгінін өзгелердің алып қоймау жағына терең мән берді.[7]. Тәуелсіздікті халықтың, ұлттың игілігіне жарату тұстарын да ескерген зиялылары: «Бұл бостаншылық көп жұрттың ер жетіп, ес біліп, ақыл тоқтатқан адам болып шықпақшы. Бостаншылықтың пұлын білмей, орнына ұстай алмаған жұрт, ер жетіп, есі енбеген бала болып шықпақшы, «Жібекті ұстай алмаған жүн етеді» дегендей, ұстай білмесе жақсы нәрсе жаманға айналуы оп – оңай» – , деп жазды.[8].

XX ғасырдың басындағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының көсемі – Ә.Бөкейханов « Қазақ өлкесінің тарихи тағдырлары және оның мәдени жетістіктері» атты еңбегінде тәуелсіздік мәселесіне тоқталып өтті. Кезінде ол Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы қарулы көтеріліске шыққан Кенесарының күресі жайында пікір білдірген. Көтерілістің көздеген мақсат-мүддесі оған бір жағынан үлгі болса, екінші жағынан жеңіліске ұшырауы үлкен сабақ болғаны хақ. Кенесары - Наурызбай қозғалысының бүкіл халық арасынан қолдау таба алмағандығы, көтерілістің жеңіліске ұшырауы Әлихан Бөкейхановты теңдікке, ұлттық тәуелсіздікке жетудің басқа бейбіт, саяси жағын қарастыруға итермеледі. Қуатты Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы ашық қарулы көтерілістің әлі де болса заманы тумағандығын ол жақсы түсінді. Теңдік пен ұлттық тәуелсіздіктің төте жолы деп Әлихан өркениетті елдердің мәдениетінен үлгі алу, сөйтіп халықтың ұлттық мәдениетін өркендету, өнер білімін көтеру, ұлттық сана-сезімін оятуды санады. Осы идеяны ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа стратегиялық бағыты етіп алған.

Халықтық сана-сезімді оятуда М.Дулатов «Оян, қазақ» деп жар салып, ұлттық идеяның көш басында тұрды. Тәуелсіздікке жетуде зиялылар ең алдымен халықты қалың ұйқыдан оятып, одан соң оқу білімге шақырды. Қазақ зиялылары «Біздің ілгері келешек күніміз де, бұл дүниеде күн көріп, жұрт қатарлы тұруымыз да жалғыз-ақ нәрсеге тірелген. Ол оқу. Мұнан былайғы заманда оқып, өнер білмесек өнерлі халыққа жалшы болудан басқа бізге ешбір де орын қалмайды», - деп тәуелсіз ел болу үшін білім алудың, оқудың

қажеттілігін баса көрсеткен.[9]. Білімі, ғылымы жоқ елдің өзгелерге тәуелді, басыбайлы болатындығын ашып айтқан. Алайда ұлт зиялылары мұсылманша оқудың тәуелсіздікке қол жеткізуде жеткіліксіз екендігіне назар аударды. «Оқу білім дегенмен мұсылманша оқи берумен іс бітпейді. Біреу мұсылманша оқып, «ахрауй» кісі болса, екінші біреу орысша оқып, «дүнияуй» кісі болса, сонда іс бітеді», - деп өзімен өзі томаға тұйық болудың тиімсіздігі туралы жазған.[10] Өзгелердің мәдениетін тану, ғылым - білімін үйреніп, өркениетке ұмтылу тәуелсіздікке бастайтын жол деп түсіндірді. Тәуелсіздіктің өзінен өзі келе қалатын құбылыс, табиғаттың сыйы еместігін, оған жетуде қажырлы қайрат, жігерлі әрекет керектігін бұқараға насихаттап отырды. Үгіт насихаттарын өлең, жыр түрінде жүргізді. Мәселен, М.Дулатов былай деп жырлады:

«Өз қамынды ойлан өзің ел болсаң,
Ел боламын, тең боламын дер болсаң.
Көктен теңдік келмей өзің кем болсаң,

Мең-зең болмай, талпын, оян, алашым!»[11]. Көріп отырғанымыздай, ұлт зиялылары тәуелсіздік идеясын бұқара халықтың санасын оятумен, білім-ғылымға жетумен, мәдениетті ел болумен байланыстырды. Сонымен қатар тәуелсіздікті олар елдік, теңдік, басқа әлем мемлекеттерімен қатар үзеңгілес өмір сүру деп түсінді. Осы идея олардың шығармаларынан көрініс тапты. Тәуелсіздікке қарулы көтеріліс арқылы емес, бейбіт жолмен қол жеткізуді мақсат етті. Қару кезенуді, қан төгісті жақтамаған ұлт зиялылары қарулы көтеріліске түбегейлі қарсы шықты. Сондықтан да 1916 жылғы көтерілісті қолдамады. Ондағы ойы халқын тәуелсіздікке қанды көтеріліс жолымен емес реформалар, ұлттың саяси белсенділігі арқылы жеткізгісі келді. Алаш арыстарының ұлттық автономияны құру туралы идеялары осының дәлелі. Тәуелсіз ел болудың өзін зиялылар ұлттық автономия жариялау деп білді. Сол себепті де Әлихан Бөкейханов бастаған топ әуелгіде өздеріне үлгі тұтқан кадеттер партиясынан қол үзіп, халықтық мүддедегі саяси ұстанымдарды басшылыққа алды. Оны Ә.Бөкейхановтың «...Кадет партиясы Ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиылып, Ұлт автономиясын тікпек болдық», - деген пікірінен анық көруге болады.[12].

А.Байтұрсынов өзінің «Қазақ өкпесі» атты мақаласында тәуелсіздік мәселелеріне объективті, ғылыми тұрғыдан қарап, оның баға жетпес құндылық екендігіне назар аударды. Қазақ хандығы неліктен құлады, өз алдына дербес мемлекет болып тұра алмаудың, Ресейге қосылудың негізгі себептерін айқындауға талпынып, оларға жауап іздеді. «Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз бәрі надандық кесапаты», - дей келіп, патшалық империяға қосылудың өзі тәуелсіздіктен айырылу екендігін жасырмаған. Осы орайда М.Жұмабаев:

«Тіршіліктің көркі ерік,
Адамдыққа ол серік.
Бір түскен соң қақпанға,
Қалар бұрынғы еркелік.
Ойламай барып, ұрынып,

Өкінген аз ба ертелік», деп жазған.[13].

Қазақ халқының тәуелсіздігінен айырылуының сыртқы жағдайларға байланысты болғанымен надандықтың да ықпалының орын алғандығы туралы А.Байтұрсынов та, М.Жұмабаев та жазған. Надандықтың салдары бодан ел болуға әкелгендігін Мағжан Жұмабаев:

«Бірлік жоқ алты ауызды халықпыз ғой

Қатардан сол себепті қалыппыз ғой.

Ғылым мен мағрифатты керек қылмай

Надандық шәрбәтіне қаныппыз ғой.» , - деп ашына жырлаған.[14]

Осылайша ұлт зиялылары тәуелсіздік идеясын өз шығармаларында жиі көтеріп, оны жүзеге асырудың жолдарын көрсетіп берді. Тәуелсіздікті олар елдің ең қымбат асыл қазынасы деп білді. Ал оған қол жеткізудің төте жолы оқу-ағарту деп түсініп, соларды үнемі уағыздаумен болды. Сонымен қатар Алаштың арыстары тәуелсіздікке ұлттық автономия ретінде қарады. Ұлт мүддесінде өз замандарынан озық ой-пікір танытып, қазақ қоғамының мән-мазмұнын өзгерту жолында аянбай еңбек етті. Алаш арыстары ұлттық рухтың қуатын, елдік пен ерлік мұратын танытып, тәуелсіздікті ту етіп көтерді. Солар аңсаған тәуелсіздікке ХХ ғасырдың соңындағы ұрпақ ешбір қан төгіссіз, қару кезенусіз, қарамақайшылықтарсыз, бейбіт түрде қол жеткізді. Ұлт зиялыларының үнемі насихаттап, жол сілтеп, қол жеткізудің бағыт бағдарларын көрсеткен тәуелсіздіктің қазіргі кезеңде он сегізінші жылын өткерудеміз. Тәуелсіздікті алудың қиындығын сезінбегенмен оны ұстап тұрудың ауыртпалығына әсіресе, оның алғашқы он жылдығында айқын көз жеткіздік. Осылайша сол жылдары ғасырға теңдес уақытты бастан кешірдік. Дегенмен тәуелсіздік бірте бірте орнығып, нығайып келеді. Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде әлемге танылуда, дүниежүзілік қауымдастықтың алдында елеулі беделге ие болуда. Келесі жылы Қазақстан ОБСЕ-ге төрағалық етеді. Мұның өзі еліміздің Еуропа, қала барсе бүкіл әлем алдындағы мәртебесінен хабар береді. Тәуелсіз қазақ елінің ұстанып отырған бейбіт сүйгіш, достық қарым-қатынасқа, өзара түсіністікке негізделген сырты және ішкі саясаты оның беделін үстем ете түсуде.

1. Алаш және тәуелсіз Қазақстан: идеялар мен ұстанымдар сабақтастығы. - Алматы, 2008. -5б.
2. Қазақ. -Алматы 1996.-395б.
3. Сонда. -372б.
4. Сонда.-441б.
5. Сонда. -430б.
6. Ол да сонда.
7. Сонда.-396-397бб.
8. Сонда.-379б.
9. Айқап. - Алматы, 1995.- 27б.
10. Айқап. - 262б.
11. Дулатов М. Шығармалары. 1-т. -Алматы, 1996. -113б.
12. Бөкейхан Ә.Таңдамалы. - Алматы, 1995.- 414б.

13. Жұмабаев М. Шығармалары. - Алматы, 1989. -27б.

14. Сонда. -47б.

15. Назарбаев Н.Ә. Елдіктің белгісі - Елорда. Астана қаласының 10 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзі. // Егемен Қазақстан. 14 шілде 2008 жыл.

КЕҢЕСТІК ҒАЛЫМ-ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Ә.Б.Тұрсынбаев - Қазақстанның аграрлық тарихының білгірі

Аграрлық мәселелер төңірегінде еліміз тарихында аз айтылмады. Қазақстанның ауыл шаруашылығы, оның әртүрлі қырлары жайында жазылған ғылыми еңбектер де жеткілікті. Солардың арасында кеңестік қазақстандық белгілі тарихшы, ғалым Әбді Бошынұлы Тұрсынбаевтың зерттеулерінің шоқтығы биік әрі өзгелерден тек көптігімен ғана емес қарастырған мәселелерінің түбегейлілігімен, жан-жақтылығымен, тереңдігімен ерекшеленеді. Ә.Б.Тұрсынбаев - XIX ғасырдың соңындағы Қазақстандағы жер мәселесінен бастап, XX ғасырдағы аграрлық өзгерістер тарихын зерттеп, өз заманының талаптарына сәйкес тұжырым жасаған ғалым. Енді тарихшының қалдырған мол ғылыми мұрасына шолу жасайық.

Қазақстандық тарих ғылымында кеңестік кезеңде патша өкіметінің қоныстадыру саясатын арнайы зерттеген ғалымдардың бірі Әбді Бошынұлы еді. Оның «Из истории крестьянского переселения в Казахстане» атты еңбегі сонау 1950 жылы жарық көрді. Ғалым іргелі монографиясында қоныстандыру саясатының мақсатын, сипатын, себептерін, барысын қарастырған. Қоныс аудару тарихын Сібір темір жолын салуға дейінгі Қазақстанға қоныс аудару қозғалысы; Сібір темір жолы комитетін құрғаннан кейінгі қоныстандыру қозғалысы; Столыпиндік реакция кезеңіндегі қоныстандыру қозғалысы деп шартты түрде кезеңдерге бөлу арқылы баяндады.[1] Ә.Тұрсынбаевтың осындай пікірі кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихында қалыптасқан қоныстандыру саясатының дәуірлеуіне сәйкес келеді. Ғалым шаруалар отарлауы саясатының реакциялық болғандығын атап көрсетеді. Ол қазақ еңбекшілерінің азып-тозып қырылуы, жерлерінің тартып алынуы қоныстандырудың нәтижелері болғандығын, төңкеріске дейінгі еңбектерде осының дұрыс көрініс таппағандығын баса айтқан. Автордың «жайылымдар тіпті қыстауларынан айрылған қазақ тұрғындарының кедейленген бөлігі өз жанұяларын асырау үшін отырықшылыққа өтуге мәжбүр болды» деген тұжырымы шындыққа келеді.

Кеңес өкіметінің 1920-1930-жылдардағы аграрлық реформаларын алғашқылардың бірі болып егжей тегжейлі зерттеп, оған дербес іргелі еңбек арнаған Ә.Тұрсынбаев болатын.[2]. Ғалым 1921-1922 жылдары жүргізілген жер-су реформасының мәнін «жергілікті тұрғындардың жер пайдалану құқығын жоюда, кедейлерді біріктіріп, социалистік құрылысқа тартуда зор саяси тиімділік әкелді», - деп көрсетті. Ә.Тұрсынбаев аталған реформаның ұлтаралық қатынастар жағдайында өткендігіне ерекше көңіл бөліп, оның

себептерін анықтады. Реформаның өзінің алдына ойған мақсатына толық қол жеткізе алмағандығын ашып айта алмаса да оның іс жүзіне асырылуына кедергі болған себептерді атап көрсетті. Олар: жер мәселесіндегі әртүрлі шаруашылық түрлері мүдделерінің қақтығысы; жерді еркін түрде басып алудың сақталуы және қазақ тұрғындары арасында жер пайдаланудың артта қалған тәсілдерінің орын алуы; т.б.[3]. Ә.Тұрсынбаевтың осы пікірі тоталитарлық жүйе кезінде көрсетілген ғылыми батылдық болып саналады, өйткені ғылымда жер-су реформасының тарихы біржақты жағымды түрде зерттеліп, оның барысында жіберілген кемшіліктер мен қателіктер туралы айтыла бермейтін. Шын мәнінде реформаны жүргізуде Ә.Тұрсынбаев атаған келеңсіздіктерден басқа ұлтаралық қатынастардың шиеленісі орын алды. Алайда тарихшы ғалым мұндай кемшіліктер мен қайшылықтарды көрсетуге дәрменсіз еді. Сондықтан да ол кеңес өкіметінің алғашқы аграрлық шараларын өзінің әлеуметтік мазмұны жағынан буржуазиялық-демократиялық сипаттағы өзгерістер ретінде бағалады.

Ә.Тұрсынбаев егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу және байлардың мал-мүлкін тәркілеу тәрізді дәстүрлі шаруашылықтың іргесін сөгуге әкелген кеңестік аграрлық реформалардың да тарихын зерттеуге өзінің үлесін қосты. Тарихшы аталмыш мәселелерді арнайы зерттемесе де бірқатар іргелі еңбектерінде олар жайлы айтып өтті.[4]

Қазақстандағы сталиндік-голощекиндік ұрдажық саясаттың бір ұшы саяси төтенше шаралар, яғни астық және ет дайындау науқандары кезінде айқын көрінді. Мұндай шаралар қазақ шаруаларын малдан айырып, ақыры күштеп ұжымдастырып, жантүршігерлік алапат ашаршылық пен «қызылтабан шұбырынды» босқындарға айналуына жол ашты. Мәселенің саяси өткірлігі мен «таптық маңыздылығы» тарихшылар назарын өзіне аударғанымен тақырып кеңестік кезеңде жан-жақты зерттелмеді. Ет және астық дайындауға байланысты шаруаларға жасалған қиянаттарды, саяси науқандардағы кұғын- сүргіндерді ашып жазудан зерттеушілер жасқанды. Дегенмен де ғылымда Ә.Тұрсынбаев бірегей батыл қадам жасап, қасаң коммунистік идеологияға қарамастан мәселені арнайы қарастырды. Ғалым кеңестер елінің 1928 жылы астық дайындауда елеулі қиындықтарға тап болғанын көрсетті. Автордың пікірінше, астық дайындаудағы қиындықтар ең алдымен қалалар мен өндіріс орындарының тез өсіп, соған байланысты жұмысшылар санының артуы товарлы астыққа сұраныстың көбеюіне орай туындады. Оның үстіне тауарлы астық өндіру ұсақ шаруа қожалықтары жағдайында күрт төмендеді.[5]. Алайда астық дайындаудағы барлық кемшіліктер мен асыра сілтеулерді көрсетуде Әбді Бошынұлы тоталитарлық жүйе жағдайында дәрменсіз еді. Шын мәнінде мәселенің түйіні жеке меншік қожалықтардың мемлекетке төмен бағамен астық сатудан бас тартуында болатын. Себебі нарық заңдылықтары көрсетіп отырғандай, сол кезде мемлекет астықтың сатып алу бағасын көтеріп, шаруашылықтарға қызығушылық пен ынталандыру мүмкіндіктерін тудырса дағдарыстан шығудың жолы табылған болар еді. Оның үстіне кеңестер еліндегі қарқынды жолмен дамып келе жатқан жаңа экономикалық саясат дағдарыстың тиімді жолмен шешілуіне икемді ахуал тудыруға қабілетті болатын.

Тарихшы Ә.Тұрсынбаев астық дайындаудағы аса күрделі жағдайдан шығуда

кеңес үкіметінің ауылды азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етуді көрсете келіп, «астық дайындауда және бай, кулақтар, алып сатарлармен күресті күшейтуде жергілікті жерлерде ерекше үштіктер құрылды», - деп батыл көзқарас танытты. Алайда автор «кеңестік зерттеу» тәсілдері бойынша мәселенің таптық жағына көбірек үнілді. «Деревняның капиталистік элементері дайындау майданындағы жалпы бетімен кетушілікті пайдаланып, кеңес өкіметіне қарсы күресті күшейтті» - деуі осыған дәлел бола алады.[6] Ал шындығына келсек, астық дағдарысынан шығу үшін «капиталистік элементтер кеңес өкіметіне қарсы күресін өрістеткен жоқ», керісінше сталиндік-голощекиндік ұрдажық билік ауқатты шаруаларға қысым көрсетіп, жазалау шарларын қолданды. Мұндай жағдайды Ә.Тұрсынбаевтың өзі де көрсетті. «Экономикалық ықпал ету әрқашан қажетті нәтиже бере қоймады, сондықтан үштіктер кулак бай элементтеріне төтенше шаралар қолданып отырды», - деуі осының дәлелі.[7]. Осылайша Ә.Тұрсынбаев төтенше шаралардың шынайы тарихын жазуға айтарлықтай үлес қосып, өзгелер айта алмаған жайттарды жартылай болса да ашып берді.

Тарихшы-ғалым - республикадағы жаппай ұжымдастыру мәселелерін де егжей-тегжейлі зерттеген ғалымдардың бірі. Ә.Тұрсынбаевтың бірнеше іргелі зерттеулері колхоз құрылысы тарихына арналды. Оның осы мәселеге арналған бірнеше мақалалары да жарияланды. Мәселен, автор «Из истории коллективизации сельского хозяйства Казахстана» атты мақаласында ұжымдастыруды үш сатыға бөлді. Ғалымның пікірінше, колхоз қозғалысының алғашқы сатысы азамат соғысы мен жаңа экономикалық саясаттың бас кезін қамтиды. Ол осы кезеңдегі колхоздардың өзіндік ерекшеліктерін көрсетті. Екінші кезеңді автор жаңа экономикалық саясатқа өтумен байланыстырды. Осы кезеңде тұрғындардың бір бөлігінің колхоздардан шығуымен сипатталынып, көптеген колхоздардың құлдырау себептерін олардың материалдық базасының әлсіздігі ретінде түсіндіреді. Ә.Тұрсынбаев ВКП(б) тарихының қысқаша курсының негізінде колхоз құрылысының үшінші кезеңін партияның ХУ съезінен бастайды.[8].

Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылдарын жаппай ұжымдастыру барысында отырықшылыққа көшіру кеңестік кезеңде жарық көрген тарихи еңбектерде «артта қалған, жабайы номадтарды социализмнің сара жолына түсірді» деп жар салуы оның тарихын зерттеуге құлшыныс тудырды. Сондықтан да аталмыш мәселеге көптеген тарихшылар өздерінің шығармаларын арнады. Осы орайда айта кетерлік бір жайт, кеңестік кезеңде де, тәуелсіздік жылдары да ұжымдастыру мен отырықшыландыру тарихы төңірегінде ондаған монографиялар, диссертациялар, жүздеген мақалалар жазылды. Тәуелсіздік жылдары отырықшылыққа көшу «сара жолға түсу» емес екендігі айқындалды. Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, ұлттық ерекшеліктерін ескермей жүргізілген зорлап отырықшыландыру қазақ елін «қызыл табан» шұбырындыға салып, ата қоныстарын тастап көшуге, ашаршылыққа ұрындырғаны белгілі болды.

Кеңестік кезеңде аса өзекті саналған тақырып Әбді Бошынұлын да бей- жай қалдырмады. Мәселе ғалымның «Победа колхозного строя в Казахстане» атты

монографиялық зерттеуінің екінші тарауының «Начало массового колхозного движения в животноводческих районах. Плановое оседание кочевого населения» бөлімінен, «Колхозное крестьянство Казахстана» деген еңбегінің «Образование колхозного крестьянства в Казахстане» тарауының «Новый подъем колхозного движения» бөлімінен, «Казахский аул в трех революциях» шығармасының «Октябрьская революция и коренной перелом в судьбах казахского народа» тарауының «Осуществление в ауле ленинского кооперативного плана» бөлімінен, «Великий перелом в сельском хозяйстве Семиречья» зерттеуінің төртінші «Начало сплошной коллективизации и ликвидации кулачества и байства как класса» тарауының «Начало массового планового оседания казахского кочевого и полукочевого трудового населения» бөлімінен және бірқатар ғылыми мақалаларынан көрініс тапты. Ә.Тұрсынбаев жаппай жоспарлы отырықшылықтың 1930 жылдың алғашқы айларынан басталғандығына назар аударды. Сонымен қатар ғалым ауқатты шаруаларды тап жауы ретінде жою мәселелерін зерттеді. Автор бай- кулактарды тап ретінде жоюды елдегі астық өндірумен байланыстыра қарастырды. «...совхоздар мен колхоздар елді астық тұтынумен толық қамтамасыз ете алмайтындықтан кулактарға байланысты шектеу саясатын уақытша ұстануды ... талап еткендігі» туралы жазып, автор «ең алдымен кулак өндірісін совхоз, колхоздармен ауыстыруды дайындап, одан кейін кулактарды тап ретінде жою міндетін қою қажет» - деген пікір білдірді.[9]. Мұндай қажеттілік Ә.Тұрсынбаевтың көрсетуінше, «1929жылдың соңына қарай шешіді, кулак өндірісін колхоздар мен совхоздар өндірісімен ауыстырудың материалдық базасы пайда болды».[10]. Автор бай-кулактар қожалықтарын жоюдың себептерін осылайша түсіндірді. Алайда бай-кулактар меншігін жою ауқатты шаруаларға қарсы пайдаланған қорлық пен зорлық болды. Шын мәніне келгенде қазақ ауылында, тіптен Ресейдің басқа жерлерінде де бай-кулактар дегендер 1930 жылға қарай мүлдем құрып біткен болатын. Сондықтан да бұл науқан шаруалардың қатты наразылығын тудырса да, орасан зор қысым мен қиянат жасау арқылы оларды түгелдей колхозға күштеп біріктірудің соңғы тәсілі болды. Бұған көнбегендері жауапқа тартылып, еш кінәсі жоқ болса да қорлыққа түсті.[11]. Ә.Тұрсынбаев мәселенің тарихи шындықтың ақиқатты тұстарын аша алмаса да кулак-бай шаруашылықтарының үш категорияға бөлініп, жер аударылғандары туралы жазды.

Тарихи әдебиетте ұжымдық шаруашылықтарды ұжымдық шаруашылық жағынан нығайтуда 25-мыңшылдардың республикадағы колхоз құрылсын құру мен нығайтуға белсене қатысуы жайында жалпы көрініс беретін мәліметтер, материалдар жинақталған. Алайда 25-мыңшылдардың көмегі мен қызметі біржақты дәріптеліп көрсетілді. Қазақ халқының тұрмыс тіршілігінен алыс белсенділердің дәстүрлі шаруашылықты түбегейлі күйретуге қосқан «үлестері» айтылмайды. Мәселенің ең маңызды тұстарының бірі - жерді бірлесіп өңдеу серіктіктерінің ауыл шаруашылық артелінің уставына көшуі. Ұжымдық қожалықтарды шаруашылық жағынан күшейтудегі осы мәселе тарихнамада біршама кеңірек қарастырылды. Оның зерттелуіне елеулі үлесті тағы да Ә.Тұрсынбаев қосты. Автор жерді бірлесіп өңдеу серіктіктерінің әсіресе мал

шаруашылығы аудандарында колхоз құрылысы мен ауыл шаруашылығын көтеруде айтарлықтай рөл атқарғандығын айта келіп, оларды артельдер жарғысына көшірудің қажеттілігі туындағандығын негіздеді. Ғалымның пікірінше, мұндай қажеттіліктің себебі мынада: «ЖБӨС-тердегі өндіргіш күштердің қауымдастыруларының жеткіліксіздігі, қажетті ауыл шаруашылық құрал саймандармен әлсіз қамтамасыз етілуі - осының бәрі қоғамдық жерді толық және жоғары өндіріс тиімділігінде пайдалану мүмкіндігін тудырмады, шаруашылықтың тауарлығына кері әсерін тигізді»[12]. Ә.Тұрсынбаев ЖБӨС-тердің ауыл шаруашылық артелі жарғысына өтуі 1937 жылы басталып, жаппай бұқаралық сипат алып, негізінен 1938 жылы аяқталғандығын баса көрсетеді.

Ә.Тұрсынбаевтың еңбектерінен Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы республиканың ауыл шаруашылығы жағдайы, соның ішінде колхоздарды ірілендіру мәселелері орын алды. Автордың колхоздарды ірілендіруге қатысты түйіндері сол кездегі тарих ғылымында орныққан тұжырымдарға сәйкес келді.

1950 жылдары Қазақстан ауыл шаруашылығында жүргізілген өзгерістердің бірі тың және тыңайған жерлерді игеру болды. Бүкіл дүние жүзі назарын өзіне аударған осы бір дүбірлі науқан Кеңес Одағы ауыл шаруашылығын өркендетудегі ерекше маңызы бар аграрлық шара ретінде саналды. Сондықтан да оның тарихын жазуға деген ынта, тілек ұлан-ғайыр еді. Тұңғыш рет тарих ғылымында тың және тыңайған жерлер тарихын зерттеуге көңіл қойған Ә.Тұрсынбаев еді. Ғалым тың игеру тарихын, нәтижелерін, колхоздарды орнықтыру, МТС-терді қайта құру мәселелерін терең, жан-жақты қарастырды.[13]. Тарихшы мәселені біржақты интернационализм, халықтар достығы, тың игерудің зор табыстары ауқымында зерттесе де, еңбектері отандық тарихнама ғылымы үшін маңызды болып табылады.

1960- жылдардың екінші жартысы және 1980-жылдардың бірінші жартысында Кеңес Одағының бір бөлшегі саналған Қазақстанда елеулі аграрлық реформалар жүргізілді. Мәселен, азық-түлік бағдарламасының қабылдануы, агроөнеркәсіп бірлестіктерінің құрылуы, ауыл шаруашылығын интенсивті түрде дамыту, т.б. Коммунистік партияның аграрлық саясатының осындай өзекті мәселелері зерттеушілер назарын өзіне аударды. Ауыл шаруашылығы өндірісін интенсивтендіру жолындағы іс-шараларды зерттеуге бірқатар тарихшылар, мысалы, Х.Маданов, М.Кенжебаев, Ж.Жұмабеков, К.Нұрпейісов, И.Шамшатов, Р.Исатаев, К.Рыспаев, Г.Дахшлейгер, Ю.И.Романов, Ф.И.Колодин, т.б. ат салысты. Осындай үдерістен Ә.Тұрсынбаев та қалыс қалмады. Ғалым партияның селодағы ұйымдық саяси және идеологиялық жұмысына үлкен мән берді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығындағы маңызды мәселелерді көтерді. Мәселен, шаруашылық есеп, еңбекшілерді моральдық және материалдық ынталандыру, өндірісті жоспарлау жүйесі, бригадалық көтерме тәсілдің ендірілуі, ауыл шаруашылығын басқаруды жетілдіру, т.б. мұрағат құжаттары мен материалдарға негізделіп, зерттелді.[14]. Алайда тарихшы ғалым ауыл шаруашылығында етек жайған тоқырауды, аграрлық саладағы келеңсіз жағдайды дөп басып айта алмады. Жалпы Ә.Тұрсынбаев кеңестік кезеңдегі аграрлық тарихты толық объективті түрде жазуға мүмкіндігі болмады. Ғылымда басқалармен салыстырғанда батыл көзқарас танытқанымен

өз заманындағы маркстік-лениндік методологияның, таптық принциптің, қасаң коммунистік идеологияның шеңберінен шыға алмады.

Қорыта келе, жоғарыда жасаған тарихнамалық талдауымыздың нәтижесінде Ә.Тұрсынбаевтың Қазақстанның аграрлық тарихын зерттеуге қосқан үлесінің зор екендігіне көз жеткіздік. Жай үлес қосып қана қоймай, сонау ХІХ ғасырдың соңынан ХХ ғасырдың 80-жылдары аралығында республиканың ауыл шаруашылығында жүргізілген реформалардың өткенін баян етуде бірегей зерттеуші болды. Аграрлық тарихтың білгірі ретінде іргелі зерттеулер жариялап, өзінің соңындағы ұрпаққа мол рухан мұра қалдырды. Ғалымның ғылыми шығармашылығы мен зертханасын, құнды мұрасын зерттеу отандық тарих ғылымын ары қарай дамыту үшін аса қажет. Осыны ғылымдағы өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырып, тиісті бағасын беруіміз керек.

1. Турсунбаев А. Из истории крестьянского переселения в Казахстане. -А-Ата., 1950.
2. Турсунбаев А.Б. Великий перелом в сельском хозяйстве Семиреья.- А-Ата., 1950.
3. Сонда.- 45б.
4. Турсунбаев А. Казахский ауыл в трех революциях.- А-Ата., 1965; Колхозное крестьянство Казахстана. -А-Ата., 1950.
5. Турсунбаев А. Победа колхозного строя в Казахстане.-А-Ата.1957.-74б.
6. Турсунбаев А.Б. Великий перелом в сельском хозяйстве Семиречья. -80б.
7. Сонда.
8. Турсунбаев А. Из истории коллективизации сельского хозяйства Казахстана //Вестник АН Каз ССР. 1948. №11.17-196б.
9. Турсунбаев А. Колхозное крестьянство Казахстана. -69б.
10. Сонда.70б.
- 11.Қозыбаев М.Қ., Алдажұманов Қ.С., Әбілқожин Ж.Б. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. -Алматы, 1992. -7б.
- 12.Турсунбаев А. Колхозное крестьянство Казахстана. -85б.
- 13.Турсунбаев А.Б. Освоение целинных и залежных земель и их роль в подъеме сельского хозяйства СССР.// История советского крестьянства и колхозного строительства в СССР. -М. 1963.- С. 427-434.; Освоение целинных и залежных земель как фактор дальнейшего укрепления дружбы народов.// Борьба КПСС за освоение целины. -А-Ата.1960.- С.365-380.
- 14.Турсунбаев А. Курсом интенсификации (Аграрная политика КПСС в Казахстане на этапе развитого социализма 1965-82гг.) -А-Ата. 1985.

**Батыл әрекетке ұмтылған ғалым (тарихшы
Ж. Жұмабеков еңбектері жайында)
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы Тарих сериясы
2011. №1(60). - 128-131бб.**

Соңғы уақыттардағы посткеңестік кеңістіктегі ахуал тарихшыға өткенді терең зерттеп, тарихи оқиғалар мен үдерістердің шынайы бағасын беруге жағдай жасады. Тарихшы-зерттеушілерге тарихты «Тарих жекелеген адамдардың, таптар мен партиялардың еркі мен санасына байланысты емес» және «Тарих – өз мақсатын көздеген адам қызметі» деген екі қағиданы байланыстыра зерттеуге мүмкіндіктер тудырды. Мұның өзі Отан тарихындағы тың мәселелерді зерттеумен қатар бұрын-соңды зерттелеген тақырыптарды қайта қарауға жол ашты. Тарихи оқиғалар, сондай-ақ үдерістерден өзге қоғамдағы жеклеген тұлғалардың орны мен рөлі жайында да ғылыми зерттеулер жаңа таным тұрғысында жүргізілді.

Кез келген тарихи тұлғаға берілетін баға оның өмір сүрген, қызмет еткен ортасымен, кезеңімен тығыз байланыста болатындығы ақиқат. Сондықтан да мұндай тұлғаның бейнесі өзі ғұмыр кешкен қоғамға сіңірген еңбегімен таразыланады. Осыған орай тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін зерделеуде «өз заманының перзенті» деп бекер атамайды. Сондай өзі өмір сүрген саяси жүйенің көрнекті өкілі, кеңестік ғылымының талатарына бағынған тарихшы-зерттеуші Жүнісбек Жұмабеков. 1920-1930 жылдардағы кеңестік аграрлық реформалардың тарихын шынайы зерттеуде сол кездегі қалыптасқан “дәстүрге” тәуелді болған тарихшының бір қарағанда өзге де кеңестік зерттеушілерден артықшылығы жоқ болып көрінгенімен еңбектерін саралап қарайтын болсақ, батыл тұжырымдарының орын алғандығы байқалады. Сондай пікірлерін талдамас бұрын тарихшының өмір жолына қысқаша тоқталып өтейік.

Жүнісбек Жұмабеков 1927жылдың 7 қаңтарында Алматы облысы, Шелеу ауданы, Малыбай ауылында дүниеге келген. Осындай қысқа қайырылған өмір баянынан кейін “Қазақ совет энциклопедиясында” тарихшының қызмет жолы айтылып кетеді. Кеңестік энциклопедияда “Ж. Жұмабеков қазақ совет тарихшысы, тарих ғылымдарының докторы (1971ж) 1946 жылдан КПСС мүшесі” деп анықтамалық сипаттағы еңбектерге тән сипаттау жазылған[1.502б]. Қызметтік мансабы баяндалған тұсында былай делінген: “”ұңу жылы Алматы заң институтын бітірді. 1949-1953 жылдары осы институттың маркстік-лениндік кафедрасының оқытушысы, кейін кафедра меңгерушісі, 1955-1958 жылдары Семейдегі зоотехникалық-мал дәрігерлік институтының марксизм-ленинизм кафедрасының, 1958 жылдан Қазақ физкультура институтының КПСС тарихы және философия кафедрасының меңгерушісі. Осы қызметті атқара жүріп, ҚазССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің қоғамдық ғылымдар бөлімін басқарды (1966-1967жж). 1974 жылдан Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры” [1. 502б].

Аталмыш энциклопедиядан Ж. Жұмабековтың ғылыми-зерттеу кәсіби жайындағы мәліметтер тарихшының 1954 жылы “Қазақстан партия ұйымының ауыл-деревня кедейлерінің арасындағы жұмысы (1927-1931жж)” деген тақырыпта кандидаттық, бұдан соң 1971жылы “Қазақстан еңбекші шаруаларын социализм құрылысына тарту ісіне КПСС-тің басшылығы” тақырыбында докторлық диссертация қорғағаны хабарланады [1.502б].

Ж. Жұмабеков «Бұқараға басшылықтың лениндік идеяларының жүзеге

асырылуы» (1963ж), «Ұлы достықтың ұйтқысы» (1968ж), «Қазақстанда лениндік кооперативтік жоспарды жүзеге асыру жолындағы КПСС-тің күресі»(1968ж), «Лениндік жолмен социализмге» (1973ж) деген бірнеше көлемді монографиялардың авторы болған. Осы ғылыми шығармалары Қазақстандағы кеңестік аграрлық реформалау тарихын зерттеушілерге кеңінен танымал. Республиканың қоғамдық өмірі мен ғылымды дамытуға қосқан еңбегі еленіп, Ж. Жұмабеков «Құрмет белгісі» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Ж. Жұмабеков республикада ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу, ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру мәселелерін арнайы зерттеп, кеңестік тарих ғылымына өзіндік үлес қосты.

Қазақстанда ірі мал иелерін меншігінен айыру және тәркілеу 1920-жылдардың соңындағы әлеуметтік-саяси мәнді тарихи үдеріс болғандығы мәлім. Сталиндік-голощекиндік билік қазақ ауылын «қансорғыш қанаушылардан азат етуді» көздеп, ауқатты шаруаларды түп-тамырымен жоюды мақсат етті. Ірі мал иелерінің қожалықтарын жоюдағы большевиктік партия мен кеңес өкіметінің қатыгез, әрі қате саясаты ауыл шаруашылығында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізбеді. Кеңестік кезеңде «ірі бай-жартылай феодалдардың» мал-мүлкін кәмпескелеудің шынайы тарихи мазмұны ашылмады. Бүкіл дәстүрлі шаруашылық құрылымын қиратқан акция бірауақыттағы революциялық-демократиялық және социалистік қайта құру ретінде сипатталды. Ғалымдар ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеудің қажеттілігін қазақ ауылындағы тап күресіне ерекше мән беру арқылы көрсетті. Ж. Жұмабеков ірі байларды тәркілеудің қажеттілігін «ауылдың еңбекші бұқарасын социалистік құрылысқа тарту жұмыстарын күшейтудегі алғышарттарымен» байланыстырды [2]. Алайда мұндай әлеуметтік-саяси шараның мақсаты – қазақ байларын түп-тамырымен жойып жіберу болатын. «Көшпелі шаруашылықты шебер жүргізудің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі жолын меңгерген, қазақ қоғамының еті тірі және пысық тобы – байлардың көзін жоймайынша, қазақтарды дамудың басқа жолына түсіру мүмкін еместігін Голощекин жақсы түсінді» [3. 127б].

Кеңестік тарихшылар осы әкімшілік-күштеу саясатының Қазақстанда ақыры қайғылы аяқталғанын көрсете алмады. Ірі байларды тәркілеу Е.Л. Виленский, Г.Ф. Дахшлейгер мен Н.Н. Нұрпейісовтың іргелі зерттеулерінен және Қазақ ССР тарихы, Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очерктері тәрізді ұжымдық еңбектерде социалистік құрылыс үшін жағымды үрдіс ретінде бағаланды [4]. Мәселен, Ж. Жұмабековтің пікірінше, тәркілеудің нәтижесінде “біріншіден, ауылдағы социалистік құрылыс жолынан кедейлер мен батырақтарды аяусыз қанаған бай-жартылай феодалдар ығыстырылды. Екіншіден, ... кедейлер мен батырақтардың материалдық жағдайы жақсарды”[2]. Бұл жерде автордың кедейлер мен батырақтардың материалдық жағдайы жақсарды деген тұжырымына біршама қосылуға болады. Себебі бұрын малсыз болып келген кедей-батырақтар 4-5 бастан мал алып, жағдайларын жақсартты. Ал мұнан кейін ғалым бәрі бір басқа тарихшы-зерттеушілер тәрізді орта шаруа басты тұлғаға айналды деген тұжырымға келді.

Себебі “тәркілеуден соң ауылдың әлеуметтік бейнесі былайша көрінді: кедейлер - 18, 2, орташалар - 76, 3, байлар - 5, 5 пайыз болды” -деген жаттанды партиялық қағиданы айналып өтуге автор қасаң коммунистік идеологияның өмір сүріп тұрған кезінде дәрменсіз еді[2. С.93]. Оның үстіне өзі жазып отырған еңбектің партиялық әдебиетке жататынын жадында берік ұстаған автор ірі байларды тәркілеудің салдарынан дәстүрлі мал шаруашылығының біржола күйреуін, жергілікті кеңес ұйымдарның күштеу әрекеттерін, т.б. партия саясатын әшкерелейтін өткір мәселелерге бара алмады. Сөйтіп, жеке адамға табыну және әкімшіл-әміршіл жүйе жылдары жарияланған зерттеулерде ірі мал иелерін жеке меншігінен айыру шарлары “ауылды революциялық қайта құрудағы қажеттілік”, кемшіліктері “табысты нәтиже”, зардаптары, дәстүрлі шаруашылық құрылымының бұзылуы “орта шаруаның басты тұлғаға айналуы” түрінде бұрмаланып, маңызы “ауыл біржола қанаушы-қанішерден құтылды” деп көрсетілді. Осыған орай айта кетерлік жайт, тоталитарлық жүйе жылдарында жарияланған еңбектерге тән “қасиет” авторлар өз ой-тұжырымдары дәлелді болуы үшін қалай да партияның қаулы-қараларымен “теңестіріп”, мәселенің көлеңкелі тұстарын айналып өтіп, күнгейін ғана жағалап кетеді. Осыдан барып шындыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын тұжырымдар дүниеге келіп, тарихи оқиғалар бұрмаланып, қоғамдық өмірде олардың шынайылығына күмін келді. Алайда осындай зерттеу тәсілі жалпылама үрдіске айналды. Ал шындығына келсек, “ірі бай-жартылай феодалдардың” тәркіге түскен мал үлесін алған әлсіз кедей-батырақ шаруашылықтарының бірден орта шаруа қатарына қосылып кетуі мүмкін емес еді. Себебі әрбір әлсіз кедей қожалық басына мардымсыз мал берілді. Мардымсыз мал кедей шаруашылықтардың аяғынан тік тұрып, дамып кетуіне айтарлықтай ықпалын тигізе алмады. Егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу тәрізді тәркілеудің де экономикалық нәтижелері мәз емес-ті. “... байларды кәмпескелеу нәтижесінде малға қарық болып, “байимыз” деп дәмелеген көптеген батырақ пен кедей үміті ақталмады. ... малға ие болған кедей-батырақтар да қожалықтарын жедел өркендетіп әкете алмады. Олардың өсіп-өркендеуіне малдан басқа материалдық құрал-жабдық, қора-қопсы, қыстау, азық-түлік, жемшөп және т.б. қажет еді”[3.146].

Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының әлеуметтік құрылымындағы ерекшелікті, екінші жағынан тәркіге түскен бай қожалықтар санының аздығын, оның мардымды экономикалық нәтиже бермегенін Т. Омарбеков: “Ресми мәліметтер бойынша 696 кәмпескелегеннің 669-ы өз округтерінен басқа жаққа жер аударылған. Түрмеде өлгендіктен және өлімші ауру болғандықтан аман қалғандар бұл санға еңбеген. Тағы бір назар аударатын нәпсе – көшпелі аудандарда 61 қожалықтың ғана кәспескеленуі. Мұның өзі бұл жылдары қазақта мыңдаған малы бар ірі байлардың шамалы болғанын тағы да дәлелдей түседі. “Жартылай феодалдар” дейтіндердің барлық ауқаттылардың 19, 4 проценті ғана болуы осының куәсі”, - деп ашып жазды [3.139б].

Қазақстандағы сталиндік-голощекиндік саясаттың жалғасы қазақтың дәстүрлі шаруашылығын біржола бүлдіріп қиратқан күштеп ұжымдастыру шараларынан көрінді. Шаруа қожалықтарын күштеп ұжымдастыру әміршіл-

әкімшіл тәсілдермен жүргізіліп, бұрмалаушылықтар мен асыра сілтеулерге жол берілді. Күштеп ұжымдастыру әлеуметтік-экономикалық және саяси сипатқа ие болды. Қазақ этносын құртуды көздеген этноцид саясаты ұжымдастыру нәубетінің қасіреті аса қайғылы болып, тарихта бұрын-сонды болмаған аштыққа әкеліп соқты. Өрескел революциялық шараларды күштеп іске асыру, большевиктік өктем саясат қыспағына қарсы халықтық наразылықтар мен көтерілістер етек жайды.

Ж. Жұмабеков “колхоз құрылысындағы партиялық бұрмалаушылықтарды ... кулактар мен байлар пайдаланып, кедейлер, орта шаруалар арасында малды колхозға кірер алдында жаппай сою үшін өз үгіттерін күшейтті”, - деп көрсетті [2.С.94].

Шаруаларды ұжымдарға күштеп енгізу барысында дөрекі қателіктер, ұрдажық асыра сілтеулер, жаппай қорқытып, үркіту, қуғынға ұшырату дәстүрлі шаруашылықтың берекесін кетіріп, мал басының азаюына, әлеуметтік-тұрмыс жағдайларының күрт нашарлауына алып келді. Жаңа экономикалық саясат жылдары миллиондап өскен мал саны аз уақыттың ішінде азая берді. Ж. Жұмабеков “мал басының 30-35 пайызға азаюына колхоз құрылысындағы қателіктер, дайындау саясатындағы асыра сілтеулер ықпал етті”, - деп жазды [2.С.161]. Дегенмен осы тұжырымнан автордың шынайы жағдайды толық ашпағандығын аңғару қиын емес. Әйтсе де мұндай тұжырым жоғарыда аталған тарихшылар еңбектерінде, сондай-ақ осы мәселелерді Орталық Азия мен Қазақстан мысалында зерттеген Б. Төлепбаев еңбектерінде орын алмаған [5]. Осы жағынан алғанда Ж. Жұмабековтың пікірі тарихи шындыққа біршама жақын. Дегенмен де айта кетерлік бір жайт, ұжымдастыру тарихын зерттеуші, ізденушілердің кеңестік кезеңде “байлар мен олардың одақтастары колхозға қарсы малды жаппай союды арандатқан үгіт-насихат жұмыстарын үдетті” деген тұжырым түйіндемегендері кемде кем [6].

Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылдарын жаппай ұжымдастыру барысында отырықшылыққа көшіру кеңестік кезеңде жарияланған тарихи еңбектерде “артта қалған, жабайы номадтарды социализмнің сара жолына түсірді” деп жар салуы оны зерттеуге айтарлықтай ұмтылыс тудырды. Сол себепті де отырықшыландыру мәселесіне көптеген зерттеулер арналды. Ал Ж. Жұмабеков басқа да зерттеушілер тәрізді “...жаппай ұжымдастыру көшпелі және жартылай көшпелі шаруа қожалықтарын отырықшыландыруды іс-жүзіне асыру шараларына ұласты. Осы кезеңдегі отырықшыландыру жоспарлы және бұқаралық сипат алды”, - деп пайымдады [2.С.174]. Шын мәнінде Қазақстандағы көшпелі және жартылай көшпелі қожалықтарды отырықшыландыруға байланысты КСРО БОАК-тің (ВЦИК) мемлекеттік комиссиясы 1933 жылдың 1 тамызындағы мәліметінде Қазақ АССР-індегі 400 мыңдай көшпелі және жартылай көшпелі қожалықтардың 70,5 мыңының ғана отырықшыландығанын анықтады [7]. Осындай немесе осыған жақын мәліметтер басқа да зерттеушілер еңбектерінен орын алған. Біздің бұл мәліметке арнайы тоқталып отырған себебіміз, келтіріліп отырған дерек Қазақстанда І-бесжылдықта отырықшыландыру жоспарының күйрегінің, оның небәрі 14,6 пайызға ғана орындалғанын дәлелдейді, яғни Қазақстандағы зорлап

отырықшыландыру үдерісінің шын мәнін ашып көрсетеді. Зерттеушілер жаппай отырықшыландыру барысындағы олқылықтар мен кемшіліктерді баса көрсетті. Мәселен, барлық жерде адын ала түсіндіру жұмыстарының жүргізілмеуі, тұрғындар пікірінің ескерілмеуі, ұжымдастыру кезіндегідей қателіктер мен бұрмалаулардың болуы және объективті қиыншылықтардың: маман кадрлардың жетіспеуі, тәжірибенің жоқтығы, тап күресінің күшеюі. Ж.Жұмабеков те отырықшыландыру барысындағы қателіктер мен бұрмалауларды байлар мен олардың пысықтарының колхоз құрылысына қарсы пайдаланғандарына назар аударды. Ж. Жұмабеков “мұның өзі малды союжәне айдап әкетуде бай үгітінің күшеюі түрінде көрінді. Мал шаруашылығына ауыр шығындар әкелінді... 1928 жылмен салыстырғанда 1933 жылы мал басы: түйе – 92, 3, жылқы - 87,9, қой мен ешкі – 87, 7, ірі қара мал – 78, 5 пайызға азайды”, - деп шынайы орын алған жағдайды ашып көрсетті[2.С.200]. Ғалым-тарихшы “ауыл тұрғындары өмір сүруінің қайнар көзі мал шаруашылығының азық-түлігі болғандықтан мал басының айтарлықтай азаюы еңбекшілердің материалдық жағдайын күрт нашарлатты. Оған 1931жылы егіннің шықпай қалуы қосылды.... Нәтижесінде малшы және бірқатар отырықшы-егінші аудандар еңбекшілеріазық-түлік қиындықтарын бастан кешіріп, ауылдарда көптеген адамдардың аштығы мен қырылуына әкелді. Әсіресе 1932-1933 жылдың қысы өте ауыр болды”, - деп тарихи шындықтың бетін аша отырып, ғылыми батыл тұжырым жасады [2.С.200]. Мұндай пайымдаулардың Ә. Тұрсынбаев, Б. Төлепбаев және тағы басқа да отырықшыландыру мәселелерін зерттеген тарихшылардың еңбектерінен орын алмағандығын баса айтқан жөн. Сонымен қатар Ж.Жұмабеков шекараға жақын орналасқан ауыл тұрғындарының бір бөлігінің Қытайға көшіп кеткендігіне назар аударды. Осы тұрғыда бұрын-соңды жариялауға рұқсат етілмей, құпия сақталған Т. Рысқұловтың 1932 жылғы 29 қыркүйекте И.Сталинге жазған хатынан “өз аудандарынан қазақтар қожалықтарының жартысының көшіп кеткендері” туралы деректі пайдалану Ж. Жұмабековтың ғылыми батыл әрекетін тағы да дәйектей түседі[2.С.201].

-
1. Қазақ совет энциклопедиясы. - Алматы., 1974. - 502-503 бб.
 2. Жумабеков Ж. Ленинской дорогой. Руководство КПСС вовлечением трудового крестьянства Казахстана в строительство социализма. - Алма-Ата., 1973.
 3. Омарбеков Т. Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағлымы. Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның қолжазбасы. - Алматы., 1994.
 4. Виленский Е.Л. Ликвидация безработицы и аграрного перенаселения в Средней Азии и Казахстана (1917-1932г.г). - Алма-Ата: Наука, 1980. - 277с. (255); Дахшлейгер Г.Ф., Нурпеисов К.Н. История крестьянства советского Казахстана. Т.1. - Алма-Ата., 1985. - С.131-135; Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очерктері. - Алматы., 1985; Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінгі күнге дейін. Бес томдық. 4-т. - Алматы., 1981.
 5. Тулепбаев Б.А. Торжество ленинских идей социалистического преобразования сельского хозяйства в Средней Азии и Казахстана. - М., 1971;

Сонікі. Социалистические аграрные преобразования в Средней Азии и Казахстане. - М., 1984.

6. Дахшлейгер Г.Ф. Историография советского Казахстана. - Алма-Ата., 1985; Турсунбаев А. Победа колхозного строя в Казахстане. -Алма-Ата., 1960; Сонікі. Казахский аул в трех революциях. - Алма-Ата., 1967.

7. Омарбеков Т. 20-30- жылдардағы Қазақстан қасіреті. - А., 1997.

Кеңестік аграрлық тарихшылардың тұжырымдарына жаңа көзқарас

Жер пайдаланудағы патша өкіметінің отарлық саясаты қалдырған әділетсіздік пен теңсіздікті жою, қазақ халқынан тартып алынған жерлерін қайтару, т.б. мәселелерді шешу кеңес билігінің алғашқы жылдарында өткір, қарама-қайшылықтарға толы аграрлық өзгерістеріне айналды. Кеңестік биліктің өлкедегі күрделі жер мәселесін шешудегі әлеуметтік-саяси, экономикалық шаралары зерттеушілерді қызықтырып, олардың мазмұнын ғылыми тұрғыда ашуға итермеледі. Сондықтан да болар 1920-жылдардың өзінде аталмыш мәселенің төңірегінде көптеген пікір, көзқарастар білдірілді. Себебі қоғамда жер мәселесіндегі қарама-қайшылықтарды пәрменді түрде қазақ халқының мүддесінде шешу, жер пайдаланудағы әділетсіздікті жоюға ұмтылыс тәрізді үрдіс пайда болды.

1950-1960 жылдардың бас кезінде жер-су реформасы тұңғыш рет ғылыми тұрғыда зерттеліп, арнайы еңбектер жарияланды. Қазақстандық тарих ғылымында жер-су реформасының сипатын анықтауда 1957 жылы үлкен ғылыми айтыс болды. Пікір-талас бүкілодақтық деңгейге дейін көтерілді. Алматыдағы Қазақстан мен Орта Азияның социализм кезеңіндегі тарихи түйіткілдернен арналған ғылыми сессияда ғалымдардың бір тобы жер-су реформасы сипаты жағынан революциялық-демократиялық болды, себебі ол социализмге өтуде алғышарттар қалыптастырды деген уәжді көлденең тартты. Екінші бір тобы оның социалистік сипатын жақтады. Осылайша ғалымдар ортақ тұжырымға келе алмады. Ақырында аталған сессияда жер-су реформасы негізінен мазмұны жағынан буржуазиялық-демократиялық, тәсілі жағынан революциялық-демократиялық, яғни социализмге өтуде жасалған қадам ретінде бағаланды.

1960-1980 жылдары ғылымда осының алдындағы уақытта қалыптасып, дамытылған сыңаржақ тұжырымдар одан әрі нығайтылып, бекітіле түсті. Жер-су реформасы арнайы зерттелмесе де 1920-жылдары жүргізіліген аграрлық қайта құрулар тарихының ауқымында қарастырылып, Г.Ф.Дахшлейгер, А.Б.Еренов, Б.А.Төлепбаев, А.Тұрсынбаев, К.Нұрпейісов, Н.С.Байғабылов зерттеулері жарияланды. Зерттеулердің барлығына ортақ кемшілік, авторлар аграрлық реформаны тек жағымды жағынан баяндап, тарихи шындықтың мазмұнын ашпайды. Осы кезде ғылымда жер-су реформасына отаршылдыққа қарсы бағытталған, большевиктік партияның ұлт саясатына сәйкес келген, қазақ және келімсек шаруалар одағының нығайуына жағдай жасаған өзгеріс ретінде баға берілді. Ол түсінікті де, өйткені тарихшылар біріншіден, ақиқатты

ашуға тоталитарлық жүйе жағдайында дәрменсіз болатын. Екінші жағынан, тарихшылар шынайы жағдайды көрсетуде бұрмаланған, күні бұрын “тексеруден өтіп, мәселені тек күнгейі жағынан көрсетуге” дайын болған мұрағат қорларындағы құжаттар мен деректерді пайдаланды. Сондықтан да олардың барлығының дерлік “жер-су реформасы байлар мен келімсек кулактардың жағдайын әлсіретті, қоныс аударушы және қазақ шаруаларын таптық, отарлық езгіден шектеді, қазақ кедейлерінің санасы мен саяси белсенділігінің артуына ықпал етті”, - деп түйіндеген.

Тәуелсіз Қазақстан тарихшылары реформаның саяси сипатта жүргенін дәлелдеді. Мәселен, ізденуші Г. Дадабаева реформаның саяси сипатымен қатар отаршылдыққа қарсы бағытталғанын жоққа шығармайды, себебі автордың пікірінше, “оның міндеті ауыл дифференциациясының әлеуметтік эскалациясы, анағұрлым кедей топтарды кеңес өкіметі жағына шығару” және “қазақтардың жерін қайтарып беруде тарихи әділеттілікті орнатуға, 1918-1919 жылдардағы аграрлық теңестірушілікті қайта бөлуді толық аяқтауға талпынды”[2.С.176]. Жекелеген тарихшылар реформаның екі сатыда жүргендігін атап айтты. “Бірінші сатыда жергілікті халықтың сеніміне кіруге талпыныс жасалып, Қосшы одағының көмегімен кедейлер байларға қарсы қойылды. Екінші сатыда таптық сипат ұлттық мүддеден гөрі маңызды рөл атқарды” [2.С.176]. Қайта құрудың нәтижелеріне қатысты ғылымда ізденуші соны пікір және батыл көзқарас танытты. “Түркістанның экономикасы мен әлеуметтік құрылымының жүйелік дамуынан хабарсыз жүргізілген акцияның нәтижесі ауыл шаруашылығының құрылымдық бұзылуына әкелді”[2.С.176], - деген ізденушінің пайымдауы осы дәйектейді. Реформаның тарихи маңызын автор: “Шығыс аймақтарды “революциялық Ресейдің” аграрлық ауқымына тартуда жүргізілген тұңғыш тәжірибе болды, оның барысында большевиктік партия басшылары “бұрынғы отар елдердің” капиталистік емес жолмен дамуын бастап берді”, - деп көрсетті[2.С.177-178]. Реформаның таптық тұрғыда жүргізілгендігі кеңестік кезеңдегі зерттеулерде ашып айтылмаса да соған нұсқайтын тұжырымдар түйінделген болатын. Ал қазан төңкерісінің жеңісі және кеңес өкіметінің басты мақсаты социалистік қоғам құру болғандығы аян. Сол мақсатта жету үшін “артта қалған халықтарды”, соның ішінде қазақ халқын өздері қалыптастырған теория бойынша капитализмге соқтырмай бірден социализмге өткізу көзделді.

Қазақстанда ірі мал иелерін меншігінен айыру және тәркілеу 1920-жылдардың соңындағы әлеуметтік-саяси мәнді тарихи үдеріс болды. Сталиндік-голощекиндік билік қазақ ауылын “қансорғыш қанаушылардан азат етуді” көздеп, ауқатты шаруаларды түп-тамырымен жоюды мақсат етті. Ірі мал иелерінің қожалықтарын жоюдағы большевиктік партия мен кеңес өкіметінің қатыгез әрі қате саясаты ауыл шаруашылығында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізбеді. Алайда кеңестік кезеңде “ірі бай-жартылай феодалдардың” мал-мүлкін кәмпескелеудің шынайы тарихи мазмұны ашылмады. Бүкіл дәстүрлі шаруашылық құрылымын қиратқан акция біруақыттағы революциялық-демократиялық және социалистік қайта құру ретінде сипатталды. ”Ғылымда кәмпеске ауыл қанаушыларының экономикалық мығымдылығын айтарлықтай сөгіп,

қалыптасқан қанау жүйесінің қирауына ықпал етті. Ауылда орта шаруа айтарлықтай көбейді” деген тұжырымдар берік орнықты”[3]. Ғалымдар мен зерттеушілер “1928 жылғы ірі бай шаруашылықтарын тәркілеуді ғалымдар ауылдағы капитализмге дейінгі ереженің экономикалық негіздерін жоюдағы саяси-экономикалық актілердің соңғысы ретінде қарастырды”, - деп көрсетті [4]. “Қазақ ауылы ірі бай-жартылай феодалдардан құтылды. Өндіріш күштерді дамытуға алғышарттар туды. Малсыз және әлсіз шаруашылықтардың саны азайды” – деген сталинизм мен әкімшілдік-әміршілдік жүйенің үстемдік етіп тұрған кезінде ең алғашқы пікірлер айтылды [5]. Осылайша ірі мал иелерін тәркілеу тарихын зерттеудегі алғашқы кеңестік тұжырымдама қалыптысты. Осындай тұжырымдаманы ары қарай дамытушылар “бүкіл Қазақстан бойынша тәркілеу табысты өткізіліп, үш айға созылды,... 700 бай шаруашылықтары тәркіленді. Барлығы 150 мың бас мал ірі қараға шаққанда, алынды[5. С.25.], - деп ой қорытты.

Зерттеушілердің тәркілеудің экономикалық қорытындыларын түйіндеудегі пайымдаулары да ұқсас еді. Мәселен, А.П.Кучкин: “...Тәркіленген мал мүліктің 60-70 проценті ауылдың кедей шаруашылықтарына, оларды күшейту үшін, ал қалған бөлігі колхоздар мен совхоздарға берілді”, - десе, А.Скоплин “мал алған кедейлер мен батырақтар колхозға кірді. Ауылда 293 жаңа ұжымдық шаруашылықтар ұйымдастырылды. Малдың бір бөлігі бұрынғы 695 ауыл шаруашылық артельдерін нығайтуға бөлінді. Барлығы 988 колхоз 29329 бас мал алды. 5 жаңа мал шаруашылық совхоздары құрылды, - деп баса көрсетеді[6]. Ғалым-тарихшылар байларды “жауыз-қанішер” ретінде көрсету арқылы қазақ ауылындағы әлеуметтік-саяси жағдайға үлкен мән берді. Авторлар мәселенің көлеңкелі тұстары жайында жұмған ауыздарын ашпады. Әкімшілік-күштеу саясатының Қазақстанда ақыры қайғылы аяқталғанын авторлар керісінше көрсетті. Осындай пайымдауларға қарсы тың тұжырымдар тәуелсіздік жылдарында қалыптасты. Мәселен, Т.Омарбеков ірі байларды тәркілеуге байланысты қазақстандық большевиктік биліктің әрекетін айқындады. Автор: “Көшпелі шаруашылықты шебер жүргізудің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі жолын меңгерген, қазақ қоғамының еті тірі және пысық тобы-байлардың көзін жоймайынша, қазақтарды дамудың басқа жолына түсіру мүмкін еместігін Голощекин жақсы түсінді, оның басты мақсаты –байларды түп-тамырымен жойып жіберу болатын”, - деп баса көрсетті[7]. Ізденуші Ф.Қозыбақова “тәркілеу ауылды “қансорғыш қанаушылардан” азат ету мақсатын көздегендігін көрсетті/39/. Тарихнамада қалыптасқан қазақ байларын қансорғаш қанаушы түрінде сипаттауға байланысты зерттеушілер өз көзқарастарын білдірді. Мәселен, Т.Омарбековтың “қазақ байы толыққанды феодал болмағандықтан да, қазақ шаруалары крепостниктік правоның қамытын киген жоқ” деген тәрізді пікірлерінен туындаған: “сондықтан да, қазақ байын жақсылық атаулыдан жұрдай, имансыз да сараң, қатыгез де қанаушы етіп тарихымызда біржақты бейнелеу әділеттілік емес және тарихи шындықты бере алмайды деп ойлаймыз” – деген ғылыми түрдегі тұжырымы назар аударлықтай[8]. Осы орайда Т.Омарбеков өз еңбегінде С.Швецов, Ә. Бөкейханов, В.Налимовтың қазақ байларының игі қасиеттері жайындағы

пікірлерін келтірді.

Егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу тәрізді тәркілеудің де экономикалық нәтижелерінің мәз еместігін, керісінше саяси жағының үстем болғанын ғалым-тарихшылар дәлелдеді. Сондай дәйектердің бірі Т.Омарбековке тиесілі. Ол: "... байларды кәмпескелеу нәтижесінде малға қарық болып, "байимыз" деп дәмеленген көп-теген батырақ пен кедей үміті ақталмады. ...малға ие болған кедей-батырақтар да қожалықтарын жедел өркендетіп кете алмады. Олардың өсіп-өркендеуіне малдан басқа материалдық құрал-жабдық, қора-қопсы, қыстау, азық-түлік, жемшөп және т.б. қажет еді", - деп жазды [7.141б.]. Ж.Б.Әбілқожин тың деректерге сүйене отырып, бұрын-соңды айтылмаған шынайы жағдайды көрсете келе былай деді: "Кампанияның нәтижелері салмақты тәрізді... Ауылда орта шаруаның үлес салмағы 76 процент болуы оптимистік тұрғыда хабарланғанымен шаруалардың айтарлықтай бөлігі шаруашылық жүргізуге қажетті малмен қамтамасыз етілмеді[9]. Ал мұның өзі кеңестік тарихнамада көрсетілген "ауылда орта шаруаның басты тұлғаға айналуына" әкелмегендігін, керісінше ...бұрынғысынша тәуелді элементтер болып қалғандығын Ж.Әбілқожин "бірнеше бас мал алған қожалықтар шаруашылық жүргізу ауқымына қосылып кете алмағандықтан, яғни толықтыру принципі бойынша, өздерінің әлеуметтік мәртебесін көтеру үмітімен қоштасты", - деп дәлелдеді [9.С.90].

Зерттеушілер 1928-29 жылдардағы тәркілеудің қорытындылары мен зардаптарын жаңаша ғылыми таразылауға, оның сабақтарын, қасіретін көрсетуге ұмтылды. Мәселен, Т.Омарбеков тәркілеу шараларын қорытындылай келе оның: "...Коммунистік партия мен кеңес өкіметінің дөрекі де қате саясаты болғандығына" көз жеткізсе, Ж.Б.Әбілқожин "ірі бай шаруашылықтардың жойылуына байланысты бұрын бай қожалықтардың бір бөлігін пайдалануға алған сауын қатынастары және көптеген қауымдастықтар үзілді, ендігі жерде өз отарларына қажетті концентрацияға дейін мал жинау мүмкіндігі болмады, ...ақырында экспроприациялық акциялар ...бүкіл дәстүрлі шаруашылық құрылымын қиратты", - деп ашып көрсетті [9.С.90].

Қазақстандағы сталиндік-голощекиндік саясаттың жалғасы қазақтың дәстүрлі шаруашылығын біржола бүлдіріп қиратқан күштеп ұжымдастыру шараларынан көрінді. Шаруа қожалықтарын күштеп ұжымдастыру әкімшіл-әміршіл тәсілдермен жүргізіліп, бұрмалаушылықтар мен асыра сілтеулерге жол берілді. Күштеп ұжымдастыру әлеуметтік-экономикалық және саяси сипатқа ие болды. Қазақ этносын құртуды көздеген этноцид саясаты – ұжымдастыру нәубетінің қасіреті аса қайғылы болып, тарихта бұрын-соңды болмаған аштыққа әкеліп соқты. Өрескел революциялық шараларды күштеп іске асыру, әміршіл-әкімшіл өктем саясат қыспағына қарсы халықтық наразылықтар мен көтерілістер етек жайды.

Ж.Жұмабеков жеке шаруа қожалықтарының жойылуын "шаруалардың колхоз жолына өтуі барлық ауыл-деревнялық укладтағы экономикалық қатынастардағы ұлы революцияны білдіреді", - деп жазды[10]. Б.А.Төлепбаев та осыған ұқсас көзқарас танытады. Автор: "ұжымдастыру бұл ауыл шаруашылығының артта қалуын тудырған қиыншылықтардан шығудың бірден-

бір дұрыс жолы болды және біртұтас социалистік экономиканы құруға бағытталды... Ірі социалистік шаруашылықтарды құру ауыл мен қышлақтағы жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастарды қалыптастыру ісіндегі революцияландырушы фактор болды”, - деп көрсетеді[11]. Тарихшы 1929 жылғы “ұлы бетбұрысты”, жаттанды лениндік еріктілік принципінің бұзылуын, жасанды жеделдету, қағаз жүзіндегі колхоздардың құрылуын ашып көрсете келе, мәселенің шынайы тұстарын бүркемелейді. Себебі шындықты айтуға тарихшы-ғалымдар тоталитарлық жүйе алдында дәрменсіз болды. Ж.Жұмабеков “колхоз құрылысындағы партиялық бағыттағы бұрмалаушылықтарды... кулактар мен байлар пайдаланып, кедейлер, орта шаруалар арасында малды колхозға кірер алдында жаппай сою үшін өз үгіттерін күшейтті”, - деп көрсетті [10.С.161]. Б.Төлепбаев колхоздастыру барысындағы қателіктер мен бұрмалаушылықтарды көрсетуде Ж.Жұмабеков пікіріне үндестік танытып, “Ұжымдастырудағы кемшіліктер жекелеген қызметкерлердің қателіктерінің ғана емес, сондай-ақ “троцкистердің, бухариншілердің және буржуазиялық ұлтшылдардың партияның коллективтендіру ісіндегі саясатын және колхоз қозғалысын бүлдіруге тырысқан алдын-ала ойластырылған әрекеттері” [11.С.132], - деп пайымдайды. Алайда Ж.Жұмабеков “мал басының 30-35 процентке азаюына колхоз құрылысындағы қателіктер, дайындау саясатындағы асыра сілтеулер ықпал етті”, - деп жазады[10.С.161].

Г.Ф.Дахшлейгер мен К.Нұрпейісов: “Қазақстан ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру негізінде бүкіл елге тән жалпы заңдылықтар алынды, бірақ аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты ұжымдастыру мұнда бірқатар өзгешіліктерге ие болды”, - деп жазады[12]. Екі еңбекте де “1929 жылдың екінші жартысы колхоз қозғалысында сапалық бетбұрыс анықталды, ол барған сайын бұқаралық сипат алды колхоздарға орташалар кіре бастады” – деген тұжырым жасалды [12. С.189].

сталиндік зұлматтың барысы мен қайғылы зардаптарын ашып көрсетті.

Егемен Қазақстан жағдайында белгілі ғалым, тарихшы М.Қозыбаев республикада алғашқылардың бірі болып ұжымдастыруды “қазақ этносын құртуды көздеген этноцид саясатының көрінісі” ретінде тұжырымдады[13]. М.Қозыбаев, Қ.Алдажұманов, Ж.Әбілқожин ұжымдастыру “ауыл шаруашылығындағы экономикалық заңдылықтарға жатпайтын “Ұлы бетбұрыс” шаруашылықтағы бұрыннан қалыптасқан жүйені аяусыз қиратып, қоғамды неше түрлі қиындықтарға ұрындырудың алғы шартын жасады”, - деген бағытта көрсетсе, М.Тәтімов: “Түбірлі бетбұрыс” ауыл шаруашылығы құрылымының сілікпесін шығарып, қоғамның алдағы мәселелерін түкпірден қозғады. Яғни, қатаң казармалық әкімшілік-бұйрықшыл террор орнады”, - деп пайымдады[14].

Ғалым-зертеушілер халықтық көтерілістің аясы кең, ауқымы бүкіл Қазақстан территориясын қамтығандығына баса назар аударады. Мәселен, М.Қозыбаев, Қ.Алдажұманов, Ж.Әбілқожин: “...жалпы 1929-31 жылдары Қазақстанда 372 шаруа көтерілістері болып өтті. Егер 1929 жылы көтерілістер тек жекелеген аудандарда болса, 1930 жылы олар Қазақстанның бірталай жерлерін қамтыған

жаппай қозғалысқа айналды,- деп тұжырымдайды[15]. Ал Т.Омарбеков: ”Бандиттік” бас көтерулер мен ата қонысты тастап ауа көшулерді шығарып тастағанның өзінде 1929-31 жылдары Қазақстанда 372 рет шаруалардың бұқаралық бас көтерулері болды. Жылдарға шаққанда олардың 54-і 1929 жылы, 241-і 1930 жылы, ал 77-сі 1931 жылы орын алды”, -деп өз әріптестерінің пікірлеріне үндестік таныта отырып, көтерілістердің жыл сайынғы өрістеуін баса көрсетеді[16]. Осылайша зерттеушілер кеңес дәуірінде ғылымда берік орын алған қарақшылық, бандиттік көтерілістерге байланысты қағиданың іргесін сөкті.

Қазақстанның Өлкелік Компартиясы және оның басшысы Ф.И. Голощекин қысқа мерзім ішінде қазақ шаруа қожалықтарын жедел, жаппай жоспарлы отырықшылыққа көшіруге жанталасты. Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, ұлттық ерекшеліктерін ескермей жүргізілген зорлап отырықшыландыру қазақ халқын “қызыл табан” шұбырындыға салып, ата қоныстарын тастап көшуге, ашаршылыққа ұрындырды. Қолындағы малынан айырылып, баспанасыз қалған, ашаршылық зардабын көрген халықтың қайғысы қасіретті, халі мүшкіл болды. Тарихшы “жоспарлы және бұқаралық отырықшыландырудың алғашқы шаралары ... нәтижелі көрсеткіштер берді. Отырықшыландыру аудандарында 1839 колхоз құрылып, оларға 50699 шаруашылық біріктірілді”, - деп зорлап отырықшыландыру үдерісін дәріптеп көрсетті[16. 28б].

-
1. Дахшлейгер Г.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана. 1921-1929г.г. - А-Ата.,1965; Тулепбаев Б.А. Торжество ленинских идей социалистического сельского хозяйства Средней Азии и Казахстане. - М.1971; Турсунбаев А. Казахский аул в трех революциях. - А-Ата., 1967. Нұрпейсов К. Қазақстанның шаруалар Советтері. -Алматы., 1972; Байгабылов Н.С. Аграрные преобразования на юге Казахстана 1917-1929г.г. Дисс...к.и.н. - А-Ата., 1986.
 2. Дадабаева Г.Р. Аграрные реформы 1921-22гг. на юге Казахстана: история проведения и итоги. Дисс. на соискание ученой степени к.и.н. - А-Ата., 1995.
 3. Алимбаев Н.А. Проблемы непосредственной подготовки сплошной коллективизации сельского хозяйства Казахстана в современной историографии (вторая половина 50-х-80-е годы)// Вопросы историографии Казахстана. - Алма-Ата., 1983. - С.61.
 4. Алимбаев Н.А. Аграрные преобразования в казахском ауле в 1926-28гг. (вопросы историографии второй половины 50-80-е гг.)// Известия АН КазССР. Серия общественных наук. 1982. №5. - С. 41.
 5. Кучкин А.Н. Ликвидация казахских баев-полуфеодалов в 1928г.// Исторические записки. Т.35. - С. 3-35.
 6. Акишева З.А. Конфискация скота и имущества крупных баев-полуфеодалов в Казахстане. Диссертационная работа на соискание ученой степени кандидата экономических наук. - Алма-Ата-М., 1942-1947. -С.202; Скоплин А.П. Конфискация байских полуфеодалных хозяйств – важнейший этап на пути социалистического строительства в Казахстане// Годы великих свершений.

Сборник статей. - А-Ата., 1960. -С. 118.; Кучкин А.П. Из истории ликвидации хозяйств баев-полуфеодалов в Казахстане//Известия АН КазССР. Серия историческая. 1950. Вып.6. - С. 77.

7. Омарбеков Т. Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағлымы. Т.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның қолжазбасы. - Алматы, 1994. - 127б.

8. Омарбеков Т. Қазақ байлары қалай тәркіленді?//Ана тілі. 1991. 7, 14 қараша.

9. Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. - Алматы, 1997. - С. 89-90.

10. Жумабеков Ж. Ленинской дорогой. Руководство КПСС вовлечением трудового крестьянства Казахстана в строительство социализма. - Алма-Ата., 1973. - С. 162.

11. Тулепбаев Б.А. Социалистические аграрные преобразования в Средней Азии Казахстане. - М., 1984. - С. 126.

12. Дахшлейгер Г.Ф., Нурпеисов К.Н. История крестьянства советского Казахстана. Т.1. - Алма-Ата., 1985. - С. 189.

13. Қозыбаев М. Қазаққа зұлмат

14. Тәтімұв М. Голощекиндік геноцид.

15. Қозыбаев М., Алдажұманов Қ.С., Әбілқожин Ж.Б. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру. - Алматы, 1992. -18-196б.

16. Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. - Алматы., 1997. - 126б.

Кеңес Нұрпейісұлы және отандық тарих ғылымының методологиялық мәселелері

Тарих ғылымының методологиясы теориялық, дүниетанымдық ережелердің жүйесі, ол нақты шындықты танудың тәсілдері ретінде ғылыми талдау жасау талаптарынан пайда болады. Басқаша айтқанда тарих ғылымының методологиясы - ғылыми зерттеу жұмысында танымдық принциптер, идеялар ретінде пайдаланылатын белгілі бір дүниетанымдық теориялық ережелердің жүйесі. Методология - белгілі бір мәселені зерттеудің ғылыми әдістемелері. Тарих ғылымындағы зерттеу тәсілдері мен жолдары, яғни методология математикадағыдай дайын формула емес, ол өзін теориялық жағынан жетілдіруді және үздіксіз ізденістер арқылы қалыптастырып, дамытуды талап етеді. Методология ол ғылыми зерттеу жолдары, таным тәсілдері туралы біртұтас ілім. Ғылымда оны “тарихи таным теориясы” деп бекер атамайды. Методологияға сүйеніп, зерттеуші іс-тәжірибелік қызметінде зерттеу әдістері кешенімен жұмыс істейді. Методология бұл тұста ғалымның қарамағындағы малай немесе құлдық ұруды талап ететін патша емес. Яғни, методологияны “не істесем де өзім білемін” деген принципті ұстанып, оны біржақты дәріптеуге немесе елеусіз қалдыруға болмайды. Олай еткен зерттеуші қателіктер мен олқылықтарға ұрынып, соны тұжырымдар жасауда көптеген қиындықтарға кезігеді. Нағыз тарихшы ең алдымен өмір бойы методологиялық жағынан жетіледі. Ол ғылымда жинақталған методологиялық қазынамен бірге өседі, ал

соңғысы ғалымның күш-қайратының арқасында молаяды [1].

Кеңес Одағы ыдырап, ғылым дағдарысқа ұшыраған тұста эталондық ойтұжырымдар, салмақты қорытындылар жасап келген тәжірибелі, білікті аға буын маман-зерттеушілер, ғалымдар бірден ескі ұстанымдардан бас тартып, жаңаша ойлауға бет бұра алмады. Осыған орай басым көпшілігі ғылыми зерттеулер жүргізуге ықылас таныта алмай, ғылымнан қол үзді. Жаңа бағытта төл тарихымызды жазуға тарихшылардың теориялық және методологиялық дайындықтарының төмендігі кедергі келтірді. Дегенмен қазақстандық ғалымдардың арасында таптаурын ұстанымдардан бас тартып, жаңа тәуелсіз методологияны қалыптастыруға бет бұрғандар да болды, алайда олардың қатары сирек еді. Ғылымда методологиялық жағынан үнемі жетіліп, оны тың тұжырымдармен байытып, айтарлықтай жетістіктерге жетіп, республикаға белгілі ғалым-тарихшы атанған Кеңес Нұрпейісұлы сондай бірлі-жарым тарихшы-зерттеушілердің көшін бастады. Ғалым отандық тарих ғылымының методологиялық мәселелерімен айналысуды кеңестік кезеңде, яғни маркстік-лениндік ұстанымдар үстемдік еткен тұста бастап, тәуелсіздік жылдары жаңа әдіснама қалыптастыруға елеулі үлесін қосты. Енді тарихшының ғылымның тұғырнамалық мәселелерін зерттеуінің, дәлірек айтсақ Қазақстан тарихын кезеңдеудің кейбір тұстарына тоқталып өтейік.

Кеңес өкіметінің Қазақстандағы күрделі жер мәселесін шешудегі әлеуметтік-саяси, экономикалық шараларын жан-жақты ғылыми тұрғыда ашу өзекті мәселеге айналған тұста оның төңірегінде көптеген пікір, көзқарастар білдірілді. Осы кезде тарих ғылымында тарихи оқиғалар мен үдерістерді кезеңдерге бөліп зерттеу орын алды. Себебі тарихи кезеңдер неғұрлым нақты, оқиғалардың шынайылығын ашуға сәйкес келсе, соғұрлым олардың мәні мен мазмұнын анықтауға мүмкіндік тудырылады деген қағида өмір сүрді. Мәселен, кеңестер елінде 1920-30 жылдары жүргізілген аграрлық реформалар бірнеше кезеңдерге бөлініп, «капитализмнен социализмге өтудегі» уақыт аралығының ерекшеліктеріне, мәні мен маңызына баға берілді. Міне, осы өтпелі кезеңді бірнеше шағын кезеңдерге бөліп қарастырған зерттеушілердің бірі Кеңес Нұрпейісұлы еді. Ғалым көрсетілген уақыт аралығын «Қазақстанның ауыл шаруашылығында көпукладтылықты жою және социалистік укладтың жеңуі процесі» деп атап [2], оны үш сатыға бөлген. Бірінші саты – кеңес өкіметін орнату және нығайту; бай, кулактардың экономикалық үстемдігін біршама жою, жер-су пайдалануда отаршылық қалдықтарын жою үшін күрес (1917 ж. қазан - 1920 жылдардың ортасы). Екінші саты - жаппай ұжымдастыру және бай, кулактарды тап ретінде жоюға қажетті алғышарттар дайындалаған ауыл шаруашылығындағы революциялық-демократиялық өзгерістерді іс-жүзіне асырумен байланысты (1920-жылдардың екінші жартысы). Үшінші сатыға республика ауыл шаруашылығындағы көпукладтылықты біржола жою және социалистік қатынастар жеңісінің міндеттерін шешуге арналған уақытты жатқызды (1920-жылдардың соңы - 1930 жылдар) [2.С.181]. Ғалымның сатылардың мәнін анықтаудағы ұстанымы мен тұжырымдары кеңестік идеологияға сәйкес болғанымен қасіреті мол аграрлық реформалар жүргізілген уақыт аралығын дөп басып көрсеткен, өйткені автордың кезеңдеуі бірқатар

кеңестік тарихшылар, соның ішінде Ә. Тұрсынбаевтың, Б. Төлепбаевтың, Г.Ф. Дахшлейгердің пікірлерімен үндес. Алайда К.Нұрпейісұлының аталғандардан артықшылығы, сатыларды нақты айқындауда кеңестік ғылымда үстем еткен дәуірлеудің формациялық теориясын берік ұстанғанымен тарихи хронологиялық зерттеу әдісін салыстырмалы түрде пайдаланғандығы. Мұның өзі ғалымның аталмыш зерттеу әдісінің тарихи оқиғалар мен үдерістердің мазмұнын ашудағы маңызын терең түсінгендігінен хабар береді. Тарихи үдерістегі мерзімдемелік әдіс - бір-бірінен тарихи заңдылықтардың, үрдістердің түрлері, әдістері арқылы, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастарының деңгейі бойынша дәуірлерді, кезеңдерді, сатыларды айқындауда қайталанбайтын тәсіл [4]. Мұның өзі тарих ғылымындағы ең басты бағыт. Бір тарихи кезеңнен екінші кезеңді ажырата білу мерзімдеменің теориялық негізі болып табылады. Мұндай бағыт тарихтың заңдылықтарын зерделеуге бағытталған. Осыған орай айта кетерлік жайт, адамзат тарихын, соның ішінде қазақ тарихын дәуірлерге бөлмей қарастыру мүмкін емес. Себебі әрбір тарихи дәуірдің өзіндік ерекшеліктері, даму заңдылықтары, өзіне тән белгілері, т.б. бар. Тарихты дәуірлемей зерттеу оны бұрмалауға, қате, жаңсақ тұжырымдар жасауға жол ашады.

Мерзімдемелікті зерттеу әдісі ретінде пайдалану, оның ғылымилығы ең алдымен мерзімдеменің критерийлерін таңдап алумен байланысты. Тарих ғылымында оның критерийлер болып қоғам өміріндегі фактор және солармен байланыстағы тарихи білімнің дамуындағы объективті, субъективті элементтер саналады. Мерзімдемеліктің нақтыландырылған ғылыми критерийлері кездейсоқ таңдалған мерзімге негізделген субъективті пайымдаулардың дүниеге келуіне тосқауыл бола алады. Осындай критерийлерді өз зерттеулерінде қолдана білген Кеңес Пұрпейісұлы тәуелсіздік жылдары Қазақстан тарихында бұрын-соңды зерттеу былай тұрсын айтуға тиым салынған жаппай саяси қуғын-сүргіннің қайғылы қасіретінің бетін ашып, оны жүйелі, әрі кешенді қарастыру үшін кезеңдерін анықтауға өз үлесін қосты. Автор: «1917 жылдан кейінгі бұрынғы Кеңес Одағында, оның ішінде Қазақстанда орын алаған саяси қуғын-сүргін (политическая репрессия) тарихы бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Қазақстан тарихына байланысты саяси қуғындаушылықты шартты түрде мынадай кезеңдерге бөліп қарауға болатын тәрізді», - дей келе кезеңдерін былайша ұсынды:

«I кезең - 1917-1920 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде Кеңес өкіметінің орнауы мен азамат соғысының орын алуына байланысты өлке тұрғындары «ақ» - «қызыл» болып қарсыласты» [3. 286б]. Осыған дейін бірде бір тарихшы 1917 жылдың қазанындағы Қазақ өлкесінде кеңес өкіметінің орнатылуы мен 1918-1920 жылдардағы азамат соғысын деп аталып келген оқиғаларды саяси қуғын-сүргін деп айдарламаған. Егер тарихи үдерістердің астарына тереңірек үңілетін болсақ, шын мәніндегі халықтық үркіншілік пен қан төгістің, жаппай қырғынның, басып-жаншудың пролетариат диктатурасы аясында орын алғандығына көз жеткіземіз. Ұлт зиялылары М. Шоқай [5], А. Байтұрсынов [6], Г.И. Сафаров [7], Т. Рысқұлов[8], Ф.И. Голощекин [9], т.б. өз еңбектерінде қазан төкерісінің Түркістан халықтарына сырттан әкелінгендігі,

өкіметтің күшпен орнатылғандығы, социалистік революцияның таптық мәні олар үшін түсініксіз болғандығы айтылған. Қазан төңкерісі, кеңес өкіметінің орнауы мәселелерінің жаңа тарихи таным тұрғысында қайта қарауда зерттеушілер осындай тұжырымдарға сүйенеді.

«II кезең - 20-жылдар, әсіресе оның екінші жартысы. Бұл сталиншілдіктің, әкімшілдік-әміршілдік басқару жүйесінің нығайған тұсы. Осы кезеңдегі саяси қуғын-сүргін Қазақстанаға Сталиннің тікелей қолшоқпары Ф. Голощекиннің Республика, партия ұйымының жетекшісі ретінде келуі және оның «Кіші Октябрь революциясы» аталаған авантюристік саясатын жүзеге асыруға кіріскен уақыты. Бұл жылдары XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан және белгілі жетекшілері 1917жылы «Алаш» партиясын құрып, Алашорда қозғалысын басқарған қазақ зиялыларына қарсы жаппай моральдық қуғын-сүргін ұйымдастырылды» [3. 286 б]. Бұл бұлтартпас ақиқат, өйткені тәуелсіздік жылдары Алаш қозғалысы тарихын зерттеу барысында оның ащы шындығына куә болдық. Алаш арыстарының бар ғұмыры «халық жауы» атануға емес елінің азаттығы үшін күреске арналғандығы дәйектелді. Алаш пен Алашорданың шынайы тарихын алғашқылардың бірі болып ұлттық мүдде, өркениеттік ұстаным, тұлғаның рөлін тарихты жасаушы тұрғысында зерттеген де Кеңес Нұрпейісұлы екендігі тарихшы қауымға белгілі [10].

«II кезең – 30-шы жылдардың басы. Бұл кезде ауыл шаруашылығын зорлап ұжымдастыру, көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын күштеп отырықшыландыру, Сталиннің толық қолдауымен Голощекин мен оның сыбайластары Қазақстанда, ең алдымен, аулында, күштеп жүзеге асырған «Кіші Октябрь» бағыты және осылардан туындаған салдарлар 1932 жылы Қазақстандағы жаппай ашаршылыққа әкеп соқты. Аштықтан тікелей қырылғандар саны миллионнан асса, Қазақстаннан тыс жерлерге көшіп кеткен босқындар саны 1 миллион 100 мыңдай шамасында болды. Басқа сөзбен айтқанда 1932 жылғы жаппай ашаршылықта республика өзінің байырғы халқының 40 процентінен айырылып қалды» [3. 287 б].

Осы кезең тәуелсіздік кезінде саяси қуғын-сүргін тарихына қатысты ғана емес Қазақстандағы индустрияландыру, аграрлық, мәдени, әлеуметтік мәселелерге байланысты айтылады. Осыған орай ол бірқатар зерттеушілердің еңбектерінен көрініс тапқан. Олардың барлығы дерлік 1920-жылдардың соңы 1930-жылдардың бас кезіндегі қазақ халқына қарсы жүргізілген «қызыл табан шұбырындыны» аттап кетпеген. Күштеп ұжымдастыру әлеуметтік-экономикалық және саяси сипатқа ие болды. Қазақ этносын құртуды көздеген этноцид саясаты – ұжымдастыру нәубетінің қасіреті аса қайғылы болып, тарихта бұрын-соңды болмаған аштыққа әкеліп соқты. Өрескел революциялық шараларды күштеп іске асыру, әкімшіл-әміршіл өктем саясат қыспағына қарсы халықтық наразылықтар мен көтерілістер етек жайды. Алайда отандық тарих ғылымында алапат аштықтан қырылғандардың саны әлі де нақтыландырылмай келеді. Тарихшы-демографтардың есептеуі бойынша құрбан болғандар саны 3 миллионға жуық. Бұны тәуелсіздік жылдары жарық көрген М.Тәтімовтың, Т.Омарбековтың, С.Айымбетовтың, т.б. еңбектерінде келтірілген мәліметтер дәйектейді.

Кеңестік кезең тарихын дәуірлеу мәселелерімен, соның ішінде республикадағы аграрлық өзгерістердің тарихнамасын зерттей келе отырықшыландыруды сталиндік-голощекиндік саясатпен байланыстыра отырып, оны шартты түрде екі кезеңге бөлуге болатындығын ұсынған едік : 1) 1930-32жж; 2) 1933-37жж. болатындығын айтқанбыз. Себебі зорлап отырықшыландыру жаппай ұжымдастыру ауқымында 1930 жылдан бастап жүргізіліп, оның соңы 1931-32ж. босқыншылық пен аштыққа ұрындырды. Сондықтан кеңестік отырықшыландыру біршама тежелді. 1933 жылдан бастап отырықшыландыру процесі ары қарай жалғасты, өйткені көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылдары отырықшыландырумен толық қамтылмады. Сөйтіп, ол негізінен 1937ж. аяқталды. Деректер де оның 1930 жылдан басталып, 1937 жылы негізінен аяқталғандығын дәлелдейді.

Төртінші кезең - 1937 жылдан Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы аяқталғанға дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезеңдегі саяси қуғын-сүргін «халық жауларымен» және «социалистік отанына сатқындық жасағандармен» деген ұрандардың «аясында» жүзеге асырылды. ... Бұлармен қатар Кеңес өкіметі сенімсіз деп бағалаған тұтас халықтар - Еділ бойының немістері, шешендер, ингуштер, кәрістер, курдтар, месхеттік түріктер, қрым татарлары, қарашайлар, балқарлар, т.б. Қазақстанға зорлап көшірілді (депортацияланды) [3. 366 б].

Бесінші кезең – қырқыншы жылдардың екінші жартысы мен елуінші жылдарды қамтиды. Бұл кезеңдегі саяси қуғын-сүргіннің тоқпағы алдымен интеллигенцияға қарсы бағытталып, елдің зиялы қауымын қудалау мен жәбірлеу науқаны «буржуазиялық ұлтшылдармен және тексіз космополиттермен күрес» ұранының астында жүргізілді [3. 366 б].

Отандық тарих ғылымында кеңестік тоталитарлық жүйенің қалыптасуы және орнығу мәселелерін кезеңдеген зерттеушілер 1946-1953 жылдар аралығын бір сатыға жатқызып, оны сталинизмнің консервациясы деп атаған[11]. Осы тұрғыдан келгенде К.Нұрпейісұлының кезеңдеуі 1917-1955 жылдар аралығын қамтыған дәуірлеудің сатыларына сәйкес келеді.

Айта кетерлік тағы бір жайт, К. Нұрпейісұлы тарихи оқиғалар мен үдерістердің бағыты мен мазмұнын өзгертетін, тарихты жасайтын жекелеген тұлғалар тұжырымдамасының жетілуіне де үлес қосып «Тарихи тұлғалар» атты зерттеуін жариялады[12].

Осылайша тарихшы-ғалымның отандық тарих ғылымында жаңа ұстанымдар қалыптастыруға және методологиялық негіздерін жетілдіруге қосқан үлесін елеулі, ғылыми шығармашылығының маңызы айтарлықтай, тәлімі тануға лайық деп бағалауға болады.

1. Журавлев В.В. Методология исторической науки. Вчера. Сегодня. Завтра. // Кентавр, 1995. №6. -146 б.

2. Нурпеисов К.Н. Роль аульных и сельских советов Казахстана в регулировании многоукладной структуры и победе социалистических отношений в сельском хозяйстве республики // Региональные особенности экономической политики переходного периода в СССР. Сборник статей. - М., 1983. -С. 181.

3. Нұрпейісұлы Кеңес. Алаш ақиқаты. - Алматы., 2010.
4. Зевелев А.И. Истриографические исследования: методологические аспекты. - М: Высшая школа, 1987. - С. 62.
5. Шокай М. Туркестан под властью советов. - Алматы, 1993.
6. Байтұрсынов А. Шығармалары. - Алматы, 1989.
7. Сафаров Г.И. Колониальная революция (Опыт Туркестана). -М., 1921.
8. Рыскулов Т. Революция и коренное население Туркестана.Ч.1. 1917-1919. - Ташкент., 1925.
9. Голощекин Ф.И. Казахстан на путях социалистического переустройства. -М-А-Ата., 1931.
10. Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы., 1995.
11. Омарбеков Т.. Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. - Алматы., 2004; Арынов Ж.М. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдағы Қазақстан тарихын кезендерге бөлудің методологиялық-теориялық мәселелері. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. - Алматы., 2009.
12. Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар. - Алматы., 2007.

Кеңес Нұрпейістің отандық тарихнама ғылымына қосқан үлесі

Кеңес Одағының ыдырап, социалистік жүйенің жойылуына байланысты қазақстандық тарих ғылымының теориялық-методологиялық проблемаларын қайта қарап, жаңа тарихи таным қалыптастыру қажеттілігі туындады. Мұндай заңды құбылыс бірқатар саяси, әлеуметтік, идеологиялық, дүниетанымдық факторларға негізделді. Бұл бір жағынан алпауыт мемлекеттің тарих сахнасынан кетуіне, екіншіден, коммунистік идеологияның құлдырауына, үшіншіден, осыларға сәйкес ғылымда үстемдік еткен маркстік-лениндік идеологияның дағдарысқа ұшырауынан көрінді. Сондықтан да уақыт өткен сайын жаңа ғылыми методология қалыптастыру қажеттілігі айқын сезіле түсті. Тарихты жазуда, зерттеуде өзекті мәселелерге жаңа көзқарастар тұрғысынан қарап, дербес, тың ой-пікірлер мен тұжырымдар түйіндеу міндеті тұрды. Алайда тәуелсіз, соны тұжырымдар жасау көптеген қиындықтарға тірелді. Ғылымда эталондық ой-тұжырымдар, салмақты қорытындылар жасап келген тәжірибелі, білікті аға буын маман-зерттеушілер, ғалымдар бірден ескі ұстанымдардан бас тартып, жанаша ойлауға бет бұра алмады. Осыған орай басым көпшілігі ғылыми зерттеулер жүргізуге ықылас таныта алмай, ғылымнан қол үзді. Жаңа бағытта төл тарихымызды жазуға тарихшылардың теориялық және методологиялық дайындықтарының төмендігі кедергі келтірді. Соның нәтижесінде жаңа тәуелсіз методологияны қалыптастыру ұзақ уақытқа созылды. Оның үстіне Отан тарихын терең зерттеп, әрі жаңа методологиялық ұстанымдарды қалыптастыру барысында оның зерттелмеген мәселелерінің шаш етектен екендігі күн өткен сайын байқала түсті [1]. Міне, осындай жағдайда алғашқылардың бірі болып кезінде маркстік-лениндік методологияны

берік ұстанған Кеңес Нұрпейісұлы “ескіден” тез арада арылып, жаңа тарихи таным бағыты және ұлттық мүдде тұрғысында тың зерттеулер жазып, өзінің дәйекті пікірлерін соны тарихи деректер негізінде білдірді. Ғалымның тарихнамалық зерттеулерді жүргізуге ықыласы артып, тарих ғылымының тарихын терең түсінуге алғашқы қадамдар жасады. Мұның өзі жаңа, ғылымның түрлі салаларында қол жеткізілген жетістіктер тұрғысынан тарихнамалық методологиялық талдаудың заңдылықтары мен өзіне тән белгілерін тануды талап етті. Тарихнаманың ғылымдағы зерттелмеген мәселелерді айқындаудан өзге оның методологиялық негіздері мен зерттеу ұстанымдарын көрсететін артықшылықтары бұл ғылым саласын басқалардан ерекшелендіретіндігі хақ. Кез келген ғылыми еңбек белгілі бір методологияға сүйеніп жазылатындығы баршаға аян, ал оның сипаты мен мазмұны тек тарихнамалық талдаулар барысында анықталады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Кеңес Нұрпейісұлы осы бағытта да алғашқылардың бірегейі болып күрделі де күрмеуі қиын мәселенің шешімін табуға ұмтылды. Тарихнамалық заңдылықтарға арқа сүйеп, сонымен қатар жаңа методология қалыптастыруда өзіне дейінгінің кемшіліктері мен олқы тұстарын көрсетіп, іргелі зерттеу дайындады. Тарихнамалық талдау жасалған зерттеуі - “Алаш һәм Алашорда” монографиясы.

XX - ғасырдың бас кезіндегі ұлт зиялыларының қалыптасуы, Алаш қозғалысы ғылымда тың деректер мен тыйым салынған құжаттардың жариялылыққа ие болуына байланысты жаңа қырынан зерттеліп, М. Қойгелдиевтің, Д. Аманжолованың еңбектерінен көрініс тапты [2]. Зерттеуші ғалымдар «ұлт көшбасшылары болған Алаш зиялылары қазақ қоғамының дәстүрлі мәдениетімен тығыз байланысты еді, шын мәніндегі рухани ренессанстың ұйытқысы болатын. Олар ұлттық нәрсенің бәрін қызғыштай қорыды, діни фанатизмге, ұлтшылдық, нәсілшілдік және өзге де соқыр сенімдерге ұрынбады», - деген тұжырым түйіндеді [3]. Жалпы ғылымда Алаш қозғалысына байланысты тиянақты шаралар атқарылды. Мәселенің деректері де талданып, бұрын жарияланбаған мұрағат құжаттары және өзге де материалдар жинақтар түрінде жарық көруде. Алайда тұңғыш рет К. Нұрпейістің аталмыш еңбегінде Алаш қозғалысының тарихнамасы сараланды.

Кеңестік кезеңде жекелеген проблемалардың, мәселен, большевиктік биліктің алғашқы аграрлық реформалары, ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру, тың және тыңайған жерлерді игеру, тағы сол сияқтылардың зерттелу деңгейі анықталып, бірқатар тарихнамалық зерттеулер жарияланды. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихының тарихнамасын өз кезегінде тарихнамашы ғалым Г.Ф.Дахшлейгер арнайы зерттеп, елеулі еңбек жариялаған [4]. Ғылымда осылай деген тұжырым жасалды. Дегенмен К. Нұрпейіс арнайы тарихнамалық зерттеулер дайындамаса да өзінің бірқатар іргелі еңбектерінде тарихнамалық шолуларды сәтті жасай алған болатын. Сондықтан да болса керек тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта тарихнамалық талдауларды ғылым талаптарына сәйкес жүргізді. Осыған көз жеткізу үшін жоғарыда аталған еңбектегі тарихнамалық талдауға назар аударайық. «Алаш һәм Алашорда» дербес туындысының бірінші тарауы «Мәселенің тарихнамасы және деректік

негіздері» деп аталады. Атауынан-ақ көрініп тұрғандай автор Алаш қозғалысы тарихының зерттелу деңгейін арнайы зерттеу нысаны етіп алған. Тарихнамалық талдауын бастамас бұрын ғалым кеңестік кезеңде зерттеуге ресми тиым салынған, «ақ», «қарасы» айқындалмаған мәселені зерделеудің бағыттарын анықтады. Бұл автордың «Алаш» немесе «Алашорда қозғалысы» - бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым. Сондықтан да әуел бастан Алаш (Алашорда) қозғалысына жататын жекелеген мәселелердің басын ашып, оларды нақты түрде қарастырған жөн сияқты» [5], - деген пайымдауынан анық көрінеді. Сол уақытқа дейін әлі де болса аражігі толық ашыла қоймаған күрделі ұғымды «... біріншіден, саяси партия ретіндегі Алаш. Екіншіден, мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш автономиясы, үшіншіден, осы автономияны (Алаш атты қазақтың мемлекеттігін) басқаруға тиісті болған Алаштың ордасы (Алашорда үкіметі) туралы мәселелер» [5. 5б] - деп, нақты атап көрсетті. Мұнан соң автор бұл тақырыптың «күпия», «жабық» болу себептерін түсіндіру барысында мәселенің методологиялық тұстарын қоса қозғады. Алаш қозғалысының тарихнамасын хронологиялық-проблемалық әдіс арқылы талдаған ғалым оның зерттелу деңгейін шартты түрде екі кезеңге бөліп қарастырған. Тарихнамалық мерзімдеменің алғашқы кезеңіндегі зерттеулерге А. Байтұрсыновтың, С. Сейфуллиннің, Ә. Әйтиевтің, А. Кенжиннің мақалаларын жатқызған ғалым олардың Алаш қозғалысына берген бағаларына ерекше назар аударған. С. Сейфуллиннің қозғалысқа берген біржақты бағасын Ә. Әйтиевтің жақтағандың, керісінше Алашорданың қызметін әділ бағалау үшін тарихи деректердің негізінде терең зерттеулер қажеттігін айтқан А. Кенжиннің пікірлерін салыстыра талдаған.

Ғалым Қазақстанда билік басына Г.И. Голощекиннің келуімен бірге Алаш қозғалысының тарихын зерттеу «ресми, таптық және партиялық тұрғыдан зерттеу науқанымен қатар жүргізілгендігі» [5.11б] туралы тұжырым жасады. Мұндай зерттеу методологиясының орын алуын «совет өкіметіне қарсы әрекеттер жасады» деген жалған айып тағылған қазақ зиялыларының саяси қуғын-сүргінге ұшырауын «ғылыми негіздеумен» [5.11б] дәйектеген. Аталмыш методологияны қалыптастыруда А. Богачев еңбегінің рөлін аша келе, осы шығармаға қатысты «жекелеген дұрыс пікірлер айтқанына қарамастан, жалпы алғанда Алашорданы жамандаудан аспады, оның тарихының әртүрлі кезеңдері мен қызметіне объективті баға бере алмаған» деп тұжырым түйіндеген. Мұның өзі ғылыми дәйекті тарихнамалық факт болып табылады.

К. Нұрпейістің Алаш қозғалысы тарихын зерттеуде таптық бағытты орнықтыруда, әрі оны қаралауда Н. Мартыненконың дайындауымен жарық көрген құжаттар жинағының айтарлықтай септескендігі туралы пікірінің де салмақты екендігін байқау қиынға түспейді. Ал С. Брайнин мен Ш. Шафионың Алаш қозғалысы тарихын зерттеуге ықылас танытқандардың ұмтылысына кедергі қоюға арналған еңбегінің мазмұнына ғалым шынайы баға беріп, мынадай ой түйіндеді: «... авторлар Алаш қозғалысының жетекшілері мен оған қатынасқандардың барлығын дерлік орыс патшалығы мен уақытша үкіметтің итаршы, қолшоқпарлары, қазақ халқының қас жаулары деп бағалап, Алашорданы ұлтшыл ұлтшыл контрреволюцияның үкіметі деп анықтады» [5.

136]. Автор аталмыш еңбектердің большевиктік идеологияға сәйкес жазылғанына қарамастан қатаң сынға алынғанын және олардың «тағдырының» Алаш қозғалысы үшін «оп-оңай әрі тез шешілгендігін» тарихи оқиғалардың желісімен және коммунистік партияның әрекетімен түсіндерген. «ВКП(б) Қазақ Өлкелік партия комитетінің бюросы 1935 жылғы сәуірдің 15-індегі қаулысында айтылмыш кітапқа қосымша ретінде жарияланған құжаттар тізбегі Алашорданың контрреволюцияшыл ұлтшылдық идеологиясын таратуға қызмет етті деп бағалайды. Сондықтан «Очерки по истории Алаш-Орды» деген кітапты бюро пайдаланудан алып тастау жөнінде қаулы алды», - деген, ғалым тұжырымы айтқанының дәлелі. Осылайша тарихшы Алаш қозғалысы тарихын зерттеуге мүлде тиым салынғанын жайып салды. Ал алашордалықтардың тағдырын автор: «...саяси сот процестері шығарған үкімге байланысты әртүрлі ұзақ мерзімдерге концлагерьлерге айдалды, атылды, жер аударылды. Одан аман қалғандарына «халық жаулары», «шетелдер пайдасына қызмет еткен шпиондар» деген жалған айыптар тағылып, 1937-1938 жылдардағы үлкен террорда жаппай атылып, айдалды», - деп көрсетті [5. 146]. Айта кетерлік жайт, мүмкін бұл сол кез үшін ғылыми жаңалық емес те шығар, себебі осыған дейін Алаш қозғалысы және шынайы тарихы туралы біраз айтылған. Мәселе онда емес, түйіткілдің түйіні автордың кәсіпқой тарихнамашы болмаса да ғылым талаптарына сәйкес талдау жасау барысында тарихнамалық ой қорытуында. Тарихнамалық зерттеу дайындаушылардың бірқатары, тіпті көпшілігі десек те болар, тарихнамалық фактілердің негізінде салмақты тұжырым жасай бермейді. Мұның өзі тарихнамашылардың әдіснамалық тұстарының ұшталмағандығын байқатады. Өкінішке орай кейбір тарихнамалық зерттеулер деп айдарланған еңбектер билбиографиялық шолуларға көбірек ұқсайды.

Көріп отырғанымыздай, осылайша социализмнің жеңісі мен “кемелденген социализм” кезеңдерінде Алаш қозғалысының тарихы зерттелмеді. Тек қайта құру жылдарында ұлт зиялыларының есімдері ақталып, халыққа еткен қызметтеріне оң баға беріле бастаған тұста Алаш арыстары және олардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы әрекеттері жайында біршама айтылды. Бостандық пен тәуелсіздіктің мәнін ұлт зиялылары «Қазақ» газеті арқылы халық санасына сіңіріп, елдің назарын осы мәселеге аударуға тырысты. Ақпан төңкерісінің жеңісіне шаттанды. Осы оқиғаны пайдаланып, зиялылар ұлттық мемлекеттікті жаңғырту, өз алдына тәуелсіз ел болуды мақсат етіп қойды. Ұлт зиялылары тәуелсіздік идеясын өз шығармаларында жиі көтеріп, оны жүзеге асырудың жолдарын көрсетіп берді. Тәуелсіздікті олар елдің ең қымбат асыл қазынасы деп білді. Ал оған қол жеткізудің төте жолы оқу-ағарту деп түсініп, соларды үнемі уағыздаумен болды. Сонымен қатар Алаштың арыстары тәуелсіздікке ұлттық автономия ретінде қарады. Айтылғандардың шындығына тарих куә. Ұлттық автономияны басқаруға тиіс болған үкіметтің Батыс және Шығыс, сондай-ақ Түркістандық топтары, олардың өзара байланыстары туралы тарихи деректер баршылық. Сондай деректердің бірі - Мұстафа Шоқайдың еңбегі [6]. К. Нұрпейіс Алаш ардақтысының еңбектерін де талдап, олардың мәселені терең зерделеуге септесетіндігін баса көрсеткен.

Ғалым өз еңбегінде тарихнамадағы салыстырмалы талдау әдісін де тиімді

ұстана білген. Мұны автордың бір топ қазақстандық тарихшылар мен зерттеушілердің пікірлерін өзара салыстырып қарастырғандығынан анық көрінеді.

Тарихшы-ғалымның назарынан шет елдік зерттеушілердің еңбектері тыс қалмаған. Автор американдық зерттеуші Марта Олкоттың туындысын арнайы қарастырып, ол жайында былай деп жазған: «...Алаш партиясын қазақ зиялыларының (интеллектуалдарының) апртиясы деп бағалап, олардың большевиектік үстемдікті Қазақстанда болдырмау мақсатында Алаш автономиясын жариялап, оның үкіметін құрғандығын айтады» [5. 176]. Тарихи шындықты баян етуге ұмтылған шетелдік тарихшының пайдаланған деректер қорының аздығынан еңбегінің кемші тұстарының басымдылығын ғалым «... Алаш пен Алашорда тарихының көптеген мәселелері ашылмай қалған» [5. 176] деп тұжырымдап жеткізген. Шындығында да мұрағат құжаттары мен өзге тарихи деректері тапшы зерттеудің оқиғаны шынайы, әрі толыққанды етіп жеткізе алмайтындығы өзінен өзі түсінікті болса керек. Дегенмен Алаш қозғалысы тарихының американдық тарихшылардың назарына іліккендігі олардың ұлт, тәуелсіздік, мемлекеттік, басқару, т.б. мәселелердің шешімін табуда әлемдік өркениет деңгейінде көзқарас танытып, адамзат құндылықтарына сәйкес ұсыныс жасап, соларға ұмтылғандарынан хабар береді.

Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің қоғамдық-саяси қызметін зерттеу елімізде 1988 жылдан бастау алды. Мәселенің жаңаша қойылымының тұсаукесері ретінде 1988 жылы қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын қайта қарау мақсатында құрылған Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитеті комиссиясының шешімдерін атауға болады. Міне, осы кезден Алаш қозғалысына қатысты тарихи шындықты қалпына келтіру бағытында тың ғылыми-теориялық методология қалыптаса бастады. Айта кетерлік бір жайт, К. Нұрпейіс өзінің тарихнамалық талдауында 1989 жылдың шілде айында республикалық көлемде өткен ғылыми пікір алысудың Алаш қозғалысының объективті тарихын зерттеуде түбегейлі бетбұрыс болғандығын баса көрсеткен. Осы пікірталасқа қатынасқан бір топ қазақстандық тарихшылар мен қоғамдық ғылымдар өкілдерінің ой толғауларын саралап жеткізген. Сонымен қатар аталмыш мәселені жаңа тарихи таным тұрғысында зерттеуге елеулі үлес қосқан зерттеуші ғалымдарға тоқталып өткен. Тарихнамалық талдаудың ең құнды тұстарының бірі - ғалымның мәселенің зерттелуге тиіс қырларын атап көрсетуі. Автордың пікірінше олар мыналар: «... Алаштың әлеуметтік, саяси және экономикалық бастау көздері, оның XX ғасырдың алғашқы жиырма жылындағы Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі алатын орны мен атқарған рөлі, ... Алаш қозғалысының ішкі қайшылықтары және оның көріністері, ... Алаш қозғалысы және бүгінгі Қазақстан» [5. 216].

Осылайша ғалым Кеңес Нұрпейіс Алаш қозғалысы тарихының зерттелу деңгейін арнайы қарастырып, отандық тарихнама ғылымына елеулі үлес қосты. Ғалым өзі талдауының нәтижесінде тарихи оқиғалар мен процестерді шынайы тарихи деректер негізінде зерттеудің қажеттілігі жөнінде ой қорытты. Ғылым үшін Алаш қозғалысына, оның арыстарының атқарған істеріне жоғары баға беріп қана қоймай, бұл мәселенің саяси, әлеуметтік, тәрбиелік мәнін терең

зерттеудің абзалдығын байқатты. Сондықтан да Елбасы атап көрсеткендей «Біз Қазақстанның тәуелсіздігі мен тұтастығы үшін күрескена заматтарды ерекше қадірлей біліуіміз керек. Осы ретте Алаш арыстарының аманатына адалдық танытып, мемлекетімізді нығайтып, тәуелсіздігімізді көзіміздің қарашығындай сақтауға тиіспіз» [7].

1. Мұхатова О.Х. Тарихнама ғылымы: теориялық-методологиялық негіздері және зерттеу үлгілері. - А: Қазақ университеті, 2009. - 3 б.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - А., 1995., Аманжолова Д. Казахский автономизм и Россия. - М., 1994.
3. Қазақстан тарихы. 3-т. - А., 2002.- 48 б.
4. Дахшлейгер Г.Ф. Историография Советского Казахстана. - А-Ата., 1969.
5. Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. - А., 1995. -5 б.
6. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. - А., 1992.
7. Назарбаев Н.Ә. Елдіктің белгісі - Елорда. Астана қаласының 10 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзі. // Егемен Қазақстан. 14 шілде 2008 жыл.

У. Шәлкенәв және этнографияның өзекті мәселелерінің зерттелуі

Уахит Хамзаұлы Шәлекенәв жарты ғасырдан астам ғұмырын ғылым мен білім беру қызметіне арнады. Уахит Хамзаұлын Қазақстанның тарихшылар қауымы тарихшы, этнограф ғалым ретінде таниды. Ғалымның этнография ғылымына аяқ басуы сонау 1960 – жылдардан басталады. Сол жылдары нақтырақ айтсақ, 1966 жылы Ташкентте ғалымның «Казахи низовьев Амударья: К истории взаимоотношений народов Каракалпакии в ХУІІІ-ХХ вв» еңбегі жарық көрді. Іргелі дербес зерттеуде Амударья өзенінің төменгі ағысындағы (қазақтардың) Қаракалпақ халықтарының ХУІІІ-ХХ ғасырдың басындағы өзара қарым-қатынастарының тарихы қарастырылды. Бұл еңбек қалың оқырман қауымға танымал.

Этнография ғылымының беделді маманы ретінде Уахит Хамзаұлы бірқатар монографиялармен қатар бірнеше оқу құралдарының авторына айналды. «Австралия мен Океанияның география орталығы», «Африка халықтары» атты алғашқы оқу құралдары «Әлем халықтарының этнографиясына» ұласты. Осы оқу құралдары бойынша республиканың тарих факультеттеріндегі студенттердің бірнеше буындары 1970-жылдардан бері білім алып келеді. Бұл оқу құралдары толықтырылып, бірнеше рет қайта басылды.

Тәуелсіздік жылдары тарих ғылымындағы аға ұрпақтың өкілдері жаңа методологияны қалыптастыруда зерттеулерден қол үзіп қалған тұста Уахит Хамзаұлы алғашқылардың бірі болып егемен отандық тарих ғылымының жаңа бағытта ілгерілеуіне сүбелі үлес қосты. 1992 жылы ғалымның «Құм басқан қала» аты еңбегі жарияланды. Туындыда заманымыздың У-ғасырында қазақ жерінде іргесі қаланып, жүздеген жыл бойы гүлденіп, ХІІІ-ғасырда Шыңғыс ханның жаулап алу жорықтарынан кейін жермен жексен етілген Баласағұн

қаласы туралы баяндалады. Еңбек алғы сөзден, кіріспеден, төрт тараудан, сөз түйіннен тұрады.

Қазақ халқының отырықшы ел болғандығын археологиялық ескерткіштер мен тарихи деректердің негізінде дәлелдеген ғалым: «Біздіңше, қола дәуірінде де сол кәсіптерін жалғастырып, оны байытып, көп салалы шаруашылықпен айналысқан деген пікірдеміз», - деп тұжырымдайды [1].

Жалпы ежелгі қазақ даласындағы тайпалардың көшпелі шаруашылықпен қатар егіншілікті дамытқандары жайындағы: «Олай болса, сақтардың да шаруашылығы көп салалы болған. Бірақ, тұрған жерлерінің ерекшелігіне қарай бір аймақта егіншілік басым болса, екінші аймақта мал шаруашылығы жақсы дамыған» деген пікірі назар аударарлықтай [1.120б]. Мұндай қорытындыға автор көптеген археологиялық жәдігерлерді археолог-ғалым ретінде талдау нәтижесінде келді. У. Хамзаұлының пікірі ғылымда орныққан тұжырымға сәйкес. Шындығында да сақ тайпаларының көшпелі шаруашылықпен қатар отырықшылықпен де айналысқандығын жазба және заттай деректер дәйектейді.

Ғалым ерте орта ғасырлардағы түркі тайпалары мен ұлыстарының жоғары мәдениетке қол жеткізіп, әлемдік өркениетке үлес қосқандықтарын оларда қалалардың өмір сүргендігі арқылы дәлелдейді. Жай айта салмай сол қалалардың тарих төрінен орын алғандықтарын археологиялық жәдігерлер мен жазба деректердің негізінде дәйектеуге ұмтылады. Қазақ жеріндегі жүздеген қалалардың арасында Баласағұн деген қаланың бар болғандығы туралы өз пайымдауларын тәптіштеп жеткізеді. «... ислам діні Шығысқа қарап, көп халықтар сол дінге енгеннен кейін арабтар мен түркі тілдес халықтар арасындағы мәдени, рухани, экономикалық байланыс тіпті нығая түскен... Осындай қарым-қатынастардың арқасында біздің зерттеп жүрген Ақтөбе (Баласағұн) қаласы жөнінде саясатшылар, ғалымдар көптеген құнды деректер қалдырған. Олардың деректерін тілге тиек етіп, қазіргі ғалымдар атау берген Ақтөбені, бұрынғы әлемге әйгілі тарихи Баласағұн екенін ғылыми тұрғыдан тұжырымдауға мүмкіндік туады» - дегені осының дәлелі [1.67б].

Этнограф өз пікірін дәйектеуде белгілі орыстың шығыстанушы ғалымы В.В.Бартольдтің «Баласағұн» атты мақаласын, ондағы айтылған ойларды таразылайды. «Бартольдтің пікірі бойынша Шу, Талас, Жетісу өңірлеріндегі көптеген қалалар, соның ішінде Баласағұн да бұрынғы тарихи мәнінен айырылып, қирап, уақыттың өтуімен, бұл қалалардың аттары да және орналасқан жерлері де жергілікті тұрғындардың естерінен шығып қала берген. Тек олардың жер бетінде болғандығы туралы азды-көпті деректер ғана сақталған» [1.69б] - дей келіп, Уахит Хамзаұлы Баласағұн қаласының XIII-ғасырда мәдени, рухани, саяси, әкімшілік орталық ретінде белгілі себептерге байланысты өзінің өмір сүруін тоқтатқандығы туралы ой түйіндейді. Қаланың тарих сахнасынан кетуінің басты себептері ретінде ғалым мынадай уәждерді келтіреді: «Бұл қалалардың, аудандадың көпшілігін орта ғасырдың кейінгі кезеңінде өзара үздіксіз жүріп жатқан феодалдық алауыздықтар салдарынан қираған болса, оның үстіне монғолдардың, жоңғарлар шабуылдары кесепатынан апатқа ұшыраған. Осындай соғыстар кезінде, әсіресе, Баласағұн, Талас, Испиджаб, Отырар, Сауран, Сығанақ және сол сияқты ірі мәдени

орталықтар көбірек бүлінген» [1.516]. Балсағұн қаласының түрік кезеңінде, соның ішінде Батыс түрік қағанатының саяси өмірінде маңызды рөл атқарғандығын автор әл-Хорезми, Әбу-л-Фина, Махмуд ибн-Вали, М.Қашқари, Иакут ибн-Абуллахтың сипаттауларын жіті талдау барысында баса көрсетеді. Сондай салыстырмалы талдаулардың нәтижесінде тарихшы: «Тарихи деректер бойынша Шу, Талас өңірінде ертедегі орта ғасырда әйгілі үш үлкен қала болған: Баласағұн, Сужаб (Суяб), Талас(Тараз). Осы үшеуі де 603 жылдан кейін Батыс түрік қағанатының астаналары болған», - деп жазады [1.796]. Өзі 1974 жылдан бері қазба жұмыстарын жүргізген Ақтөбенің Баласағұн қаласы екендігіне жалаң емес, айғақты дәлелді автор автор археологиялық жәдігерлерді, жазба деректерді өзара салыстырудың нәтижесінде келтіреді. «Жоғарыда келтірілген тарихи деректерге қарағанда, Баласағұн Шу өңіріндегі Талас қаласының шығыс солтүстігіндегі өте қолайлы жерге орналасқан, халқы көп, үлкен ортағасырлық қала болғанына ешкім күмәнданбауы тиіс. Әл-Хорезмидің, әл-Берунидің, М.Қашғаридің карталарында Баласағұнның орналасқан жері біршама шындыққа келеді», - деген ғалым тұжырымы осының дәлелі [1.856].

У.Х.Шәлекеновтің этнографиялық зерттеулерінің арасында «Түріктердің отырықшы өркениеті» атты еңбегі ерекше. Ғылыми шығарманың бірінші бөлімі «Түркілердің өркениеті» деп аталады. Мұнда ғалым Орталық Азияның түркі әлемінің ежелгі Отаны екендігін дәлелдеуге тырысады. «... тас, қола және темір дәуірлерінде Орталық Азияны, Қазақстанды мекендеген тайпаларды осы күнгі түрік тілдес халықтардың бабалары деп түсінеміз. Олар Орталық Азияның ежелгі автохтондық ұрпақтары» - деген тұжырымы - орыс шығыстанушы ғалымдарының пікірлерімен үндес. Осы орайда ғалымның белгілі шығыстанушы В.В.Бартольдтің еңбектерімен етене таныс болғандығы байқалады. Алайда Уахит Хамзаұлы орыс зерттеушілерінің көзқарастарын әрқашан қолдай бермеген. Мәселен, В.В.Бартольдтің «Гургандж (Көне Үргеніш) туралы арабтар бірінші рет жазған, еш күмәнсіз, ол қала мұсылмандарға дейін салынған ...» - деген пікірінің шындыққа жатпайтындығын былайша дәлелдеген: «Біздіңше, Тұран жерін ертеден мекен еткен тайпалар, түріктердің бабалары тұрақты қонысты антикалық уақыттан (бері) сала білген. Олардың мекенінде ірі-ірі қалалар өсіп шыққан. Өз елінде қала салуды білмеген соғдылар түріктердің арасына қарай келіп, қыруар мекендер салады да, олар елдеріне қайтып кетеді. Сондықтанда бұл пікірдің қисыны келінкіремейді» [2.296]

Тарихшы-ғалым түріктер мәдениетін, оның дүниежүзілік өркениетке қосқан үлесін жоғары бағалайды. Түріктер мәдениеті жайында сөз қозғауда тарихшы-ғалым Л.Н.Гумилевтің: «... одновременно развивали собственную культуру, кторую они считали возможным противопоставить культуре Китая и Ирана, и Византии и Индии» - деген тұжырымын толық қолдайды. Оған ғалымның: «Жалпы түріктерді көшпенді деуге негіз жоқ. Керісінше түріктер ертеден отырықшы мәдениеттің негізін салып, оның алға ілгерілеуіне жартылай отырықшы және көшпенді бөліктері өздерінің үлесін қосса, оған қосымша жоғарыдағы ертеден отырықшы Қытай, Индия, Иран, Византия елдерінің қак

ортасында орналасқан Орталық Азия. Олар Орталық Азия сияқты тұрмысқа өте қолайлы жерді мекендеп, ежелден отырықшы елдердің қақ ортасында жасап, өмір сүрген...» - дегені дәлел бола алады [2.82б].

Осы бөлімде У.Х.Шәлекенов Амудария мен Сырдария алқаптарындағы түріктердің ертедегі қалалары, олардың халықаралық байланыстары және рухани мәдениеті туралы айтып өтеді.

«Қазақ халқының өрениеті» деп аталатын монографияның екінші бөлімінде автор ұлттың материалдық және рухани мәдениетіне жан-жақты тоқталады. Осы орайда айта кетерлік бір жайт, Уахит Хамзаұлы өзінің зерттеулерінде ұлыдержавалық шовинизмге де, кеңестік коммунистік идеологияға да сәйкес келмейтін пікірлер білдіріп, еуроцентристік, марксистік-лениндік ұстанымдар шеңберіндегі кейбір тұжырымдардың сыңаржақтығын, жаландығын анықтап отырды. Мәселен, қазақтардағы егіншілік турасында автор: «Ертедегі ортағасырларда түріктер өздерінің егіншілік кәсібін алға дамытқан. ...Егіншілікпен қазақ жерінде тек кедейлер ғана айналысқан деген пікір біздің тарихшылардың еңбектерінде жиі-жиі айтылып келе жатыр. Бұл пікір ғылыми тұрғыдан шындыққа келіңкіремейді. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатынан шыққан көзқарас. ... егіншілікпен айналысу үшін жарлы болу шарт емес», - деп біржақты тұжырымдарға тойтарыс береді [2.133б]. Шындығында да егіншілікпен сонау андронов тайпаларынан бері Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы, оңтүстік-батысындағы өзендердің бойларындағы сулу, нулы жерлердегі дихандар айналысқан. Егін егу тек кедейлердің ғана емес ауқатты топтар өкілдерінің кәсібіне айналған. ХІХ ғасырдың екінші жартысында тауарлы астық егу ауқатты, бай шаруалардың тұрақты әрі кірісті кәсібі болған.

Іргелі зерттеудің «Түріктердің рухани мәдениетінен» атты үшінші бөлімінде Уахит Хамзаұлы өзін тарихнамашы ретінде көрсетеді. Ғалым этнология ғылымының жай-күйін таразылай келіп, ғылымда зерттелуге тиіс мәселелерді ашып көрсетеді. Сондай мәселелердің қатарында қазақтың баспаналарын, ұлттық киімдерін және тағамдарды атайды. «Этнографтардың тағы бір айналысатын мәселелерінің бірі, қазақ халқының көп салалы ұлттық әдет-ғұрыптарының заманымызға сай келетін жақтарын жандандыруға жәрдем ету», - деп ғалым зерттелуге тиіс мәселелердің қатарында халықтық салт-дәстүр мәселелерінің бар екендігін ашып айтады [2.198б].

Уахит Хамзаұлының этнография ғылымына қосқан сүбелі үлесі ретінде оның ізбасары Мұрат Уахитұлымен бірлесіп жариялаған «История и этнология народов Амударьи и Сырдарьи в ХУІІІ-ХХвв» атты еңбегін атауға болады. Зерттеу - 2003 жылы жарық көрген, он тараудан тұратын іргелі туынды. Онда қарақалпақтардың шаруашылығы, тұрмыс-салты, тұрғын үйі, рухани мәдениеті баяндалады [3]. Шығарманың бірінші тарауында Амудария өзенінің төменгі ағысындағы тұрғындар және аймақтың табиғи-географиялық жағдайы қарастырылады. «Арал өңірі қазақтарының ХУІІІ- ХХ-ғасырдың бас кезіндегі Хиуа хандығымен өзара қарым-қатынастары» тақырыбындағы тараудың қазақ даласының ортазиялық хандықтармен байланыс тарихын зерттеушілер үшін маңызы зор. Аталмыш еңбекті қазақ-өзбек қатынастары

тарихы мәселелерін зерттеумен айналысатындар пайдаланып, методологиялық ұстанымдарын басшылыққа алады.

Зерттеудің үшінші-жетінші тараулары қарақалпақтардың шаруашылығын, соның ішінде көшпелі мал шаруашылығын, егіншілікті, олардың алмасуын, жерді игеру жүйесін, ауыл шаруашылық дақылдарын, суландыруды, балық аулауды, отырықшы мал шаруашылығын жан-жақты көрсетуге арналған. Авторлар: «Таким образом, в конце XIX начале XX в. население низовьев Амударьи, исходя из конкретных природно-географических условий, вело комплексное хозяйство. В оазисах на основе искусственного орошения развивалось земледелие, а по окраинам оазиса и в дельте Амударьи каракалпаки специализировались по скотоводству: южное побережье Арала с давних времен являлось основной рыбной базой Каракалпакии», - деп ой қорытады [3.29б]. Көшпелі мал шаруашылығымен негізінен Хорезм оазисінің және оның шет аймақтарының тұрғындары айналысқандығы дәйекті баяндалады. Дәстүрлі шаруашылық Амударияның шөл және шөлейт аудандарында анағұрлым интенсивті түрде өрістегені, төрт түлік малдан ірі қара, ешкі, түйе өсірілгендігі туралы айтылады.

Қарақалпақ шаруаларының баспаналарын, қазақтардың тұрмысын, рухани мәдениетін баяндайтын тараулардың мазмұны бай. Аталмыш өңір тұрғындарының материалдық және рухани мәдениетіндегі қайталанбас ерекшеліктер, тұрмыс-салтындағы дәстүрлер тартымды зерттелген. Осы тұста У. Хамзаұлы өзін этнограф ғалым ретінде тереңірек таныта түсті.

Зерттеудің ғылыми, танымдық мәні өте зор. Сонымен қатар қазақтардың Хиуа және Қоқан хандықтарымен қарым-қатынастарын зерттеушілерге мұрындық болары да сөзсіз.

Осылайша белгілі ғалым, тарихшы, этнограф, археолог Уахит Хамзаұлы Шәлекеновтің бірқатар зерттеулеріне шолу жасап, ғылымға қосқан үлесіне тоқталдық. Ғалымның тарихи ойды, білімді, отандық тарих ғылымының дамуына қосқан үлесі ауыз толтырып айтарлықтай. Уахит Хамзаұлының бірнеше монографиялары, оқу құралдары мен екі жүзден астам мақалалары жарық көрген. Бұл оның ғылыми шығармашылығының, зертханасының хабар береді.

Айта кетерлік бір жайт, жоғарыда тарихнамалық баға берген Баласағұн қаласы туралы сөз еткенде Уахит Хамзаұлының өз тұжырымын дәлелдеу және өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиет пен ғылымға деген бейімділікті қалыптастыруға атсалысу үшін жыл сайын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің студенттерін археологиялық тәжірибеге өзі бастап апарды. Осы дәстүрін ұлғайған жасына қарамастан жалғастырып келеді.

У. Хамзаұлы - аталмыш университеттің құрметті де беделді ұстазы. Еліне, жоғары білікті мамандарды дайындау ісіндегі еңбегі еленген, бірнеше марапат иесі.

Бар ғұмырын ғылым мен білімге арнаған ғалымның жүріп өткен өмір жолы - мәнді, тағлымды., кемел ұрпаққа үлгі.

-
1. Шәлекенов У. Құм басқан қала. - Алматы: «Қазақ университеті», 1992. -32б.
 2. Шәлекенов У. Түріктердің отырықшы өркениеті. - Алматы: «Қазақ университеті», 2002. -29б.
 3. Шалкенов У.Х., Шәлекенов М.У. История и этнология народов Амударьи и Сырдарьи в ХУІІІ-ХХвв. -Алматы: «Қазақ университеті», 2003.

ҰЛТТЫҚ САЯСИ ЭЛИТА

Билік құрсауына қамалған тұлға ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы.2009. №1.2009. -193-197бб.

Кез келген тарихи тұлғаға берілетін баға оның өмір сүрген, қызмет еткен ортасымен, кезеңімен тығыз байланыста болатындығы ақиқат. Сондықтан да мұндай тұлғаның бейнесі өзі ғұмыр кешкен қоғамға сіңірген еңбегімен таразыланады. Осыған орай тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін зерделеуде «өз заманының перзенті» деп бекер атамайды. Сондай өзі өмір сүрген саяси жүйенің көрнекті өкілі, кеңестік уақыттың талаптарына бағынған, құрсауына қамалған тұлғаның бірі белгілі қоғам қайраткері, тұңғыш рет қазақтан шығып, коммунистік биліктің тұтқасын ұстаған тұлға- Жұмабай Шаяхметов. Ж.Шаяхметов туралы жиі айтылып, жазылмайды. Отандық тарихнамада әлі күнге дейін оның өмірі мен қызметін зерттейтін еңбектер орын алмай келеді. Бұл мәселе тарихшылар тарапынынан таразыланып, лайықты бағасын алуға тиіс деп есептейміз. Өйткені көпшілік оқырман қауым оның 1930-1950 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған қазақ азаматы екендігінен арғысын біле бермейді. Ал шын мәнінде тоталитарлық жүйеге беріле қызмет еткен Жұмабай Шаяхметов сол жүйенің құрбанына айналды. «Халық жауларымен» күрескен азаматтың өзі айыпталып, қуғынға түсті. Ендеше өмірі қарама-қайшылыққа толы Жұмабайдың жүріп өткен жолына қысқаша талдау жасап, тарихи шындыққа көз жүгіртейік.

Жұмабай Шаяхметов 1902 жылы 30 тамызда Омбы облысының Борисов ауданындағы №1 ауылында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген [1]. Алайда Жұмабай өзінің жеке іс парағында батырақ, яғни жалшының шаңырағында туылдым деп жазған. Бұлай деп жазуының сыры мынада болса керек, кеңестік билік өзінің қатарына жұмысшыларды, кедей шаруаларды, батырақтарды және олардың балаларын тартып, социалистік құрылыстың ірге тасын қалаушыларға айналдыруды мақсат еткен. Мемлекеттік қызметке араласуды көкसेген Жұмабай өзінің әлеуметтік шығу тегін шынайы көрсетуді дұрыс деп есептесеген болар. Десек те Жұмабайдың бай отбасында өмір есіген ашпағандығы хақ.

Жұмабай жастайынан білімге құмар, елгезек, ширақ болып өсті. Сондығынан да болар ол алдымен Ащылықөл ауылының бастауыш мектебінде оқып білім алды. Алған білімімен шектелмей Омбыдағы екі сыныптық қазақ-орыс мектебін бітірді. Еңбекқорлығының арқасында мұғалім болуға лайық білім жинақтап, ауыл мектебінде ұстаздық етті. Өзбетімен көп ізденген Жұмабай терең білім алуға ұмтылды. Орталау білімді Жұмабай қайткен күнде жоғары білім алуға тырысты. Осы ұмтылысы сәтті аяқталып, Мәскеудегі Нариманов атындағы Шығыстану институтының сыртқы сауда факультетіне қабылданды.

Өкінішке орай қазақ даласындағы азаматтық қарсылық жылдарынан кейін орын алған аштықтың қырсығынан оқуын тәмамдай алмады. Тіпті мұрағат құжаттарының мәліметерінше бірінші курсын да бітіре алмаған көрінеді [2].

Кейде жоғары білімі болмаса да өзгелерден артық білетіндер көпке жол көрсетіп, ақыл-ойымен, парасатымен дараланады. Жұмабай да сондайлардың бірі болатын. Жоғары білім алмаса да өмірден көргені, тәжірибесі мол, көкірегіне түйгені көп, оқығанынан тоқығаны зор азаматтың сөзі кесек, өткір, ойы ұшқыр, пайымы сергек, тұжырымы салмақты, пікірі салиқалы еді. Жұмабай өзінің осындай қасиеттерін көре білді. Сондықтан да жергілікті емес ұлт өкілдерінен шыққан басшылар, мамандар бөлімін басқарушылар оның білімін аяқталмаған орта деп төмендеткенімен ол өзінің арнайы іс қағаздарында әлеуметтік жағдайын қызметкер, ал негізгі кәсібін кеңсе қызметкері деп көрсеткен. Кәсібін кеңсе қызметкері деуі тегін емес еді, ол мемлекеттік қызметтің қыры мен сырын терең меңгерген, алғыр, өз ісіне тиянақты, сауатты адам болатын.

Жұмабай Шаяхметовтың өмірі мен қызметін байыпты түрде көрсету үшін оның жүріп өткен ғұмыр жолын атқарған қызметтеріне орай бірнеше кезеңдерге бөлген жөн. Жұмабайдың өмір жолы мен қызметінің алғашқы табалдырығы 1919 жылдан, яғни ұстаздық етуінен басталады. Алайда бұл қызметті Жұмабай ұзақ атқармады. Ресейдегі өзі сабақ беріп жүрген мектебі жабылып қалғаннан соң ол Қазақстанның Теке болыстық атқару комитетіне хатшы болып орналасты. Ал 1923 жылы Шерлак уездік қылмыс іздестіру бөлімінің агенті болып жұмыс істеді. 1926-28 жылдары Петропавл округі бойынша «Қосшы» одағының іс жүргізушісі, хатшысы қызметтерін атқарды [3]. Кеңестік большевиктік биліктің ұртоқпағы саналаған «Қосшы» одағында жұмыс істеу оның бұдан былайғы ұстанымдары мен көзқарасына елеулі әсерін тигізді. Ол кеңестік биліктің айтқанына көніп, айдауына жүру қажеттілігін түсінді. Жұмабай әміршіл-әкімшіл биліктің қатаң тәртібіне үйренді. Өзі де сол тәртіпті ұстанушыға айналды. Осындай қасиеті оны ғұмыр баспалдағының келесі сатысы ОГПУ-НКВД құрылымдарындағы қызметке көтерді. Ол ОГПУ уәкілінің көмекшісі, уәкілі, бөлім меңгерушісі, Ақмола облыстық ішкі істер басқармасының орынбасары, тіпті Петропавл ОГПУ округтік бөлімінде құпия қызмет атқарған. Дәл осы кезде бүкіл Кеңес Одағында жаппй саяси қуғын-сүргіннің жүргізілгендігі мәлім. Өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқарған Жұмабай Шаяхметов ішкі істер жүйесіндегі он жылдай қызметінде қатардағы агенттен Ақмола және Алматы ішкі істер басқармалары бастығының орынбасары дәрежесіне дейін көтерілген. Тоталитарлық саяси билікке сіңірген еңбегі үшін Жұмабайға «Құрметті қызметкер» белгісі тапсырылған.

Ж.Шаяхметовтың большевиктік партияның жоғарғы ұйымдарындағы қызметі, яғни ғұмыр жолының үшінші сатысы қазақтар «Мырзажан» деп атқарған ісіне сүйсіне еркелете ат қойған Л.Мирзоянның Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысынан босатылғаннан кейін басталды. Аталмыш орынға орталықтың арнайы тағайындауымен Н.Скворцов сайланды да, үшінші хатшы болып 1938 жылдың шілдесінде Ж.Шаяхметов бекітілді [4]. Артынша тура бір жылдан соң 1939 жылдың шілде айында

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің екінші хатшылығына тағайындалды. Бұрыннан іскер, өз ісіне тиянақты, принципшіл Жұмабай бұл қызметте барынша танылып, ерен қабілетімен көзге түсті.

Жұмабай Шаяхметовтың білгір, тәжірибелі қызметкер, қабілетті ұйымдастырушы қасиеттері Ұлы Отан соғысы жылдарында анық көрінді. Ұлы Отан соғысы қазақстандықтар үшін үлкен әрі ауыр сын болды. Бүкіл республиканы соғыс жағдайына лайықтап, еңбекке жұмылдыру басты міндет етіп қойылған еді. Алайда мұндай міндетті абыроймен атқару оңай емес-ті. Майданды қару жарақпен, азық түлікпен, киім кешекпен қамтамасыз ету қазақстандықтардың басты міндетіне айналды. Халықтың басына күнтуған шақта оның сенімін абыроймен атқару қажеттілігін терең түсінген социалистік қоғамның ұстанымдарынан жаңылмайтын басшы аянбай еңбек етті. Соғыс кезінде Ж.Шаяхметов аянбай еңбек етіп, Қазақстанның ауыл шаруашылығын жіті қадағалады. Сондықтан да аграрлық саланың жай-күйі, майданды азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі төңірегінде мерзімді басылым беттерінде жиі мақалалар жариялап тұрды. Сондай мақалаларының топтамасы кітапша болып 1942 жылы «Дадим Красной Армии больше мяса, масла, шерсти» деген атаумен басылды. [5]. Коммунистік идеяларды берік ұстанған қызметкер колхоздарда социалистік жарысты өрістетуге, өнім өндіруден әлемдік рекордқа қол жеткізуді насихаттады. Басшыны ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайынан гөрі ондағы жетістіктер көбірек толғандырды. Осындай қасиеттері мен іскерліген көрген Мәскеу соғыс аяқталғаннан кейін 1946 жылы Ж.Шаяхметовты бірінші хатшы қызметіне тағайындады. Осылайша оның өмірі мен қызметіндегі төртінші саты басталды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметінде Жұмабай 1954 жылдың ақпан айына дейін болды. Өкініштісі Жұмабай Шаяхметовтың осы қызметі сталинизмнің қайта күшіне енген кезіне дөп келді. Тарихтағы бұл саты қазақ халқы үшін есте қаларлық кез еді. Соғыстан қалжырап шыққан шаруашылық пен халықтың ауыр тұрмысын көтеру іскерлікті, табандылықты талап етті. Оның үстіне И.В.Сталиннің атышулы қуғын-сүргіні онсыз да ауыр жағдайды шиеленістіре түскен еді. Әсіресе республиканың әлеуметтік-экономикалық жағдайы ойландырарлық күйді бастан кешірді. Ауыл шаруашылығында еңбектің барлығы дерлік қолмен атқарылды. Колхоздардың көпшілігіне әлі де болса жарық тартылып үлгерілмеген болатын. Егістік көлемі соғыстың алдындағы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай қысқарды, мал басы азайды. Өндірілетін өнім көлемі қысқарып, күнделікті тұтынатын тауарлар мен азық-түліктің бағасы шарықтап етті. Халық қажетті нәрсесін қара базарлардан қымбатқа сатып алатын болды. [6]. Онсыз да Ұлы Отан соғысында азайған халық саны өлім жітімнің салдарынан кеми түсті, әсіресе балалардың шетінеуі көбейді. Шиеленісті жағдайды қалыпқа түсіру үшін карточкалық жүйе жойылып, ақша реформасы жүргізілді.

Саяси-мәдени өмірде де ұлттық мүдде атаулыға қарсы әрекеттер жасалды. Орыстандыру саясаты ашық түрде жүргізілді. Көпшілік жиналған орындарда тек қана орыс тілінде сөйлеу дәстүрге айнала бастады. Осындай жағдайда Ж.Шаяхметов қазақ жастарын Мәскеу, Ленинград тәрізді орталық қалаларға

оқуға жіберді. Мұндай қадам нәтижесіз болмады, қазақтардың арасынан алғашқы аспиранттар, докторанттар шықты. Тарих ғылым бойынша тұңғыш кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды. Алайда республикадағы жалпы білім мен ғылымды дамыту басшы назарынан тыс қалды. Жастар да оқуға құлық таныта қоймады, себебі соғыстан кейінгі ауыр жағдай, тұрмыс тауқыметі білім ғылымды ескртпеді. Есесіне бірінше басшы орталықтан бастау алған саяси науқандық шаралардан тыс қала алмады. «Звезда», «Леинград» журналдарына қатысты қаулы-қарарлардың ұшқыны республиканы да шарпыды. Тіпті кейбір тұстарда Жұмабай Мәскеуден де бұрын әрекет етті. 1947 жылы қарашада Қазақстан Компартиясының пленумында Тіл және әдебиет институтындағы, Жазушылар одағындағы, жергілікті жерлердегі «ұлтшылдықпен» күрес науқанын өрістетті. Сөйтіп, ол кеңестік коммунистік идеологияға беріліп, әміршіл-әкімшіл биліктің айтқанына көніп, айдауына жүретіндіген тағы да дәлелдеді. Осылайша оның қазақ зиялы қауымының ғана емес бүкіл қоғам алдындағы беделіне нұқсан келді. Алайда ол Мәскеу алдындағы міндетін абыроймен орындап отырмын деген ойда өзінің ұстанған бағытынан таймады. Дегенмен сталиндік саясаттың екпіні азаймай Қазақстанға қарсы бағыты күшее түсті. 1950 жылы 26 желтоқсанда «Правда» газетінде «Қазақстан тарихының мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан көрсету үшін» деген көлемді мақала жарияланды. Мақала отандық тарих ғылымы бойынша жазылған еңбектерді қатаң сынға алды. Әсіресе Е.Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарында» атты еңбегінің Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы баяндалатын тарауы үлкен ғылыми пікір-талас тудырды. Хан Кене көтерілісін ұлт-азаттық деп бағалаған Ермұқан Бекмахановтың пікірі орталықтағыларға ұнамады. Ақыры ғылымдағы мұндай ахуал саяси қылмыстық іске ұласты. Е.Бекмаханов абақтыға қамалып, бірқатар студенттер оқудан шығарылды. Ж.Шаяхметов ұлттық мүдде атаулының тамырына балта шабуға ұмтылғандардың «шаш ал десе бас алатын» әрекетіне қарсы тұра алмады. Қарсы тұру былай тұрсын өзі сондай саясаттың шылауында қалды.

Жұмабай орыстандыру саясатына да қарсы тосқауыл құра алмады, өйткені кеңестік алпауыт мемлекеттік идеологияның алдында дәрменсіз еді. Сондықтан да іштей оны қаламаса да сырттай қолдаған түр көрсетті. Дей тұрғанмен бірінші басшы ұлттық өрлеуді жақтап, оның дамуын қолдап отырды. Осындай коммунистік идеологияға қайшы келетін құбылысты орталық бірден байқады. Соғыстан кейін жергілікті ұлт өкілдерінің арасынан жаңа буын, халықтық мүддені бірінші кезекке қоятын білікті мамандар көптеп шықты. Бұны мынадай мәліметтер дәйектейді: барлық колхоз басшыларының ішінде қазақтар 62,8, басқарушы мамандар арасында 40,2 пайызды құрады.[7]. Қазақстанда бірқатар зауыттар мен фабрикалар, салынып, мыңдаған шақырым темір жолдар төселді. Республикада қара металлургия, машина жасау, мұнай өңдеу, мырыш, тыңайтқыш өндіру салалары құрылды.[8]. Дегенмен Қазақстан өзінің шикізат өндіру бағытын өзгерте алмады. Өйткені Мәскеуге республиканың Одақтың шикізат базасы болып қалуы ұтымды болатын. Сондықтан да ол Қазақстанның осы әлеуетін сақтауды қалады.

СОКП Орталық комитетінің бас хатшысы қызметіне Н.С.Хрущевтің келуі Ж.Шаяхметовке қарсы айыптау шараларын күшейтіп жіберді. Себебі орталыққа республикада басталған тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты Одақтың құрған жоспарына, орыстандыру саясатын өрістетуге кедергі келтірмейтін басшы қажет болды. Жұмабайдың басқару тәсілінен Мәскеу «ұлттық иісті» сезді. Оның үстіне қазақ номенклатурасы арасында тың және тыңайған жерлерді игерудің алғашқы жоспарының бұзылуына байланысты наразылық төбе көрсете бастаған еді. БРК(б)П 1953 жылдың ақпан пленумында Қазақстанда 13 миллион гектар жер жыртылуға тиіс деген қаулы қабылданғаны мәлім, алайда бұл көрсеткіш 30 миллион гектардан асып түскен.[9]. Тезге алып, төске ұрған волонтаризм қазақ даласын емін- еркін жыртып, орны толмас қасірет алып келді. Ал Н.С.Хрущев бастаған орталық билік Ж.Шаяхметовты қызметінен кетіріп тынды. 1954 жылдың ақпан айында өткізілген Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің пленумы Жұмабайды бірінші басшылықтан босатып, Оңтүстік Қазақстанға қызметке жіберді.

Осылайша Жұмабай Шаяхметов өмірінің бесінші кезеңі басталды. Жоғары қызметтен кеткеннен соң Жұмабай КСРО-ның дербес зейнеткері ретіндегі бір мүшел ғұмырында ол қоғамнан оқшау тіршілік етті. Оның өзіндік себептері де бар: біріншіден, Жұмакең қызметтен кеткеннен кейін де оны құдалау, айыптау науқаны толастамады. Онымен жақын қызметтес болғандардың барлығы дерлік датталып, қызметтерінен қуылды. Мұндай жағдай Жұмабайға әсер етіп, ол бұрынғы қызметтестерімен де, басқалармен де қарым-қатынас жасамауға бел шешкен. Екіншіден, өз кезегінде қазақ зиялыларына тізе батыруы да оның қатардағы адам ретіндегі тіршілігіне салқынын тигізбей қоймады. Үшіншіден, басқарудың әміршіл-әкімшіл тәсілдеріне әуес басшының қызмет барысында бірқатар адамдарға ұнамағаны хақ, сондай жайсыз әрекеттері үшін кек алуға ұмтылғандары да жоқ емес еді.

Ақыры 1966 жылдың 17 қарашасында Жұмабай Шаяхметов қайтыс болды. Қазақтан шығып, сегіз жыл республиканың бірінші басшысы болған азамат небәрі 64 жыл ғұмыр кешті. Бұл фәнидегі дәм-тұзының қысқа болуына жоғары қызметтен кейінгі бастан кешіргендері ықпал етсе керек. Дегенмен бәрін бірдей нашар күйде көрсетіп, барды көре алмасақ, онда тарихты бұрмалағанмыз. Тарихи шындыққа жүгінсек, Ж.Шаяхметовтың өмірі мен қызметіне сол заманның өлшемімен баға беруге тиіспіз. Ал Жұмакең қызмет еткен уақыт тарихтағы күрделі сатылардың бірі екендігін тарихшылар жақсы біледі. Ендеше ақиқатын айтар болсақ, Ж.Шаяхметовтың қызметінің халық үшін ұтқан да, ұтылған тұстары да жетерлік. Жұмакең үш рет Ленин орденімен марапатталған, оған КСРО-ның деңгейіндегі дербес зейнеткер атағы берілген. Ұрпағы да жаман атқа ие емес. Баса айтатын бір жайт, Жұмабай пендешілік дүниеқорлықтан таза азамат болған. Оның дәлелі, тиісті ұйымдар Шаяхметовтардың пәтеріндегі заттарды түгендеп, тізімін жасаған кезде отбасының барлық дәулеті екі сандық қана болған көрінеді. Жоғары деңгейдегі басшының мұндай кіршіксіз тазалығына да сталиндік биліктің тікелей ықпалы болды десек қателеспейміз, өйткені кез келген басшының ел басқару үшін беделі мұнтаздай таза болуы тиіс еді. Жұмакең осы қағиданы да берік ұстанса

керек.

Десек те Жұмабай Шаяхметовтың өмірі мен қызметінің тағлым алатын тұстары жетерлік. Жоғары билеушінің немесе басшының ұлт мүддесінде қызмет атқарғаны абзал деген тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйіндейміз. Басшыны халықтың сайлайтынына, оның сол бұқараның алдындағы беделі оған сіңірген еңбегімен өлшенетініне, қызметіне де көпшіліктің баға беретініне тарих куә. Сол халық берген бағаның ешқашан да өзгермейтіндігі ақиқат. Уақыт талабына бағынып, билік құрсауына қамалған күнде халықтың сенімін жоғалтпау, ұлт мүддесіне кір келтірмеу кез келген басшының қолынан келе бермейтіндігіне Жұмабай Шаяхметовтың қызметі дәлел бола алады. Дегенмен мұндай биліктің түбі жақсылыққа әкелмейтіндігін тарихтағы көптеген жайттар дәйектейді. Ендеше тарихтан тағлым алып, қазіргі болмысымыз және болашақ дамуымыз үшін осындай жағдайларды ескергеніміз абзал.

1. Қазақстан Президенті мұрағаты. 708-қор, 39-тізбе, 4315-іс, 1-3 п.

2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. - Алматы

3. Сонда.

4. Құдайбергенова А. Соғыстан кейінгі кезең: ауыл мен қазақты титықтатқан науқаншылдық пен жоспаршылдық. (1946-60 жылдар) // Қазақ тарихы. 1995. №5. - 22-26бб.

5. Шаяхметов Ж. Дадим Красной Армии больше мяса, масла, шерсти. - Алматы, 1942.

6. Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX в. - Алматы, 1997. - 233б.

7. Төлешова М. Қазақстанның XIX ғасырдың соңы XX ғасырдағы әлеуметтік-демографиялық дамуы тарихнамасы. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. - Алматы, 2002. - 19б.

8. Омарбеков Т. Тың тұмшалаған шындық. // Жұлдыз. 1991. №6. - 126б.

9. Сонда. - 128б.

ХАЛҚЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ТҰЛҒА

(Жұмабек Ташенев туралы)

Туған өлке/Родной край. 2008. №1-2. - 142-146 бб.

Халық тарихының, ел тағдырының қадау-қадау кезеңдері өзінің маңдайалды бір туар азаматтарының есімдерімен ерекшеленіп отыратыны қашаннан-ақ белгілі. Кеңестік замандағы тоталитарлық жүйенің биік лауазымына ие болса да өз ұлтының мүддесін әсте естен шығармаған, халқының сілтесе семсері, қорғанса қалқаны бола алған ұлтжанды, қайсар азаматы Жұмабек Ташенев сондай тұлғалардың бірі.

Төл тарихымыздан мәлім республика басшылығында болғандардың бәрі ел арасында, халық аузында бірдей бағаға ие бола бермеген. Олардың кейбіреулері көзі тірісінде мақталып жатса, енді біреулері бақи дүниеге аттанған тұста дағталып, шынайы бағасын алып отырған.

Мемлекет басқару, ел тұтқасын ұстау азабы мол, жауапкершілігі зор

кәсіп. Ел басқаруға қаншама шымырлық, шыдамдылық қажет екендігі белгілі. Қоғам өмірінде кездесетін сан қилы, сан салалы құбылыстарға терең үңіліп, дәлме -дәл талдау жасау, тұрғындардың мұң -мұқтажын ескеріп, талап -тілегіне сергек қарап, әрбір маңызды істі шешуде зеректік пен алғырлық, өткір -өжеттілік таныту - нағыз басшыға лайық қасиет. Қайраткер үшін халық мүддесі, оның тарихы, тағдырының басты, өзекті мәселе. Сондай ұлт мүддесін қара басының қамынан жоғары қоя білген азамат - Жұмабек Ахметұлы Тәшенев еді.

Жұмабек Ахметұлы - көзі тірісінде ел аузында есімі аңызға айналған, қарапайым халықтан жоғары баға алған абзал азамат. Сондықтан да оның есімі оқшау аталады. Өз заманының ірі тұлғасы туралы кейінгі жылдары естеліктер жазылып, қайраткер жайында айтыла бастады. Мұның өзі құптарлық жайт, өйткені ел басқарған адамдардың өмірі мен қызметін танып, терең зерттеудің маңызы зор.

Ж.Тәшенев 1915 жылы 20 наурызда қазіргі Ақмола облысының Аршалы ауданындағы Бабатай ауылында Танакөл деген жерде батырақ Ташен Жақсыбай отбасында дүниеге келген. Ауыл шаруашылығы жастар мектебін бітіріп, «Азаматтық құрылыс» мамандығында Ақмола құрылыс техникумында білім алды. Кейіннен Вишнев ауданының атқару комитетінде хатшылық қызмет атқарды. Сосын Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарында да атқару комитеттерінде хатшы болды. Еңбек жолын 19 жасында аудандық атқару комитетінің хатшысы қызметінен бастады. 1935-1945 жылдары әуелі аудандық, одан соң облыстық жер бөлімінің бастығы және орынбасары қызметтерін атқарды. 1945-47 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінде мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, обком хатшысының орынбасары қызметін, 1947-48 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, ал 1948-1951 жылдары сол облыстық атқару комитетінің төрағасы болып жұмыс істеді. 1952 жылы қаңтар айынан 1955 жылғы сәуір айы аралығында Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Көп ұзамай саяси сахнаға қабілетті Тәшенев Ақтөбе облысының бірінші хатшысы, 1955 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумының төрағасы, ал 1960-1961 жылдары Республика Жоғарғы Кеңесін басқарды.[1]

Аяулы азамат еңбек жолын 19 жасында аудандық атқару комитетінің хатшысы қызметінен бастады. 1935-1945 жылдары әуелі аудандық, одан соң облыстық жер бөлімінің бастығы және орынбасары қызметтерін атқарды.

1945-47 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінде мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, обком хатшысының орынбасары қызметін, 1947-48 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, ал 1948-1951 жылдары сол облыстық атқару комитетінің төрағасы болып жұмыс істеді [2].

1952 жылы қаңтар айынан 1955 жылғы сәуір айы аралығында Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды[3].

Табиғатынан зерек, алғыр да сергек Жұмабек Ахметұлы Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстарының басшысы болған кездерінде еңбекшілердің күнкөріс қаракеттеріне, ой-өрістеріне, ұлттық сана-сезім мен дәстүрге ерекше

мән берді. Қазақстандықтардың бірлігін нығайту негізінде ұланғайыр өлкенің байлығын республика иелігіне кеңінен пайдалануға, осы жасампаздық істерге қазақ қыздары мен ұлдарының белсене араласып, кеңінен қатысып, білімді, мәдениетті игеруіне жағдай жасалуына жіті көңіл бөлді. Қиын да күрделі, сын мен талапқа толы талай мәселелерді шешті. Өндіріс алыптарын дамытуға, жұмысшы табын жергілікті қазақ жастары есебінен толықтыруға, әсіресе соғыс жылдарында азып-тозып кеткен тұрғын үй құрылыстарын салуға халықты жұмылдыра білді. Фашистік басқыншыларға қарсы соғыста жеңіс жолына бәрін құрбан еткен қарапайым халық ғажап ерлік, шыдамдылық пен төзімділіктің баға жетпес үлгісін көрсетті. Соғыс аяқталған соң бірнеше жыл бойы ауыл тұрғындарының көбі жеркепеде күнелтті. Отбасыларды жайлы баспанамен қамтамасыз ету жұмыстарын Жұмабек Ахметұлы қауырт жүргізді. Сан мың адам жаңа қоныстарға көшірілді [4].

1955 жылы сәуір айында Ж.Тәшеневтің еліне сіңірген еңбегі еленіп, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының, яғни Президиумының төрағасы болып тағайындалды. Бұл бүкіл КСРО- да соның ішінде Қазақстанда іске асырылған экономикалық, әлеуметтік және идеологиялық шаралар нәтижесінде дамудың көптеген көкжиектері ашыла бастаған кезең еді. Алайда бұл мүмкіндіктер толығымен пайдаланылмай қалды. Оларға Н.С.Хрущев бастаған басшылықтың қызметіндегі субъективтік әдістер кедергі жасады. Экономиканы басқару ісі ойдан шығарылған әрекеттердің ырқына түсіп кетті. Саяси басшылықтың волюнтаристік идеялары мен әрекеттері қоғамның берекесін кетіре бастады.

«Коммунизмнің елесі жақындап», орыстандыру саясаты нығайып, жалған уәделер мен божамдар күшейген сәтте Қазақстан КП Орталық комитетінің 1955 жылғы тамызда өткен пленумы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшылығына Л.И.Брежневті тағайындады. Ол бюро мәжілісінде екінші хатшы етіп сайлайтын кандидатуралар жөнінде пікір алысу рәсімін өткізді. Жаңадан тағайындалған бірінші хатшы Мәскеумен келісілген, орталық ұнатқан үміткердің есімін атады. Сондай-ақ бұл кезде республикада тың және тыңайған жерлерді игеру қарқынды түрде жүргізіліп жатқан болатын. Орталықпен келісілген осындай біржақты шешім бюро мүшелерінің кейбіреулерін бей-жай қалдырмады. Осы тұста өз ойын ашық білдірген Жұмабек Ахметұлы: «Қазақстандағы игерілген тың жер, одан өндірілген астық көлемі әлемге әйгілі. Бұл күрделі өзгерістерді жүзеге асыруда қазақ халқы, партия ұйымы тәрбиелеген кадрлар өздерінің қабілетін көрсетті. Миллиондаған адамдар келіп, жүздеген совхоздар пайда болды, оларға орысша атаулар берілді. Оған қазақтардың қарсылығы болмады. Үлкен істе саңлақтар өсті. Аудан, облыстарда, орталық аппаратта, министрліктерде екінші хатшыға лайық қазақ азаматтары аз емес. Сондықтан оларды көзге ілмеу таң қадырады. Мен мұны қазақ кадрларын білгісі келмегендік, не оларға сенімсіздік таныту деп түсінемін. Бірінші, екінші хатшылық қызметке қазақ кадрларын жолатпау белгілі бір дәстүрге айнала бастады», - деп батыл пікір айтты [5].

Жұмабек Ахметұлының пікірі дұрыс деп саналғанымен, ол ескерілмеді. Есесіне бірінші басшы ұлтжанды азаматтың ойын көкейіне түйіп,

«өкпесін» бүгіп қалды.

Ж. Тәшенев ұлттық кадрлардың да саяси элитаға айналуына тікелей септігін тигізді. Бұған мына жайт дәлел. Бірінші хатшы болып сайланған Л.И. Брежнев Алматыға келіп, Орталық Комитеттің бюросын өткізді. Жиында I және II хатшылыққа И. Яковлев пен И. Журин кандидатураларын мәлімдеді. Сол кезде бюро мүшелері Д. Қонаев та, Ф. Кәрібжанов та, М. Бейсебаев та мәлімдемеге байланысты өз пікірлерін білдірмеді. Тек қана заман адамына теңеуге лайықты Ж. Тәшенев Брежнев мәлімдемесіне байланысты өзіндік пікірін білдіру үшін сөз сөйледі: «аудандық, облыстық, орталық аппаратта республика басшылығына әбден сай келетін ұлттық мамандар өсіп-келеді. Солардың бірі Фазыл Кәрібжанов екінші хатшы қызметіне лайық. Ал мен сіздердің мәлімдемелеріңіз қазақ ұлтын төмендетуге бағытталған деп санаймын. Орталық мақсаты – қазақ ұлты өкілдерін басшылық қызметтен аластату. Сол себепті бюро шешімімен келіспеймін»[6]. Көп ұзамай Ф.Кәрібжанов республиканың екінші хатшылығына тағайындалды. Екі жылдан соң Д. Қонаев республиканы басқарды. Мұндай батыл іс-қимылды Жұмабек Ахметұлының Отаны алдындағы ерлігі деп бағалауға болады.

Қазақстан және Орталық Азияда кеңестік кезеңде бірқатар мемлекеттік межелеулер өткізілген. Солардың бірі ауыл шаруашылығына бейімделген Солтүстік облыстарын Ресейге, мақтаға қамтылған Шымкенттің үш бірдей ауданын Өзбекстанға, мұнай мен газға бай Маңғышлақтың Түркменстанға беруі мәселесі. Бұл орталық тарапынан қысым жасау арқылы шешілуге тиіс түйіткіл болатын. Аталмыш мәселені Н.С. Хрущев Ақмола қаласында жиында қозғап, былай деген: «Республика аумағынға байланысты бір сұрақ туындап отыр. Осы сұраққа байланысты Д.А. Қонаев жолдастың және облыс басшыларының пікірлерін білдім. Олар саяси бюро ұсынысын қолдап отыр. Ал енді осы мәселеге байланысты Жұмабек Ахметұлы сіздің пікіріңізді білсек». Ж. Тәшенев еш кідірместен : «Никита Сергеевич, мен бұл шешімге жай ғана қарсы емеспін, бұл сұрақтың күн тәртібіне қойылуының өзі дұрыс емес деп санаймын». Н.С. Хрущев Жұмабек Ахметұлынан мұндай жауап күтпеген еді. Ол қызарып, бозарып: «Сен саяси бюроға қарсы шығатын кімсің? Біз сенің қолдауынсыз-ақ шешім қабылдай аламыз. Кеңес Одағы бір мемлекет болғандықтан, республика аумағындағы өзгерістерді Жоғарғы Кеңес шешеді», - деді. «Егер Жоғарғы Кеңес өз еркімен республиканың территориялық жағдайына араласса, КСРО Конституциясын алып тастау керек. Ата заңда әр республика өз территориясына өзі құқылы дегендігі тайға таңба басқандай көрсетілген емес пе? Егер бұл құқық жойылатын болса, біз халықаралық құқық қорғау органдарына шағымданамыз.», - деп Н.С. Хрущевқа үзілді-кесілді қарсылығын білдірді [7].

Республика басшыларының қарсылығына қарамастан 1954 жылдың тамыз айында Н.С.Хрущев Қазақстанның оңтүстігіндегі Бостандық ауданын Өзбекстанға қосу туралы ұсыныс жасады. Осы мәселе жөнінде Ж.Тәшеневтің төрағалық етуімен арнайы комиссия құрылды. Оның құрамында М.Бейсенбаев, С.Дәуленов, Х.Арыстанбеков, А.Морозов, В.Гогосов, В.Шереметьев болды. Комиссия жергілікті жағдайды жете зерттеп, «Бостандық ауданының жері... мал өсіруге мәні зор екендігі, құрылыс материалдарын өндіруге, су-энергетикалық

қорларының молдығын... қорғасын, көмір және машина жасайтын өндірістердің жұмыскерлері демалатын санаторийлер ұйымдастыруға өте қолайлы екендігін ескеріп, бұл ауданды Өзбекстанға беруді өте тиімсіз санады». Оңтүстік облысының Бостандық ауданын Өзбекстанға беру жөніндегі Өзбек КСР-ы өкіметінің сұрауын комиссия негізсіз деп есептейді» деген хат Қазастан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Л.И. Брежневке жіберілді [8].

Қазақстан Орталық партия комитеті мынадай қаулы қабылдады: Бостандық ауданының жерінің мәнін жоғары бағалай келіп, Орталық партия комитетенің бюросы Ж.Тәшенев басқарған арнайы комиссияның қорытындысымен келісті. Осылайша Бостандық ауданы Өзбекстанға берілмейтін болды. Бұйрығын екі етуге төзбейтін және қысым жасауға дағдыланған коммунистік партияның орталығы, «кеудесіне нан піскен» Никита Сергеевич Хрущев қазақ басшыларының пікіріне пысқырып та қарамады. 1955 жылы 12 қарашасындағы Кремль жарлығы бойынша Бостандық ауданы Өзбекстанға берілді. Қазақтың 4 миллион гектар жері мен қалың елі көзі мөлдіреп Өзбекстанға кете барды. Орталықтың шешіміне кім қарсы екенін анықтап алған Мәскеу өз дегенін істеді. Ал қарсыластардың «қара тізіміне» Жұмабек Тәшенев бірінші болып енгізілді.

Кеңестік саяси жүйенің бір ерекшелігі өзі өсірген, халық қалаған, сол жүйені нығайтуға өмірін сарп еткен азаматтар қарсы келе қалса, оларды су түбіне жіберуге, ешбір шімірікпестен қыр соңына түсіп құртпай тыныш таппайтын еді. Өмірінің соңына дейін кедергілерден құрсау құрып тастайтын.. Міне, осыдан елім, жерім, халқым деп азапқа түсетін азаматтар құтылмайтын. Жұмабек Ахметұлы да саяси билеп-төстеушілердің ұзын құрығынан құтылмады [5].

Республика Орталық партия комитеті бюросының жабық мәжілісінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Ж.А.Тәшеневтің қызметіндегі кемшіліктер қаралды.

Ал Кремльдің отаршылдық пиғылымен қасақана жасалған қыстастығының салдары күні бүгінге дейін сезілуде. Бостандықтағы қандастардың елге қайтуға ынталары зор. Алайда бұл мәселенің түйінін шешу аса қиын.

Кеңестік заманда компартия қабылдаған стратегиялық саясатпен келіспеу, оны орындаудан жалтару мүмкін еместігін қазақ басшылары жақсы түсінді. Сондықтан да болар, тың игеру науқанына Д.Қонаев та, Ж.Тәшенев те ашық түрде қарсылық көрсеткен жоқ. Ол мүмкін емес еді. Өйткені Мәскеуге жергілікті пікірдің қажеті жоқ, барлығын өзі «пішіп, өзі кесетін» орталық ұлттық мәселеге қырын қарады. Орталық қазақ жерін бөлшектеуге ниет білдіріп, ел тұтастығына қауіп төнген тұста ұлттық мүддені қорғап, империя саясатына қарсы шыққан Жұмабек Ахметұлы тағы да қайсарлық, бірбеткейлік танытты. Никита Хрущев Тың өлкесін бүтіндей РСФСР -ға бағындырудың неше түрлі амалын іздеп, саяси бюроға қайта -қайта ұсыныс жасап бақты. Ол кезде Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаев пен Министрлер Кеңесінің Төрағасы Жұмабек Тәшенев екеуі Тың өлкесін РСФСР-ға беруге де, орталыққа тура бағындыруға да қарсы болды. Баса айтатын жайт,

егер сол жылдары Жұмабай Тәшенев секілді қайсар да бірбеткей, ұлтжанды әрі шынайы күрескер билік басында отырмағанда еліміздің орталығы мен солтүстігіндегі бес облыс Ресей Федерациясының меншігіне айналып кете берер еді. Жұмабек Ахметұлы өткен ғасырдың 60-жылдары Қазақстанның аумақтық жіктелісінің алдын алу арқылы өзінің Отанына деген патриоттық рухын осылайша білдірді. Коммунистік партия басшысы Хрущевтің «одақтас республикалар арасындағы шекараларды жоюды көздеген саясатына» тосқауыл қоя білді. Орталықтың саяси авантюрасына өзінің күш-жігерінің, саяси білімінің, ұлттық рухының арқасында тойтарыс беріп, елінің мызғымас біртұтастығын сақтай білді.

Тарих Жұмабек Тәшеневтің туған жерге ғана емес, сонымен бірге ана тілімізге, қазақ баспасөзіне де үлкен жанашыр болғандығына куә. 1958 жылғы 28 шілдеде республикалық Орталық партия комитетінің бюросында «Қазақ әдебиеті» газетіндегі ұлтшылдық көзқарас ағымының өрістеуі туралы мәселе қаралып, баяндама жасау газет редакторына жүктеледі. Ол мінберге көтерілерде жүрексініп, сылбыр басып бара жатқанын байқаған Жұмабек Ахметұлы «Тайсақтамай батыл сөйле» - деп жігер бере дауыстап қалған. Бұл газет редакторы - Сырбай Мәуленовке күш - жігер қосқандай болған көрінеді.

Осы мәжілісте «Социалистік Қазақстан», бүгінгі «Егемен Қазақстан» газетінің сол кездегі редакторы Қасым Шәріпов «Қазақ әдебиеті» газетін жабу керек. Ал басқа қазақ газеттерін түгел аудармаға айналдырмаса болмайды. Егер «Социалистік Қазақстан» газетін «Казахстанская правдадан» аударып, мен редактордың орынбасары болып қана қойсам, өзіме үлкен бақыт санар едім» дейді. Жұрт тына қалып, отырғандар не айтарын білмей абыржып қалған кезде Жүмекең «Газетті ашқан да сен емес, жабатын да сен емессің,- деп Қасымның бетін қайтарып тастайды. Отырғандардың арасынан Жүсіп Алтайбаев суырылып шығып, «Шәріпов, бұдан да сенің өлгенің жақсы еді -, дейді. Сол жолы Жұмабек Тәшеневтің батылдығы мен табандылығының арқасында Орталық Комитетің бірінші хатшысы И.Д. Яковлев дұрыс шешім қабылдауға мәжбүр болып, әдебиет газеті бір қатерден аман қалды [9].

Жоғарыда айтқанымыздай Жұмабек Тәшеневтің қызметі жабық мәжілісте қаралып, қалыптасқан «әдет» бойынша қызметкер партиялық өткір сынға алынып, жала жабылды. Мұның барлығы оны қызметтен алу үшін жасалып бақты. Оңтайлы сәтті пайдаланып, жергілікті билеушілер Жұмабек Ахметұлын қаралауға көшті. Кейбір қаралаушылар үкімет қызметкерлеріне арналып салынған үйлерден шығармашылық қайраткерлерге пәтер үлестірді, сөйтіп Ж.Тәшенев Алматы ортасында «қазақ ауылын» құруға бар күш-жігерін салды, мемлекет есебінен жомарттық жасаудан жазбады дегенді айтты. Тіпті белгілі ақын, Алаштың арысы -Мағжан Жұмабаевтың зайыбын пәтермен қамтамасыз ету керек деген нұсқауына саяси сипат беруге тырысты.

Ал деректердің мәліметтері қазіргі Қонав пен Қабанбай батыр көшелерінің қилысында Ж. Тәшенев үкімет басшысы болған кезде қазақтың шығармашылық өкілдеріне, яғни жазушыларға, әртістерге, ғалымдарға арнайы үй салдырып, бәріне пәтер бөлгізіп бергендігін дәйектейді. Тоталитарлық жүйе жағдайында бұл шетін жағдай болып саналатын. Осыған орай қылышынан қан

тамған шовинистер «Ташенев в центре Алматы создает казахский аул» деп талай уақыт, әр жерде шулап, айыптап жүрді[10].

Айта кетерлік жайт, ұлтжанды қайсар азамат республиканың басшы қызметтерінің біріне тағайындалған сәтте 1937 жылы жазықсыз жазаның құрбандарына айналып, қуғын -сүргінге түскен С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, Б.Майлин, С.Қожанов, І.Жансүгіров, Х. Досмұхамбетов, М.Жұмабаев, т.с.с. халықтың ақиық абзал азаматтары, Алаш қайраткерлерінің есімдері ақталып, ұлттың рухы көтеріліп, болмыс бітімі байып, дами түскен еді.

Ауыз толтырып айтарлықтай «кінәсі» болмаған Жұмабек Ахметұлын Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне төмендету туралы жарлық шығарылды. Қазақ халқында батыр бір оқтық деген нақыл сөз бар. Сол сияқты Тәшеневті орталық ұзақ бақылауға алып, оны еш себепсіз қызметтен босатып, Шымкент облысының бірінші хатшысының орынбасары етіп қойды. Сөйтіп Тәшеневтің мансаптық сатысына балта шабылды.

Оңтүстік еліне келгенде Жұмабек Тәшенев қырықтың ортасында еді. Абзал азамат жайлы «торға түскен айбарлы арыстан ғой, сабаз» деген сөздер жиі айтылатын. Осы қызметті 1975 жылға дейін атқарған Жұмабек Ахметұлы еңбекшілердің өтініш-тілектері ескерусіз қалдырмай, барлығын бірдей қарап отырған. Қала мен даланың тұрғындары оған тоқтаусыз ағылып келген көрінеді. Көзкөргендердің айтуынша Жұмабек Тәшеневтің мінезі жайсаң, жүріс-тұрысынан ұнжырғасы түскен, төредей өзін ұстайтын қасиеттері көрінбейтін. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету тұрақты әдеті болған. Сондықтанда ол ел ағасы болып танылып, халық құрметіне бөленді.

Жұмабек Тәшенев 1975 жылдан Қаракөл ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, ғылыми-техникалық орталықтың директоры қызметтерін атқарды.

Соқтықпалы соқпақсыз өмір жолын бастан кешірген аяулы азамат 1986 жылы 71 жасында дүниеден өтті. Халық Жұмабек Ахметұлының ерен еңбегін жоғары бағалағанымен, саяси жүйенің алдында ол көзге де ілінбеді. Ұсыныс-тілектер, жазылған хаттар аяқ асты қалды. 1966 жылдың наурыз айында СОКП XXIII съезіне, КСРО Жоғарғы Кеңесінің конституциялық комиссиясына жолданған хатта халық тағдыры мен жеке бастарының тағдырын ажыратпаған ардагерлер Ж.А.Тәшенев, Н.Алдабергенов, А.Қанапин, т.б. жөнінде жан-жақты әңгіме көтерілген. Бірақ халық қайраткерлері жөнінде қатыгез жүйенің қаһары қатая түсті. Өш алу, кеміту, мұқату «майданы» өршіді. Саяжайы, мәшинесі болмаған, баюдан бойын аулақ ұстаған ағамыз өз мамандығына сәйкес жұмысқа кірісті[11]. Әдеттегідей Жұмекең қызметте әріптестерінің құрметіне бөленді. Себебі оның бойында ең ерекше қасиет даралап айтар болсақ, ол -үлкен адамгершілік асыл қасиет бар еді. Айналасындағылар Жұмабек Ахметұлының білгірлігіе де тамсанып, қызығып қарайтын. Ал адамгершілікті абзал азамат өмір бойы ту етіп көтеріп өткен. Оған дәлел ретінде Мәскеуде КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасы төрағасының орынбасары қызметін атқарып отырғанда Украинаның бір белгілі ғалымы жазықсыз, жаламен ату жазасына кесілгенде, Жұмабек Ахметұлы оның

мәселесін әділетті түрде қайта қарап, тексертіп, ақтап шығарған.

Сол жылдары Ақтөбе облысының шалғай ауданынан келіп, Алматыдағы баласының қазасына кезіккен қарияға мүрдені алыс ауылына жеткізу үшін өзінің қызмет ұшағын ұсынған.

Денсаулығының нашарлауына байланысты мұғалімдіктен заңсыз босатылған азаматты емдетіп, өз жұмысына қайта орналастыруы тәрізді қамқорлықтары үлкен жүректі адамгершіліктің айқын көріністері[11] болып саналады.

Жүмекең Бауыржан Момышұлын үш рет, Қошқарбаевты бір рет Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынған. Екеуін де өткізе алмаған. Дей тұрғанмен Б.Момышұлының алғашқы кітаптарының жарыққа шығуына Жұмабек Ахметұлы себепкер болғаны баршаға мәлім. Ол Алматы облысының Тадықорған ауданындағы колхоз председателі Нұрмолда Алдабергеновке екінші рет Еңбек Ері жұлдызын орталықпен таласып жүріп, алып берген[12]

1960 жылы Семей облысында қатты қыс болып, жемшөп таусылып, мал шығыны орын ала бастайды. Осы кезде Ж.Тәшенев өзінің шешімімен мемлекеттік сақтандыру қорындағы астықты малға бергізген. «Мәскеудің құзырындағы қордан рұқсатсыз астық алдың» деп айыптаған Н.Косыгин Д.Қонаевқа телефон соғып, республиканың үкімет басшысын КСРО Министрлер Кеңесі мәжілісінде жауапқа тартатынын айтады. Д.Қонаевтың «бұл мәселені өзімізде қарайық, астық мал үшін жұмсалды ғой»-деген тілегіне құлақ аспаған орталық Ж.Тәшеневке сөгіс береді[13].

Айта кетерлік жайт, Жұмабек Ахметұлы үлкен қызметтен түсірілген бойда араға жыл салып, 1962 жылы Мәскеуде эконономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациясын сәтті қорғап, кеңес мүшелері тарапынан бірауыздан қолдауға ие болды. Алайда оның бекітілуі Жүмекеңе оңайға түспеген. Аяқтан шалып, етекпен жармасуға бұл істе де «юелсенділер» табылды. Өзімен бірге қызметтес болып, қасында бірге жүргендер «диссертацияға қажетті мәліметтерді үкіметтен ұрлап алды», «кейбір цифрларды ойдан шығарды» деген жалған пікір айтып, Мәскеуге «домалақ» арыз түсірумен болды. Мұнда да Жұмабек Ахметұлы тексеруден өтіп, зерттеу жұмысының дербестілігі, ғылымилығы, жаңалықтарының сонылығы, деректерінің шынайылығы анықталды. Сөйтіп, Ж.Тәшеневке эконономика ғылымдарның кандидаты ғылыми дәрежесі берілді.

Аса жауапты, қауырт жұмыстар атқара жүріп, Жүмекең «Казахстан в братской семье дружбы народов СССР», «Резервы повышения эффективности сельскохозяйственного производства» атты еңбектер даярлап, жариялады. Өзінің жеке мұрағатындағы деректерге сүйенсек, Ж.Тәшенев докторлық диссертация да дайындаған. Докторлық диссертациясында аумақтық экономика мәселелеріне талдау жасалып, тұғырнамалық көзқарастар танытылған. Ғылыми тәжірибелік ұсыныстарға Оңтүстік Қазақстан аумағының экономикасындағы табыстар және оның мүмкіндіктері арқау болды. Бұған қоса бірқатар еңбектер қолжазба күйінде қалып, жарық көрмеген. Қазір бұл диссертацияның қолжазбасы Жүмекеңнің жеке мұрағатында ұрпақтарының отбасында сақталған. Осылардың барлығы айтарға оңай жайттар болғанымен, терең

білімді, жоғары біліктілікті, қажыр- қайратты, парасат пен төзімділікті талап еткен еңбек екендігі өзінен -өзі түсінікті. Осы турасында белгілі қайраткер, қаламгер Ә.Жылқышиев; «Жұмекең ғұлама адам еді. Ел тарихы, өнер мен әдебиет, саясат пен экономика, мәдени құрылыс осылардың бәрі туралы ең кем дегенде әр саланың ғылым кандидатындай мағлұматы болатын» -деп жазған [13].

Замандастарының айтуына қарағанда Жұмабек Ахметұлының сыртқы бейнесі қиссаларда жырланатын батырларға ұқсас болып келген. «Қарсыластары олай лақтырса да, былай лақтырса да жауырыны жерге тимей, аяғынан тік тұратын, жығылуды білмеген балуан тәрізді. Жұмекең төртбақ келген, қырғи қабақты, ақсары кісі болатын. Денесі тұтас еді. Қой көздері тіктеп қарағанда, кімді болса да жасқандырып тастайтын. Сөйлеген сөзінің анықтығы мен нық айтылуынан бойында қажымас қайрат, жасымас жігер бары айқын сезіліп тұрушы еді. Содан да оған қарсы сөз айтуға кез келгеннің батылы жете бермейтін» - , деп әділ бағасын беріпті[14].

Жұмабек Ахметұлы басшылық қызметі барысында елінің ертеңі жарқын болу үшін ерінбей еңбек етті. Оған төмендегідей тарихи айғақтар дәлел:

1. Республиканың территориялық біртұтастығын сақтап қалды;
2. Ұлттық мамандарды басшылық қызметке тартты;
3. Алматыдағы орталық көшелердің біріне ұлы ақын, ойшыл Абайдың есімін беруді және оған ескерткіш орнатуды ұсынды;
4. Медеу мұз айдынының құрылысын аяқтауға орталықтан қаражат алып берді;
5. Репрессияға ұшырағандарды реабилитациялау комиссиясын басқарды;
6. 1958-жылы Мәскеуде қазақ өнері мен әдебиеті декадасын ұйымдастырып, бес бірдей қазақ әртісіне «КСРО Халық әртісі» атағын алып берді;
7. Бауыржан Момышұлының « Артымызда Мәскеу» еңбегін жарыққа шығартқызды;
8. М. Әуезовтың « Абай жолы» романын Лениндік сыйлыққа ұсынды;
9. Нұрмолда Алдабергеновке Социалистік еңбек ерінің үшінші алтын жұлдызын, Бауыржан Момышұлы мен Рақымжан Қошқарбаевқа КСРО батыры атағын беруге ұсыныс жасады;
10. Ядролық қаруды сынауға түбегейлі қарсы шықты [15] .

Бар саналы ғұмырын алты Алаштың аталы жұртының мүддесіне, халқының амандығы мен жерінің тұтастығына арнаған өр тұлғалы азаматтың өмірі, еткен қызметі ұлан-ғайыр. Алайда сол еңбек өзінің шынайы бағасын ала алмай келеді. Өз заманының ірі тұлғасының өмірі мен қызметін жан-жақты зерттеп, ұлтымздың ұлылығын көрсетуіміз қажет. Тәуелсіздігімізді нығайтар, жаңарған әлемдегі жаңа Қазақстан болар тұста Ж. Тәшенев сияқты абзал, біртуар, ірі тұлғаларды кемел ұрпаққа өнеге, үлгі етіп көрсетіп, есімін ардақтасақ елдігіміз еселенер еді. Ал осындай аяулы азаматқа арнап елдігіміздің белгісіндей ескерткіш орнатсақ, тарих пен халық алдындағы борышымыз өтелер еді.

1. Родную землю на должность не меняю // Индустриальная Караганда 21 декабря, 2010.

2. Ж. Тәшеневтің жеке отбасылық мұрағаты.
3. Ж. Тәшеневтің жеке отбасылық мұрағаты.
4. Ж. Тәшеневтің жеке отбасылық мұрағаты.
5. Кенжебаев С.Бәрі құрбан ата мекен жолында // Егемен Қазақстан.1995 8сәуір.
6. Ж. Тәшеневтің жеке отбасылық мұрағаты.
7. Человек Эпохи // Новое поколение 1. Февраля 2008.
8. ҚР Президентінің мұрағаты.1137- қор. 22 -тізбе.125-іс. - 107-109-бб.
9. Қазақ әдебиеті, 1991. 9қыркүйек.
10. Мағжанның зайыбына үй алып берген.// Алматы ақшамы. 19 наурыз, 2005.
11. Сыздықов К.Халықтың қайсар перзенті //Ақиқат.2005. 14 маусым.
12. Көлбаев Т.Сілтесең семсер, қорғансаң қалқан болған //Қазақстан заман. 14 қараша, 2003.
13. Кәкен А. Жұмабек Тәшенев // Егемен Қазақстан.2003.22 наурыз.
14. Рамазанов А. Өрелі азамат еді // Азат. 2004.1желтоқсан.
15. Львиное сердца Жумабека Ташенева // Свобода слова. 1.февраля, 2007.

4- ТАРАУ. ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ТАРИХНАМАСЫ

Қазақ қоғамындағы әйел – ананың орны мен рөлі мәселелерінен

Ананың қоғамда, отбасында алатын орны, атқарар рөлі ұшан - теңіз. Ана - ақылшы, тәрбиеші, үйдің береке – ырысы ғана емес, ол ел мен елді елдестіруші, араздықты бітістіруші, дәнекерлеуші, ол іскер, қаһарман.

Әсіресе қазақ қоғамында аналардың алар орны ерекше болған. Сонау ерте замандардағы наным - сенімдердің түп - тамыры да Ана. Ата бабаларымыз аспанда Тәңірі, жерде Ұмай ана деп табынатын. Ұмай ана- қамқоршы, жарылқаушы, демеуші, жанұя, отбасының пірі.

Қазіргі кезеңде қазақстандық қоғамда әйел-ананың рөлі айтарлықтай өзгерген. Бүгінгі қоғамда әйел ана, бала тәрбиелеуші ғана емес, басшы, кәсіпкер, еңбек ері, маман иесі және т.б. Әлемдегі жаһандану үдерісі ықпалы әйелдердің қоғамдағы орны мен рөліне әсер етуде. Елімізде гендерлік саясат аясында әйелдердің орны басқа қырынан көрінуде. Нарықтық қатынастар етек алған тұста әйелдің отбасындағы ғана емес қоғамдағы рөлі күшейіп, мәртебесі өсе түсті. Әйелдер қоғамның барлық салаларына араласып, өздерін жан-жақты танытуда.

Біздің көрсетілген тақырыпта мақала жазу мақсатымыз – қазақ қоғамындағы әйел ананың орны мен рөлін гендерлік саясаттың жаһанданудың өрістеуіне байланысты өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі ұлттық салт-дәстүрге, тәжірибеге, мүддеге негізделген ұстанымдарымызға, жастарға үлгі боларлық тұстарына назар аудару.

Енді сол тарихымыздан тағлым аралық қазақ қоғамындағы әйел ананың орны мен рөлін көрсетуге көшейік, Мәселен, түркілер әйел ананы отбасының құты мен ырысы, ұйытқысы мен жылуы деп таныған. Сондықтан да болар түркі дүниесін терең зерттеген тарихшы - ғалым Лев Гумилев “Көне түіктер” деген іргелі зерттеуінде “Түркілер әйелдерді сал серілердей әдейі қатты құрметтейтін. Баласы үйге кіргесін әуелі шешесіне иіліп, тәжім еткен, содан кейін барып әкесіне сәлем берген. Орхон жазуында да ордада апа қарындастары қалып қойып, оларға ажал қауіпі төнгенде, Күлтегіннің оларды жанқиярлықпен қорғап қалғаны зор шабытпен жырланады... Түркілерде анасының шыққан тегіне айырықша мән берілген” - деп жазған.[1]. Шындығында да қазақта “Жігіттің жақсы болуы нағашысынан” деген сөз бар. Оның түп мәніне үңілсек, ата - бабаларымыз аналарының, жұбайларының қадір - қасиетіне, оның шыққан тегіне ерекше мән берген. Мұның өзі қыз баланың ұрпақ өрбітудегі орнының жоғары, жауапты екендігін танытады.

Қазақ халқының болмысындағы, дүниетанымындағы бар игі қасиеттерді тілін, ділін, дінін, әдет - ғұрпын, салт - санасын, ұлттық дәстүрін баласынан немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дарытушы, дамытушы әйел ана деп санаған.

Халқымыздың татулығын, береке - бірлігін келтіруші ана екендігіне тарих куә. ”Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп” деген халық даналығы осыдан туған.

Қазақ хандығында аналар мен қыздардың өзіндік орны, атқарар рөлі болғандығына жазба деректер мен ауызша тарих айтудың жәдігерлері дәлел бола ала алады. Аналармыздың қоғамдағы орнын қалыптасқан ру - тайпалық қатынастар, дәстүрлі шаруашылық, тамыры тереңнен бастау алатын діл, салт-дәстүр, әдет - ғұрып анықтаған. Қыздарын болашақ ана ретінде санаған дана халық оларды сыйлап, қастерлеген. Перзентінің тұңғышы қыз болғанда “ырыс алды қыз” деп, жақсы ырымға жорып қуанған. “Қыз аз күнгі қонақ” деп тазаны кигізіп, дәмдіні жегізіп, үйдің оң жағынан төрінен орын беріп, аялаған. Алысты жақын, жатты жекжат етер, елмен елді таныстырып, табыстырар дәнекер көріп құрметтеген. Сән - салтанат құруға мүмкіндігі бар ірі байларды былай қойғанда, шаруасы өзіне жетерлік орта қазақ отбасының өзі ең алдымен қыз салтанатына көңіл бөлген. Киімнің асылын қыз бала киетін, алтын күмістен жасалатын өте қымбат сәнді әшекейлер де, өте әдемі және қымбат ер - тұрмандар мен жүрісі жайлы жорғалар, әдемі сәйгүліктерді парлап жеккен пәуескелер бойжеткенге арналатын “ - деген қазақ халқының белгілі ғалымы, этнографы Х.Арғынбаевтың тұжырымы айтқанымызды айғақтайды.[2]

Қазақ қызын “қыздың жолы жіңішке” дей отырып, жан - жақты тәрбиелеген, еш уақытта оны кемсітіп, төмендетпеген. Қайта қыз баланың бойына әдептілік, инабаттылықпен бірге дала әдебіне сәйкес өткірлік, қайсарлық, шынайы намыс тәрізді қасиеттерді қоса дамытып отырған. Сондай - ақ тәлім - тәрбие, күш - жігер зая кетпеген. Қазақ тарихы жоңғарларға атойлап шапқан Қабанбай батырдың қызы - Назымды, бірнеше шешуші жорықтарда көзге түскен Абылай ханның қызы - Гауһарды, талай ақтық шайқастарда ерен ерлік көрсеткен Айтолқынды, найман жұртшылығының батыр қызы - Жанқайды жадында сақтап, ұрпаққа дәріптейді. Бұлардан өзге ақылдылығымен, әулиелігімен аты шыққан Бегім ана, Бұланбай батырдың жары Айбике, Кенесарының қарындасы, 500 сарбазды басқарып, Ресей отаршылдарына қарсы соғыста ғажап ерлік көрсеткен Бопай, Шоқанның әжесі, бірнеше шығыс тілдерін білген, өз халқының мұң - мұқтажы туралы Ресей Сыртқы істер министрлігінің азиялық департаменті мен үкіметінің Сібір комитетімен хат алысып тұрған Айғаным ханша тәрізді ел арасында беделі жоғары әйел аналар аз болмаған.

Қазақ халқының осындай ерекше тәлімді тәрбиесін, қыздар мен аналардың ұлылығын өз кезегінде ел арасында болған орыс ғалым- зерттеушілері жоғары бағалап, пікірлерін жазып кеткен. Мәселен, зерттеуші А.К.Гейнс: “Жены у киргиз приобретаются, как у всех магометан, покупкою, называемою “калым”, поэтому родителям тем выгоднее, чем у них более красивых дочерей и нередко случается, что бедные киргизы при помощи своих дочерей не только поправляли свое состояние, но даже и очень богатели. С этой целью в некоторых киргизских семействах для сохранения красоты девушек вошло в обычай до замужества избавлять их от всех тяжелых работ и хлопот, ... хвалить красавиц считается у киргиз поступком благопристойным, красавицы же, заслужившие общую похвалу, нередко прославляются в степях”, - деп көзімен көргенін хатқа түсірген.[3]

Расында да әдемі қыздар аңыз - әңгімелердің, ертегілердің мазмұнын құрап, тартымды оқиғалардағы көркем арулар талайларды тамсандырған. “Ай десе

аузы, күн десе көзі бар” сұлулар туралы ертегілер үнемі жақсылықпен аяқталып, оның кейіпкерлері мұраттарына жетіп отырған. Мысалы, ертегілер “ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы бөртеде бір бай болыпты, оның бір асқан сұлу қызы болыпты. Қыздың сұлулығын көрген адам есінен танып қалады екен. Қыз сұлулығымен қатар ақылды болыпты ... деген ертегілер ауыз әдебиетімізде көптеп сақталған. Осындай аңыз ертегілерді естіп өскен ұрпақтың әдемілікке ұмтылары хақ.

Қазақ әйелдері ұрпақ тәрбиесінен өзге қоғамның барлық істеріне тікелей болмаса да қатысып, өздерінің көзқарастарын танытқан. Хандар мен сұлтандардың, батырлар мен билердің ақылшы, кеңесшілері ретінде кең далаға танылған. Мұндай жайт өзге халық өкілдерінен шыққан зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған. Мысалы, зерттеуші ғалым А.К.Гейнс: “Киргизская женщина играет большую роль не только как полная хозяйка семьи, но и как член общества. На сходках киргизов женщины подают голос наравне с мужчинами, в особеннности по вопросам, касающимся общественных нужд. Иногда даже мнение женщин имеет некоторое преимущество над мнением мужчины”, - пайымдаған.[3]

Қазақ әйелдерінің қайталанбас қасиеттері жыр дастандарда ғана емес ғылыми зерттеулерге де арқау болған. Сондықтан да болар қазақ қыздары, әйелдері туралы бірқатар этнографиялық, тарихи, т.б. іргелі еңбектер жарияланды. Солардың бірінде: “... Что касается до девушек, то по достижении ими десятилетнего возраста они обыкновенно подчигяются старшей в семействе женщине, которая наблюдает за их поступками и кое чему обучает по части ведения домашнего хозяйства. Благодаря этому киргизские (казахские) автор женщины по большей части бывают гораздо скромнее, мягкосердечнее и трудолюбивее мужчин ...” -деп жазылған.[5]

“Қызға қырық үйден тыю” деген дана философиялық қағидаға орай ата - бабаларымыз қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. “Қыз өссе елдің көркі” дегенге сай болу үшін оны адамгершілікке, парасаттылыққа, еңбек сүйгіштікке, әдемілікке баулыған. “Қыз жат жұрттық” деп айтылып, өмірден сабақ ала білген бабаларымыз бөтен елде қыздарының тәрбиелігімен, көргендігімен дараланғанын қалады. Сол үшін де ата салттың мәнін өзгертпей, оны қатаң сақтап, келесі ұрпаққа жеткізіп отырды. Нәтижесінде қазақ қыздары адами киелі қасиеттерді бойына жинап, өзге халықтардан ерекшеленді. Әсіресе қыздардың еңбек сүйгіш қасиеттері оларды отбасыны, сондай - ақ бүкіл дәстүрлі шаруашылықтың ұйытқысына айналдырды. “Киргизки (казашки) автор) далеко превосходят киргизов (казахов) в трудолюбии. Они управляют все домашние хозяйство, на них лежит половина попечении о скоте, они сверх того занимаются рукоделиями и приготовлением одежды себе и детям, они же должны заботится обо всем нужном для мужей своих, даже иногда сделать им лошадей и сажать их верхом. ... К трудолюбию киргиз казачки при- соединяются свойственные полу их добродушие, чадолубие и сострадательность. Бывшие у киргизов в плену отзываются о них гораздо лучше, нежели о мужчинах...”, - деген орыс зерттеушісі А.И.Левшиннің тұжырымы - қазақ ауылының тұрмыс - тіршілігімен етене таныс болған

сырткөздің бұлтартпас дәлелі.[4]

Қазақ ауылында әйел отбасының берекесі ретінде саналып, оның алар орны баға жетпес құндылықпен парапар болған.

Көшпелі шаруашылықта киіз үйді тіккенде шаңырақты ер азаматтар көтеріп тұрған, ал үйдің керегесін керіп, уығын шаншитын, туырлық үздігін жабатын әйелдер болған. Қазақ қоғамында ерлер әйел - аналардың осындай артықшылықтарын көріп, даланың жазылмаған заңдары арқылы қорғап отырған. Отбасында, әулетте әрбір әйел ананың өзіндік орны болған. Мұндай жағдайды өзіміздің төл деректерімізден өзге орыс зерттеулері былайша көрсетеді: “ Сколько бы жен киргиз не имел, всякий из них при малейшем его достатке, живет в особой кибитке, или юрте, потому что и полагается правилам, что невеста должна в приданном своем иметь кибитку”. [7]

Бірнеше әйелі бар отбасындағы қалыптасқан әдет - ғұрып мына төмендегідей баяндалған: “Старшая, или первая, жена называется байбича (богатая жена), она одна настоящая хозяйка дома. Если бы муж и не любил ее, он обязан иметь к ней уважение и внушать оное прочим женам своим, которые между тем, будучи все равны, не имеют никаких друг перед другом преимущества и находятся в некоторой зависимости от байбичи. Впрочем, приданое их не мешается и всегда остается принадлежащим той, за которую получено. Осторожные мужья даже скот жен своих никогда не смешивают в одном стаде. Обыкновение сие введено для того, чтобы имущество матери доставалось только ее собственным, а не другим детям ее мужа.

Байбича может оставить мужа, если имеет к тому важные причины, и возвратиться к родным своим, младшие жены не могут сделать того же.”[7]

Байбиче отбасы мен дәстүрлі шаруашылықта өзіндік орынға ие болып, елеулі рөл атқарған. Бұл жайында талай айтылып, хатқа түсірілді де. Тіпті арнайы этнографиялық тұрғыдағы еңбектер де дүниеге келген. Солардың бірінде былай деп жазылған: “Первая жена считается у киргиз старшею в семействе и называется “бай бича”, т.е. Госпожа дома, в ее распоряжение состоит имущество, скот, от нее же зависит и соблюдение всякого порядка в семье, она распределяет домашние работы между прочими женами, смотрит за хозяйством и соблюдает всякое благоустройство в доме. Бай бича, будучи совершенною госпожою, у знатных людей никогда большими работами не обременяется, муж обходится с нею с уважением, и живет по большей части в ее кибитке”. [7]

Көріп отырғанымыздай, бұл - әйел - ананың бір қыры ғана. Әйел ана тіршіліктің көзі, себебі “әйел бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді” деген ұлағатты сөз текке айтылмаса керек.

Қазақ отбасындағы, қоғамындағы әйелдердің орны мен жағдайы туралы сөз еткенде әртүрлі көзқарастардың кездесетіндігі де заңды құбылыс. Қазан төңкерісіне дейінгі әдебиеттердің көпшілігінде қазақ әйелдерінің қоғамдық қатынастарда құқысыздығын орынды баяндаумен бірге, олардың отбасындағы орнын, Орта Азия халықтары әйелдерімен салыстырғанда әлдеқайда еріктілігін негізінен дұрыс көрсетіледі.

Солай болғанмен де, қазақ әйелдерінің отбасындағы орнын анықтауда оны әлеуметтік қатынастармен байланысты қарамай, бүкіл қазақ әйелдерінің көрген

күні қараң, тұрмысы ауыр, өмірі азапта өтеді деген үстірт пікірлер де бой көрсетпей қойған жоқ.

Төңкеріске дейінгі қазақ қауымындағы қоғамдық мәселерге байланысты әйелдердің орны еркектерге қарағанда әлдеқайда кем саналғандығы кімге болса да аян. Оны біз әйелдердің қоғамдық мәселелерді шешуге араласпайтындығынан, сайлауға не сайлануға қақысының жоқтығынан, ең ақыр аяғы “әйел құны ерлер құнының жартысына тең” болғандығынан көреміз. Ел арасындағы әр түрлі мәселелер және ауыл отбасы тағдыры көбінесе әйелдердің араласынсыз, тек ерлер арасында, онда да ақсақалдар мен билер арасында шешілетін. Мұндай мәселелерде әйел тілін алу, оған ақылдасу деген атымен болмайтын. [10] Мұндай жағдай олардың тек әйел екендігіне байланысты теңсіздік емес, оның негізі партиархалды - рулық қатынастардың салдарымен тығыз байланысты. Үй ішінің тағдырына әр қазақ әйелі белсене қатынасып отыруға міндетті болды. Отбасының тіршілігі әйел әрекеті мен еңбегіне байланысты жүрді. Сондықтан олар үй іші мәселесінде өзін еркін ұстайтын да, өз бетімен жұмыстарын атқарып, ерлерінің нағыз көмекшісі болатын.

Қазақ дәстүрінде әйелдің үй ішіндегі еркіндігі отбасының атына нұқсан келтірмей, қайта намысын қорғайтын болса, ел аузына ілініп, өзгеге үлгі ретінде айтылып, үлкен мадақ пен сыйға бөленетін.

Шаруаның негізгісі мал өсіру, егін салу болса, малды түзде бағып-қағу, оған жемшөп дайындау, егін егу, оны суару, жинау ісіне әйелдер тікелей араласа қоймайтын, ондай ауыр жұмыс әр уақытта ерлердің ісі болып есептелетін. Тамақ дайындау, киім тігу, жүн сабау, киіз басу, жіп иіріп, алаша, кілем тоқу, әр түрлі үй бұйымдарын тігу, мал сауу, кір жуып, үй жинау, көші - қонның кезінде тең буып, оны шешу, үй жығып, оны тігу, жас балалар мен қартайған ата - енесіне қарау, т.б. үй ішінің ұсақ - түйек шаруасы түгелдей әйелдер мойнында болды. Үй шаруасына жалшылар ұстайтын ірі байлардың әйелдері мұндай шаруалар істемейтін. Олар тек басшылық етіп, жеңіл - желпі киім тігіп, ши орап, кесте тігіп, бала бағудан басқаға араласпайтын. Ал орта шаруалар мен кедейлердің әйелдерінің жұмысы тіпті көп болатын. Олар өз шаруасына қоса, бай туысының үй шаруасына да көмектесетін. Қысты күні үйде тұрған малға қарау көбінесе әйелдер мен бала - шағаның міндетіне жататын.

Қазақ әйелдері мал сатып, қаладағы базарға баруға араласпағанымен, үйдегі шаруаға тікелей қатысып, оған өзінің ықпалын жүргізетін. Үй іші шаруасын ұйымдастыруда да ері әйелімен ылғи ақылдасатын. Егер әйел ақылды болса, ол тек еріне ғана емес, онымен бірге бүкіл ауылға да өзінің ықпалын тигізетіндіктен, мұндай әйелдерге күйеулері өздерінің өмірлік серігі ретінде қараған. Осындай жағдайлардың орын алғандығын тарихи деректер дәйектейді. Ері жоқта есті әйел оны жоқтатпай, барлық жұмысқа өзі басшылық ететін. Мұндай әйелдер тарапынан еш уақытта ұрыс - жанжал шықпайтын. Үлкен - кішіні бірдей сыйлап, керек жерінде жарасымды әзіл айтып, жолынан жаңылмай тұрған әйелдердің отбасындағы ықпалы күшті болатын.

Төңкеріске дейінгі көптеген әдебиеттерде қазақ әйелдерді сыйламайды, ұрып - соғып, күндікте ұстайды деген жаңсақ, бір жақты айтылған

пікірлер де кездеседі. Әрине, мұндай жағдай бүкіл халыққа тән қасиет деу қисынға келмейді. Оған дәлел ретінде С.Г.Рыбаков: “Әйелдеріне ерлері тарапынан қаталдықты мен кездестірмедім, соған қарағанда мұндай жағдай тым сирек кездесетін”, - деп жазған.[11]

XX - ғасырдың басында патриархалды - рулық қатынастар етек жайған әрі молырақ сақталған Маңғыстау қазақтарының өзінде ерлі-зайыптылардың арасындағы қатынастар қожайын мен күннің арасындағы қатынастарға мүлдем ұқсамайтындығын, көбінесе бірін бірі құрмет тұтып, сыйлауға негізделгендігін, қазақ әйелдері өздерін әрдайым еркін ұстайтындығын неміс ғалымы Р.Каружц те атап өткен.[12]

Қазақ әйелдерінің қоғамдағы салмағы сәл төмендеу болғанымен, олардың әдептілігін көрсететін көптеген әдет - ғұрыптар да бар. Мәселен, күйеуінен өзге бөгде ер адамға беті мен екі қолының ұшынан басқа денесін көрсетпеу; жалаңаяқ, жалаңбас жүрмеу; еркектер алдынан кесе өтпеу; үлкендер отырған үйге кірмеу; өз үйіне үлкендер келіп әңгімелесіп отырғанда олардың әңгімесіне араласпау; тіпті оларға шай құйып отырғанның өзінде бір тізерлеп қырын қарап отыру; үйде кісі барда малдас құрып жүресінен отырмау; үлкендер көзінше дауыстап сөйлеспеу немесе балаға шаңқылдап ұрыспау үлкен әдептілік деп есептелген. Шынында да, мұның бәрі әйелдің көргендігін дәлелдейтін ұнамды салт болған.[13]

Отауы бөлек келіндер ата - енесі тұратын үлкен үйдің төріне шықпайтын, олардың төсегіне жатпайтын, отырмайтын да. Тіпті олар өлген күннің өзінде үлкен үйдің төрі, ата - ененің төсек орны келіндер үшін өте киелі деп есептелген. Бұл әдет - ғұрып ата - ана отырған үлкен үй, қара шаңырақты сыйлау, құрметтеу, оған табынудың нышаны іспеттес болған.

Осылайша қазақ қоғамындағы әйел ананың орны мен рөлін қарастырып, өзіндік ерекшеліктеріне тоқталдық. Әйелдердің қоғамдағы орны патриархалдық - рулық қатынастарға, ислам дінінің әсеріне байланысты болған. Ғасырлар бойы қалыптасып, дамыған халықтық әдет- ғұрыптар мен салт-дәстүрдің негізінде әйелдердің қоғамдағы рөлі айқындалып, беки түскен. Әйел-анаға қатысты әдет ғұрыптар оның болмысына, тәрбиесіне ықпал етіп, рухани тазалықтың биігінен көрінуге бағытталған. Осыған орай ақылдылығымен, тапқырлығымен, адалдығымен, көріктілігімен еркекке бергісіз әйелдер өмір сүріп, аттары аңызға айналған. Дәстүрлі шаруашылықта әйелдер маңызды рөл атқарып, отбасы мен қоғамның негізгі ұйытқысы болған.

Жоғарыда айтылған баянымыз әйел ананың ұлылығын, мәртебесін тануға септеседі деп есептейміз. Сонымен қатар жаһанданудың етек жаюына қарсы рухани құрал ретінде пайдалануға болады деп деген сенімдеміз.

-
1. Гумилев Л. Көне түріктер. - Алматы, 1993. - 103б.
 2. Аргынбаев Х. Семья и быт казахского народа. -Алма-Ата, 1976. -С. 84.
 3. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. Т.1. -Спб., 1897. - С. 76
 4. Левшин А.И. Описание орд и степей казахов. - Павлодар, 2005. - 65-66 бб.
 5. Аргынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. - Алматы, 2005. - 356-357 бб.
 6. Левшин А.И. Описание орд и степей казахов. -76 б. 7

7. Собрание литературных турдов. Т.2. - Спб., 1898. - С. 84.
8. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. - 36 б.
9. Сонда. - 37 б.
10. Сонда. - 39 б.

Қазақ халқының ұлттық тағамдарын зерттеу: бағыттары мен проблемалары

Қай халықтың да болмасын тұрмыс салты, әдет-ғұрпы, тіршілік тынысы және ұлттық тағамдары этностың өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын факторлардың бірі болып саналады. Ұлттық тағамдар және оның түрлері халықтың тұрмыстық-экономикалық, тарихи-мәдени, табиғи-климаттық, материалдық мәдениет белгілерін сипаттайды. Сол себепті де қазақ халқының тарихын жазуда, оның этникалық ерекшеліктерін талдауда ұлттық тағамдар мәселесі маңызды рөл атқарады.

Жаһандану жағдайында әр халықтың өзінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап қала білуі көкейкесті мәселеге айналуға алады. Осыған орай қазақ халқының ұлттық тағамдарын жан-жақты зерттеу, тағамдардың адам ағзасына пайдалы тұстарын талдау және оларды әлемге таныту ұлт үшін де, адамзат дамуы үшін де өзекті бола түсуде. Мұның өзі біз қарастыратын түйіткілдің маңыздылығын арттыра түседі.

Ел Президенті ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойындағы дәрісінде «... Әр азаматтың денсаулық, білім, интеллект деңгейі қаншалықты сапалы болса, мемлекетіміздің әлемдік қауымдастық жүйесіндегі бәсекеге қабілеттілігі соншалықты жоғары болады», - деп айтты[1]. Жаңа ғылыми салаларда тың жаңалықтар ашып, нанотехнология сынды салада үлкен жетістіктерге жетудің қажеттілігін көрсетті. Бұл мәселе тағамға да тікелей байланысты, өйткені «ас - адамның арқауы», «ауру - астан», «ас тұрған жерге ауру тұрмайды» деп білетін қазақ тағамның сапасы мен маңызын ерекше қадірлеген. Неғұрлым сапалы, әрі құнарлы тағам дайындап, тұтынсақ, соғұрлым деніміздің сау болатындығына көз жеткізгенбіз.

Қазақ халқының тарихынан, бүгінгі күнге дейінгі тұрмыс тіршілігі жайлы сыр шертетін және құнды мәлімет беретін, басқалардан ерекшелейтін тұстары оның ұлттық тағамдары, түрлері мен дайындау технологиясы болып табылады. Қазақтардың ұлттық тағамдарының түрлері және жасалу технологиясы туралы еңбектер баршылық. Мәселен, «Хозяйство казахов на рубеже XIX XX веков» атты ұжымдық зерттеудің «Молочная пища и утварь» тарауында ұлттық тағамдардың түрлері, солардың ішінде сүт тағамдары, олардың көшпелі қазақ қоғамында алатын орнын көрсетілген. «Бұрын қазақтарда көшпелілерге тән мал шаруашылығына байланысты негізінен ет және сүт тағамдары болған. Сүт тағамдары әртүрлі болған. Жылқы сүтінен пайдалы және емдік қасиеті бар қымыз, түйенің сүтінен шұбат, оны Қазақстанның батыс өңірлерінде қымыран, оңтүстікте түйе қымыз деп аталатын сусын түрлерін дайындайтын болған. Кейде түйе сүтін сыр мен шай дайындауға да қолданған. Бұндай кезде оған сиыр, ешкі, қой сүтін араластырған. Сиыр, ешкі, қой сүттерінен негізінен

қайнатылған сүт, май, әр түрлі сыр дайындап, қайнатылған түрін шайға қосқан. Қалған сүттің бір бөлігін кішкентай балаларға берген, ал үлкендерге талқан немесе тарымен қосып беріп отырған. Әдетте шикі сүтті қазақтар ішпеген» [2], - деген баяны осының дәлелі.

Қазақтың ұлттық тағамдары, олардың түрлері мен жасалу жолдарына О. Жиренчиннің, Ж. Мусиннің, Х. Тілемісовтың, С. Касимановтың, Т.У. Шойынбековтың, В.В. Похлебкиннің еңбектері арналды. Мысалы, О. Жиренчин және Ж. Мусин «Қазақтың ұлттық тағамдары» атты еңбегінде ұлттық және ұннан жасалған, кондитер тағамдарын дайындау үлгілерін ұсынған. Қазақтың ұлттық тағамдарын сипаттап, олардың көптүрлі бола тұра жасалу технологиясының қарапайым екендігін ашып көрсеткен [3]. Десек те, бұл еңбекте ұлттық тағамдарымыз басқа халықтардың тағамдарымен салыстырылып, ерекшеліктері айқындаламаған. Соған қарамастан зерттеудің ұлттық тағамдардың қазақ халқының тұрмысында алатын орны мен рөлін анықтаудағы маңызын елеулі екендігі даусыз.

И. Сарыев және А. Отарбаевтың бірлескен еңбектерінде ұлттық тағамдардың құрамы, тарихы және медицина жағынан адам ағзасына пайдалы тұстары егжей-тегжейлі баяндалған. Авторлар қымыз бен шұбат сияқты сусындарға тоқталып: «... Қымыздың түп тамыры сонау скифтерге дейін барады. Б.З.Д. У ғасырда грек тарихшысы Геродот скифтердің бие сүтінен сусын ашытатынын айта келіп, олардың сүт консервілеу құпиясын мұқият сақтайтынын, ешкімге айтпайтынын жазды»[4]. Авторлар қымыздың емдік қасиеттері жөнінде дәйекті пікір білдіріп, Қазақстанда қымызбен емдейтін алғашқы емхана 1910 жылы Бурабайда ашылғандығын мәлімдеді. XIX ғасырдың ортасында ғалым-дәрігерлер С.П. Боткин, Г.А. Захарин, Н.В. Склифовский және басқа да ғалымдар қымызбен емдеу тәсілін қолданғандығын баса көрсеткен. Ал шұбаттың медицинада далатын орны жайлы: «...Өкпе туберкулезін шұбатпен емдеумен айналысқан А.А. Ахундов бүкіл емдеушілердің 85, 2% бұл шипалы сусынның тиімді әсер еткенін айтады. Медицина ғылымдарының докторы, профессор Естөре Оразақов түйе сүтінің қоректік және емдік қасиеттерін тұңғыш рет зерттеген еді. Ол түйе сүті мен шұбаттың химиялық құрамы аса маңызды көрсеткіштер бойынша сиыр сүті мен қымызға қарағанда асып түседі» деген қорытынды жасады. 1965 жылы Республикада тұңғыш рет «Тұщыбек» атты шұбатпен емдеу орны ашылғандығынан хабар берді[4. 11Б].

Аталмыш зерттеуде атылғандармен қатар ет тағамдары, сорпалар, дән және тәтті тағамдар, олардың жасалу технологиялары қарастырылған. Еңбектің ұтымды тұстарының бірі авторлар өзге де зерттеулермен салыстырғанда қазақтың ұлттық тағамдарының пайдалы жақтарын аша білген.

Ұлттық тағамдардың түрлері мен технологиясына анағұрлым кеңірек тоқталған Х. Тілемісовтың еңбегі мазмұндылығымен тартымды. Қазақтың тағамдарын үлкен екі топқа бөлген автор былай деп жазды: «... Ет тағамдары: піскен ет, сүр ет, бұқтырылған ет, қақтаған ет, қазы, қарта, жая, жал, шұжық, мипалау, қуырдақ, құйрық, бауыр, қарыншақ, бұжы, бұжығы, үлпершек, борша, кісе, әсіп, қабырға, дірілдек, мәнгі, орама, тұшпара, кебеп болып кете барады. Ал сүт тағамдары: қаймақ, кілегей, піскен сүт, уыз, шикі сүт, салма,

кеспе, күріш, көже, іркіт, ашымал, быршыма, құрт, ежігей, малта, ірімшік, сарсу, қымыз, шұбат, боза, саумал, шалап және тағы басқа» [5]. Қымызға тоқтала отырып, автор: «... сары қымыздай дертке шипа, денеге қуат беретін сусын жоқ. Мұның сыры жылқының қасиетінде. Өйткені кең жайылымда жылқы емін-еркін жайылып, қоректенеді де құнарлы өсімдіктерді ғана теріп жейді», - деп баға берген [5. 39б]. Мұндай пікірдің дұрыстығы дау тудырмайды, себебі дана қазақ әуел бастан төрт түліктің ішінде жылқыны ерекше қастерлеген. Мінсе көлігі, шапса қанаты, жесе тағамы болған жылқы жайында аңыз әңгіме де, тарихи жыр да жеткілікті. Тағам ретіндегі қасиетін дәріптеген халық «жесең тісіңі кіремін, жемесең түсіңе кіремін» деген мәтелді бекер айтпаса керек.

Қазақтың ұлттық тағамдары мен олардың технологиясын арнайы зерттеген ғалымдар А.Әубәкір, А. Жүнісұлы, Р.Х. Қадырованың еңбектері атап өтуге лайық. Дегенмен де мәселені орыс тілінде зерттеп, ұлттық тағамдарды басқа да халықтардың танымы үшін жеңілдеткен В.В. Похлебкиннің зерттеуінде шовинистік тұрғыдағы тұжырымдар да жоқ емес. Мәселен, автордың «қазақ халқының ас мәзірін дайындауы ХІХ ғасырдың соң ХХ ғасырдың бас кезінде қалыптасты» деген тұжырымы сын көтермейді[6]. Мұндай пікір танытуда зерттеуші оның себебін қазақтардың отырықшы шаруашылыққа көше бастауымен түсіндіреді. Алайда жоғарыда атап өткеніміздей, ұлттық тағамдардың қалыптасуы мен дамуының тамыры сонау сақ, үйсін дәуірлерінен бастау алады. Осыған ұқсас мынадай тұжырымы да қазақ халқы мен оның ұлттық тағамдарының ерекшеліктерін шынайы түрде көре алмағандығын байқатады. «Қазахская кухня в течение длительного периода строилась на использовании мяса и молока. Конина и баранина, переработки (скороспелые творожные сыры) вот тот весьма ограниченный и , главное, однообразный ассортимент продуктов, которыми могли пользоваться казахи. Вполне понятно, что даже самая изощренная фантазия не могла создать из одного мяса и молока, их производных большое разнообразие особенно в условиях нестабильности жилья и при крайней ограниченности, если не сказать при почти полном отсутствии овощного и зернового пищевого сырья вплоть до конца ХУІІІ начала - ХІХ веков», - деп жазғаны осының айғағы [6. 71б]. Қазақтар тағамының шектеулі, әрі біртекті болғандығының себебін автор технологияның нашарлығымен байланыстыра ашуға ұмтыла отырып, былай дейді: «... Ограничивал развитие казахской кулинарии недостаток одной утвари, при помощи которой можно было бы разнообразить технологию, как это имело место у народов Закавказья, обладавших большим набором металлической (медной, железной, чугунной), керамической (глиняной) и каменной посуды. У казахов же вследствие их кочевого образа жизни первоначально существовала только кожанная и деревянная, т.е. небьющаяся посуда, употреблявшаяся главным образом для хранения еды и лишь отчасти для приготовления пищи»[6.72б].

В.В. Похлебкин қазақ халқының тағамдарының түрлерінің Ресей бодандығын қабылдағаннан кейін кеңейіп, дамығандығын былайша: «После того, как в ХУІІІ в. значительная часть Казахстана присоединилась к России, в рациионе

казахов стали все более использоваться продукты земледелия – главным образом зерно (пшеница, рожь) и мук из него, получаемая в обмен на продукты животноводства» [6.72б], - пайымдаған. Әйтсе де автор тұжырымының объективті емес екендігіне баға беру қиындық тудырмайды, өйткені қазақтардың ұлттық тағамдары ежелгі дәуірде қалыптасып, дәстүрлі шаруашылықтың ерекшеліктеріне қарай дамып келген. Бұл жайында жоғарыда тоқталған ғалымдар өз еңбектерінде айтып кеткен.

В.В. Похлебкин ұлттық тағамдардың ерекшеліктеріне тоқталып, өзіндік пікір білдіруге ұмтылған.. Осы турасында былай деп жазды: «Если говорить о действительно характерных чертах казахской кулинарии, о том, что отличает ее от других кухонь народов Средней Азии, то наряду с наличием копченных изделий из конины и излюбленным сочетанием мяса и теста в большинстве национальных горячих блюд следует отметить преобладание отварных и полуотварных мясо-тестяных блюд, а не жареных... Другой характерной особенностью казахской кухни является широкое использование субпродуктов (легких, печени, мозгов, языка), очень ценимых казахами, а также комбинаций субпродуктов с мясом (обычно грудинкой). В то время такие части мяса, как седло, задняя часть приготавливаются в чистом виде, почти исключительно посредством запекания [6.355б]. Айтылғандардан зерттеушінің өзіндік ұстанымдарын, көзқарастарын айқын көруге болады. Автордың пікірлерінде қайшылықты тұстардың орын алғандығы да байқалады.

Біз қарастырған зерттеушілер еңбектерін отандық тарихнамаға қосылған үлес деп бағалаумен қатар авторлардың қазақтардың ұлттық тағамдарының түрлері мен жасалу жолдарын көрсетумен ғана шектелгендіктерін атап өткен жөн. Мұның өзі бұл мәселені терең, ұлттық тағамдардың әрқайсысының құрамы мен адам ағзасына пайдалы тұстарын ашып, өзге халықтардың тағамдарымен салыстыра отырып зерттеу қажет деп есептейміз. Мәселе тек зерттеліп, зерделеніп қана қоймай ұмытылған немесе қолданыстан шыға бастаған ұлттық тағамдарымыздың қайта жандануына жол ашу керек.

Отандық тарихнамада ұлттық тағамдардың ғұрыптық қызметі кеңінен зерттелген. Тағамның ғұрыптық қызметі қазақтардың дәстүрлі тұрмысында адам дүниеге келгеннен бастап о дүниеге аттанғанға дейін әлеуметтіу мәнді иеленген. Ұлттық тағамдардың ғұрыптық, әлеуметтік қызметін арнайы және этнологиялық мәселелерді қарастыру барысында зерттеген еңбектер бірқатар. Сондай еңбектердің авторлары ретінде Н.Ж. Шаханова[7]., Д. Қатран[8], Х. Арғынбаев[9]., В.В. Востров, И.В. Захарова, У.Х. Шәлекенов, Н. Әлімбаев, Ә.Т. Төлеубаев аталады[10]. Осы зерттеулердегі мынадай тұжырымдар назар аударарлық: Солтүстік шығыс, Орталық Қазақстанда тұсау кескен әйелге көтен шек, мойын ет береді. Көтен шек - жылқының ішегінен дайындалатын тағам. Жуан шекке мойын еттен араластырып салып, тұсау кесу тойына ранайы пісірген. Жаңа жүре бастаған сәби жылқы сияқты тез жүретін жүйрік болсын деген тілекті білдіретін көрінеді. ... Күйекке шыққан қыздарына, алыс сапардан келген баласына үлпершек берген. Үлпершек – жылқының айналдырған жүрек қабына толтырылып, аузын тігіп пісірген май мен туралған ет. Ол емге де өте пайдалы болған.

Көріп отырғанымыздай, қазақ халқының дәстүрлі тағамдар жүйесіндегі тағамдардың ғұрыптық қызметі, оның әлеуметтік мәні ет тағамдар арқылы нақты көрініс берген. Тағам халықтың дүниетаным жүйесінің біте қайнасып жатқан салттар және ғұрыптар, сан алуан ырымдар мен ұстанымдардың мәнін айғақтайды.

Отандық тарихнамада ұлттық тағамдардың құндылығын анықтауға арналған зерттеулер де бар, дегенмен олардың қатары сирек[11]. Мұндай зерттеулерде тағамның қуаттылығы, минералдық және витаминдік нәрлілігі туралы қорытындылар көрініс тапқан. Алайда қазақ ұлттық тағамдарымен дайындалған ас мәзірінің аминқышқылдық құндылығын талдайтын зерттеулер жоқтың қасы.

Қорыта келе мынадай жайттарға назар аударуды жөн санадық:

- қазақ халқының ұлттық тағамдарының түрлері мен жасалу технологиясына қатысты еңбектер тарихнамадан орын алған. Еңбектерге ортақ белгі зерттеушілер тағамдарды ет, сүт тағамдары деп бөліп, олардың түрлерін тізбектеумен шектелген;
- тағамдардың ғұрыптық қызметі туралы айтылғанымен бұл мәселе терең зерттелмеген;
- ұлттық тағамдардың медициналық тұрғыда құндылығы турасында көзқарастар бар болғанымен іргелі зерттеулер дайындалмаған.

Аталғандар ұлттық тағамдардың тарихын, түрлерін, жасалу технологиясын және құрамы мен құндылығын зерттеп, оларды дайындауды жаңғыртып, әлемдік рынокқа шығару қажеттілігін дәйектейді.

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойын мерекелеуде оқыған «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс» тақырыбындағы актілік дәрісі. -А: Қазақ университеті, 2009. -27б.
2. Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков: Материалы к историко-этнографическому атласу. -А-Ата., 1980.
3. Жиренчин О., Мусин Ж. Қазақтың ұлттық тағамдары. - Алматы., 1994.
4. Садықов Б.Х., Сарыев И.С., Отарбаев А.Н. Ақ дастархан. - Алматы., 1987.
5. Тілемісов Х. Қазақтың ұлттық тағамдары. - Алматы., 1995.
6. Похлебкин В.В. Национальные кухни наших народов. - М., 1990.
7. Шаханова Н.Ж. Символика традиционной казахской культуры. Алматы., 2004.
8. Қатыранұлы Д. Қазақтардың қазіргі кезеңдегі дәстүрлі ғұрыптық тамақтану жүйесі // Қазақтың әдет ғұрыптары мен салт дәстүрлері: өткендегісі мен бүгіні. Мақалалар жинағы. - Алматы., 2001. - 428-434бб.
9. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке. - Алматы, 1973.
10. Төлеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов. -Алматы., 1991.
11. Хамит Г. Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі. - Астана., 2009., Урбисинов Ж. Пищевая и биологическая ценность традиционного местных молочных и мясных продуктов. Кандидатская диссертация. - Алматы., 1992.

Қазақ батырлары тарихының мәселелерін зерттеу

Қазақ елі өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейінгі уақытта төл тарихын оқып-үйрену мен зерттеуге көзқарастың өзгеріп, ықыластың артқандығы шындық. Соңғы жылдары отандық тарих өткеннің бұрын-соңды зерттелмеген, зерттелсе де сынаржақ, үстірт немесе бұрмаланған тұстарын қарастырған тарихнамалық деректермен толыға түсті. Тарихи білім мен қазақстандық ғылымның дамуына қосылған үлеске зер салсақ, ой елегінен өткізіліп, соны ұстанымдар тұрғысында бірқатар мәселелердің зерттелгеніне көз жеткіземіз. Дегенмен әртүрлі тарихи дәуірлер мен кезеңдердің өзекті түйіткілдері ғылыми баян етілгенімен әлі де қазақ деп аталатын халықтың тарихын шынайы, әрі кешенді зерттеу қолға алынбай отыр. Олай дейтін себебіміз өзіміздің түп тамырымыздан бастап, халық болып қалыптасып, ел болып іргемізді көтеріп, одан көршілерге танылып, орыс империясының боданына айналған кезіміздегі көптеген мәселелердің беті ашылмай келеді. Сондай мәселелердің қатарына қазақ батырларының ерлігі, өрлігі, қоғамдағы орны мен рөлі жатады.

Ресейлік бодандық кезеңіндегі азаттық үшін атқа қонып, елім деп еңіреп, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен жерін жаулап алушылардан қызғыштай қорғаған, халық мүддесін жеке бастарының қамынан жоғары қоя білген шынжыр балақ, шұбар төс батырлардың аз болмағандығына тарих куә. Оларға өз замандарында «бүлікшіл», «баукеспе ұры», «қарақшы» айдары тағылса, кеңестік кезеңдегі тарихнамада феодалдық, байшылдық өмірді аңсаған, билеуші болуды мансап тұтқандар деген баға берілді. Орын алған тарихи оқиғалардың ақ, қарасын анықтап, ақиқаттың бет пердесін ашу тәуелсіз тарихшылардың еншісіне берілді. Алайда қазіргі кездегі тарихшы зерттеушілердің бұл мәселеге барынша назар аударып отырғандары байқалмайды. Есесіне қазақ батырлары жайында әуесқой зерттеушілердің, журналистердің, әдебиетшілердің тарихи деректері мардымсыз еңбектері мерзімді басылым беттерінде жиі жарияланатын болды. Жарияланымдарда батырларды тайпаларға, руларға бөліп, оларды өздеріне меншіктеп, тарихи үдерісті бұрмалап, барды асыра сілтеп, халық арасына жік салатын ой пікірлер орын алуда. Батырлардың болмысы мен ерлігін ұрпаққа өнеге, үлгі етуден гөрі біреуін екіншісінен жоғары қою арқылы олардың қоғамдағы орны мен рөлін төмендетін үрдістер де белең алуда. Осындай келеңсіздіктерді жоюдың жол бермеудің бірден бірі жолы - қазақ батырларының тарихын тарихи деректер, соның ішінде ауызша тарих айту деректері негізінде терең, кешенді зерттеп, іргелі еңбектерді дүниеге әкелу. Ол үшін ең алдымен тарихи жазба және ауызша тарих айту деректерінің өздерін зерттеп, деректанулық талдаулардан өткізіп, ғылыми айналымға түсіруге ыңғайлау қажет. Сонда ғана батырлар туралы шынайы туындылар дайындалып, жарық көреді деп айтуға болады. Сонымен қатар осы уақытқа дейін отандық тарихнамада батырлар жайлы жинақталған деректер ғылыми зерде таразысынан өткізіліп, зерттелмеген тұстары анықталуға тиіс. Осыған орай ғылыми мақала жазу себебіміз батырлар тарихының тарихнамасына шолу жасап, зерттелу деңгейін айқындау.

Мақсатымыз отандық тарихнамадан орын алған ғылыми шығармалардағы қазақ батырлары туралы ой тұжырымдарды салмақтап, маңызына баға беріп, келешек зерттеулердің тақырыптарын анықтау.

Қазақ қоғамындағы батырлар тарихы күні бүгінге дейін отандық тарихнамада тек Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы азаттық күрестің өткенімен байланыстырыла қарастырылған. Сондықтан да қазақ даласының түкпір-түкпіріде ерлігімен көзге түскен көптеген батырлардың баяны беймәлім болып қалуда. Айтылғандарды ажыратып көрсетер болсақ, олар мына төмендегілерге саяды:

отандық тарихнамада төңкеріске дейінгі, кеңестік кезеңде Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Исатай мен Махамбет бастаған және 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстар мен көтерілістердің, оларға ұйытқы болып, қол бастаған батырлар жайындағы бірлі-жарым зерттеулер орын алған. Олардың өздерінде азаттық күрестің шынайы тарихы ашылмай, батырларының ерліктерінен гөрі саяси әрекеттері басым көрсетілген. Тіпті төңкеріске дейінгі тарихнамада шынжыр балақ, шұбар төс батырлардың ел үшін, жер үшін күресіне «бүлік», «арандатушылық», «жұрт арасына іріткі салушылық» деген баға берілді. Мәселен, А. Костенконың «... әуелде ұрылар мен қарақшылар, барымташылар халық арасында зор беделге ие болған және олар батыр атағын иеленген» деген пікірі осыны меңзейді [1]. Дегенмен де орыс зерттеушілері мен саяхатшыларының еңбектерінде қазақ батырларының қоғамдағы рөлі мен орны туралы оң пікірлер кездеседі. Батырлардың ер-тұрманы, қару-жарағы, киім-кешегі зерттеушілердің назарына ілігіп, арнайы қалам тартудың өзегіне айналған. Тек осыларды айтып қана қоймай, көшпелілердің қоғамдық-саяси өміріндегі функциялары мен рөлі туралы мәліметтер қалдырған.

Кеңестік тарихнамада батырлар билеушілер тобына жатқызылып, олардың әлеуметтік иерархиядағы орны таптық тұрғыда танылды. Сондықтан да азаттық үшін арпалысқан ерлер бастаған қозғалыстарға «феодалдық-монархиялық», «реакцияшыл» айдары тағылды. Батырлардың қара сүйек өкілдері ретінде саяси билікке кейбір тарихи оқиғалар жағдайында тартылғандығы ескеріле бермеді. Батырлар зор бедел мен абырой, даңққа, мол олжаға кенелгенімен байлық пен лауазым игерлері ретінде таныла бермегендігіне тарих куә. Мәселенің байыбына барып, тәуелсіздік жылдарында батырлар баянын терең зерделеуге ұмтылыс байқалғанымен олардың қоғамдағы алған орны, еткен қызметтері әлі де болса ғылыми тұрғыда, кешенді түрде зерттелмей келеді. Дегенмен де ХХ ғсырдың 90-жылдарында өшкеніміз жаңғырып, өлгеніміз «қайта тірілген» тұста қазақ батырларына ас беріліп, мерейтойлары аталып өтілді. Бастапқыда сондай мерейтойлар, мәселен, Қабанбай Қарасай, Бөгенбай, т.б. батырлардың 300 жылдығы, Абылайдың 280 жылдығы көпшілікке жиі аталып өтілетін тәрізді көрінгенімен, кейінірек мұндай бас қосулардың елдігімізді танытудағы, тарихи сана қалыптастырудағы, ұрпақ тәрбиесіндегі рөліне мән берілді.

Қазақ тарихын қайта қарап, жаңа тарихи таным қалыптастыруға елеулі үлес қосып, батырлар, билер туралы ғылыми зерттеу жариялаған М. Қозыбаев еңбегінің маңызы зор [2]. Қазақ батырларының ұлттық ерекшеліктеріне жіті мән беріп, оның ұғымын толыққанды ете түскен ғалым: «Ер дегенде ең

алдымен бізге Отанын қорғаған сәтте жау шебін бұзып, қамал алған қайрат-жігер иесінің бейнесі оралады. «Арыстандай жүректі еді, жолбарыстай білекті еді», - дейді халық, - деп жазған. Өз тұжырымын ауызша тарих айту дерегінің негізінде дәйектеген ғалым: «Халық жырларында батырлар туралы:

Әділдікпен құрдас еді,
Ақиқатпенен сырлас еді,
Жауыздықпен жаны қас,
Жәбірлімен мұндас еді,
Өзі деген бір сөзін

Орындамай тынбас еді, - айтылуы тегін болмаса керек», - деп баяндады [2.60б]. Ғалым-тарихшы «ер», «батыр», «ел» деген ұғымдардың бір бірімен тығыз байланысты екендігін дәйектеген. «Шын мәнінде халық батырларының басым көпшілігі іргелі бір елдің көсемдері, асқақ асыл тегі бар, байтақ арқа сүйер елі жандар. ... қазақ батырларының елден ерек, көптен бөлек болмысы да көрінеді. Олардың қай-қайсысы да болмасын «сарапқа түсіп, сын кеше жүріп, қаттыны тіліп, қалыңды жарып, толқымай өтіп барып, «жарқырап жүзі, жалтырап алмас бойы ашылған жандар», - деген ғалым пікірі батыр болмысының ұлттық ерекшелігін аша түседі [2.60б].

Мәселені зерттеу нысанына айналдырған тарихшы М.Қ. Дауытбекованың кандидаттық диссертациясы атап өтуге тұрарлық [3]. Г. Қайырғалиеваның [4] қазақ қоғамындағы жалпақ елге танымал Бөгенбай батырдың және оның әулетінің орны мен рөлін көрсететін еңбегі де М.Қ. Дауытбекованың еңбегімен үндес. М.Қ. Дауытбекова батыр сөзінің мәні мен мағынасын аша отырып, «Батыр сөзінің мәні ержүрек, батыл, әскери өнерді жетік меңгерген, ерлігімен аты шыққан деген мағына беретіндігіне көз жеткіземіз. Ал батыр атағы тек қана адамның жеке бас қасиеттеріне, яғни батыр сөзінің жоғарыдағы анықтамасына сәйкес келетін тұлғаға ғана берілетін атақ деген тұжырым жасаймыз», - деп түйіндеген [3.13б]. Автор: «Қазақ қоғамы үшін батырлықтың белгісі ең алдымен сыртқы жауға қарсы күрестегі ерлік. Қазақ ұғымында «батыр» атаға мирасқорлық жолымен берілмейді, оған әрбір адам жеке басының ерлігімен ие болады», - деп тұжырымын бекіте түскен [3.13б]. Жас зерттеушілер жеке дара батырдың қоғамдағы орнынан гөрі институт жүйесінде қарастыруды мақсат еткен. Қазақ батырлар институтын қоғамдық құрылым ретінде санайтын болсақ, оның тұрақты түрде қызмет атқармағандығына назар аударамыз. Ендеше мұндай институттың ерекшеліктерін жекелеген батырлардың ерліктері және қызметімен тығыз байланыста зерттеген оның ұлттық белгілерін ашуға септесер еді. Сондай артықшылықтардың бірі батырлардың есімдері мен ерліктері қоныстас елдермен қарым-қатынас шиеленісе түскен кезде, қазақ даласының Ресей империясының бодандығын қабылдағаннан кейін еселене түсті. Сондықтан да олар ең алдымен өздерінің мақсаттары ретінде елі мен жерін сыртқы жаулардан қорғауды қойды, тіпті кейбіреулері халықтың бірлігі және іргесінің саяси тұрақтылығы үшін күресті. Осы ойымызды ғалым М. Қозыбаевтың «Қазақ халқы осы бір жаугершілік заманында легион батырларды дүниеге әкеліп, ұлан-байтақ жерді жан-жақтан анталаған жаудан қорғады. Осы батырлардың басын қосып, барша көрші ұлы

империялардың уысына іріктірмеген, елдің егемендігін сақтаған хас батыр алып тұлға ең алдымен Абылай болса керек» [2.606], - деген тұжырымы бекіте түседі. Құрманғали Халид кезінде: «Абылай ханның дәуірінде және әскер басы болып келген адамдар – қаракерей Қабанбай батыр, Еспенбет батыр, матай Шөңкей батыр, керей Жәнібек, батыр, Бура Ақпантай батыр және басқалар. Бұлардың әрқайсысы батырлықтарымен асқақ абырой алған болса да, олардың батырлығынан өресі биігі Қабанбай батыр еді» [2.696], - деп жазған болатын.

Ал Шоқан өзінің еңбегінде қазақ батырларының ішінде Малайсары, Баян, Байқозы, Оразымбет, Баянбай, Елшібек, Есет, Жаулыбай, Томаша, Есен, Алтай тәрізді есімдерді атайды [5]. Көріп отырғанымыздай, батырлар тарихнамасының алғашқы кезеңіндегі зерттеулерде батырлардың қоғамдағы орны мен рөлінен гөрі есімдерін атаумен ғана шектелген. Ендеше олардың өмірі мен отанға сіңірген еңбектерін, ерліктерін баян ететін еңбектер дайындау елдігіміздің белгісі болып табылады.

Жоғарыдағыларды қорыта келе қазақ батырлары тарихы зерттелді деп айту қисынсыз болар еді. Мұның өзі батырлар туралы кешенді зерттеулер жүргізудің, оның теориялық-методологиялық ұстанымдарын айқындау қажеттілігін дәйектейді. Батырлардың өздерін дифференциациялап, елі мен жеріне сіңірген еңбегіне қарай тарихтан лайықты орнын берудің уақыты әлдеқашан жеткен, өйткені жоңғарларға, Ресей империясының отарлық езгісіне қарсы күрестегі батырлардың жанкешті ерлігі кеңестік кезеңдегі Ұлы Отан соғысы, желтоқсан оқиғалары, бейбіт өмірдегі қаһармандар рөлінен өзгеше. Мұның осы мәселенің де ара жігін айырып, қоғамдық-саяси жүйе, билік, идеология, т.б. факторлармен байланыстыра зерттеуді талап етеді.

Қазақ қоғамындағы батырлардың баянын таразылауда мұрағат құжаттары, жазба деректер, мерзімді басылым жарияланымдарымен қатар ауызша тарих айту материалдарын пайдалану мәселені терең зерттеуге септеседі. Қазақ батырларының тарихы жайында қорытындылаушы еңбектер жариялау қазіргі ғылымдағы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған қадамдардың бірі болар еді.

-
1. Костенко Л. Средняя Азия и водворение в ней русской гражданственности. - СПб., 1871.
 2. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы, 1994.
 3. Дауытбекова М.Қ. Қазақ қоғамындағы батырлар институты. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. - Алматы, 2010.
 4. Қайырғалиева Г. Батырлар институты және оның дәстүрлі қазақ қоғамындағы орны (Бөгенбай батыр әулетінің негізінде). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. - Орал, 2010.
 5. Валиханов Ч.Ч. Исторические предания о батырах XVIII века. Собрание сочинений в 5-ти томах. Т. 3. – Алма-Ата, 1984.

5-ТАРАУ. «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМСЫ АЯСЫНДА

ЖАРИЯЛАНҒАН ДЕРЕКТЕРГЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ

«Мәдени мұра» бағдарламасы мәселелерін зерттеу: бағыттары мен деңгейі

Кез келген ел өзінің өткеніне құрметпен қарап, барын түгендеп, таразылап, елеп-екшеп, болашақ дамуы үшін қажетіне жарататындығы белгілі. Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта қазақ елін де өзінің төл тарихын зерделеп, өркениетке қосқан үлесін салмақтап, жетпегенін іздеп, кемел ұрпаққа мұра етіп қалдыру өзекті мәселелердің біріне айналды. Әсіресе өткен замандардағы тарихқа қатысты жәдігерлерді, мұрағат құжаттары мен материалдарын, сирек кездесетін қолжазбаларды, қайталанбас құндылығы бар еңбектерді, ауызша тарих айту мәліметтерін іздеп, табу және оларды жарыққа шығару мәселесі көкейкесті сипатқа ие болды. Осындай игі міндетті іске асыру мақсатында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы дүниеге келді. Бағдарманың негізгі мақсаты - кешегімізді кешенді түрде зерттеуге зәру мұраны айқындау, оны зерделеу, құндылығын анықау, болашақ өркендеуіміз үшін тағлым алу.

«Мәдени мұра» бағдарламасының аясында қыруар шаруа атқарылды. Бірқатар археологиялық ескерткіштер ашылды, этнографиялық жәдігерлер табылды. Алыс және жақын шетелдердің мұрағаттарынан, кітапханаларынан бұрын-соңды құпия болып келген құжаттар, кітаптар мен қолжазбалар жария етілді. Олардың айтарлықтай бөлігі жарыққа шықты. Сондай еңбектердің алғашқы тобын Қазақстан тарихына қатысты араб, парсы, түрік, монғол, қытай, орыс тілдеріндегі деректер топтамасы құрайды. Аталмыш деректерді тарихнамалық тұрғыдан талдайтын болсақ, онда мына төмендегілерге тоқталамыз. Біріншіден, бұл деректер жинағына қазақтың ежелгі, орта ғасырлар және жаңа заман тарихына байланысты құнды еңбектер енгізілген. Олардың барлығы дерлік тарихи әрі тарихнамалық дерек болып табылады. Өйткені деректердің көпшілігі жекелеген авторлардың еңбегі, олар нақты тарихи кезеңде, белгілі бір мақсатта жазылған, яғни сол уақыттың саяси, идеологиялық ұстанымдарына сәйкес келеді. Сонымен қатар тарихнамалық деректер өздерінің бойына дүниеге келген кездегі қоғамның шаруашылығы, әлеуметтік жағдайы, мәдениеті туралы ақпаратты сақтаған, яғни олар толығымен тарихнамалық фактлерді де түзеді. Екіншіден, деректер тарихнамалық фактілер ретінде олардың субъективтілігі мен объективтілігін анықтауға жол ашады. Үшіншіден, аталмыш деректер жинағы қазақ даласындағы ежелден бергі қалыптасқан тарихи ойдың дамуын, оның бағыттары мен үрдістерін анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ тарихи білім мен ойдың дамуына қосылған үлесті ғылыми таразылауға да септеседі. Төртіншіден, тарихнамалық деректер ретінде олардың ұтымды тұстары мен кемшіліктерін, олқылықтарын, шынайылығы мен бұрмалауларын зерттеуді талап етеді.

Енді Қазақстан тарихы туралы деректерге тарихнамалық деректер ретінде шолу жасайық. Тарихнамалық деректердің алғашқы тобын Қытай деректері құрайды. Олар төрт том болып жарық көрген. Бірінші томы «Саяхатнамалар мен тарихи географиялық еңбектерден таңдамалылар» деп аталады. [1] Қытай

мен Орталық Азия халықтары арасындағы қарым-қатынастар нығайған кезеңдерде көптеген қытай миссионерлері, елші дипломаттары, саудагерлері, т.б. Ұлы Жібек жолы арқылы Еуразия даласына саяхат жасаған. Сөйтіп, олар өздері басып өткен өлкелер туралы көрген-білгендерін қағаз бетіне түсіріп отырған. Бұл естеліктердің кейбіреуі қытай патшасына жіберілген мәліметтер ретінде қытайдың сарайлық тарихнамасына енгізіліп, әйгілі «Ресми жиырма төрт патшалық тарихындағы Орталық Азияға қатысты тараулардың негізін құраған болса, тағы біразы бейресми еңбектер ретінде жарық көрген. Бұл деректердің тарихнамалық факт ретіндегі де маңызы зор, өйткені олар саяхатшылардың өздері көрген немесе сол заманда хатқа түскен мәліметтер жинағы болып табылады. Осы турасында мұндай еңбектердің шынайылық дәрежесі жоғары болып саналады. VII-XX ғасырдың бас кезін қамтитын түрі жағынан саяхатнама және тарихи жағрапиялық еңбектер саналатын шығармаларда Түрік қағанаты, моңғол жаулап алуы, Қазақ хандығы, қазақ тарихының жаңа заманы туралы айтылады. Айта кетерлік жайт, бұл еңбектер көне қытай тілінен тұңғыш рет қазақшаға аударылған.

Деректер топтамасының екінші томы Қазақстан тарихына қатысты тарихи мәдени жәдігерлерді көрсетуге арналған.[2] Бұл томда Ұлы Даланың шығысындағы ежелгі көшпелілер өркениетінің төлтума болмысын, оның Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы мәдениетімен тікелей сабақтастығын, сондай-ақ орта ғасырлардағы Еуразия даласын Ұлы Түрік қағанаты билеген дәуірдегі этномәдени байланыстардың даму үрдісін айғақтайтын, соңғы жарты ғасырдан астам кезеңде Қытай Халық Республикасы аумағынан тыңнан ашылған тарихи-археологиялық және эпиграфикалық жәдігерлер арқылы пайымдап, көрсету мақсат етілген.[3] Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары аталмыш топтаманың үшінші томын құраған.[4] Төртінші томына У-IX ғасырларға жататын әлеуметтік тарихи жылнамалар енген. Тарихи жылнамалардың мазмұны бай болмағанымен қазақ тарихына қатысты тұстарын табуға болады.

Қазақстан тарихы туралы түрік тіліндегі деректерді тарихнамалық дерек ретінде сипаттайтын болсақ, олар жекелеген авторлардың еңбектеріне жатады. Солардың ішінде Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» еңбегі дербес том болып жарияланған.[5]. «Шыңғыс-наме» мәліметтері ортағасырлық Қазақстан тұрғындарының саяси, этносаяси, шаруашылық, әлеуметтік мәдени өмірін зерттеуде таптырмас тарихнамалық дерек. Өтеміс қажының шығармасы XIII-XV ғасырлардағы Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының билігі кезеңін қамтиды. Сонымен қатар Бату хан туралы мәлімет береді. «Шыңғыс-наме» аңыздық, ауызша айтылған материалдардың негізінде жазылған. Кітапта баяндалған оқиғалар соларды көзі көрген адамдардың айтуы бойынша сипатталады. Автор Хорезм мен Алтын Орданың оңтүстік аймағын, Каспий теңізінің төңірегін, Еділ өзенінің төменгі бойын көп аралаған. Сол саяхаттарында естігендерін хатқа қондырған, сол себепті де еңбек күні бүгінге дейін өз құндылығын жоймай келеді.

Төңкеріске дейін «Шыңғыс – наме» Е.Кальдің (1889), белгілі каталогінде аталды. В.В.Бартольд 1902 жылы Түркістанның көпшілік кітапханасының

қолжазбаларымен танысу барысында осы шығармаға назар аударған. Шығарма туралы өз пікірі мен мәліметтерін 1904 жылы «Түркістан іссапары» атты есеп еңбегіне қосып жариялаған. А.З.Валидов 1915 жылы жарық көрген «Ферғана одлысындағы шығыс қолжазбалары» деген мақаласында «Шыңғыс намеге» тоқталып өткен.

Қазақстандық тарихшылардың арасында алғаш рет В.П.Юдин аталмыш шығармамен танысқан. Ал шығыстанушылар С.И.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, О.Ф.Акимов, М.А.Салехетдинов өздерінің зерттеулерінде осы шығарманы пайдаланған. Айта кетерлік жайт, тарихнамада «Шыңғыс намеге» жоғары баға берілген. Түркі деректерінің екінші томында Ресей Федерациясының Хаскасия, Тува Республикаларының, Красноярдың, Моңғолия, Қырғыз Республикасының мұрағат қорларында сақталған және далалық жерлерінде кездесетін көне түрік бітіктастары мен ескерткіштерінің археографиялық, архитектуралық мәліметтері берілген. [6]

Топтаманың 3, 4, 5- томдарында Өтеміс қажының «Шыңғыс намесі» тілінің көрсеткіш сөздігі, мұхаммед Садық Қашғаридің «Тазкира - и азизан», ХУ-ХІХ ғасырлар шығармаларынан үзінділер қамтылған. [7] Осылардың арасында соңғысының тарихнамадан алатын орны мен маңызы ерекше. Бұл басылымда қазіргі таңда библиографиялық сирек кездесетін кітаптардың біріне айналған 1969 жылы жарық көрген «ХУ-ХУІІІ ғасырлардағы Қазақ хандықтары жөніндегі материалдардан» Қазақстан мен Орталық Азияның ХУ-ХІХ ғасырлардағы тарихы жөнінде түркі тілінде жазылған құнды шығармалардан үзінділер қазақ тіліне алғаш аударылып берілген. Сондай туындылардың қатарында Мұхаммед Шайбани хандікі делінетін «Тауарих - и гузида-йи нұсрат наме», Камал әд-дин Бинаидің «Шайбани намесі», Абдалла Балхидің «Зубдат әл-асары», Мунис пен Агахидің «Фирдаус әл- иқбалы», Молла Мұса Сайралидің «Тарих - и әминийасы», «Тазкира-йи Қожа Мұхаммед Шариф», «Сығанақ жарлықтары», «Тарих-и Қашғар» еңбектері бар. Сонымен қатар далалық ауызша тарихнаманың малұматтары қамтылған Жалайыр Қадыр ғали бидің «Жамиғ ат-тауарих», Әбу л Ғазы Баһадүр ханның «Шежіре-йи түркі» туралы тарихи деректік зерттеулерінен үзінділер енген.

Келесі тарихнамалық деректерге моңғол деректері жатқызылады. Олар үш том болып жарық көрген. Солардың алғашқы томына «Моңғолдың құпия шежіресі» енгізілген. [8] Бұл шығарма тарихи туынды болып табылады. Еңбектің түпнұсқасы сақталмағандықтан оның жазылу мерзімі және авторы туралы түрлі пікірлер айтылады, дегенмен көпшілік зерттеушілер тарихи еңбектің әуел баста көне ұйғыр жазуымен жазылған деген ғылыми тоқтамға келген. 1382 жылы қытай иероглифтерімен таңбаланған нұсқа Пекин мұражайында сақталған. Жазба мұра ғылыми жұртшылыққа орыс қытайтанушысы П.И.Кафаровтың 1866 жылы жарияланған қысқаша аудармасы арқылы танылған. Кейінгі уақытта Ш.Озава, Э.Хейнши, П.Пеллио, С.А.Козин қатарлы ғалымдар туындыны орыс, жапон, француз, неміс тілдеріне аударып, бірқатар құнды зерттеулер жүргізді. Моңғолияның өзінде Ц.Дамдинсүрэн, Ш.Гаадамба, Д.Цэрэнсоднам қатарлы ғалымдар бұл салада көп еңбек сіңірді. «Моңғолдың құпия шежіресінің» көркем аудармалары бірталай тілдерді

жарияланды. Бұлардың қатарында М.Солтанияұлының тәржімелеуімен 1979 жылы Баян Өлгийде, 1998 жылы Алматыда, 2002 жылы Ұланбатырда шыққан қазақ тіліндегі көркем аудармасын айтуға болады. [9]

Лұбсанданзанның «Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып, түйіндеген Алтын Тобчы (Алтын түйін)Демек-дүр» деген тарихи шығармасының қазақ тарихына қатысы бар. Бұл еңбектің XIII-XVII ғасырлардағы Орталық Азиядағы байырғы көшпенділердің тарихи шежірелік дәстүрі бойынша Шыңғыс ханнан бастап, Моңғол ұлысының Халка, Жоңғария болып екіге бөлініп келгенге дейінгі тарихын толықтай қамтыған құнды шығарма екендігі даусыз. Туындыда Қазақстан мен Орталық Азияның тарихына байланысты мол деректер қамтылған, кей тұстарында «Моңғолдың құпия шежіресінде» және т.б. тарихи шығармаларда кездесе бермейтін тың деректер де бар. [10]

Топманың үшінші томын XIII-XIV, XV-XVI, XIX-XX ғасырларда моңғол, ойрат, қалмақ тілдерінде хатқа түсірілген тарихи деректер құраған. Олардың көрсетілген кезеңдердегі қазақ тарихының түйінін шешуге септесері анық. [11]

Қазақстан тарихы туралы араб деректемелері үш том болып жарияланған. В.Г.Тизенгаузеннің араб шығармаларынан алынған жинақталымдары қайта басылып, оған көрсеткіш пен библиография енгізілген жинақ бұл деректер топтамасының бірінші томын құраған.[12] Айта кетерлігі, алдыңғы басылымында мұндайлар орын алмаған.В.Г.Тизенгаузеннің араб туындыларынан жинақтаған үзінділері Шыңғыс хан және ол құрған мемлекет, жаулап алу жорықтары, Алтын Орда тарихын зерттеуге қосылған үлес болып табылады. Осы уақытқа дейін тарихшы-зерттеушілер XIII-XIV ғасырлардағы қазақ тарихын баяндауда В.Г.Тизенгаузен еңбегіне сүйенеді.Екінші томы IX-XII ғасырлардағы араб деректерінің үзінділерінен тұрады.[13]Құрастырушысы - республикаға белгілі ғалым, академик Б.Е.Көмеков.Бұл үзінділер тарихи хроника, тарихи жағарапиялық шығарма, саяхатшылардың жазбалары түріндегі еңбектерден алынған. Олар ортағасырлардағы Қазақстан тарихына қатысты анағұрлым шынайы мәліметтерді бойларына сақтаған.Шығармалар авторларының қатарында Тамим ибн Бахр, ат-Табари, Ибн Хурдазбек, әл-Йакуи, әл-Масуди, әл- Мукаддаси, әл-Истахри, Ибн әл-Факих, әл-Идриси бар. Деректер топтамасының үшінші томын XII-XVI ғасырлардағы араб тілінде жазылған шығармалардан алынған үзінділер құрастырған.[14] Бұл үзінділер көрсетілген кезеңдегі Қазақстан тарихының саяси, әлеуметтік, шаруашылық және мәдени, діни мәселелерін зерттеуге септеседі. Бұл еңбектерді тарихи білім мен тарихи ойдың дамуына қосылған қомақты үлес деп бағалауға тұрарлық.

Парсы тіліндегі туындыларды жинақтаған деректер топтамасын «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудағы атқарылған шаралардың бір бағыты десе болатындай. Сол жинақтың бірінші томына Жамал Қаршының «әл-Мулхақат би-с-сурах» шығармасы енген.[15] Жамал Қаршының аталмыш шығармасы тарихи, мұсылман мазмұндағы, Шағатай ұлысының аумағында XIII-XIV ғасырларда құрастырылған бірегей еңбек болып саналады. Еңбек 41 тараудан тұрады. Сондықтан да оның моңғол заманындағы Орталық Азия, Қазақстан, Шығыс Түркістанның тарихы мен мәдени өмірін зерттеудегі маңызы

зор. Туындыда Мауараннахр мен Қашғардағы мұсылман әулеттері, ислам, кұран, пайғамбарлар тарихы, автордың өзі және замандастары туралы естеліктер түріндегі мәліметтер берілген. Осы уақытқа дейін аталмыш шығарма толық көлемінде жарық көрмеген. Айта кетерлік бір жайт, еңбектің бірнеше нұсқалары табылған. Алағашқысы Ресейдің Императорлық Ғылым академиясының Азия мұражайына 1897 жылдың соңында түскен. Екіншісі 1902 жылы Ферғана облыстық басқармасының аудармашысы Ю.И.Қазбековте, үшіншісі Наманган қаласында сақталған.

IX-XVI ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан тарихының саяси өмірінен, билеушілердің шығу тегінен құнды мәліметтер беретін Әбд әл-Қадыр ибн Мұхаммед Әминнің «Маджма әл-ансаб уа-л-аджар» еңбегі парсы тіліндегі деректердің екінші томын қалыптастырған.[16]

Ортағасырлық тарихнамада Шыңғыс хан мен оның әулетінің тарихынан, шығу тегінен, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-шаруашылық, мәдени өмірінен мәлімет беретін еңбектер көптеп кездеседі. Олар әдетте араб, парсы, моңғол, қытай тілдерінде жазылған. Сондай туындылардың бірі - авторы белгісіз, XV-ғасырда жазылған «Му изз әл-ансаб», яғни даңқты генеология. Шығарма Шыңғыс ханның, әмір Темірдің шығу тегі мен әулетін, олардың меемлекеттің әскери-әкімшілік жүйесіндегі орны мен маңызын, ортағасырлық түркі-моңғол тайпаларын, көшпелілердің қоғамдық өміріндегі салт-дәстүрді, ережелерді сипаттауға арналған.[17]

Аталмыш деректер топтамасының төртінші томын Алтын Орда тарихына қатысты парсы тіліндегі шығармалардан В.Г.Тизенгаузеннің жинақтап, А.А.Ромаскевичтің және С.Л.Волиннің өңдеген, бұрын жарияланған материалдар жинағы толықтырылып, қайтадан басылған нұсқасы құрастырған.[18]

Деректер топтамасының бесінші томының мазмұны анағұрлым тартымды әрі тарихнама үшін маңызды, өйткені мұнда Дешті Қыпшақ, Жетісу, Мауараннахр және т.б. көршілес ұлыстардың тарихы жайлы мұсылман авторларының еңбектерінен үзінділер берілген.[19] Сондай шығармалардың қатарында Джувейнидің «Тарих-и жаһан-гушай», Муин ад-дин Натанзидің «Мунтахаб ат-тауарих», Шараф ад-дин Әли Йаздидің «Зафар-нама», Фазлаллах ибн Рузбихан Исфханидің «Михман-наме-йи Бухара», Кухистанның «Тарих-и Әбілхайыр хан» және т.б. туындылар бар. Бұл тарихи шығармалар негізінен хроникалар түрінде ұсынылған. Алайда оларды кең көлемдегі тарихи трактаттар деп те атауға болады. Айта кетерлік жайт, аталмыш еңбектер күні бүгінге дейін мардымсыз зерттелген.

Аталғандардан өзге Қазақстан тарихы туралы орыс тіліндегі деректер тоғыз том болып жарық көрген. Олар келесі зерттеуімізде тарихнамалық тұрғыдан талданатын болады.

Қорыта келе, тарихнамалық сипаттама берілген деректердің ғылым үшін маңызы зор деген түйін жасауға болады, өйткені олар тарихи білімнің, тарихи ойдың дамуынан, тарих жазудың методологиясының үрдістерінен хабар береді. Бұл еңбектер тарихнамаға қосылған үлес болып саналады. Аталған деректерді терең тарихнамалық сараптамадан өткізіп, олардың ғылыми

құндылықтарын айқындауымыз қажет. Тарихнамалық талдаулардың нәтижесінде олардағы тарихнамалық фактлерге баға беріп, Қазақстан тарихының зерттелмеген мәселелерін ашудағы өзекті тұстарын көрсетуіміз керек. Сондай талдаулардың нәтижесінде көрсетілген еңбектер тек тарихи дерек ретінде сипатталмай, тарихнамалық деректер түрінде ғылыми зертеулердің нысанына айнала алады. Алайда мұндай туындыларды талдау олардың ғылыми методологиялық ұстанымдарын нақты анықтауды талап ететіндігін ескергеніміз жөн.

1. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. 1-т. Саяхатнамалар мен тарихи географиялық еңбектерден таңдамалылар. - Алматы, 2005.
2. Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. 2-т. Сұңғытай С., Еженханұлы Б. Тарихи мәдени жәдігерлер. - Алматы, 2005.
3. Сонда. -7б.
4. Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. 3-т. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. - Алматы, 2006.
5. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. 1-т. Өтеміс қажы. Шыңғыс наме. -Алматы, 2005.
6. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. 2-т. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). -Алматы, 2005.
7. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. 3-т. Өтеміс қажының «Шыңғыс намесі» тілінің көрсеткіш сөздігі. -Алматы, 2006; 4-т. Мұхаммед Садық Қашғари. Тазкира - и азизан. -Алматы, 2006; 5-т. ХУ-ХІХ ғасырлар шығармаларынан үзінділер. -Алматы, 2006.
8. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. 1-т. Моңғолдың құпия шежіресі. -Алматы, 2006.
9. Сонда. -9б.
10. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. 2-т. Лұбсанданзан. Ежелгі хандар салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып, түйіндеген Алтын Тобчы (Алтын түйін) Демек-дүр. -Алматы, 2005. -6б.
11. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. 3-т. Деректемер мен мұрағаттық құжаттар. -Алматы, 2006.
12. Қазақстан тарихы туралы араб деректемелері. 1-т. Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы. -Алматы, 2005.
13. Қазақстан тарихы туралы араб деректемелері. 2-т. Қазақстан тарихы ІХ-ХІІ ғасырлардағы араб деректерінде. -Алматы, 2006.
14. Қазақстан тарихы туралы араб деректемелері. 3-т. ХІІ-ХУІ ғасырлардағы араб тілінде жазылған шығармалардан үзінділер. - Алматы, 2006.
15. Қазақстан тарихы туралы парсы деректемелері. 1-т. Жамал Қаршы. әл-Мулхақат би-с-сурах. -Алматы, 2006.
16. Қазақстан тарихы туралы парсы деректемелері. 2-т. Әбд әл-Қадыр ибн Мұхаммед Әминнің. Маджма әл-ансаб уа-л-аджар. -Алматы, 2005.
17. Қазақстан тарихы туралы парсы деректемелері. 3-т. Му изз әл-ансаб.- Алматы, 2006.
18. Қазақстан тарихы туралы парсы деректемелері. 4-т. Алтын Орда тарихына

қатысты материалдар жинағы. - Алматы, 2006.

19. Қазақстан тарихы туралы парсы деректемелері. 5-т. XIII-XIX ғасырлардағы шығармалардан үзінділер. - Алматы, 2007.

Ресей бодандығындағы қазақ тарихының мәселелері

«Мәдени мұра» бағдарламасының аясында қыруар шаруа атқарылды. Бірқатар археологиялық ескерткіштер ашылды, этнографиялық жәдігерлер табылды. Алыс және жақын шетелдердің мұрағаттарынан, кітапханаларынан бұрын-соңды құпия болып келген құжаттар, кітаптар мен қолжазбалар жария етілді. Олардың айтарлықтай бөлігі жарыққа шықты. Сондай еңбектердің қомақты тобын Ресей бодандығындағы Қазақ елі туралы мол мәлімет беретін орыс деректері құрайды. Деректер жинағы «Қазақстан тарихы орыс деректерінде. ХУІ - ХХ ғасырлар» деп аталып, тоғыз том болып жарық көрген. Жинақтың алғашқы томының атауы - «Посольские материалы русского государства (ХУ ХУІІ в.в)», яғни «Орыс мемлекетінің елшілік материалдары (ХУ ХУІІ ғ.ғ)» [1]. Деректер топтамасы орыс тілінде дайындалып жарық көргендіктен, әрі олардың аудармасы болмағандықтан түпнұсқада берілген атауын көрсетіп, одан соң оны ана тіліне аударып жазуды жөн көрдік. Мұнда Ресей бодандығына дейінгі қазақ және орыс қатынастарына қатысты бұрын-соңды жарияланбаған деректер РФ мұрағаттарынан алынып, жинақталып берілген.

Екінші том «Русские летописи и официальные материалы ХУІ - первой трети ХУІІІ в. О народах Казахстана» [2]. Орыс деректерінің дәстүрлі нарративтік жанрына тән сипаттағы ХУІІІ ғасырдың алғашқы ширегіндегі орыс-қазақ қатынастарына байланысты бұрын жарық көрмеген Сібір жылнамалары талмыш жинақтан жүйелі түрде орын алағн. Бұл жылнамаларда шіркеулік-христиандық және орыстық идеологияның лебізі айқын сезілгенімен деректерден ХУІ ХУІІ ғасырлардағы Қазақ хандығының көршілес елдермен байланыстары туралы қайталанбас мәліметтер алуға болады. Сонымен қатар айта кетерлік аса маңызды жайт, жинақтың өзіндік деректік ерекшелегі де бар, өйткені мұнда елу жеті елшілік құжат топтастырылып берілген. Орыс елшілерімен қазақ даласына, Жоңғария және Орталық Азияға түрлі мәселелермен жіберілген құжаттар өздерінің мазмұны жағынан танымдық сипатқа ие. Оларда келіссөздермен қатар, әртүрлі хабарламалар, сипаттамалар және ресми баяндаулар оырн алған. Сондай-ақ қазақ-башқұрт, қазақ-қалмақ және қазақ-орталық азиялық хандықтармен қатынастары жайында да бірегей материалдар кездеседі.

Деректер топтамасының ІІІ томы «Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 г.г)», яғни «Елші А.И. Тевкелевтің Қазақстан тарихы және этнографиясы бойынша журналдары мен жазбалары» деп айдарланған. [3] Бұл жинақтың маңызы өте зор, себебі мұнда қазақ жүздерінің Ресей бодандығын қабылдауына, қазақ-

орыс, қазақ-жоңғар қатынастарына, отаршылдық қамытын кие бастаған халықтың тарихы мен тұрмыс-тіршілігіне тікелей қатысты А.И. Тевкелевтің жазбалары тұңғыш рет дереккөздері ретінде жинақталып, бір жүйеге түсіріліп, хронологиялық тұрғыда берілген.

Баршаға мәлім орыс патшасы Петр I-нің арманы қазақ даласын қақпа ретінде ретінде пайдаланып, Орталық Азияға, әрі қарай Үндістанға жол ашу болатын. Сондықтан да оңтайлы сәтті ұсынан шығарғысы келмеген император қазақ халқын өзіне тәуелді етудің тәсілдері туралы көп толғанды. Осы орайда ол қазақ халқының тарихы мен салт-дәстүрін, тұрмыс-салтын, наным-сенімін, ұстанымдарын зерттеудің маңызды екендігіне көз жеткізді. Алдымен қазақтармен елшілік қатынастарын, содан соң сауда байланыстарын орната отырып, бірнеше қайтара түрлі экспедициялар ұйымдастырып, даланы өзіне бағындырудағы саяси пиғылын жүзеге асыруды мақсат етті. Қазақ-жоңғар қатынастарының шиеленісуі, Хиуа, Қоқан хандықтарының басып алу әрекеттері, башқұрттар мен ноғайлардың әлсін-әлсін қазақ қоныстарның берекесін кетіруі Кіші және Орта жүздердің патшалық Ресейге одақтас ретінде арқа сүйеуге итермеледі. Жан-жағынан анталаған жаудың құрығынан құтылмасын түсінген қазақ хандары, әсіресе Кіші жүз ханы Әбілқайыр 1730 жылы 28 тамыз Ресей билеушісіне арнайы 11 өкілден тұратын елші жіберіп, оның боданы болуға ниет білдірген сәттен бастап мұсылмандардан шыққан тұңғыш генерал-майор, ірі ресей елшісі, әкімшілік қызметкері, зерттеуші, дворян әулетінің өкілі - Құтлы Мұхаммед Мәмешұлы Тәуекелдің, яғни орысша лақабы Алексей Иванович Тевкелевтің өмірі қазақ даласымен етене тығыз болды. Осыған орай ол тек дарынды елші ғана емес, тарихшы және этнограф ретінде өзін еуропалық ортаға таныта білді. Ресей бодандығын қабылдау үдерісі және одан кейінгі уақыттардағы қазақ елінің тарихы мен этнографиясына байланысты қалдырған мол мұрасы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының арқасында алғаш рет толықтырылып, жарияланды. А.И.Тевкелев жазбалары мен журналдарының деректік ерекшелігі сонда, олар қақ иесінің өзінің көзімен көріп қана қоймай, қолымен атқарған істері, күнделікті ой-санасы мен ақыл-есінен өткізген әрекеттері турасынан хабар береді. Сондықтан да мұндай дереккөздері өздерінің шынайылығымен, қайталанбастығымен дараланады.

Ресей тағына адал болуды және бодандықты қабылдау рәсімін ресми түрде заң актісі арқылы іске асыру мақсатында патшайым Анна Иоанновна қазақтың сөйлеу тілін жетік меңгерген сыртқы істер Коллегиясының аудармашысы К.М. Тевкелевті арнайы тапсырмамен Қазақ даласына жіберген. Міне, осы сәттен бастап К.М.Тевкелев көрген білгенін, істеген істерін журналға жазып, жазбаларын жүргізіп отырған.

1731 жылдың 30 сәуірінде ресейлік елшілік Кіші жүз ханы Әбілқайырдың өкілдерімен бірге Уфаға қарай бет алды. Башқұрт пен қазақ көштері арқылы жүріп өткен екі ай, үш күндік саяхатын және екіжылдық Даладағы өмірін К.М. Тевкелев бес баяндауында жазып, арнайы журналына ендірген. Жүріп өткен жолының топографиялық сипаттамасын оның қасында бірге болған геодезист А. Писарев және М. Зиновьев хатқа түсіріп отырған. Бұлардың өзі зерттеушілер

үшін таптырмас дерек болып табылады.

Елшінің Уфадан Кіші жүздің аумағына дейінгі сапары біржарым айға созылған. 1731 жылдың 2 қазанында Ырғыз өзенінің төменгі ағысында ресей елшілігін Әбілқайырдың ұлы Нұралы сұлтан қарсы алды. Осы жерде А.И. Тевкелев екі күнге ат аяғын суытып, дем алды. Мұндағы ойы Әбілқайырмен ресми кездесуге арнайы дайындалу болатын. Осыны өзі жазбаларында тәптіштеп көрсеткен. 4 қазанда төрт қазақтың қосшылығымен Ырғыз өзенінің оң жағалауымен Мәнітөбе таулары, Ор өзенінің аңғары арқылы табиғаты әсем жерлермен жүріп, Әбілқайыр ордасына жеткен. Осы жайында «Журналында» былай деп жазды: «Октябрь 5 числа прибылыи в урочище Манитобе, стали при реке Иргиз, а 6-го дня того же октября... Абулхаир - хан приказал встретить его, Тевкелева, в 2-х верстах». [4] Хан ордасында оған Кіші жүз старшындары «құпия қарауыл» қойғандығын жазған А.И. Тевкелев 6-10 қазан аралығында Әбілқайырмен «қазақ киімін» киіп, ордада түнгі уақыттарда жүздесіп жүргендігін, екеуінің арасында бодандықты қабылдауға себепкер болған жағдайлар туралы егжей-тегжейлі әңгіме болғандығын жасырмаған. А.И.Тевкелевтің жазбаларына қарағанда Әбілқайыр Ресей бодандығын қабылдау туралы патшайымға жазған өтінішін ешбір қазақ хандарымен және старшындарымен ақылдаспай жөнелткен. Мұндағы ойы, егер тек өзінің атынан ғана жазса, онда патшайым оның өтінішін жауапсыз қалдырады. Бодандықты қабылдаудағы тілегін Әбілқайыр Ресейдің көмегімен Кіші және Орта жүздердің башқұрт, қалмақтармен қарым-қатынасын реттеумен, жоңғарларға қарсы күресте сенімді тыл қалыптастырумен, Түркістан, Сайрам тәрізді қалаларын қайтарып алумен білдірген. Хан сол кездесулерде А.И. Тевкелевпен барынша ақтарыла сырласқанымен өзінің ішкі саяси пиғылын жасырып қалған. Дегенмен елі үшін аса маңызды мәселеде онымен бақталас сұлтандардың, текті билердің өзін қолдай қоймайтындығын меңзеген. А.И. Тевкелевтің старшындардың сыйлықтары үшін райынан қайтпауын өтінген.

КМ. Тевкелев старшындарды бодандықты қабылдауға байланысты жиналыс өткізіліп, онда ант берілетіндігін жариялаған кезде Кіші жүз сұлтандары, старшындары және батырлары мен билері арасында наразылықтың өршігендігі, Ресейдің қазақ жерлеріне әскери басқыншылық жасайтындығы, старшындардың елшіліктің өкілдерін өлтіріп, мүлкін тонайтындығы, Тевкелевтің өзіне қарсы қастандықтың күшейгендігі белгілі болғандығы туралы жазған.

Тығырықтан шығар жолды башқұрттың текті де белділерінің көрсеткендігін баяндаған. Мұндай жол Кіші жүздің беделді батыры Бөкенбай, Есет және Құдайназар мырзаға арқай сүйеу, солар арқылы өзге страшындарды шешімге мойынсұндыру еді. Бөкенбай Тевкелевке және Әбілқайыр ханға қолдау көрсетіп, басқалардан жоғары тұруына көмектесетінін білдірген. Шындығында да тарихтан белгілі ұзақ уақыт бойы Бөкенбай батыр сөзінде тұрып, хан мен елшіге адал болған. 1731 жылдың 10 қазанында Тевкелевтің жазбаларына сәйкес Кіші жүздің аристократиялық элитасының құрылтайы шақырылып, елшіні ортаға алып, «тасыған ашу мен қысқан ызамен» Қазақ даласына келуінің себептерін сұрап, тергей бастаған. К.М. Тевкелев старшындарға мұнда оны

орыс патшайымы Әбілқайырдың өзіне қарасты халқымен бірге бодандыққа қабылдауы туралы өтінішіне байланысты жібергендігін айтқан. Осы сөздерден соң старшындар ашуын Әбілқайырға төгіп, «не себепті қазақ страшындарының келісімінсіз орыс бодандығын қабылдау туралы өтініш жасағандығын» сұраған. Соған қоса Әбілқайырды «өз еркімен азаттықтан айрылуға алып келгендігін», ханның заңды дала құқығының дәстүрін бұзып, өз өкілеттілігін асыра пайдаланғандығын үшін айыптаған. Әбілқайыр болса, сол кезде қалыптасқан шиеленіскен сыртқы жағдайды айтып жатпай бірден ашық, әрі тіке ресей бодандығын қабылдауды өтінуінің себебі шынайы саяси билікті иеленуге қол жеткізу екендігін жеткізген. Тевкелев жазбаларынан осы сәт былай баяндалады: «он, хан, тлько имя носит ханское, а воли над подданными ни жадной не имеет и живет как между скотом...подобно тем зверям, он, хан, не имеет себя оборонителя и изобрел, яко лучше есть, иметь подданство великого монарха, и желает видеть свету; и лучше о них убиен будет, нежели страмно живот терпеть». Осылайша жазбалардың желісіне қарағанда Әбілқайыр бастаған ісінен бас тартуды жөн көрмеген. Ал страшындар патшайымға қайта елші жіберіп, «бодандықта емес, бейбіт қарым-қатынаста болайық» деген өтініш білдіру қажет деген райларынан қайтпаған.

Әуел бастағы К.М. Тевкелевтің жазбаларындағы осы пікір кейінірек орыс тарихнамасында кеңінен орын алды. Оған елші жазбаларына қоса патша өкіметі саясатының ықпалының аз болмағандығы байқалады. Тарихнаманың сол бір тұсына назар аударып көрелік. Кіші жүздің Ресей бодандығын қабылдауы тарихнамасының орыс зерттеушілерінің еңбектеріндегі назар аударарлықтай себептерінің бірі - сыртқы саяси ахуал, билік үшін талас, руаралық күрес. Мәселен, И.И.Крафтың пікірі бойынша ішкі саяси жағдай қазақ хандығын әлсіретті [5] П.И.Рычков Кіші жүз ханы Әбілхайырдың Ресей бодандығын қабылдауын оның бейбіт өмірге ұмтылуын, империяның көмегімен жоңғарлардан қазақ жерлерін қайтаруы түрінде түсіндірді. А.И. Левшин Әбілхайыр ханның жеке басының мүддесі бодандықты қабылдаудың басты себебі болды деп жазды. “Әбілқайыр хан өзінің дұшпандары мен тайталастарынан озып, өз билігін күшейткісі келді. Ал оның қоластындағы азып-тозған, жан-жағынан жаугершілік қауіптің қыспағында қалған халық кез-келген құрбандыққа даяр еді”.[6] Сондықтан да орыс тарихнамасында Әбілхайыр хан жағымсыз жағынан сипатталған. Л.Мейер, М.А. Терентьев, С.В.Жуковский еңбектерінде[7] Әбілқайыр хан біржақты мансапқор, жайдақ, жалған пікірлерге бой ұрған, жеке басын күйіттеген, мәселенің байыбына терең бара алмайтын билеуші ретінде баса көрсетілген.

Тевкелевтің қазақтардың көзін жеткізуге арналған шешендік, әрі пафосқа толы сөзінен кейін Бөкенбай батыр қысқа да нұсқа сөз сөйлеген. Елші жазбаларында ол былай сипатталады: «он ... с Абулхаир ханом в подданстве российском быть желает и в том будет присягать». Батырдың осы шешімін Әбілқайыр ханның өзі, және Есет батыр қолдаған. Ресей патшайымына адал болуға Құран ұстап Әбілқайыр хан, Бөкенбай, Есет батырлар, Құдайназар мырза, бұдан соң текті старшындардан 27 адам ант берген.

Елшінің жазбаларына қарағанда оның Орта жүздің де Ресей бодандығын

қабылдауына ықпалы аз болмаған тәрізді. Оған оның 1731 жылдың күз айлары мен қыстың бас кезінде Әбілқайыр ханның отбасымен бірге Қазақ даласында көшіп-қонып, көптеген билеуші элитаның беделді өкілдерімен қарым-қатынас жасап, нәтижесінде Орта жүздің ханы Сәмекені ресей бодандығын қабылдауға иліктіргені туралы жазғандары дәлел бола алады. Тевкелев жазбаларындағы ыағы бір назар аударарлық тұсы, 1734 жылдың 10 ақпанында Әбілқайыр ханның ұлы Ералы Петерборда патша сарайында салтанатты түрде патшайымның қабылдауында болып, сұлтан және қазақ елшілігінің мүшелері екінші рет Ресейге адал болуға ант берген. Ал Тевкелев болса, сәтті де нәтижелі орындаған елшілік қызметі үшін полковник шенін иеленген. Елші өзі үшін атқарған еңбегіне сай шен мен атақ алса, империя үшін мазмұны отарлау саясатын жүргізуге аса қажетті жазбалар дайындады. Сол жазбалар тарихшы қауымға «Журнал бытности в Киргиз-казацкой орде переводчика Маметя Тевкелева», яғни «Тілмәш Мәмет Тевкелевтің Қырғыз-қасақ ордасындағы тұрмысы журналы» деген атаумен танымал. Журнал 1731 – 1733 жылдың бас кезінде 140 парақ көлемде жазылып, дайындалған. Жазбалар өзіндік қайталанбастығымен, бірегейлігімен, орын алған тарихи оқиғаларды толық, әрі нақты жеткізуімен ерекшеленді. Әсіресе Кіші жүздің Ресей бодандығын қабылдауы үрдісін сипаттауы өзге де деректерде орын ала бермейді. Осынысымен бұл деректер құнды болып саналады. Дегенмен, осы орайда айта кетерлік бір жайт, кейбір зерттеушілер К.М. Тевкелевті Кіші жүздегі патшалық бодандықты қабылдаудағы оқиғаларды өзін көрсету үшін тым әсірелеп, дарамалап жіберген деген пікір айтады. Қалай болғанда да дерек қалыптастырушы оқиғаларды көзімен көріп, құлағымен естіп жеткізгендіктен олардағы кейбір адамға тән субъективтілікті жоққа шығара алмаймыз. Десек те, Кіші жүздегі әлеуметтік-саяси жағдайды, хандық биліктің өркениеттік ерекшеліктерін, дадалық демократияның өзіндік белгілерін, билеуші элитаның ұстанымдарын көрсетудегі жазбалардың деректік құндылығы дау тудырмайды.

Көрсетілген деректердің хабарлауынша, К.М. Тевкелев араға біраз уақыт салып, 1747 жылы қайтадан Орынбор өлкесіне келіп, шиеленіскен саяси жағдайды қалпына келтіріп, Әбілқайыр ханның үстемдігін нығайтуға әрекет жасады. Жеті ай боғы өлкедегі сапарын саяси жағдаятты зерттеуге арнады. Себебі осы кезде Орынбор комиссиясының бастығы И.И. Неплюев пен Әбілқайыр ханның арасындағы қарым-қатынас күрделі болатын. Патша шенеунігі өзінің билігінің алғашқы күніне бастап Қазақ даласының ішкі саяси жағдайын тз зерттеп, жергілікті билеуші элитаны Ресей империясының аппаратына бағынышты етудің қатаң саяси бағатын жүргізе бастады. Әкімшілік қызметінің ерекшеліктерін жылдам түсінген И.И. Неплюев қазақтарды империяға тәуелді етудің негізгі тәсілі олардың бірігуіне жол бермеу, рулар мен тайпалардың арасында іріткі салу екендігін бірден көз жеткізді. Сондықтан оның саяси ұстанымы мынадай болды: «... чтобы их между собой в согласие не допускать». Осы саяси бағытты орынборлық губернатор және оның көмекшілері мынадай жолдармен іске асырды: аймақтың солтүстік-батысы мен солтүстігінде қазақтардың көршілес көшпелі халықтармен байланыстарына тосқауыл болатын жаңа шекаралық бекіністер және шептер салынды; қазақ

тұрғындарының санасынан Әбілқайыр ханның бейнесін әлеуметтік және моральдық тұрғыда алшақтатуды қамтасыз етуге бар күш-жігерін жұмсады; анағұрлым ықпалды, әрі беделді сұлтандар расында өзара қырқыс пен қақтығысты орнату үшін түрлі әдістер мен тәсілдерді ойлап тапты. Мұрагер көшпелі аристократия және бағынышты старшындардың алдында Әбілқайыр ханның беделін түсіру үшін оның аманатты ауыстыру туралы өтінішін қанағаттандырмады. Мұның өзі ханның халықаралық беделіне көлеңке түсіріп, Даладағы ықпалын әлсіретті. Соған қарамастан Әбілқайыр жеті жыл бойы ортаншы ұлы Қожахметті Ресейдің қайтаруын сұрап, талап етті. Орынбор бастығының өзінің әлеуметтік мәртебесі және саяси мүддесімен снапаспағаны үшін Әбілқайыр ХУІІІ ғасырдың 40-жылдарының ортасында И.И. Неплюевке қарсы ашық белдесуге шықты. 1743 жылы хан Қожахмет орналасқан Сорочин бекінісіне шабуыл жасап, ұлын қайтарып алмақшы болды, алайда әрекеті сәтсіз аяқталды. Бұдан соң Әбілқайыр Жайық өзені бойындағы бекіністер мен казак станицаларына шабуыл ұйымдастырып, еділ қалмақтарын тонау жорықтарын жасады. Орынборға келе жатқан орыс және ортаазиялық сауда керуендерін тонап, шеп бойындағы тұрғындарды басып алып, оларды өзіне қарасты старшындар мен батырлардың ауылдарына жіберді. Осындай Орынбор губернаторының шыдамын тауысқан оқиғалар оны өлкедегі саяси жағдайды қалпына келтіріп, Әбілқайыр ханды биліктен кетіріп, жаңа хан сайлау қажеттілігі туралы идеяны қазақ старшындарының арасына бастама ретінде таратуға тырысты. Ал Әбілқайыр ханға қатысты патша өкіметінің қатаң жаза беруін сұрады. Алайда мұндай жағдайдың салдарын терең түсінген патшалық әкімшілік ханның талаптарын орындауды жөн көрді. Қазақ-орыс қатынастарындағы қайшылықты үдерісті бәсеңдету мақсатында Сыртқы істер Коллегиясы К.М. Тевкелевті ымыраластыру үшін Орынбор өлкесіне қайта жіберді. Осы бір оқиғалар елші жазбаларында тартымды баяндалған. Елші Орынборға келгеннен кейін оның жазбаларына қрағанда оған Әбілқайыр хан хат жазған. Хатта былай делінеді: «Превосходите, истинный, старинный, яко душе моей подобный, усердный друг Мурза! Приношу мон благодарение и хвалу своему творцу за то, что вы по указу Е.и.в. Прибылиблагополучно, и, услышав того, вседушевно и весь народ наш радовались. ... Превосходительный мурза, мы вас имеем ныне за великую вещь и диковину, которая нам весьма чувствительна... Приезд ваш почитаю за высочайшую Е. и. в.. милость, ...благодарение приношу в том, что как сначала удостоен, так и ныне вспомнать отравлением вашим, яко начинщика наших дел, бывшим у нас, и знающим нашего народа обряды, не оставлен...». К.М. Тевкелевтің келуін байланыты оқиғаларға орай Әбілқайыр ханның ордасында 1748 жылы Кіші және Орта жүздердің мұрагер аристократиясы мен старшындарының 500 өкілі бас қосқан құрылтай өткізілді. Құрылтайда страшындар бір ауыздан «барлық мәселелерді шешу Әбілқайр ханның еркіне берілсін және хан оларды іске асыруда тиімді тәсілдерді пайдалансын» деген шешім қабылданды. Бірнеше күн өткен соң кеңейтілген халық құрылтай өткізіліп, «алдыңғы кеңестегі шешімге сәйкес әрекет жасалсын және Орта жүздегі жағдайды түзету Әбілқайырдың жақтасы Жәнібек батырға тапсырылысын» деген қаулы

қабылданды.

1748 жылдың 25 шілдесінде Ор бекінісінде К.М. Тевкелевтің, И.И. Неплюевтің және Әбілқайыр ханның, оның қасына ерген жақын туыскандарының, текті адамдарының ресми кездесуі болды. Кездесуде ханның ұлы Қожахмет аманат ретінде Айшуақ сұлтанмен алмастырылды. Осы кездесуден соң Әбілқайыр хан Тевкелевпен жиі жүздесіп, өзін Кіші және Орта жүздердің аға ханы етіп тағайындауын өтінді. Өзінің талабы орындалғанша Неплюевке берген уәделернен бас тартты. Сөйтіп, Торғай өзенінің жоғары ағысы бойына көшіп кетті. Тамыздың орта кезінде Барақ сұлтанмен шайқасқа түсіп, күштер тең емес белдесуде Әбілқайыр хан өлтірілді. Осындай оқиғалардың барлығын К.М. Тевкелев күн сайын жазып отырған «Журнал происходящим по комиссии Тевкелева киргиз-касатским делам 1748года» аталатын жазбаларында баяндаған. Бұл жазбалардың ерекшелігі тізбектеліп жазылған тарихи оқиғалармен қатар отыз эпистолярлы дерек қоса берілген.

Ресей бодандығындағы Қазақ Даласы туралы ірі құжаттық материалға К.М. Тевкелевтің ХУІІІ ғасырдың 50-жылдарында жазылған «Журнал держанной, какие после посланного оттайного советника и кавалера Неплюева и бригадира Тевкелева в Государственную Коллегию иностранных дел от 9 мая доношения с киргиз-кайсацким Нурали-ханом о перемене бывших здесь аманатов переписи происходили, и как он, хан, наконец в июле месяце 1750 году сам с солтанами, старшинами и народом к Оренбургу приехал и что в прочем чрез то время происходило» деп аталатын 78 парақтан тұратын Журналы жатады. Аталмыш деректер әлі тарихшы қауымға мәлім бола қоймаған Нұралы хан билігінің алғашқы жылдарынан, Кіші жүздің орынбор әкімшілігімен саяси қарым-қатынастарынан, Әбілқайыр әулеті ұрпақтарының отбасылық өмірінен мәнді ақпарат береді. Осы орайда айта кетерлік бір жайт, К.М.Тевкелев жасы ұлғайған шағында өзінің елшілік, кәкімшілік-саяси, басқарушылық қызметі мен өмірінің түйіні ретінде заманхат сипатындағы белгілі, І Петрдің өсиеті еткен қазақ даласын өзіне бағындыру арқылы Азияға қақпа ашу миссиясын абыроймен атқарып шыққандығы жөнінде «Сначала какое высокое разсуждение было и с пользою признано киргиз-кайсацкие орды в подданство Российской империи о принятии способы искать» деп аталатын жазбасын дайындаған. Содан соң П.И. Рычковпен бірлесіп, «Известия о киргиз-кайсацком народе» және «О происходящих непорядках киргизцам» деген қазақтардың тарихи географиясынан, этнографиясынан, тұрмыс-салты мен салт-дәстүрінен құнды мәліметтер беретін еңбектерін жазды.

Осылайша, К.Н. Тевкелевтің жазбалары Қазақ хандықтарының Ресей бодандығын қабылдауы тарихының маңызды деректерімен қатар мәнді тарихнамалық дерек болып табылады. Болашақта елші жазбаларын бүгешігесіне дейін талдап, оларды өзге деректермен салыстыра отырып, «қазақтар Ресейдің құрамына қосылды ма, әлде Ресей бодандығын қабылдауға мәжбүр болды ма» деген ғылымда әлі де пікір-талас тудырып келе жатқан сауалға нақты жауап табу қажет.

1. История Казахстана в русских источниках. XVI -XX веков. I том. Посольские материалы русского государства (XV-XVIII в.в). - Алматы, 2005.
2. История Казахстана в русских источниках. XVI -XX веков. II том. Русские летописи и официальные материалы XVI - первой трети XVIII в. О народах Казахстана. - Алматы, 2005.
3. История Казахстана в русских источниках. XVI -XX веков. III том. Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 г.г). - Алматы, 2005.
4. Сонда.
5. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. - Оренбург, 1898. -С.21.
6. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. - СПб., 1832. - С. 104.
7. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. - СПб., 1965; Жуковский С.В. Сношения России с Бухарой и Хивой за последнее трехстолетие. - Петроград, 1915; Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. - СПб., 1906.

**Қазақстан тарихы бойынша орыс деректеріне сипаттама
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы Тарих сериясы.
2011. №4 (63). - 19-25 бб.**

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланған орыс деректерінің бірқатары «Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век» деген атаумен жинақ ретінде берілген. Олар IV, V, VI томдарда көрініс тапқан. Бұл деректер мен зерттеулер патшалық Ресейдің арнайы тапсырмасымен дүниеге келген еңбектер болып саналады. Олар монография түрінде тарихнамалық деректер ретінде зерттеуге лайық. Орыс империясы Қазақ даласын Орталық Азия және Үндістанға ашылатын қақпа ретінде пайдалануды XVIII ғасырдың соңында ойластырып, алғашқы әрекеттерін жоспарлаған еді. Оңтайлы сәтті күтуден жалықпаған патша үкіметі біртіндеп даланы сырттай және іштей зерттеуді қолға ала бастаған-ды. Осы орайда далаға экспедициялар ұйымдастырып, қазақтар туралы нақты мәліметтер жинақтады. Империяның осындай бастаған ісі XVIII ғасырдың екінші ширегінен соңына дейін жалғасты. Қазақтардың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, дүниетанымын, мінез-құлқын зерттеу арнайы ғылыми негізде жүргізіліп, іргелі шығармалар дайындалды. Аталмыш кезеңде Петербор Ғылым Академиясының ғалымдары П.С. Паллас, И.П. Фальк, Х. Барданес, А.И. Левшин, П.И. Рычков, И.Г. Андреев тәрізді ғалымдар қазақтар жөнінде арнайы зерттеулер жазды. «Қазақ жерлерінің тұңғыш тарихи-этнографиялық сипатамасы. XVIII ғасыр» деген жинағы орыс деректерінің IV томында Х. Барданес және П.И. Рычковтың Қазақ даласындағы саяхаттары барысындағы жазбалары енгізілген[1]. Х. Барданес еңбектері «Из журнала путешествия Христофора Барданеса в Киргизскую степь 1771 года» және «Поездка Христофора Барданеса в Киргизскую степь, по

поручению академика Фалька» деген атаулармен берілген. Мұнда зерттеуші Қазақстанның батыс аймақтарындағы өзен, көл, бекініс, т.б. туралы жазып, оларға сипаттама берген. Олар осы турасында жағрапиялық, топонимикалық зерттеулер үшін маңызды. Жазбалардағы қазақтар туралы айтылатын тұсы назар аударарлық, онда былай делінген: «Они сами себя не называют никогда киргизами, или сложным именем киргиз-кайсака, а единственно называют себя казак, ... когда его назовешь киргизом, то многие отвечают: «Мин казак, киргиз тугул», т.е. «Я казак, а не киргиз»[1. 93б.].

Деректердің арасында анағұрлым маңызды болып П.И. Рычков еңбектері саналады. Бұл зерттеушінің есімі тарихшылар қауымына кеңінен танымал, еңбектері де ғылыми айналымға біршама енгізілген. Дегенмен де олар әлі болса толық зерттелмей келеді.

П.И. Рычков патшалық үкімет 1734 жылы ұйымдастырған Орынбор экспедициясына қатысып, өлкені зерттеумен айналысты. Бұдан кейінгі уақыттарда да Ресей мен Қазақстанның шекарасында қырық жыл бойы өмір сүріп, қазақтар туралы танымдық қолжазбалар мен зерттеулер жазды. Сондай зерттеулерінің арасында әлі күнге дейін жарияланбаған еңбектері де бар. «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында олар көпшілік зерттеушілерге мәлім бола бастады. Солардың бірі - «Краткое известие о татарах и нынешнем состоянии тех народов, которые в Европе под именем татар разумеются» атты еңбегі.

Зерттеушінің «Экстракт ис полученных от коменд известей о киргиз-кайсацких, калмыцких и хивинских обращениях. 1742 г.» тақырыбындағы жазбаларында Қазақ жүздері туралы, Кіші және Орта жүздердің Ресей бодандығын қабылдауы туралы айтып өткен. Онды былай делінеді: «В историческом экстрате, сочиненном по предписаниям его сиятельства графа Петра Ивановича Панина, из грамот, посланных в те орды 1734 года, хотя показано, что обе последние орды, то есть Средняя и Меньшая, вступили и присягали в российское подданство в 1731 году, но формальное принятие их было после и в разные времена, а имянно: Меньшей орды – в 1734 году, когда отправленной от Абулхаир-хана (сей был отец нынешнему Нурали-хану) к императорскому двору сын ево Эрали-солтан публично представлен был пред престол императрицы Анны Иоанновны, о принятии отца ево ордою в российское подданство просил, и от лица ея величества публично ж тем обнадежен; а в 1739 году в Оренбурге, что ныне Орская крепость, при господине тайном советнике Татищеве с детьми своими и с немалым числом старшин и народа торжественно присягал. Средней же орды Абулмамбет-хан и брат ево Аблай-солтан (ныне начальство там имеющей) в 1740 году там же бывши, в немалом людстве старшин и народа, при г-не генерал-порутчике князе Урусове публично ж присягали, которые присягали и после того при разных случаях были отних повторяемы»[1. 193б.]. Деректе көрсетілгендей, Қазақ жүздерінің бодандықты қабылдауларын хан ұрпақтарын арқылы да бекіте түскен, әрі оған бұқаралық сипат беруді ұйымдастырып отырған. Мұндағы ойлары - қазақтардың берген анттарынан тайдырмау. Сол үшін хандарға сый-сияпат көрсетуді басты назарда ұстаған. Хандардың есіне

олардың бодандыққа енгендігін жиі салып, әрі түрлі тарту-таралғылармен өзінің сеніміне кіргізіп, бодандық бұғауын тарта түсуді көздегені байқалады. Бұл ойымызды құжаттың мына бір тұсындағы мәліметтер дәйектей түседі: «21.08.1742. Поутру отправлен к Абулхаир-хану секунд-майор Миллер с ним гранодер шесть казаков, шесть капрал, башкирцев пансырников шесть человек поздравить его с благополучным иездом и просить изволить ли он назавтрея быть к тайному советнику для свидания или дождется сына своего Эрали салтана, причем приказано ему, майору, помянутому хану представить на предь о учинении присяги е.и.в. со истолкованием, что все е.и.в. подданные по благополучном е.и.в. на родительский престол вступлении по всенародному обыкновению присягу в верности учинили, что и он, хан, с своими, яко е.и.в. подданной, учинить долженствует.

С помянутым майором послано к хану: чаю 2 фунта черного и зеленого, сахару 2 головы, бык-1, баранов-3, вины горячего -2 ведра, водки гданской -1 штроф.

Джаныбек -тархану: чаю -1 фунт зеленои черного, сахару -1 голову, баранов-2, вина горячего -1 ведро» [1. 37б.].

Ойлаған істерінің сәтті болып, Кіші жүз ханы мен сұлтандарын, старшындарын жағымды сөздерімен, қомақты сыйларымен, деректе айтылатындай қантпен өздерінің жегендеріне көндіре алғандары да анық жазылған: «Пред полуднем означенный майор Миллер возвратился и доносил... сказал, что как тот сахар сладок, так бы им, хану и старшинам, в подданстве е.и.в. сладко пребывать. Хан, тотчас встав, старшинам вышписанные речи повторял, чтоб всяк о том ведал, подтвердя, ежели кто б ни был: тот шайтан, то есть дьявол, а он всегда в верности своей как присягал, так и пребывать желает со всем родом своим, что и бывшие при том старшины, еособливо же Джанибек -тархан, подтверждали»[1.38б.]. Тарту-таралғыдан батырлары да тыс қалмағандығын құжат мәтіні дәлелдейді. Осы турасындағы мына сөздер оны дәйектейді: «Всем батырам – среднего сукна по 3 аршина»[1.54б.]. Ресей билеушілері қазақтың бетке ұстарларына әр кез қымбат бағалы аң терілері, мата, ормал, әшекей заттары, ақша (50 рубль) және т.б. беріп отырған[1.58б.].

Қазақ ортасында болған зерттеушілер қоғамның өзіндік ерекшеліктерін зерделеп, қажетті тұстарын хатқа қондырып отырған. Мәселен, халықтық басқару туралы П.И. Рычков былай деп жазған: «Что надлежит до народного правления во обоих тех ордах, то оное между известными ныне формами правления ни с какою точно сравнить не можно. Может оно названо быть родовым и семянным (и так похожим несколько на демократию).Они сами себя разделяют по родам. Когда ж збираются киргизцы на войну, к сему бывають у них улусы повестки и для совету зборища, и хан, сам согласясь, на то пойдет с ними, то уже обыкновено предводительствует и повелевает ими он или возбудившей к походу салтан. Но к производству в чины никакого уряду не делает, да и обыкновения сего между ими доныне нет. Всякой отличает себя от простых людей не чином, но богатством или наездничеством, из которых первых называют они *бай*, или *богач*, а других – *боатырь*, то есть *багатырь*, или *наездник*. Сие ж последнее в разговорах придают они часто и самим ханам

и салтанам. В *урусных же старшинах* бывают у них люди выборные по разуму и по богатству, а притом и по старости лет их»[1.198-199бб.].

Бұдан басқа қырғыздардың, яғни қазақтардың ұлттық немесе жалпы дәстүрлері, халық саны туралы, ежелгі хан сайлауы салты, хандар мен сұлтандардың билігі және әлсіздігі, хан және сұлтан кірістері, аталған ордалардың байлығы мен мүлкі туралы қысқаша мәліметтер берілген. Хандар мен сұлтандардың кірістері, халықтан алынатын салық еместігі жайында мынадай құнды мәлімет берген: «Доходов определенных и збираемых с народа, никаких ни ханы, ни солтаны не получают. Содержат себя больше от своей собственной экономии, добровольными подарками и добычею на войне»[1.202б.]. Мұның өзі қазақтарда маркстік-лениндік ілім негізінде санамызға сіңген таптық езгінің де, тап күресінің де болмағандығы былай тұрсын халыққа қысым жасалмағандығын дәйектейді.

Қазақтардың байлығы жөнінде дәл мәлімет бере отырып, автор былай деп жазған: «Богатство и имение сего народа состоит наиболее в лошадях и в баранах. Едва ли есть ли пограничных народов, кроме сих обоих орд, другие, которые бы сею во всякой области нужною и полезною скотиною преимуществовали, но при том всем для перекочевок своих с места на место содержат они немалое число и верблюдов. В конских их табунах у многих киргизцов тысячи по две и по три у одного бывают. А есть такие, кои гораздо больше того числа содержат. Сие великое множество скота подтверждается и тем, что они в Оренбурге и в Троицкой крепости лошадей тысяч до десяти, а баранов тысяч по полтора и по двести в одно лето продают. Звероловство их, состоящее в степных лисицах (то есть караганка), корсаках и волках, и торг кожами сих зверей приносит им немалую ж пользу. Умалчивая о прочих их продуктах, о коих в экстракте при объяснении здешней коммерции имеет быть показано и от которых российские купцы немалые себе прибыли получают»[2.203б.]. Дәулеті өзінен асып, өзгелерге де пайда әкелген бар байлығы төрт түлік малы болғаны мәлім. Алайда малмен таңын атырып, малмен күнін батырған Қазақ елі байлықты басты құндылық деп санамады. Қазақ үшін малы арының садағасы, жаны арының садағасы болғандығына шек келтірмейміз.

Орыс деректерінің У томы да «Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века» деп аталып, поручик Я.П. Гавердовскийдің бұрын жариялана қоймаған қолжазбаларын көпшілікке танымал етуге арналған[2]. ХУІІІ ғасырдың орта кезі мен соңына қарай патша үкіметі Қазақ даласын орталық азиялық елдермен сауда байланыстарын орнату мақсатында транзиттік аймақ ретінде пайдаланып, бірқатар елшіліктерді Қазақстан мен Орталық Азияға, дәлірек айтсақ, Хиуа, Бұқара, Қоқан хандықтарына жіберді. Елшілік мүшелері көзімен көргендерін хатқа қондырып, Ресей бодандығындағы қазақ халқы туралы қайталанбас деректер қалптастырды. Солардың арасында Я.П. Гавердовский жазбалары кеңдігімен, мәліметтерінің құндылығымен ерекшеленеді. Бұқараға жіберілген елшіліктің мүшесі поручик Я.П. Гавердовскийге Бұқар хандығымен қоса Қазақ жерлері, жүздері туралы мәлімет жинау ұсынылығын. Ор, Ембі, Мұғалжар, Арал жерлері

арқылы жүріп өткен ұзаққа созылған жолында елші жолжазбалар жазып, соңына оны «Обозрение Киргиз-кайсацской степи» деген атаумен монография етіп дайындаған. Өкінішке орай монография өз кезегінде жарық көрмегендіктен құнды мәліметтерді пайдаланып кетушілер көп болды. Солардың бірі А.И. Левшин, ол Я.П. Гавердовский қол жазбаларын өзінің тарихшы қауымға танымал «Қырғыз-казак немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» атты еңбегінің бірқатар тарауларында пайдаланған. «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында тұңғыш рет елшінің «Обозрение Киргиз-кайсацской степи» еңбегі аталмыш том арқылы Ресей мұрағаттарынан алынып, археографиялық өңдеуден өткізіліп, жарияланғаннан кейін аталмыш еңбектердегі ұқсастықтар көрінді. Ал «Журналға» «Толықтырулары» екінші рет қайта басылып берілген. Осы орайда қазақстандық тарихшылар И.В. Ерофееваның, Б.Т. Жанаевтың, И. Самигулиннің, Ш.А. Аманжолованың еңбектері ерен екендігін айтып кеткен жөн.

Енді сол монография мен журнал және толықтырулардан үзінділер келтіріп, Ресей бодандығындағы Қазақ елі туралы автор көзқарастарына тоқталайық. Монографияның «От подданства России до нынешнего времени» деп аталатын тараушасында елші қазақтарға бодандықты қабылдау пайда әкелді деп жазды. Осы пікірін ол былай жеткізген: «Для киргизцев подданство их России принесло спокойствие от башкирцев и от калмыков, кочевавших по западной стороне степи, из коих сии последние были переведены и поселены между Уралом и Волгою. Зюнгорцы, нападавшие на них с востока, и даже в 1742 г. сильным ополчением опустошая кочевья, достигшие до Орской крепости, чрез сношения с зайсангами и ханом были от сего удержаны»[2.38б.]. Шындығында да Қазақ жүздері көршілес елдердің тепкісін көріп, тұс-тұстан анталаған жаулардың қауіпінен, әрі жоңғарлардың басып алуынан азат болу үшін орыс бодандығын қабылдауға мәжбүр болған. Бодандықты мойындау арқылы қазақтардың саяси тыныштық тапқандығы да тарихи шындық. Мұның өзі Я.П. Гавердовскийдің өз қолжазбаларында орын алған тарихи оқиғалар мен үдерістерді шынайы көрсеткендігін дәйектейді.

Я.П. Гавердовскийдің «Краткий перечень исторических известий о Большой орде» зерттеуінде Орта, Кіші жүздегі тарихи оқиғаларды қысқаша сипаттап жазған. Ұлы жүз туралы жазған тұсында оның екіге бөлінгендігін, бірінің жоңғарларға, екіншілерінің ташкент ханы Жүніс қожаға бағынып кеткендігін көрсеткен. Орта жүзде билік еткен хандарды Сәмекеден бастап Әбілмәмбет, Аблай туралы айтып, әрқайсысының тұсындағы оқиғаларға қысқаша тоқталған. Орта жүздегі жағдайға байланысты ойын қорыта келіп, мынадай түйін жасаған: «Впрочем, сей образ правления при своих выгодах произвел некоторое помешательство, ибо, когда дикий сей народ увидел, что Россия во внутренних его делах не принимает никакого участия, то соделался вскоре чуждым ее зависимости. Отчего ныне подданными России почеть можно только те части сей орды, которые кочевья свои располагают близ границы. Что же касается до прочих, то отдаленность отвлекала их от всякого рода сношений. Правда, некоторые родоначальники, по приезде своем на границу, льстят уверениями о своей преданности, но сии уверения по существу их

ничего не значат и происходят от каких-либо выгод. Народ, чувствуя себя совершенно свободным, предался хищничеству и поднял междоусобные брани»[2.39б.]. Автордың бұл тұжырымы сол кездегі шындыққа дөп келеді. Кіші жүздегі шиеленісті жағдайды төңкерістік деп бағалаған Я.П. Гавердовский хан билігінің әлсіреуін, шекаралық шептердің күшеюін, қазақтардың тұрмысының нашарлауын, ру аралық тартыстардың орын алғандығын нақты көрсеткен. Осындай жағдай қазақтарда рулық оқшаулықты тудырғандығын зерттеуші: «Различные перемены, каковые существовали в ордах киргизских, совершенно расторгли их общую связь, так что теперь род составляет несколько частей, совершенно между собою разделенных, и как бы новые роды восстановивших. Иные из них смешались с другими совсем поколениями, а некоторые, соделавшись от главных родов независимыми, кочуют в пространной степи под новым наименованием», - деп сипаттаған [2.40б.]. Поручиктің жазбаларына сәйкес ордаларда халықтық биліктің үстем еткен, қазақтар ташкент ханынан басқа ешкімге салық, өтем төлемеген. Қазақтардағы билікті феодалдық деп атауға келмейтіндігіне назар аударған. Тәуке ханның жарғысынан басқа қалыптасқан салт-дәстүрлік заңдардың да орын алғандығы белгілі. Халықтық соттар - билер шешен, терең ақыл-ойлы, әділ, парасатты, ел мүддесін жоғары қойып, халыққа қызмет еткендігін көріп, дөп басып жаза алған. Олар туралы елші тамсана жазған: «Народные судьи называют бии, под которым словом разуметь должно людей красноречивых, богатых и оборотливых; приговоры их тем более имеют преимущества, чем сильнее подвластная им партия; а как истолкование правосудия состоит в произволении, то и совершенно оно зависит от руки сильного»[2.41б.]. Батырды барымтамен байланыстырып, оны ұрлыққа теңеген. Шындығында батыр атану үшін ерлік жасап, қайсарлық пен қажырлықтың үлгісін таныту қазақ даласының дәстүрі екендігін орыс зерттеушісі біле қойған жоқ. Барымта - батырлықтың бір қыры ғана. Қазақ жекпе жекте немесе шайқаста жеке ерлігімен батыр атана алатын. Қазақтардың соғыс өнері өз алдына бір төбе, жазбалар мен ауызша тарих айтуда көрсетілгендей, ерекше сөз етуге тұрарлық баян. Соғыс кезінде әрбір тайпаның немесе рудың өзіндік туы болған, соғысушылар сол тудың айналасына топтасқан, туы жығылмағандар жеңімпаз атанған.

Көріп отырғанымыздай, осылайша қазақтардың мінез-құлқын, салт-санасын, әлеуметтік құрылымын, дәстүрлі басқаруын, т.б. зерттеуге ынталанған орыс саяхатшылары мен зерттеушілерінің жазбалары империяның өзіне бағынышты халқын жан-жақты білуге жол ашты.

Қазақстан тарихы бойынша орыс деректерінің VI томы «Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным степям. ХУІІІ-ХІХ века»[3], яғни «ХУІІІ-ХІХ ғасырлардағы Оңтүстік далаларға сапар туралы жолаушы күнделіктері және қызметтік жазбаларды» қамтыған. Томға ХУІІІ ғасыр ХІХ ғасырдың ортасындағы ресей саяхатшылары мен зерттеушілерінің Жетісу және Оңтүстік Қазақстан туралы құжаттық, соның ішінде К. Миллердің жолжазба журналы материалдары енгізілген. Карл Миллер патша үкіметінің арнайы тапсырмасымен 1738-1743 жылдары сауда керуенімен Ор бекінісінен

Ташкенге, одан әрі елшілік миссиямен Жоңғар хандығына сапар шеккен. Ташкентке жетер жолында К. Миллер сауда керуенін Ұлы жүздің шымыр руы өкілдері толығымен тонап, Миллерден өзгесінен барлығы қолға түскен. Құнай мырзаның көмегімен Ташкентке жетіп, қалада бірнеше апта бойы тұрған. Жәнібек батыр мен Жолбарыс ханның қолдауымен елшіліктің мүшелерін әрең жинап, Ферғанадан қайтадан Ресейге жол тартқан. Екі ай бойғы жол сапарын жолаушы журналына жазып, Сыртқы істер коллегиясына тапсырған. Жүріп өткен жолындағы Қазақ даласының жағрапиялық, этнографиялық материалдары Қазақстан тарихы үшін таптырмас дерек болып саналады. Еуропа ғылымы үшін аса маңызды Миллер мен А. Кушелевтің құжаттық материалдары өз кезегінде ресейлік үкімет шеңберінде жоғары бағаны иеленген.

XVIII ғасырдың ортасында қазақ-жоңғар қатынастары шиеленіскен уақытта Галдан Церенге арнайы елшілік жіберілген. Осы елшілікті еуразия көшпелілерінің мәдениеті мен тарихын, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін айтарлықтай білетін, дала саясатшысы, қазақ тілін жетік меңгерген, қазақы әдетпен етене таныс Карл Миллер басқарды. Елшіге екі бірдей саяси мәндегі тапсырма берілді. Біріншісі – Галдан Церенге И.И. Неплюевтің Ресей бодандығындағы қазақтардың істеріне араласпауды, болашақ барлық теке тіресті орыс шекара басшыларымен келіссөздер жүргізе отырып шешуді талап ететін хатты тапсыру, екіншісі – Аблай сұлтан мен оның жанындағыларды жоңғар тұтқынынан босату. Енді тек елшіліктің жүріп өтетін жолын айқындау қалды. Орынбор губернаторы И.И. Неплюевтің ұсынысымен Жоңғарияға сапар Қазақ жүздері арқылы өтетін болып шешілді. Мұндағы мақсат қазақтарды жолсапар туралы құлаққағыс ету еді. Құпия түрде К. Миллерге әскери-барлау сипатындағы Жоңғарияның шабуыл күшін айқындау, оның Қазақ жүздеріне қатысты мүддесін бағамдау, жоңғарлардың орталық азиялық хандықтарға ықпалы жөнінде мәлімет жинақтау тәрізді тапсырма берілді. Осыған орай елші барлық мәселелерге қатысты алынатын мәліметтерді нақты, әрі толық, ұсақ-түйегіне дейін жол күнделігіне жазып, Қазақ жүздері арқылы өтетін спарының бағытын нақты өлкенің жағрапиялық картасын сызып, хатқа түсіруге міндеттенген. Елшілік 1742 жылдың 3 қыркүйегінен сапарға шығып, сол жылдың 15 қарашасында ойраттар көшінің шекараларына келіп жеткен. Ұзақ жол Ор бекінісінен басталып, Торғай жерлері, Ұлытау, Сарысу, Хантау, Шу, Іле тауларын жағалай, Қаратау жоталары Талас өзені бойы, Шудан өтіп, жоңғар жайылымдарына ұласқан. Жоңғариядан қайтар жолын орыс елшілігі Бетпақдала, Сарысу, Ұлытау, Қараторғай, Үлкейек, Торғай жерлері арқылы жүріп өтіп, әуелгі Ор бекінісіне ат басын тіреген. Өзіне берілген тапсырмаға байланысты К. Миллер әрбір басқан қадамын күнделігіне тіркеп, картасын сызып отырған. Сондықтан да Миллер жазбаларының шынайылығы мен картасының дәлдігі ресей ғылымы үшін баға жетпес мәліметке айналды. Оның есімі Ресей түгілі бүкіл Еуропаға тарады. Жинақталған мәліметтерді патшалық үкімет отарлау саясатының барысында ұтымды пайдаланса, еуропалықтар Миллер картасын Азияға саяхат жасаудың, сауда байланыстарын орнатудың көзі ретінде қолданды. Сапардан соң жүз жыл өткеннен кейін Миллер

картасын орыс жағрапияшысы, әрі этнографы Я.В. Ханыков Орынбор мұрағатынан тауып алып, өзінің ескертпелерімен бірге «Жағрапиялық хабаршы» беттерінде жариялаған. Аталмыш карта туралы өз жеткізген зерттеуші: «Документ этот был бы всегда любопытен как первое достоверное известие о странах, лежащих к востоку от Арала, но, сверх того, он доселе остается единственным показанием этого рода, ибо путь, пройденный К. Миллером к юго-востоку от Сарысу, не был посещен после него ни одним образованным путешественником»[4]. Ал деректік жағынан келетін болсақ, бұл мәліметтер дерек жасаушының өз қолымен, көзімен дүниеге келгендіктен түпнұсқа ақпарат ретінде аса құнды болып табылады. Миллер күнделігінің бірінші бөлімін кеңестік кезеңде белгілі тарихшы В.Я. Басин тарихшыларға кеңінен танымал «Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв.» деген құжаттар мен материалдар жинағында жарияласа, екінші бөлімі тәуелсіздік жылдарына дейін жарық көре қоймады. «Мәдени мұра» бағдарламасының арқасында, әрі тарихшы И.В. Ерофееваның деректанулық өңдеуі негізінде «Қазақстан таирхы орыс деректерінде» жинақтарының VI томында жарияланды. Елшілік сапарының тарихи маңызы туралы айтатын болсақ, Қазақ жүздері үшін өте зор болды. Қазақ-жоңғар қатынастары реттеліп қана қоймай, Абылай сұлтан ойраттар тұтқынынан босатылды. Ойрат тұтқынынан азат болуы майор Миллердің көмегі екендігін Аблай сұлтанның өзі Әбілмәмбет ханға жолдаған хатында ашық жазған[3.44б.]

Көрсетілген томға аталғандардан басқа Орынбор және Омбы мұрағат қорларынан табылған ХVIII ғасырдың екінші жартысы мен ХІХ ғасырдағы оңтүстік Қазақстандағы Ұлы және Орта жүз қазақтары туралы құжаттар енгізілген. Бұларда өзге ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы оңтүстік қазақтары жөнінде көпшілікке таныла қоймаған патша үкіметі шенеуніктері мен қызметкерлерінің қолжазбалары қоса берілген. Жолжазбалық материалдардың арасында Жетісу облыстық басқармасының ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы өлкедегі болыстар, ондағы көшпелілердің саны, олардың қыстаулары мен жайлаулары туралы статистикалық мәліметтері аса маңызды болып саналады. Сондай мәліметтер арқылы Ресей бодандығындағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, өміріндегі өзгерістерді анық көруге мүмкіндік туады.

ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақ даласында отарлау саясатын күшейту мақсатында патша өкіметі қазақтардың арасына барғандарға жоғарыда айтқанымыздай арнайы тапсырмалар беріп отырған. Сондай тапсырмалар Жетісу жеріне келген саяхатшыларға да жүктелген. Олар облыстағы болыстар туралы нақты мәліметтер жинақтап, тиісті билік орындарына өткізуге міндетті болған. Осыған орай 1870-1871 жылдары ведомостытер дайындалып, оларда мына көрсеткіштер толтырылды: шаңырақ саны, жан басы, ерлер және әйелдер, сауаттылар, адам санымен қатар төрт түлік мал: түйе, жылқы, мүйізді ірі қара, қой, егіншілік, соның ішінде тары және бидай егісі мен өнімі, қаппен есептегендегі мөлшері. Сөзіміз дәлелді болуы үшін аталған ведомостытегі Жетісу облысы Қапал уезіндегі болыстардың көрсеткіштерін талдап көрелік. Қапал уезі бойынша ведомостыте 9 болыс көрсетілген. Олар: Төменгі Қаратал,

Барықұзыр, Алтынемел, Биенқоянды, Күшік, Таулы жалайыр, Төменгі Ақсу, Арасан, Балқаш-Лепсі. Статистикалық мәліметтер болыстар бойынша жеке-жеке берілген. Деректердегі мәліметтерді сол күйінде көшіріп бергеннен гөрі аталған тоғыз болыстың басын қосып, облыс бойынша бір біріне қосып көрсетуді жөн көрдік. Жетісу облысы бойынша шаңырақ саны екі жылға бөлініп берілгендіктен біз де оларды жеке-жеке көрсетейік. 1870 жылы тоғыз болыста 17627 шаңырақ болса, 1871 жылы олардың саны 17573-ке азайған[3.456.]. Болыстардағы ер адамдардың саны - 40564, әйелдер саны – 35771 болып тіркелген. Сауаттылардың қатары 768 адамды құраған. Ең көп сауаттылар Арасан болысында тіркеліп, олар 221 адамды құраған[3.466.]. Төрт түлік мал, соның ішінде түйе - 14422, жылқы - 53802, мүйізді ірі қара - 22500, қой - 591380 басты құраған. Қапал қазақтарының жылқы және әсіресе қойды көп өсіргеніне көз жеткізуге болады. Төрт түлік малдың барлық санын қосып есептесек, 682 104 бас болып шығады. Мұның өзі әлі болса Жетісу жеріне отарлаудың құрығы толығымен жете қоймағандығын білдіреді. Бұлай дейтініміз, көрсетілген мәліметтерді ХХ ғасырдың бас кезіндегі «Материалы по киргизскому землепользованию» көрсеткіштерімен салыстырсақ, күн көріс көзінің әлдеқайда азайып кеткендігіне куә боламыз, себебі ХХ ғасырдың бас кезінде Жетісу өңіріне орыс шаруаларының жаппай қоныс аударуына байланысты өлкеде Қоныс аудару басқармасы құрылғаннан кейін қазақтар құнарлы мал жайылымдарынан айырылып, мал басы азайып, тұрмыс-тіршілігі нашарлаған. Дәстүрлі шаруашылықтың тығырыққа тіреле бастағаны тарихи деректерден анық көрінеді.

Қапал уезі қазақтары 2356 пұт тары, 6719 пұт бидай егіп, сәйкесінше 84553 қап тары, 60422 қап бидай жинаған. Өлке қазақтарының тарыны аз ексе де, бидайдан гөрі мол өнім алып отырғандығы бұл дақылды егу ата дәстүрде қалыптасқандығын тағы да дәйектей түседі.

Қапал уезі қазақтарының көші-қон бағыттары туралы уезд бастығы родмистр Троицкийдің және іс жүргізуші Н. Тепловтың «Киргизские волости Капальского уезда, из каких состоят родов, где имеются зимовые стойбища и летние кочевки . 1890 г., сентябрь 20» тақырыбында дайындаған жазбасы өлкенің байырғы тұрғындары жайындағы мәліметтерді толықтыра түседі. Бұл түпнұсқалық құжатта көрсетілген болыстардың ата қоныстары дәл анықталған. Мәселен, Төменгі Ақсу болысы қазақтарының қоныстары жөнінде: «1. Нижнеаксуская. Состоит из рода кендже-матаевского. Зимуют на урочище Актюбе, Караджар, Коктал, Кураксу, Тентексу до гор Джатымгора и в песках Люк по левую сторону р. Ақсу, на урочище Терскельдыузек, по р. Биен к урочище. Копа до устьев его.

Летние кочевки в горах Алатау на урочище Аман, Кокджота, по левую сторону р. Ақсу, кочуют по дорогам, находящимся по левую сторону р. Ақсу и обратно идут по ним же. Пашни имеют по левую сторону р. Ақсу, орошаются водою из р. Ақсу, Бурган и Биен, на этих же местах кочуют и осенью. С зимних стойбищ начинают кочевать в начале марта, на летние кочевки выходят в половине мая и в начале июня, скочевывают в конце июля.

Граница проходит на юго-восток по озерам: Алакуль, Уртакуль, Кекрекуль и

Баскуль, отсюда по прямой линии на север до реки Биен, затем на юго-восток по правому берегу р. Биен и Бургана до могилы Кумыс, отсюда по прямой линии до р. Аксу в 8 верстах выше могилы Муса, отсюда вниз по левому берегу р. Аксу до урочища Талтал, далее по прямой линии на северо-запад к р. Аксу, у могилы Моппагуль; отсюда проходит на запад и юго-запад, огибает пески Джабысалды и Джеманджол и доходит до северного берега озера Аяккуль»[3.476.], - деп көрсетілген. Жер атаулары орыс тілінде айтылуы бойынша берілген демесеңіз, Матай тайпасы соның ішінде Кенже руының ата қоныстары дәл аталған. Бұлай детініміз, бала кезімізде ата-әжелеріміз, әке-аналарымыз «біздің байырғы ата қоныстарымыз Аксу өзенінің сол жағалауы, Бұрған, Биен өзені аңғары, Теріскелдіөзек, Қопа жерлері» деп жиі айтатын. Санамызға сіңген әңгімелерде Ақтөбе, Қаражар, Көктал, Құрақсу, Жетімқора, Тентексу, Талтал, Көкжота атаулары жиі қайталанатын. «Талталда отырғанда аталарымыз қасқыр алушы еді», «Қопада талай байлық кәмпеске кезінде қалды ғой», «Бұрғанда наурыз айының өзінде суға түсетін едік», «Көкжотаның самал желі мен бал татыған қымызымен талай науқас айғып кеткен көрінеді», «Жебесалды мен Жаманжолдың құмдарына қар аз түседі екен», «Құрақсудың шулаған құсы мен қабан, қояндары жұт кезінде дүйім халықты асыраған көрінеді» дегендері жадымызда жатталып қалған-ды.

1. История Казахстана в русских источниках. XVI -XX веков. IV том. Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век. - Алматы, 2007.
2. История Казахстана в русских источниках. XVI -XX веков. V том. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века. - Алматы, 2007.
3. История Казахстана в русских источниках. XVI -XX веков. VI том. Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным степям. XVIII-XIX века. - Алматы, 2007.
4. Ерофеева И.В. Документальные материалы российских путешественников и исследователей XVIII - середины XIX в. о Жетысу и Южном Казахстане. //История Казахстана в русских источниках. XVI-XX веков. VI том. Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным степям. XVIII-XIX века. - Алматы, 2007. - С.17.
5. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. - Алма-Ата., 1961. - С. 302.

**Қазақстан тарихы бойынша орыс деректеріне
тарихнамалық шолу
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы Тарих Сериясы
2012. №1 (64). - бб.**

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қазақстан тарихы бойынша араб, парсы, монғол, түрік, қытай, орыс жазба деректері жарияланып, зерттеушілер және көпшілік назарына ұсынылғаны мәлім. Солардың ішінде

орыс тіліндегі деректер тоғыз том болып жарық көрген. Журналымыздың алдыңғы сандарында біз олардың алты томы туралы айтып, тарихнамалық талдау жасаған едік. Ендігі кезекте қалған томдарына шолу жасауды мақсат етіп отырмыз.

Орыс деректерінің VII томы да Ресей бодандығындағы қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, шаруашылығын мен тұрмыс-салтын зерттеген еңбектерін, соның ішінде Г.Н. Потанин шығармаларын жүйелі түрде қамтыған[1]. Зерттеуші еңбектері тарихшы қауымға танымал болғанымен олардың деректік маңызын көпшілік біле бермейді. Г.Н. Потанин шығармаларының артықшылығы да, құндылығы да сонда, автор өзінің көзімен көріп, құлағымен естіген мәліметтерін қағаз беттеріне түсіріп отырған. Орыс елінен өзіне мүлде жат ортаға келген ғалымға бөтен қоғамдағы әрбір нәрсе ерекше болып көрінгені даусыз, десек те басқа біреу оларға назар салып қарағанымен байыбына бара бермеген болар еді. Ал Г.Н. Потанин болса барлығына қызығушылық танытып, жан-жақты байқап, мұқият назар аударып, құнды тұстарын ой зердесінен өткізіп, хатқа қондырып алған. Сонымен қатар өз зерттеулерінде Омбы мұрағат қорларынан жинақтаған көптеген құжаттарды қоса көрсетіп отырған. Сондықтан да ғалым жазбаларының тарихи, ғылыми, мәдени деңгейі өте жоғары. Сондай тыңғылықты еңбегінің арқасында көптеген құбылыстар мен оқиғаларды, үдерістерді танып, өзін әлемге танытты.

Қазақтар тұрмысының аса тартымды мәліметтері қызықтырған, әрі орыс қоғамын қазақтардың тарихы және мәдениеті, тұрмыс-тіршілігімен таныстыруды мақсат еткен Г. Потанин сапары Қазақстанның шығысынан, Көкпекті, Зайсан, Тарбағатай сынды табиғаты көркем жерлерден басталды. 1864 жылы Карл Струвемен бірлесіп жазған «Поездка по Восточному Тарбагатаю» деп аталатын еңбегінде қазақтардың көші-қоны, салт-дәстүрі, шаруашылығы бойынша қомақты материал жинақтаған.

Байырғы көшпелілердің шаруашылығында XIX ғасырдың екінші жартысында далаға капиталистік қатынастардың енуіне орай айтарлықтай өзгерістердің орын алғандығы ғылымда дәлелденген. Осы өзгерістерді көре білген Г.И. Потанин қазақтардың отырықшы мал шаруашылығына көше бастағандығын көзімен көріп, былай деп жазған: «Стремление к оседлости у местного кочевого населения очень замечено; многие киргизы и чоло-киргизы подают прошения на отвод земель, все спешат поскорее занять место и обзавестись явочным актом на него; иногда подают прошение на одно и то же место разом»[1.9б.]. Г.И. Потанин қазақтардың отырықшылыққа ұмтылуының себептерін көрсетпейді, автор алдына мұндай мақсатты қоймайды. Шындығында қазақтардың отырықшылыққа өте бастауы отарлаудың “прогрессивті ықпалы”, “шаруашылықтың жаңа түріне қызығушылық” емес еді. Мұндай үдерістің себебі: біріншіден, қазақ халқына жер беріп, отырықшылыққа көшіру арқылы патша өкіметі оның қалған жерін тонады; екіншіден, халықтың отырықшылыққа көшуі амалсыздықтың, шарасыздықтың салдары. Кесіліп-тоналған жердің қалған-құтқанын сақтап қалу үшін отырықшылыққа өтуге мәжбүр болды; патша өкіметі жергілікті халықтың отырықшылыққа көшуін қолдаған түр білдіргенімен бір жағынан оны тежеп

отырды [2]. Өйткені патшалық идеология «қазақтар тек мал бағуға ғана лайық», «Қазақ даласы егіншілікке жарамсыз», «қазақтар егін егуді орыстар мен казактардан үйреніп жатыр» деген қауесеттерді әдейі таратты. Г. Потанин осы тұжырымдар жайында «Заметка о хлебопашестве в киргизской степи» деген еңбегінде ашық жазды. «До настоящего времени господствовало убеждение, что киргизская степь совершенно не способна для развития земледелия, что на ней может с успехом развиваться исключительно одно скотоводство; это общее мнение вызвало поощрение со стороны правительства киргизскому скотоводству; степь была разделена на две неравные части. Степь Оренбургского ведомства и западная половина степи Сибирского ведомства предназначены были к исключительному развитию скотоводства», - дегені осының айғағы[1.331б.]. Автор патша үкіметінің қазақтардың отырықшы болуына кедергі жасап отырғандығын да жасырмаған. Осы турасында былай жазған: «...киргизское земледелие считалось опасным соперником для земледелия наших пограничных крестьян, и потому придумывались меры ослабить стремление киргизов к земледелию»[1.331б.].

Г. Потанин жоғарыдағы саясатты жоққа шығарып, шынайы жағдайды: «Хотя нельзя назвать степь страной, благоприятной для земледелия, но все же нельзя и отказать ей совершенно в условиях, необходимых для земледелия; большая часть территории бесплодна, но нет почти местности, где бы ни нашлось оазиса для пашен, и удобных хлебопахотных мест легко хватит для всего нынешнего населения степи», - деп көрсеткен[1.331-332б.]. «Қазақтарда егіншіліктің бодандыққа дейінгі уақыттарда және одан бұрын да дамығандығын өзі болған жерлердегі нақты мәліметтер арқылы дәйектеп: «Обширные пашни существуют в речном бассейне Тургая, в центральной части степи; недалеко к востоку от этой местности, возле озера Кургальджина, лежит другой значительный оазис киргизских пашен; отсюда до Иртыша, кажется, нигде нет земледелия; но по левому берегу Иртыша, до станицы Лебяжьей, снова начинаются пашни и продолжают до Калбинских гор. От Калбинских гор на юг, при подошве Тарбагатая и Алатау, идет ряд почти бесперерывных пашен,; в Семиреченском крае я сам был на пяти оазисах на реке Каратале, на реке Биджи, подле горы Карачеку, в урочище Конурлень и при подошве Кунгыалатау, - деп сипаттаған[1. 332б.]. Л.Н.Гумилевтен басталатын қазақ тарихын шынайы зерттеуге ұмтылған тарихшы-ғалымдардың еңбектерінде егіншілік біздің ата-бабаларымыздың, әсіресе түріктердің шаруашылығынан кеңінен орын алғандығы айтылып келеді. Бұл тұжырымды қазіргі тарихшылар да қолдайды. «Жалпы түріктерді көшпенді деуге негіз жоқ. Керісінше түріктер ертеден отырықшы мәдениеттің негізін салып, оның алға ілгерілеуіне жартылай отырықшы және көшпенді бөліктері өздерінің үлесін қосса, оған қосымша жоғарыдағы ертеден отырықшы Қытай, Индия, Иран, Византия елдерінің қатарында орналасқан Орталық Азия. Олар Орталық Азия сияқты тұрмысқа өте қолайлы жерді мекендеп, ежелден отырықшы елдердің қатарында жасап, өмір сүрген...» - дегені дәлел бола алады [3]. «Ертедегі ортағасырларда түріктер өздерінің егіншілік кәсібін алға дамытқан. ...Егіншілікпен қазақ жерінде тек кедейлер ғана айналысқан деген пікір біздің тарихшылардың еңбектерінде жиі-

жиі айтылып келе жатыр. Бұл пікір ғылыми тұрғыдан шындыққа келіңкіремейді. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатынан шыққан көзқарас. ... егіншілікпен айналысу үшін жарлы болу шарт емес», - деп біржақты тұжырымдарға тойтарыс береді [3. 133б.]. Шындығында да егіншілікпен сонау андронов тайпаларынан бері Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы, оңтүстік-батысындағы өзендердің бойларындағы сулу, нулы жерлердегі дихандар айналысқан. Егін егу тек кедейлердің ғана емес ауқатты топтар өкілдерінің кәсібіне айналған. XIX ғасырдың екінші жартысында тауарлы астық егу ауқатты, бай шаруалардың тұрақты әрі кірісті кәсібі болған. Дегенмен де Ресей империясы зерттеушілерінің еңбектерінде қазақтардың егіншілікпен айналысуына орыстардың немесе өзге де халықтардың ықпалы болды деген тұжырым жиі ұшырасады. Әйтсе де ықпалдың егіншілікке емес, еңбек құралдарының жетілдірілуіне болғандығын тарихи үдерістерге сәйкес көрсететін ғалымдар да бар. Солардың бірі - Г. Потанин. Ол орайда былай деп жазған: «Русская культура имела влияние только а левом берегу Иртыша, здесь киргизы употребляют русские сохи и серпы, и вообще все земледелие производится на русский лад. На холодных возвышенностях Калбинских гор киргизы сеют ячмень, который нигде больше в степи не входит в число посевных хлебов, - это такая единственная местность, где киргизы косят сено»[1. 332б.].

Қазақ халқының көшпелі мал шаруашылығын арнайы зерттеу нысанына айналдырған Г.Н. Потанин бұл шаруашылық түрінің өзге кәсіптің арасында басты, әрі негізгі орынды иеленгендігін, қазақтардың түлік малды өсіргендігін, байлардың үйір-үйір жылқысы, қора-қора қойы, табын-табын түйесі, олардың санын иесі мөлшермен ғана білетіндігін тамсана жазған. Төрт түліктің ішінде қазақтардың қой мен жылқыға ерекше мән беріп, басын көбейткен. Ғалым пікірінше, түйені көбінесе ауқатты, бай қазақтар ұстаған [1. 443-444 бб.]. Малды ұстау мен өсірудің тәжірибесіне тоқтала отырып, ғалым жылдың төрт мезгіліндегі қазақтардың кәсібін кеңінен сипаттаған. Қыстау турасындағы сипаттамасында көшпелілердің басты назарындағы жайтты былай жеткізген: «Места для зимовок избираются с большим вниманием, и в выборе их кочевники обнаруживают много наблюдательности и сметливости. Первым вопросом в этом деле является, разумеется, вопрос о зимнем продовольствии грамадных стад скота. Поэтому предпочитают метности, где есть естественная защита от ветров и снегов, например, прилески, камышовые заросли, достигающие в описываемых местах поразительной густоты, пространства при подошве возвышенностей, отлогости близ рек, защищенных крутоями, т.п.» [1.444 б.]. Қыстаудың шаруашылығын үйлестіруде барлық төрт түлік малға бірдей емес, әрқайсысына жеке жеке ыңғайлы, әрі қорегі мен суы жеткілікті жерді таңдаған қазақтың даналығын көре алған Г. Потанин ары қарай сөзін сабақтап, ұсақ мал үшін қажетті жайылым екпінді жел соққанда топырақ беті қардан ашылып, жаздан қалған шөп көрінетін кеңістіктің көзделетіні туралы жазған. Ал түйеге тікен, қияқ, қарыған, көкпек тәрізді өсімдіктер өсетін сортаң жерлердің таңдалатындығын айтқан. Мүйізді ірі қараға шабындықтар, қамысты, қарды аршымай-ақ жайылатын жерлер

қарастырылған. Сонымен қатар қазақтардың қыстаудағы тұрақтарын және тұрмысқа қажетті отын, суын да көшпелі шаруашылыққа ыңғайландыратындығы баса айтылған. Көшпелі қазақтар үшін жұттың ең ауыр қасірет екендігін, мұндай апатта олардың қарап отырмайтындығын былай жеткізген: «В случае заледенения поверхности поля киргизы выгоняютна него лошадей и заставляют их бегать по льду до тех пор, пока он не искоршится; или же поступают так: привязываютк концам большого, тяжелого бревна аркан и, впрягши в него ошадь, гоняют ее по обледенелому месту. В случае выпада глубокого снега, покрывающего с верхом всю растительность, киргизы прибегают даже к раскалыванию его лопатами» [1.446б.]. Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы жұтқа душар болған жағдайда «күрек ашу» әрекетінің болғандығын белгілі ғалымдар С. Толыбеков, Х. Арғынбаев, Н. Масанов[4] жазған. «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген халық жұт кездерінде малды аман сақтап қалудың жолдарын іздестірген. Дегенмен «мал -бір жұттық» деп те бекер айтпаған, өйткені қайталанып тұрған табиғи апат кездерінде жылдың барлық мезгілдерінде тебінгіде, яғни жайылымда болатын күн көріс көзінің үштен екісінен, кейде тіпті бәрінен түгел айрылып қалып отырған.

Г. Потанин назарынан қазақ байларының жомарттығы мен қонақжайлығы тыс қалмаған. «С первых чисел ноября до конца этого месяца идет убой скота. Стоимость убитых животных может простираться от 250 до 600 руб., смотря по достатку хозяина. В определении числа подлежащих убою животных главную роль играют гостеприимства хозяина; а гостеприимство и хлебосольство имеют здесь необыкновенно большое значение. Богатый хозяин, нарезавосенью скота, проводит все время в непрестанных пиршествах, угощая толпы наезжающих гостей и раздавая щедрые подачки (натурою – мясом битого скота, кумысом и т.п.) беднякам собственного аула. Хлебосолы именуются в народе пышным эпитетом «благодетель» (мурза) [1.448 б.].

Г. Потанин өзінің еңбектерінде қазақ халқының төрт түлік малды өсіріп, көбейтуі, оларды тағам және киім, ыдыс-аяқ ретінде пайдалануы, дайындалу жолдары, халықтық салт-дәстүр туралы егжей-тегжейлі жазып, құнды мәліметтер қалдырған. Әсіресе сүт, құрт және ірімшікке кеңінен тоқталып, олардың түрлері, жүннен, әсіресе тоқты жүнінен дайындалатын киімдер жайында тартымды сипаттама жасаған[1.449-453 бб.].

Орыс деректерінің УШ томы екі бөлімнен құрастырылып, «О почетнейших и влиятельнейших ордынцах» деп аталады. 1827 жылдың 12 қарашасынан 1917 жылдың 9 тамызы аралығындағы қазақ даласының құрметті және ықпалды тұлғаларының Сібір және Орынбор ведомстволары бойынша мұрағат қорларынан алынған тізімдері және оларға берілген мінездемелер археографиялық өңдеуден өткізіліп, жинақ ретінде жарияланған. Бұл құжаттар тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін дәйектей түсетін жәдігерлер ғана емес, сонымен қатар олардың күні бүгінге дейін кейбір тұстары пікір талас тудырып немесе әлі де болса ашылмай отырған бейнесін көрсетуде, нақтылай түсуде маңызы зор. Жинақтағы құжаттар Құнанбай Өскенбайұлы, Ғұбайдолла Уәлиханұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Мұхаммедғали Тәукеұлы, Наурызбай

Қазыбайұлы тәрізді сұлтандар мен сазгер, ақындардың сырт пішіндері туралы да мол мәліметтер келтіріліген. 1842 жылы Сібір қазақтарының Шекаралық басқармасы округтық приказдарға текті сұлтандардың, билердің старшындардың және құрметті қазақтардың тізімін жасау жайында бұйрық берген. Бұған қоса мұндай тізімнің әр жылдың басында беріліп тұруын талап еткен. Атаулы тізім алдымен сегіз, одан соң тоғыз белгі бойынша толтырылуға, дәлірек айтатын болсақ, есімі, әкесінің аты, тегі, руы, таңбасы немесе мөрі, қоныстары, отбасы, жағдайы, табиғи ақыл-ойы, қабілеті және білімі, мінезі және ерекше қасиеттері, ордадағыларға ықпалы, патша үкіметіне берілу дәрежесі, сіңірген еңбегі, марапаттары, сотқа тартылуы немесе істі болуы, әдепсіз, жағымсыз әрекеттері көрсетілуге тиіс болған. Дегенмен де қазақ халқының салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігінен, наным-сенімінен алыс, әртүрлі халықтардың өкілдері - құжатты құрастырушылар: округтік приказдардың заседателдері, Орынбор шекаралақ комиссиясының шенеуніктері, орынборлық шептік бақылаушылар, билеуші сұлтандар жанындағы хат жүргізушілер, тілмаштар, т.б. көрсетілген шеңберден шығып, жазбаларын өздерінің білім, мәдениет және өмірлік тәжірибелеріне ің деңгейлеріне сәйкес кейде субъективті, енді бірде объективті түрде толтырып отырды. Мәселен, Құнанбай Өскенбайұлына бірде ақылды, көреген, дарынды, империя заңдарын жадқа білетін тұлға ретінде көрсетілсе, бірде қатыгез, тәкаппар, әділетсіз адам түрінде сипатталған. Сол сияқты Мұса Шормановқа тізімдердің бірінде тәкаппар, айлакер, кекшіл, мансапқор адам, басқа біреуінде білімді, ақылды, шыншыл, әділетті адам ретінде мінездеме берілген. Мұның өзі мынадай пайымдауларға итермелейді: біріншіден, құжат құрастырушылар патша үкіметінің мүддесінде, бұратаналарды өздерінен жоғары етіп көрсетпеу мақсатында қасақана қазақтан шыққан тұлғалардың кемшіліктерін баса көрсетуге баса назар аударған. Екіншіден, сұлтандар мен билердің халық алдындағы беделін оларды бір біріне қарсы қою арқылы төмендету пиғылы болды. Үшіншіден, тізімдерді жасау жыл сайын қайталана бергендіктен олар кейбір уақыттарда жаңартылмады. Десек те өз кезегінде дайындалған тізімдердің дерек ретінде тарих жазуда үшін маңызы зор.

Құжаттар жинағынан формулярлық және қызмет тізімдері айтарлық орын алған. Формулярлық тізім аса маңызды құжат түрі ретінде Ресей империясында І Петр патшаның тұсында пайда болды. Тізім қызметкерлерді марапаттау және қызметін жоғарлатқан немесе демалысқа жіберген жағдайда арнайы дайындалған. Ал қазақ даласында мұндай тізімдерді құрастыру хандық билік жойылғаннан кейінгі уақыттарда, яғни ХІХ ғасырдың бірінші жартысында тәжірибеге ендіріле бастаған. Сібір ведомтвосында тізімге мұндай тізімге Шекара басқармасының кеңесшілері, аға сұлтандар, округтік приказдардың заседателдері, болыстық басқарушылар жатқызылды. Ал Орынбор өлкесінде тізімге қазақ әкімдерінің төменгі буыны, яғни жергілікті биліктегі қызметкерлер енгізілді. 1867-1868 жылдардағы Уақытша ережелерден соң формулярлық және қызмет тізімдеріне отарлық әкімшіліктерде, өзге де уездік буыннан жоғары мекемелерде қызмет еткен дала элитасы енгізілетін болған. Тізімдер жыл сайын алфавиттік ретте дайындалғандықтан олар белгілі бір тұлға

бойынша толық ақпарат бере алмайды. Сондықтан да УІІ томды құрастырушылар басылымға құжаттардың ақпараты толығырақ нұсқаларын алған.

Төңкеріске дейінгі Қазақстан аумағын басқарудың ерекшеліктері ескеріліп, жинақ екі томға және үш бөлімге бөлініп жарияланған. «Сібір ведомствосы» білімінің құжаттары бірінші томына [5], «Орынбор» ведомствосы» және «Дала облыстары» құжаттары екінші томға [6] жинақталған. Бөлімдер ішіндегі құжаттар мерзімдемелік сабақтастықта орналастырылған. Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты қорларынан барлығы 385 құжат жинақа енгізіліп, жарық көрген.

Орыс деректерінің ІХ томына «Народные предания об исторических событиях и выдающихся людях казахской степи (XIX XX вв)» деген атау берілген [7]. Аталмыш томға қазақ халқының ауызша тарих айтуы материалдары енгізілген. Мазмұны бойынша олар әртүрлі, жариялануы жағынан басым көпшілігі ІХ ғасырдың басы және ХХ ғасырдың бірінші ширегі аралығын қамтиды. Шежірелік, топонимикалық және жеке тұлғалық, т.с.с. тарихи аңыздар мен әңгімелер жүйелі, әрі ғылыми, мерзімдемелік тұрғыда тарихи деректер түрінде берілген. Бұл деректер бойларында Ресей бодандығындағы қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени өмірінен мәліметтер сақтаған. Материалдардың арасында сирек кездесетіндері, кез келген зерттеушінің қолына түсе бермейтіндері де бар.

Осылайша «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарияланған Қазақстан тарихы бойынша орыс деректеріне шолу жасадық. Шолу нәтижелері мынадай қорытындылар түйіндеуге мүмкіндік берді: біріншіден, бұл деректер Ресей бодандығындағы қазақ тарихын зерттеуде аса маңызды болып табылады, өйткені құжаттар және зерттеулер отар аймақтың шаруашылық өмірі, әлеуметтік құрылымы, мәдени дамуы, салт-дәстүрі, наным-сенімі туралы мол, әрі қайталанбас мәлімет береді. Екіншіден, қазақ жүздерінің Ресей бодандығын қабылдау үдерісін шынайы зерттеуге септеседі. Үшіншіден, Қазақ елінің тарихи тұлғалары, қызметі мен адами қасиеттері туралы құжаттар олардың тарихи портреттерін сомдауға, қоғамдағы орны мен рөлін айқындауға, объективті түрде қарастыруға жол ашады.

1. История Казахстана в русских источниках. ХУІ -ХХ веков. УІІ том. Г.Н. Потанин. Исследования и материалы. - Алматы, 2006.
2. Әбдіманов Ө. Қазақ газеті; Ысмағұлов Ұ. Қазақтарды отырықшыландыру – жерді тонаудың тың тәсілі// Қазақ тарихы, 1996, №5. - 31-33бб; т.б.
3. Шәлекенов У. Түріктердің отырықшы өркениеті. - Алматы, 2002. - 82б
4. Толыбеков С. Кочевое общество казахов ХУІІ - начала ХХ века. - Алматы, 1965., Аргынбаев Х.; Масанов Н. Кочевая цивилизация казахов. - М., 1997.
5. История Казахстана в русских источниках. ХУІ-ХХ веков. УІІІ том. О почетнейших и влиятельнейших ордынцах. Часть І. - Алматы, 2006.
6. История Казахстана в русских источниках. ХУІ -ХХ веков. УІІІ том. О почетнейших и влиятельнейших ордынцах. Часть ІІ. - Алматы, 2006.
7. История Казахстана в русских источниках. ІХ том. Народные предания об

исторических событиях и выдающихся людях казахской степи (XIX XX вв). - Алматы, 2007.

6-ТАРАУ. ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУЛАР

**Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі қорының
құжаттарын сыныптау мәселесі
Қазақстан мұрағаттары. 2010. №1. -58-66 бб.**

Мақалада Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағытының 19 «Жетісу қоныс аудару басқармасы меңгерушісінің» қорында сақталаған құжаттар деректанудық тұрғыда талданып, сыныпталады. ҚР ОММ -да топтастырылған Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі қорының құжаттары үлкен бір деректік кешенін құрайды. 1905 жылы 14 ақпанда Жетісу облысында Қоныс аудару мекемесі құрылды. Бұл мекеме жергілікті табиғи-тарихи, шаруашылық-статистикалық зерттеулердің негізінде және 1891 жылы 25 наурызда қабылдаған «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы» ереженің 120-бабының қосымша қосылған 1-ескертуінде көрсетілген жерлерден қоныс аудару телімдерін дайындауға міндетті еді. Қордағы іс жүргізу құжаттары Ресейде ХҮІІІ – ХІХ ғасырларда заңдастырылған іс-қағаз негізінде дайындалып, мекемелердің қызметінің барысында қалыптасады. Қор құжаттарын сыныптай отырып, олар бірнеше түрге топтастырылды: нормативтік, басқарушы, хаттамалық, есептік, хат алысу, жеке тектік құжаттар, техникалық және жеке құрам құжаттары. Мұндай сыныптау қорда жинақталған деректердің негізгі түрлерін анықтай отырып, қазан төңкерісіне дейінгі іс жүргізу құжаттарының ерекшеліктерін көрсетеді. Құжаттардың бірінші түрін нормативтік құжаттар құрайды. Олар жоғарғы билік органымен мекеменің қызметін және құзырын ережелер мен нормалар негізінде белгілеп, бекітеді. Оларға патша үкіметінің тарапынан шыққан заңдары, заң актілері, ережелері жатады. Қорда іс-қағаздық құжаттардың негізін басқарушы құжаттар құрайды. Бұл топқа жоғарғы басқарушы органдардан келіп түскен құжаттар жатады: циркулярлар, нұсқаулар, бұйрықтар. Деректердің келесі тобын хаттамалық құжаттар, яғни журналдар, хаттамалар, стенограммалар құрайды. Бұл топ құжаттары қорда көп көлемде кездеседі. Олар мазмұны жағынан әр түрлі болғанымен, бір форма бойынша құрылған құжаттар. Қорда есептер, баяндамалар, баяндау хаттары, анықтамалар, очерктер, қоныс аудару телімдерінің кітаптары, ревизия материалдары, статистикалық мәліметтерді тәрізді есептік құжаттардың түрлері кездеседі. Деректердің бір тобын жеке тектік құжаттар құрайды. Бұл құжат түрлеріне шағымдар, өтініш хаттар, арыздар, жеке адамнан түскен хаттар жатады. Қорда техникалық құжаттар деректердің ерекше түрі ретінде сақталған. Өйткені, іс жүргізу құжаттарының негізін жазбаша деректер құраса, ал бұл құжаттарға сызбалар, жобалар, карталар, планшеттер, фотосуреттер жатады. Жетісу қоныс аудару мекемесі өлкеде бірінші күннен жұмысын бастағаннан, ең алдымен, әр түрлі салада зерттеу жүргізген. Зерттеу жұмыстарының барысында барлық мәліметтер қағаз бетіне түсіріліп, нәтижесінде карталар, сызбалар, жобалар дайындалды.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында топтастырылған Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі қорының

құжаттары үлкен бір деректік кешенін құрайды. Осы деректерді сыныптау арқылы, біз қордағы құжаттардың құрамы мен мазмұнын анықталады. Деректану ғылымында қазан төңкерісіне дейінгі құжаттарды сыныптау тәсілі кеңес кезеңіндегі құжаттарды сыныптаудан ерекше болып табылады. Мұнда әр құжаттың түрі жеке топтастырылып, сыныпталады. Бірақ деректану ғылымында қазан төңкерісіне дейінгі құжаттарды сыныптау тәсілі әлі толығымен жүйеленбеген.

Қордағы іс жүргізу құжаттары Ресейде ХҮІІІ – ХІХ ғасырларда заңдастырылған іс-қағаз негізінде жүргізілді. Іс жүргізу құжаттары тарихи деректердің үлкен тобын құрап, мекемелердің қызметінің барысында қалыптасады. Қор құжаттарын сыныптай отырып, бірнеше түрге топтастырдық: нормативтік, басқарушы, хаттамалық, есептік, хат алысу, жеке тектік құжаттар, техникалық және жеке құрам құжаттары. Мұндай сыныптау қорда жинақталған деректердің негізгі түрлерін анықтай отырып, қазан төңкерісіне дейінгі іс жүргізу құжаттарының ерекшеліктерін көрсетеді.

Құжаттардың бірінші түрін нормативтік құжаттар құрайды. Олар жоғарғы билік органымен мекеменің қызметін және құзырын ережелер мен нормалар негізінде белгілеп, бекітеді. Мемлекеттік мекемелердің іс жүргізу құжаттарын зерттеу үшін, ең алдымен олардың құрылу тарихын және қызметінің негізгі бағыттарын анықтайтын заң актілерімен немесе әкімшілік қаулылармен танысу қажет. Нормативтік құжаттарға патша үкіметінің тарапынан шыққан заң актілері жатады.

1905 жылы 14 ақпанда Жетісу облысында Қоныс аудару мекемесі құрылды. Бұл мекеме жергілікті табиғи-тарихи, шаруашылық-статистикалық зерттеулердің негізінде және 1891 жылы 25 наурызда қабылдаған «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы» ереженің 120-бабының қосымша қосылған 1-ескертуінде көрсетілген жерлерден қоныс аудару телімдерін дайындауға міндетті еді. Бұл баптың 1-ескертуінде, көшпенділер үшін артық болған жерлер Мемлекеттік меншік министрлігінің қарауына өтеді деп көрсетілген [1, с. 1178-1179]. Жоғарыда келтірілген ереже Ресей империясының Заңдар жинағының Губерниялық мекемелердің жинағы атты ІІ томына кірген. Сонымен жергілікті көшпелі халықтың пайдалануындағы «артық» жерлерден қоныс аудару телімдерін дайындау қажет болды. Бірақ шын мәнінде халықтың пайдалануындағы құнарлы жерлерді тартып алып, қоныс аударушылардың мүдделеріне жұмсаған.

Ресей империясының Заңдар жинағының ІХ томының VІІІ кітабындағы Қазына жерлеріне қоныс аудару ережелерінің 124-154 баптарында қоныс аудару телімдерін дайындау тәртібі анықталды [2, с. 741-745]. Ереженің 125-бабына сәйкес, қоныс аудару және қосымша телімдерді құру Жерге орналастыру және егіншілік бас басқармасының жанынан құрылған уақытша партияларға жүктеледі деп көрсетілген [2, с. 741]. Осы заңның негізінде алғашында Жетісу облысында қоныс аудару телімдерін дайындайтын уақытша партия құрылды. Бір айта кететін жайт, ереженің 150-бабында уақытша партияның меңгерушісі болыста құрылған қоныс аудару және қосымша телімдердің нақты саны мен әр қайсысының көлемі туралы Жерге орналастыру

және егіншілік бас басқармасына, жергілікті генерал-губернатор мен губернаторға (әскери губернатор – Г.Т.) жергілікті Егіншілік және мемлекеттік мүлік басқармасына мәлімдеу тиіс деп айтылады [2, с. 744]. Бұдан Ресей империясының жүргізген отаршылдық саясатының мәнісін көреміз, өйткені әр телімге қатысты нақты мәліметтер туралы тек жергілікті Басқармалар ғана емес, орталықтағы Бас басқармалар да хабардар еді.

Жетісу облысында құрылған қоныс аудару мекемесі Жерге орналастыру және егіншілік бас басқармасына қарасты еді. Сонымен бірге, орталықта қоныс аудару ісімен Қоныс аударудың бас басқармасы айналысып, уақытша партиялардың жұмысын бақылап тұрды. Бұл басқармалардың міндеттері Заңдар жинағының I томының «Жерге орналастыру және Егіншілік Бас Басқармасының мекемелері» атты бөлімінде анықталған. I тараудың 1-15 баптарында Жерге орналастыру және Егіншілік Бас Басқармасының қызметінің бағыттары көрсетіліп, оның негізгі міндеті – қоныс аудару ісін меңгеру деп айқындалған [3, с. 380-382]. Ал Қоныс аудару Басқармасының қызметіне қатысты ережелер IX тараудың 112-113 баптары болып табылады. Мұнда Жерге орналастыру және Егіншілік Бас Басқармасы қоныс аудару істерін осы мекемеге жүктеуге құқылы деп айтылады [3, с. 392]. Бұл екі мекеме бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болып, Ресей империясының аграрлық мәселелрін отаршылдық аумақтарда бақылап, шешіп отырды.

Патша үкіметі 1891 жылы 25 наурызда қабылдаған «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы» ереженің 26-бабының 1910 жылы қосымша қосылған 3-ескертуінде Қоныс аудару Басқармасының шенеуніктерін, Дала генерал-губернаторлығының облыстарындағы және Торғай, Орал, Жетісу облыстарындағы қоныс аудару ісінің меңгерушілерін Облыстық басқармалардың Ортақ Кеңесінің құрамына енгізіп, оларға қоныс аудару бөлімінің іс-құжаттарын басқаруды жүктеп, аталған мекемелерде қоныс аудару және әкімшілік істерге қатысты мәселелерді шешуде дауыстары шешуші болып табылады деп көрсеткен. [3, с. 1168]. Бұдан аңғаратынымыз, Қоныс аудару мекемесінің шенеуніктері облыстағы қоныс аудару мәселесіне ғана емес, әкімшілік істерге де қатысты болды.

Қоныс аудару ісіне қатысты заңдар мен өкімдер 1909 жылы Қоныс аудару Басқармасымен Санкт-Петербургте жинақ болып шықты [4]. Жерге орналастыру және Егіншілік Бас Басқармасының тапсыруы бойынша Қоныс аудару Басқармасымен құрастырылған бұл басылымның басты мақсаты Қоныс аудару мекемелеріндегі шенеуніктерге анықтамалық кітап ретінде шығару болды. Осы жинаққа жоғарыда көрсетілген Заң актілерінде және қоныс аудару және жерге орналастыру ісі бойынша өкімдер жинақталды. «Азиялық Ресейдің губерниялары мен облыстарында қоныс аудару және жерге орналастыру ісі бойынша заңдар мен өкімдер жинағы (1909 жылдың 1 тамызына дейін)» Қоныс аудару мекемелеріндегі шенеуніктерге өте құнды қолдан түсірмейтін кітап болды.

Қорда «Азиялық Ресейдің кейбір жерлерінде қоныс аудару телімдерін сату туралы» ереженің жобасы кездесті [5, 30-58 пп.]. Бұл заң жобасы нормативтік құжаттың бір түрі. Ең алғашында Ресейдің Азиялық бөлігінде қоныс аудару

телімдерін сату туралы ереженің жобасы Жерге орналастыру ісі бойынша Комитетінде 1911 жылы 5 сәуірде қарастырылып, осы жылдың 28 сәуірінде Министрлер Кеңесінің талқылауына жіберілді. Нәтижесінде Министрлер Кеңесі жобаны қабылдап, қоныс аудару телімдерін сату туралы ережені Түркістан өлкесінде де таратуды ұсынды. Түркістан өлкесінің Жетісу облысында телімдерді сату заңы арнайы ережемен анықталды.

Сонымен бірге қорда нормативтік құжаттың қатарына жататын «Жетісу казак әскерін жермен қамтамасыз ету ережелері» бар [6, 39-41 пп.]. Бұл ережелер 1914 жылы 3 шілдеде Мемлекеттік Кеңеспен және Мемлекеттік Думамен мақұлданып, қабылданған болатын. Осы заңға сәйкес, казак әскерлерін жерге орналастыру ісі Жетісу облысының уақытша партиясының шенеуніктеріне жүктелді және әр ер адамның жан басына 30 десятина жерден бөлінеді деп айқындалды. Сол уақытта шаруаларға бөлінетін жер үлестері алдыңғы жылдарға қарағанда, 8-10 десятинаға дейін қысқартылса, ал казак әскерлеріне арнайы көлемде жер үлестері бөлінген болатын. 1915-1917 жылдарға Жетісу казак әскерлерін жермен қамтамасыз ету ісіне 2.180.172 сом қаржы бөлінді [6, 29 п.].

Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі қорында іс-қағаздық құжаттардың негізін басқарушы құжаттар құрайды. Бұл топқа жоғарғы басқарушы органдардан келіп түскен құжаттар жатады: циркулярлар, нұсқаулар, бұйрықтар.

Қордағы деректердің келесі тобы - циркулярлар. Циркулярлар жарлықтың жазба түрі болып табылады, олар жоғарыдан өзіне қарасты мекемелерге таратылады. Қорда Жерге орналастыру және егіншілік бас басқармасының, Қоныс аудару басқармасының және Жетісу қоныс аудару ауданының меңгерушісінің ауданға қарасты бөлімдерге таратылған циркулярлары жинақталған. Олардың көпшілігі жергілікті жерде жүргізілген қоныс аудару ісіне қатысты еді. Мысалы, 1906 жылғы 20 наурызда Жерге орналастыру және егіншілік бас басқармасы облыстық Қоныс аудару мекемелеріне, соның ішінде Жетісу облысындағы уақытша партиясына да, циркуляр жолдаған. Мұнда 1904 жылғы 6 маусым заңына сәйкес, Оралдың арғы жағындағы қазыналық жерлерге қоныс аударған шаруалар мен мешандарға қолданылатын шаралар мен жеңілдіктер көрсетілген, яғни осы жылы бірнеше жанұяның топтық қоныс аударуы жасалса, оларға Бас басқармадан көмек көрсетіледі деп анықталған [7, 4-5 пп.].

Қорда айтылғандармен бірге Жетісу қоныс аудару ауданының меңгерушісінің бөлім басшыларына, аудан шенеуніктеріне басшылыққа алатын мәселелерге қатысты циркулярлар сақталған. Жоғарғы басқармалардың жергілікті ауданда қоныс аудару ісіне қатысты 16 тармақтан тұратын нұсқаулар 1911 жылғы 21 сәуір циркулярында нақтыланып көрсетілген [8, 127-128 пп.]. Циркулярлар белгілі хронологиялық шеңбер бойынша жинақталған, осылайша олар бір істі құрайды [9]. Мысалы, Қоныс аудару басқармасының казак әскерлерін жерге орналастыру мәселесіне қатысты 1915-1916 жылғы Жетісу қоныс аудару мекемесіне жолдаған циркулярлары бір істе топтастырылған [10]. Негізінен, Жерге орналастыру және егіншілік бас басқармасынан және Қоныс

аудару басқармасынан жолданған циркулярлардың түпнұсқаларында Басқармалардың басшыларының қолы қойылатын, ал құжаттың көшірмесі болған жағдайда олардың орынбасарларымен немесе іс жүргізу меңгерушісімен расталып, хатшының қолы қойылатын. Жетісу қоныс аудару ауданынан жолданған циркулярларда меңгерушінің қолы қойылып, расталатын. Сонымен, циркулярлар үкімет органдарының жүргізген саясатын анықтауда маңызды тарихи дерек болып табылады.

Осы топқа жататын келесі деректің түрі – нұсқаулар. Бұл - жобалау мен құрылыстың жеке мәселелері бойынша талаптары және қажетті түсініктемелері бар құжат [11, 65 б.]. Мысалы, Жетісу облысындағы қоныс аудару мекемесінің меңгерушісі межелеу жұмыстарының техникалық бөлім меңгерушісіне жолдаған 1908 жылғы циркулярлық хатында қоныс аудару телімдерін дайындау үшін тартып алынатын жерлердің жобасына қатысты төрт пунктен тұратын нұсқау көрсетілген. Мұнда әр телімнің жобасы қандай заңдар мен циркулярлардың негізінде дайындалғанын көрсетілуі қажет екендігі айқындалған [12, 23-25 pp.]. Сонымен бірге, қорда қоныс аудару телімдерін дайындау ережелерінің қолданылуы туралы 16 тармақшадан тұратын жетекшілік нұсқаулар кездеседі. [13, 1-2 pp.].

Басқарушы құжаттардың бір тобын бұйрықтар құрайды. Бұйрық негізгі міндеттерді шешу мақсатында басшылық қабылдайтын құқытық құжат болып табылады. Негізінен бұйрық арқылы мекеменің жеке құрамы бекітілетін. Мысал ретінде келтіретін болсақ, 1918 жылғы 20 ақпан күнгі № 69 бұйрық бойынша, гидротехника бөлімінің хатшысы Г.Д. Чернов денсаулығына байланысты қызметінен босатылды.

орындалуы үнемі бақыланып тұратын.

Келесі деректердің бір тобын хаттамалық құжаттар құрайды. Оларға журналдар, хаттамалар, стенограммалар жатады. Кез келген мекеменің қызметін (жоғарғыдан төменгіге дейін) осы құжаттардың түрі арқылы анықтауға болады, өйткені хаттамалық құжаттарда отырыстардың, мәжілістердің барысында талқыланатын мәселелер мен қабылданатын шешімдер тіркеледі. Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі қорында бұл топ құжаттары көп көлемде кездеседі. Олар мазмұны жағынан әр түрлі болғанымен, бір форма бойынша құрылған құжаттар болып саналады.

XIX ғасырдағы Ресейдің ресми іс жүргізуінде белгілі мәселелердің талқылануы мен оған байланысты қабылданған шешімдерді тіркеудің негізгі түрі журнал болған. Қорда Жетісу Облыстық Басқарманың ортақ кеңесінің журналдары сақталған.

Осы топқа жататын келесі деректің бірі – хаттамалар. Жиналыстардың, отырыстардың, мәжілістердің барысында талқыланған мәселелер мен соған орай қабылданған шешімдер хаттамада мазмұндалады. Қорда хаттамалардың көп бөлігі сақталған.

Кеңес кезеңіндегі іс жүргізуде хаттамалар белгілі ереже бойынша жүргізілсе, ал төңкеріске дейінгі кезеңде олар әр түрлі формада жазылатын. Мәселен, кеңес кезеңінде хаттамаларда реттік нөмірі, күні, барлық қатысушылардың тізімі, күн тәртібі, кей жағдайда барысы, қабылданған шешімі жазылып, Төр ағаның,

комиссия мүшелерінің және хатшының қолымен расталатын. Хаттамалар міндетті түрде осындай ретпен жүргізілетін. Отырыстың түгел әрі нақты барысы стенограммаларда жазылады. Бірақ XIX ғасырдағы мемлекеттік мекемелердің іс-қағаз құжаттарында стенограммалар болмаған. XX ғасырдың басында тек Мемлекеттік Кеңестің және Мемлекеттік Думаның отырыстары туралы стенографиялық есептер құрастырылған [14, с. 256]. Қоныс аудару басқармасында, сол кезеңге сәйкес, стенограммалар құрастырылмағандықтан олар қорда кездеспейді.

Қарастырған хаттамалық құжаттар Жетісу қоныс аудару басқармасының қызметі мен негізгі бағыттарын айқындайтын маңызды дерек түрі болып табылады. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңнің іс жүргізуінде отырыстың барысы хаттамадан гөрі көбінесе журнал формасында мазмұндалатын. Қорда Жетісу Облыстық басқарманың ортақ кеңесі журналдары белгілі жылдар бойынша жинақталып, бір істі құрайды [15]. Сонымен қатар, хаттамалар да топтастырылған. Мысалы, 1907 жылы 30 мамыр мен 4 маусым аралығында Түркістан өлкесінің Егіншілік және Мемлекеттік Мүлік министрлігінің басшысы А.И. Пильцтің төрағалығымен өткен Жетісу қоныс аудару ауданының шенеуніктері отырыстарының хаттамалары қордың бір ісінде жинақталған [16].

Іс жүргізу кешенінде есептік құжаттар айтарлықтай орын алады. Бұл құжаттарда алуан түрлі мәліметтер болғандықтан, оларды сынау біршама қиынға түседі. Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі қорында есептік құжаттардың келесі түрлері кездеседі. Олар: есептер, баяндамалар, баяндау хаттары, анықтамалар, очерктер, қоныс аудару телімдерінің кітаптары, ревизия материалдары. Сонымен қатар, бұл құжаттарға статистикалық мәліметтерді жатқызуға болады.

Жетісу облысы бірнеше кіші қоныс аудару аудандарына бөлінген болатын. Олардың әр қайсысын кіші аудан меңгерушілері қызметінде шенеуніктер басқарған. Қорда осы кіші аудан меңгерушілерінің агрономиялық, межелеу, қоныс аударушыларды жерге орналастыру, гидротехникалық және қосымша жұмыстар бойынша жылдық есептері сақталған. Кіші аудан меңгерушілерінің есептері еркін нысанда құрастырылатын және қорда көбінесе олар қолжазба түрінде кездеседі. Мәселен, Верный, Пішпек, Пржевальск, Лепсі, Жаркент кіші аудан меңгерушілерінің 1911 жыл бойынша есептерін талдайтын болсақ, жоғарыда айтып кеткендей олар еркін түрде құрастырылғанымен, белгілі формада статистикалық мәліметтер ғана келтірілген [17, 206-247 pp.]. Нақты айтсақ, есептік жылда ауданға қай облыстар мен губерниялардан қоныс аударған жанұялар санын келтіріліп, қанша және қандай көлемде қоныс аудару телімдері құрылғандығы туралы мәлімдемелер жасалған. Бұл есептердің негізінде қалыптасқан тәртіп бойынша Жетісу Қоныс аудару облысының меңгерушісі облыс бойынша жылдық есепті құрастырып, Егіншілік және Жерге орналастырудың Бас басқармасына ұсынатын.

Қорда, негізінен, жылдық есептердің шимай түрлері сақталған және олар 1905-1916 жылдарды қамтиды. Енді Жетісу облысының 1915 жылғы есебін қарастыратын болсақ, жылдық есеп және оған қатысты мәліметтер бір істе топтастырылған [18]. Есепке қатысты мәліметтерге әрбір кіші аудан

меңгерушілерінің аталған жыл бойынша есептері және есептік мағлұматтары жатады. Ал облыстың меңгерушісімен құрастырылған жылдық есепте қонысқа орналастырылған және есепке алынған қоныс аударушылар саны, құрылған мал шаруашылық және хуторлық телімдер, Жетісу казак әскерлерін жерге орналастыру ісі, қоныс аударушыларға бөлінген ссудалар, қоныс аудару ісіне бөлінген қаражаттың жұмсалуды, әр кіші аудан бойынша есептік жылда тіркелген қоныс аудару телімдері және штат қызметкерлері туралы мәліметтер келтірілген. Мысалы, 1915 жылғы есеп бойынша, Жетісу облысына 1262 жанұя қоныс аударды, ал 246-сы отанына қайта оралды. Есептік жылы 143645 десятина көлемінде бөлінген және қайта бөлінген телімдер саны 60 болды [19, 123-187 пп.]. Жалпы әр бір жылдық есептерде осындай статистикалық мәліметтер келтіріледі және кейбіреуінде межелеу бөлімінде дайындалған облыстың картасы болады [20, 292 п.]. Ал, бірнеше жылды қамтитын шолу есептері бір жылдық есептерден ерекшелігі – оларда қысқаша өлкенің географиялық және тарихи очеркі беріледі. Жетісу қоныс аудару мекемесінің 1906-1913 жылдардағы ісі бойынша есебінде облыстың тарихи-географиялық, экономикалық және шаруашылық жағдайы суреттеліп, содан әр жылдың есебі ұсынылған [21].

Сонымен қатар қорда Жетісу облысындағы казактарды жерге орналастыру ісі бойынша айлық және жылдық есептер кездеседі. Мәселен, межелеу бөлімінің 1914 жылғы қаңтар айы бойынша есебінде топографтардың атқарған істері көрсетілген [22, 15 п.]. Ал, жылдық есептер айлық есептердің негізінде құрастырылатын. Жетісу облысындағы казактарды жерге орналастыру ісі бойынша 1916 жылғы есепті алатын болсақ, мұнда әр уезд бойынша жүзеге асырылған шаралар нақты айқындалған. Есептің қорытындысында кесте түрінде Верный, Қапал, Лепсі, Жаркент уездері бойынша барлық казак қоныстары көрсетілген. Ал келесі кестеде алты уезд бойынша әскери қорға өтетін жер көлемі анықталған. Мұнда барлығы 397784 десятина жер казак әскерлерінің үлесіне бөлінген [23, 73-76 пп.]. Бір айта кететін жайт, қорда казак әскерінің ісі бойынша 1916 жылғы мамыр-тамыз айларының есебі сақталған [24, 16 п.]. Бұл есептегі мәліметтер жоғарыда қарастырған жылдық есепте қолданылған. Жетісу облысындағы казактарды жерге орналастыру ісі бойынша жылдық есептер өлкедегі қоныс аудару істері бойынша жасалған жылдық есептер сияқты белгілі форма түрінде құрастырылатын.

Жылдық есептермен қатар, қорда әр түрлі істер бойынша қысқаша есептер сақталған.

Есептік құжаттардың бір түрі баяндамалар болып табылады. Негізінен, баяндамалар белгілі бір мәселе бойынша жасалады. Қорда баяндамалардың көшірмелері немесе шимай түрлері ғана сақталған.

Мазмұны жағынан есептерге жақын баяндамалар болады. Жетісу облысының қоныс аудару ісі бойынша меңгерушісінің өлкедегі 1906-1911 жылдардағы қоныс аудару ісі бойынша баяндамасы өте көлемді және жылдық есептердің негізде құрастырылған [25, 12-33 пп.]. Бұл баяндама үш бөлімнен тұрады: 1906-1911 жылдардағы Жетісу қоныс аудару мекемесінің қызметі, отарлау аудандары және олардың маңыздылығы, келешекте Жетісуды кеңінен

отарлауда жүргізілетін іс-шаралар. Сонымен, баяндамада мекеменің қызметі барысында қоныс аудару ісіне қатысты жүзеге асырылған жұмыстар жан-жақты айқындалған. Ал соңғы бөлімінде келешекке жоспарланған істер мазмұндалған. Есептер сияқты, баяндамалар да құнды деректер болып табылады, өйткені онда белгілі мәселе нақты қарастырылады.

Баяндамаларға қарағанда баяндау хаттары қорда аз кездеседі. Олар әр түрлі мазмұнды болып келеді. Мысалы, С.Н. Велецкийдің 1910 жылдың 31 тамызындағы баяндау хатында қоныс аудару саясаты арқылы Жетісу өлкесінде отарлауды қалай тиімді жүргізу керек туралы өз ойларын, ұсыныстарын баяндаған [26, 38-46 pp.]. Бұл баяндау хат түпнұсқа болғанымен, кімге немесе қай мекемеге жолданғаны белгісіз. Баяндамамен салыстырғанда баяндау хаттары мен анықтамаларда белгілі бір мәселе нақты әрі қысқа түрде мазмұндалады. Мысалы, меңгеруші С.Н. Велецкийдің Верный уезі бойынша қоныс аудару ісінің жағдай туралы анықтамасында, 1906 жылы барлығы 1104 жанұя 5381 адам санымен қоныс аударғаны туралы мәліметтер келтірілген [27, 9 п.]. Ал, жерге орналастыру және межелеу бөлімінің меңгерушісі М. Войшиллоның ұсынған анықтамасында 1911-1916 жылдар аралығындағы Жетісу облысында казактарды қоныстарға орналастыру мәселесі қысқаша мазмұндалған. Осылайша баяндамалар, баяндау хаттары, анықтамалар басқа ресми іс-құжат материалдарына қосымша ілеспелі құжат болып табылады.

Жетісу қоныс аудару басқармасында есептермен қатар очерктер жасалатын. Бұл екі құжаттың мәліметтері кей жағдайда ұқсас болып келеді. Мысал ретінде Жетісу қоныс аудару мекемесінің 1910 жылғы қызметінің қысқаша очеркісін қарастыратын болсақ, мұнда облыстың жеті кіші ауданында (Верный, Жаркент, Пржевальск, Нарын, Пішпек, Қапал, Лепсі) өткізілген жерді бөлу және қоныс аударушыларды орналастыру ісі қысқаша баяндалған. Сонымен қатар, облыстағы статистикалық, гидротехникалық, агрономиялық, топырақтық-ботаникалық экспедиция жұмыстары мен қоныс аударушыларға көрсетілген қосымша көмек шаралары мазмұндалған [28, 7-19 pp.]. Мұнда жылдық есептегі мәліметтер кездескенімен, олар жалпылама түрде шолу ретінде келтірілген. есептерді қосымша толықтырып отырған. Очерктер белгілі үлгіде емес, еркін нысанда жасалатын және оларда келтірілетін статистикалық мәліметтер деректік тұрғыдан құнды болып табылады.

Қоныс аудару телімдерінің кітаптарын, қырғыз (қазақ – автор.) және орыс болыстары тізімдерінің кітаптарын есептік құжаттың бір түріне топтастыруға болады. Олар статистикалық бөлімге қатысты құжаттар. Қоныс аудару телімдерінің кітаптарында уездер мен кіші аудандардағы телімдердің тізімдері мен ведомостары жинақталған. Мысалы, Жетісу облысының 1917 жылғы кітабында барлық уездер мен кіші аудандардағы қоныстануға жарамды, мал шаруашылығына арналған, қосымша казак бөлімдерінің, суландыруды қажет ететін және қоныстануға жарамсыз телімдердің көлемі көрсетілген тізімдер қорда сақталған. [29, 1-9 pp.]. 1912 жылғы болыстар тізімінің кітабында Жетісу облысының сегіз кіші ауданы бойынша мәліметтер келтірілген. Облыстағы 198 болыстың 134-і қазақ, ал қалған 64-і орыс болыстары болған. [30, 4-7 pp.]. Бұл мәліметтерден, сегіз жыл ішінде өлкедегі қоныс аударушылар мекендерінің

қазақ болыстарынымен салыстырғанда екі есе көбейгенін байқау қиын емес, яғни Жетісуда шаруалар отарлауының кең ауқымда әрі кең етек жая жүргізілген деп тұжырымдауға негіз бар. Жоғарыда келтірген қоныс аудару телімдерінің кітаптарында есептерді құрастыруда пайдаланылған статистикалық мәліметтер берілген, олар құнды тарихи деректер тобын құрайды.

Өлкенің жағдайы және ондағы мекемелердің қызметі ревизиялар арқылы қадағаланып отыратын. 1908 жылы Түркістан өлкесіне сенатор К.К. Пален ревизиямен жолданған болатын. Бұл сенаторлық ревизияның барысында барлық мекемелер, сонымен бірге Жетісу қоныс аудару басқармасы да, тексерілді. Өкінішке орай қорда ревизияның құжаттары сақталмаған. 1910 жылы Санкт-Петербуркте «Сенатор Гофмейстр граф К.К. Паленнің Түркістан өлкесінде жүргізген ревизиясының есебі» басылып шықты [31]. Осы есептің бір томы Қоныс аудару ісіне арналған. Айта кететін жайт, Жетісу қоныс аудару мекемесінің 1906-1913 жылдардағы есебінде К.К. Паленнің ревизиясы бойынша жасалған қорытындылар мен ескертулер көрсетілген [21, 133-188 пп.]. Бұл ревизия алдыңғыларға қарағанда, өзінің міндеттері бойынша кең көлемді болды.

Біз жоғарыда көрсеткендей, әр есепте статистикалық мәліметтер келтіріледі. Сонымен қатар, статистикалық бөлімде жинақталған мәліметтер қорда бір істі құрайды және бұл құжаттарды есептік топтың бөлек түріне жатқызамыз. Мысалы, 1909-1910 жылдардағы Жетісу облысындағы қоныс аударушылар туралы статистикалық құжаттарда әр уезд бойынша аталған жылдары қанша жанұя (жан басы санымен) келгені, қандай селода орналасқандығы жайында нақты мәліметтер келтірілген [32, 22 п.]. Статистикалық құжаттарға талдау жасаған уақытта, ондағы мәліметтердің шынайлығына көз жеткізу үшін біз көрсеткіштерді басқа деректердегі мәліметтермен салыстырдық. Статистикалық құжаттарға, негізінен, сандық талдау әдісін қолданылады, өйткені бұл әдіс тиімді. Жалпы, қорда жинақталған есептік құжаттар үлкен көлемде кездеседі. Олар Жетісу қоныс аудару мекемесі қызметінің негізгі бағыттарымен және жүзеге асырған істерінің қорытындыларымен жүйелі түрде танысуға мүмкіндік береді.

Қордағы іс жүргізу құжаттарының келесі бір түрі – хат алысу. Бұл топтың деректері әр алуандығымен ерекше және олар кіріс пен шығыс болып бөлінеді. Жетісу қоныс аудару басқармасының хат алысуын бірнеше түрге топтастыруға болады: өзіне қарасты мекемелермен хат алысу; басқармаға қарасты емес немесе деңгейі тең мекемелермен хат алысу; жоғарғы мекемелермен хат алысу. Әр топқа белгілі құжаттардың түрлері жатады. Қордағы хат алысу құжаттары бір мәселеге қатысты жинақталған.

Деректердің бір тобын жеке тектік құжаттар құрайды. Бұл құжат түрлеріне шағымдар, өтініш хаттар, арыздар, жеке адамнан түскен хаттар жатады. Жетісу қоныс аудару басқармасына қоныс аударушылардан, жергілікті халықтан жер мәселесіне қатысты әр түрлі шағымдар, өтініш хаттар, арыздар түсіп тұрған. Олар, негізінен, жеке және ұжымдық түрде жасалатын. Мәселен, Тары қалашығының мешанині Н.А. Кантер Жаркент уезінің басшысына жолданған өтініш хатында мал шаруашылығы үшін жер бөліп беруді сұраған. [33, 2 п.].

Бұл құжат түпнұсқа болып табылады және автордың қолымен жазылған. Енді ұжымдық құжаттарды қарастыратын болсақ, Лепсі уезі Мақаншы-Садыр болысының № 2 ауылының он бес үй иелерінің атынан Әубәкір Тыншынбаев Лепсі кіші ауданының меңгерушісіне өтініш хат жолдады. Олардың жайылымдық жерлері қоныс аудару телімдері үшін тартып алынып, жерсіз қалу қауіпсіздігі туғандықтан, отырықшылыққа өтуге мәжбүр екендігін баяндайды. Теректі өзенінің арғы бетінде, қазақ мешітінің маңындағы жерлерді отырықшылық шаруашылық жүргізу үшін беруді сұрайды [34, 1 п.]. Бұл өтініш түпнұсқа түрінде сақталған және қазақтардың атынан өкілдің қолымен (арабша) расталған. Сонымен бірге, қорда кейбір құжаттар орыс және татар тілдерінде қатар кездеседі.

Қорда техникалық құжаттар деректердің ерекше түрі ретінде сақталған. Өйткені, іс жүргізу құжаттарының негізін жазбаша деректер құраса, ал бұл құжаттарға сызбалар, жобалар, карталар, планшеттер, фотосуреттер жатады. Жетісу қоныс аудару мекемесі өлкеде бірінші күннен жұмысын бастағаннан, ең алдымен, әр түрлі салада зерттеу жүргізген. Зерттеу жұмыстарының барысында барлық мәліметтер қағаз бетіне түсіріліп, нәтижесінде карталар, сызбалар, жобалар дайындалды. Осындай техникалық құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері қорда жинақталған. 1915 жылы межелеу бөлімінде дайындалған схемалық сызбада Жетісу облысы бойынша геодезиялық тірек мекендерінің торы құрылған. Бұл тор Шиен-Суық-Төбе мекенінен басталып, орталық жүйесі Үш-Қоңыр мекенінің маңайында болып, шығыс жүйесі Мың-Жылқы және Көк-Төбе мекендерімен аяқталады.[35, 7 п.].

Қорда техникалық құжаттардың деректік тұрғыдан ең құндысы болып, карталар саналады. Олардың бірнеше түрін қарастыратын болсақ, 1908 жылы межелеу жұмыстарының жылдық есебіне қосымша Жетісу қоныс аудару ауданының картасы дайындалды. Мұнда аталған жылы жоспарланған және құрылған телімдер көлемі, әскери қордан берілген телімдер, Уақытша Комиссиямен бекітілген телімдер, қалалық жерлер, казак әскерлерінің жерлері, бұрынғы тұрғындар мекендерінің жерлері, бұратана халық мекендерінің жерлері, сонымен бірге, аудан меңгерушісінің және кіші аудан меңгерушілерінің мекен-жайлары, дәрігерлік және фельдшерлік пунктер белгіленген [36, 274-а п.] Карта түрлі-түсті, қолдан сызылған және түпнұсқа болып табылады, өйткені межелеу бөлімі меңгерушісінің қолымен расталған. Ал, Жетісу облысының 1909 жылғы қоныс аудару ісі бойынша баяндау хатқа өлкенің сызба картасы қосылған. Бұл картада Лепсі, Қапал, Верный, Пішпек, Жаркент, Пржевальск уездеріндегі қазақ болыстары табиғи-тарихи аудандарға бөлініп көрсетілген [37, 58 п.] Қорда аталған деректің түрі түпнұсқа түрінде сақталған, онда картограф пен сызбашының аты-жөні жазылған.

Техникалық құжаттардың бір тобын фотосуреттер құрайды. Жетісу қоныс аудару ауданының оқу орындары мен діни мекемелері туралы істе Верный және Лепсі уезіндегі мектептер мен шіркеулердің суреттері бар [38, 10-29 пп.]. Уақыт өткен сайын, бұл фотосуреттердің сапасы төмендеген. Бірақ, тарихи ғимараттарды көзбен көруге мүмкіндік етеді. Соған қоса, қорда Шамалған өзені бассейнінің фотосуреттері Шамалған қоныс аудару телімінің құрылуы туралы

ісінде кездеседі. Фотосуреттер техникалық құжаттардың құнды түрі болып табылады, өйткені олардан мол мәліметтерді алуға болады.

Деректердің келесі тобын жеке құрам құжаттары құрайды. Жеке құрам құжаттарына штат қызметкерлерінің тізімдері, аттестациялық тізімдер, жұмысқа алу туралы өтініштер, жұмыстан босату туралы бұйрықтар, қызметкерлердің жалақы ведомостары, шенеуніктердің қызметі туралы формулярлы тізімдер, қызметкерлердің жеке істері, топографтардың өндірістік күнделіктері, қызметкерлердің куәліктері мен ашық қағаздары жатады. Қорда штат қызметкерлерінің әр түрлі тізімдері кездеседі. Мәселен, жоғарғы, ортаншы немесе кіші оклад алатын қызметкерлердің тізімдері жасалған [39, 517-518 пп.]. Қоныс аударудың Бас басқармасына марапатталатын шенеуніктердің тізімдері жыл сайын жолданатын, бұл тізімде қызметкердің лауазымы, жалақысының мөлшері, разряды көрсетілетін. Қазақ жұмысшыларының тізімдері кездеседі, онда қай болыс пен ауылдан екендігі белгіленген. Тізімдерден қазақтардың көбінесе гидротехника бөлімінде жұмыс жасағандығын байқадық. Мұндай құжаттардан штаттың үлкеюі мен қысқаруы туралы мәліметтерді алуға болады.

Жеке құрам құжаттарында жұмысқа алу туралы өтініштер және қызметшілерді жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату бұйрықтары жинақталған.

Қорда қызметкерлердің 247 жеке істері жинақталған. Бұл құжаттарда әр қызметші туралы толық, әрі нақты мәліметтер алуға болады. Мәселен, Жетісу қоныс аудару мекемесінде тілмаш болып қызмет еткен Тоқсанбаев Қайсеркенің жеке ісін қарастыратын болсақ, онда жұмысқа қабылдау туралы өтініш, тілмаш қызметіне қабылданған бұйрықтың көшірмесі, қызмет тізімі тігілген. Сондай-ақ Жетісу қоныс аудару мекемесінің ұзақ жылдар бойы меңгерушісі болған С.Н. Велецкийдің [40], тілмаш қызметін атқарған Т. Бокиннің жеке істері сақталған [41].

Құжаттардың келесі түрі - бұл топографтардың өндірістік күнделіктері. Бұл күнделіктер бір жылға жасалады, әр айда атқарылған істер мен демалыс күндері көрсетіледі. Күнделіктер түпнұсқа түрінде сақталған, топографтардың қолымен расталған [42, 18 п.]. Сонымен бірге, жеке құрам құжаттарын қызметкерлердің куәліктері мен ашық қағаздары құрайды. Бұл құжаттар Жетісу қоныс аудару басқармасының шенеуніктеріне арнайы берілген болатын. Куәліктерде аудан меңгерушісінің қолы қойылып, мөрі басылатын. Ал ашық қағаздар Жетісу облысының әскери губернаторының қолымен және мөрімен расталатын. Олар арнайы бланктерде толтырылып, әрқайсысына жеке нөмір қойылатын. Қорда бұл құжаттардың түпнұсқалары жеке істерде жинақталған. Жеке құрам құжаттары мекеме штатының қалыптасуы мен құрылымын анықтаудағы маңызды деректер болып табылады.

Сонымен, қордағы құжаттардың құрылымдық-хронологиялық принцип бойынша жүйеленуі, зерттеушілерге деректермен танысуға жеңілдік жасайды. Деректерді жан-жақты талдай отырып, онда мазмұндалған мәселенің ғылыми құндылығын анықтауға болады. Сондықтан құжаттардың көптүрлілігіне байланысты оларды сыныптай отырып, деректерде сипатталған тарихи құбылыстардың мәнін ашуға талпыныс жасалды. Бұл құжаттар арқылы Жетісу

қоныс аудару мекемесінің қызметін анықтай отырып, патшалық Ресейдің қазақ даласында жүргізген отарлау саясатына баға беруге болады.

1. Свод законов Российской империи. Книга первая. Второе издание. – СПб., 1913. – Т. 2. – 2774 с.
2. Свод законов Российской империи. Книга первая. Второе издание. – СПб., 1913. – Т. 2. – 2774 с.
3. Свод законов Российской империи. Книга первая. Второе издание. – СПб., 1913. – Т. 1-4. – 2774 с.
4. Сборник законов и распоряжений по переселенческому делу и по поземельному устройству в губерниях и областях Азиатской России (по 1 августа 1909 г.). – СПб.: изд. Переселенческого Управления, 1909. – 698 с.
5. Дело о продаже переселенческих участков // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 191. – 30-58 пп.
6. Руководящие указания Переселенческого управления об отпуске средств для землеустройства Семиреченского казачьего войска; переписка с подрайонами о переводе казахов в оседлость и землеустройстве их // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 2275. – 39-41 пп.
7. Циркуляры Главного управления землеустройства и земледелия и переселенческого управления // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 25. – 4-5 пп.
8. Циркуляры и другие руководящие (материалы) указания о планировании и отчетности, о применении правил по образованию переселенческих участков и личному составу // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 140. – 127-128 пп.
10. Циркуляры и приказы заведующего Семиреченским переселенческим районом // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 2025. – 139 п.
11. Ысқақ А.С. Іс жүргізу және мұрағат ісі. Қазақша-орысша және орысша-қазақша терминологиялық түсіндірме сөздік. – Алматы: Өнер, 2006. – 160 б.
12. Копии циркуляров переселенческого управления, Главного управления землеустройства и земледелия // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 24. – 72 п.
13. Руководящие указания переселенческого управления о порядке применения правил об образовании переселенческих участков // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 199. – 1-2 пп.
14. Источниковедение истории СССР / под ред. И.Д. Ковальченко. – Москва: Высшая школа, 1981. – 496 с.
15. Журналы заседаний присутствия Семиреченского областного правления // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 454. – 14 п.
16. Протоколы совещаний чиновников Семиреченского переселенческого района // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 47. – 39 п.
17. Отчет о работе Семиреченской переселенческой организации за 1911 год и материалы к нему // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 223. – 154 п.
18. Годовой отчет Семиреченского района за 1915 год и материалы к нему // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 533. – 201 п.
19. Отчеты о работе Семиреченского района за 1915 год // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 534. – 123-187 пп.
20. Отчет о работе Семиреченской переселенческой организации за 1906-1913 годы // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 27. – 5 п.
21. Отчет о работе Семиреченской переселенческой организации за 1906-1913 годы // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 26. – 158 п., Отчет о работе Семиреченской переселенческой организации за 1911 год и материалы к нему // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 223. – 154 п., Отчет о работе Семиреченской переселенческой организации за 1906-1913 годы // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 28. – 302 п., Отчет о работе Семиреченской переселенческой организации за 1906-1913 годы // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 29. – 356 п.
22. Отчет о работе Семиреченской переселенческой организации за 1906-1913 годы // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 28. – 302 п.

23. Отчеты о работе по землеустройству казахов в Семиреченской области за 1916 год // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 2445. – 77 п.
24. Отчет о работе по казачьему землеустройству за май-август месяцы 1916 года // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 593. – 16 п.
25. Доклад заведующего переселенческим делом о работе переселенческой организации за период с 1906 по 1911 годы // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 307. – 12 п.
26. Докладная записка заведующего переселенческим районом о гидротехнических работах в Семиреченской области // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 228. – 38-46 пп.
27. Дело о постановке и введении переселенческого дела в Семиреченской области // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 41. – 9 п.
28. Краткий очерк о работе Семиреченской переселенческой организации за 1910 год // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 154. – 7-12 пп.
29. Списки переселенческих участков Семиреченской области // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 2637. – 1-9 пп.
30. Список волостей Семиреченской области по подрайонам // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 1159. – 4-7 пп.
31. Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по высочайшему повелению сенатором гофмейстером графом К.К. Паленом. Переселенческое дело. – СПб.: Сенаторская типография, 1910. – 436 с.
32. Статистические сведения о переселенцах в Семиреченской области // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 1146. – 22 п.
33. Прощение мещанина Контер Н.А. о сдаче ему в аренду скотоводческого участка на урочище Чалкуде в Джаркентском уезде // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 1927. – 2 п.
34. Прощения казахов Маканчи-Садыровской волости Лепсинского уезда о переходе их в оседлость и протокол Временной комиссии по образованию переселенческих участков в Чинжилинской и Западно-Чинжилинской волостях Лепсинского уезда; выписка из плана по землеотводно-межевым работам на 1912 год // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 1508. – 1 п.
35. Сведения об участке Семиреченского переселенческого района // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 2451. – 7 п.
36. Отчет за 1908 год // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 65. – 264-265 пп.
37. Докладная записка о положении переселенческого дела в Семиреченской области и инструктивные указания о порядке переселения в Семиреченскую область // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 115. – 58 п.
38. Таблицы о числе сельских школ и церквей в селениях Семиреченского переселенческого района // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 618. – 10-29 пп.
39. Переписка с подрайонами, врачебными пунктами с представлением сведений об эпидемических заболеваниях // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 198. – 517-518 пп.
40. Велецкий Сергей Николаевич // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 2, іс. 270. – 128-130 пп.
41. Бокин Токашбай // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 2, іс. 257. – 2-4 пп.
42. Производственный дневник топографа Тумарова Л.И. за 1910 год // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 1379. – 18 п.

Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі қорының құжаттары өлкедегі рухани отарлау тарихының деректері
Қазақстан мұрағаттары. 2010. №4. -59-65 бб.

Жетісуда жергілікті қоныс аудару мекемесінің тарапынан жүргізілген рухани отарлаудың бір көрінісі өлкеде мектептер мен шіркеулердің салынуы

еді. 1893 жылғы 13-маусымда қабылданған Сібір темір жолының ауданында қоныс аудару телімдерін құру туралы уақытша ережеге сәйкес әр телімде шіркеу мен мектепке 8 десятина көлемінде жер бөлінуге тиіс еді [1, 191 п.]. Жетісу облысында да бұл ереже заңды күшіне енген болатын. Бірақ өлкенің табиғи жағдайына қатысты әр ауданда телімдер 6-10 десятина аралығында белгіленген. Қордағы нормативтік құжаттар бойынша отар аумақтарда діни және оқу-ағарту ісі де Ресей империясының назарынан тыс қалмағандығын байқатады.

Жетісу облысында қоныс аудару басқармасы құрылғанға дейін, өлкеде мектептер мен шіркеулердің салыну ісімен жергілікті әкімшілік айналысты. Ал 1905 жылдан бастап, Егіншілік және жерге орналастыру бас басқармасының нұсқауымен қоныс аудару телімдерінде мектептер мен шіркеулердің салыну ісі Қоныс аудару басқармасының шенеуніктеріне жүктелген. Қоныс аудару басқармасы бұл істі жергілікті епархиалды басшылық пен Ұлы Синодтың орталық басқармасымен келісіп жүзеге асырған [1, 185 п.]. Жаңадан құрылған қоныс аудару телімдерінде шіркеулердің және приходтардың ашылуы орыс шаруаларының санын көбейтті. Сонымен қатар, мұндай телімдер ходоктар үшін бағалы болды.

1907 жылдан бастап діни және оқу-ағарту ісі Ресей империясының тарапынан қолға алына бастағандығын қорда жинақталған басқарушы құжаттар дәлелдейді. Мәселен, 1907 жылғы 31 тамызда басқарушы Синод императордың жарлығы қабылданды. Бұл циркуляр Түркістан және Ташкент епископына және Жетісу қоныс аудару ауданына жолданды. Жарлықтың мазмұнында қоныс аудару аудандарында мұсылман, буддист және әр түрлі секталардағы халықтардың көптігі, олардың православиелі орыс шаруаларына үлкен ықпал ететіндігі, мұның өзі қоныс аударушыларды шіркеуден алшақтауға әкеп тірейтіндігі, ондықтан тез арада шара қолдану керектігі айтылды. [1, 68 п.].

1908 жылдың 18 қаңтарында жоғарыда келтірілген императордың жарлығы бойынша өлкеде обер-прокурордың төрағалығымен Арнайы кеңес құрылды. Кеңестің міндеті қоныстандыру аудандарында діни қажеттіліктерді жүзеге асыру үшін жұмсалатын қаржыны анықтау болды. Арнайы кеңестің алғашқы отырысы 1908 жылдың 30 наурызында өткізілді. Қорда сақталған хаттаманың көшірмесінде отырыстың барысы мазмұндалған [1, 136 п.]. Хаттамада көрсетілгендей, императордың 1908 жылдың 7 наурыздағы бұйыруы бойынша әр өлкеде комиссиялармен қатар Арнайы комитеттер құрылу керек. Бұл комитеттерге қоныс аударушылардың діни тұрмыстарына қажетті іс-шаралардың жүзеге асыру жүктелді. Комитеттің төрағасы епархиалды архиерей (жоғарғы діни шеннің жалпы атауы – автор.) болды, сонымен қатар оның құрамына Мемлекеттік мүлік басқармасының басшысы, Қоныс аудару ауданының меңгерушісі және архитектор енгізілді.

Түркістан өлкесінің епископы Дмитрий Синодқа жасаған ұсынысы бойынша, Түркістан епархиясына бес облыс кіргендіктен, әрі бір комитет барлық істі қамти алмайтындықтан, әрбір облыста арнайы облыстық комитеттер құру қажет. Бұл ұсыныс Синодта 1908 жылдың 7 мамырында мақұлданып, нәтижесінде Жетісу облыстық комитеті құрылды. Облыстық

комитеттің құрамына Жетісу облысының әскери губернаторы, облыстық Мемлекеттік мүлік басқармасының басшысы, Жетісу қоныс аудару ауданының меңгерушісі және облыстық инженер кірді.

Жетісу облыстық комитетінің қызметін хаттамалық құжаттар арқылы анықтауға болады. Комитеттің құрамында қоныс аудару ауданының меңгерушісінің болғандығын, әрі оның мәжілістері тұрақты түрде өткізіліп отырғандығын қорда жинақталған отырыстарының хаттамалары мен журналдарының көшірмелері дәйектейді. Ең алғашқы отырыс 1908 жылдың 13 маусымында өтіп, оған Түркістан епископы Дмитрий, әскери губернатор генерал-лейтенант Покотило, Жетісу қоныс аудару ауданының меңгерушісі Велецкий, облыстық инженер қызметін атқарушы Зенков және іс жүргізуші Брызгалов қатысты [1, 195 п.]. Отырыста меңгеруші С.Н. Велецкийдің Жетісу өлкесінде орыс қоныс аударушыларының орналасуы мен жобаланған телімдер туралы баяндамасы тыңдалды. Баяндамада облыс бойынша барлығы 62 шіркеу мен приход: Лепсі уезінде – 12, Қапал уезінде – 14, Жаркет уезінде – 5, Верный уезінде – 12, Пржевальский уезінде – 7, Пішпек уезінде – 12 діни мекемелердің ашылғандығы ашып көрсетілді.

Отырыста сонымен қатар, шіркеулерден алшақ орналасқан және жаңадан құрылған поселкілерге тұрғындардың діни қажеттіліктерін орындау үшін арнайы жылжымалы шіркеулерді жолдау мәселесі қарастырылды. Айта кетерлік жайт, аталған мәселе 1908 жылдың 7 наурызында обер-прокурордың төрағалығымен өткен Арнайы кеңестің жиналысында да қарастырылған болатын [1, 133-134 пп.]. Жылжымалы шіркеулерге отбасын құрмаған діни қызметкерлер белгіленіп, оларға жылдық жалақы екі есе жоғары төленді.

Облыстық комитеттің жанынан қоныс аударушылардың діни тұрмысына қажетті іс-шарларды жүзеге асыратын уездік комитеттер ұйымдастырылды. Уездік комитеттер Жетісу облысы бойынша барлық уезд орталықтарында құрылды. Уездік комитеттердің нұсқауы бес тармақшадан тұрады. Қорда бекітілген нұсқаудың көшірмесі кездеседі [2, 3-4 пп.]. Нұсқауға сәйкес, уездік комитеттің тұрақты мүшелері уездің діни өкілі, уезд басшысы, кіші аудан меңгерушісі және жергілікті орманшылар болды. Комитеттің төрағасын Облыстық комитет негізінен жергілікті дін өкілінен тағайындайтын, бірақ кейбір жағдайда уезд басшысы да төраға бола алатын. Нұсқаудың 4 тармақшасы бойынша уездік комитет қоныс аударушылардың діни және ағартушылық қажеттіліктеріне қатысты барлық мәселелрді қарастырған. Қордағы 1911-1912 жылдарға қатысты есептік құжатта жоғарыда келтірілген нұсқауға сәйкес уездік комитеттердің міндеттері мен құрамы көрсетілген.

Қорда С.К. Топаревский және А. Бонч-Осмоловский дайындаған 700 адамға арналған шіркеу жобасының көшірмесі сақталған [3, 15 п.]. Жобада шіркеудің сыртқы суреті, кескіні және көлемдік сызбасы көрсетілген. Шіркеудің жобасын 1912 жылы 13 қаңтарда дайындаған – облыстық сәулетші С. Топаревский, А. Бонч-Осмоловский, инженер-гидротехник А. Корнеев, хатшы А. Баймулов. Қорда табылған шіркеудің бұл жобасы Түркістан Епархиалды комитетінің 1912 жылы 23 қаңтардағы отырысында бекітілгендігі расталып отыр. Себебі, жоба отырысқа дейін он күн бұрын дайындалды және мұнда журналда аталған

авторлардың аты-жөндері көрсетілген. Техникалық құжаттың бір түрін құрайтын шіркеудің жобасы біз үшін өте құнды болып табылады. Бұл құжатта ХХ ғасырдың басында салынған шіркеулер туралы нақты мәліметтер берілген.

Қорда сонымен қатар, техникалық құжаттың басқа түрлері де кездеседі. Атап айтсақ, сол кезеңдегі Жетісу облысындағы қоныс аударушылар үшін салынған мектептер мен шіркеулердің, діни ғимараттардың фото суреттері сақталған. 1916 жылғы есептік құжатта 1904-1916 жылдар аралығындағы Жетісу өлкесінде ашылған мектептер, шіркеулер, діни үйлер туралы статистикалық мәліметтер және фото суреттер берілген. Верный уезіндегі Алексеевка селосында шіркеудің салынуы, Кастек-Прудки селосындағы мектеп, Лепсі уезіндегі Покотиловка, Покровская, Ново-Надеждинская селоларындағы шіркеулер мен мектептердің фото құжаттары бар [4, 11-22 пп.]. Негізінен, барлық мектептер мен шіркеулер бір қабатты болған, олардың ғимараттары бір-біріне ұқсаған. Өлкедегі мектептер мен шіркеулер бір жоба бойынша салынған деп тұжырымдауға болады.

Түркістан Епархиалды комитетінің отырыстарында Облыстық комитет қарастырған мектептер мен шіркеулер құрылысының сметасын бекітіп, белгілі жылға жоспар дайындаған. Қоныс аудару поселкілерінде шіркеулер мен мектептердің құрылысының жоспарында Ұлы Синодтан және Қоныс аудару басқармасынан бөлінетін қаржы белгіленетін. Бұл құжатты обер-прокурор мен Егіншілік және жерге орналастыру бас басқармасының басқарушысы бекітіп, Қоныс аудару бас басқармасы басшысының қолымен расталатын. 1912 жылғы жоспар бойынша Ұлы Синод қаржысынан жаңадан ашылған діни мекемелерге – 99850, діни қызметкерлердің пәтеріне – 31125, өлке бойынша іс-сапарға – 4500, техникалық бақылауға – 16800, тасымалды шіркеуге – (шамамен) 21000, шіркеулер мен мектептердің құрылысына – 433169 сом бөлінді. Қоныс аудару басқармасының қаржысынан құрылысқа – 670483, 25 жылжымалы шіркеуге – 50000, пастірлік курстарға – 12000, болашақта жасалатын өтініштердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін – 35000 сом көлемінде қаржы белгіленді [2, 58 п.]. Қоныс аударушылардың қажеттіліктері үшін қаржы 1909 жылдың 19 сәуірдегі заңына сәйкес ссуда немесе қайтарылмайтын қаржы түрінде селолық қоғамдарға бөлінетін. Әр аудан бойынша белгіленген несиелер жоспарда кесте түрінде келтірілген. 1912 жылғы жоспарда Жетісу облысына жалпы Ұлы Синод қаржысынан 76150, Қоныс аудару басқармасынан 59200 сом бөлінген [2, 50-61 пп.]. Бұл мәліметтерден байқайтынымыз, Қоныс аудару басқармасынан қарағанда Ұлы Синод 16950 сомға артық қаржы белгілеген. Себебі, діни қызметкерлердің жалақысы, діни мекемелердің құрылысына қажет қаражаттың көп бөлігі Ұлы Синод қаржысынан төленіп келді. Қоныс аудару поселкілерінде мектептер мен шіркеулердің құрылысына Ұлы Синодтан және Қоныс аудару басқармасынан үнемі әрі тұрақты түрде қаржы бөліп отырған. Сонымен бірге, арнайы император Александр III атындағы қор да алшақ аумақтарда мектептер мен шіркеулердің құрылысына қаржы бөлетін.

1914 жылғы мектептер мен шіркеулердің құрылысының жоспарында Жетісу облысы бойынша 1912 жылғы жоспармен салыстырғанда біршама өзгерістер болған. 1914 жылы Жетісу облысына Ұлы Синодтан 22200 сом,

Қоныс аудару басқармасынан 159800 сом қаржы мектептер мен шіркеулердің құрылысына жоспарланды. 1912 жылға қарағанда 1914 жылы Ұлы Синод 3,5 есе аз қаржы, ал Қоныс аудару басқармасы керісінше 2,7 есе артық қаржы бөлген. Кейінгі жылдары Ұлы Синод басқа қоныс аудару аудандарына көбірек қаржы белгілеген. Бұл Жетісуға орыс шаруаларын қарқынды түрде қоныстандыру барысында басқарманың көшіп келушілердің рухани қажеттілігі мен білім алуына баса назар аударып, қамқарлығына алғандығын байқатады.

Облыстық комиссияның өлкеде үлкен қызмет атқарғанын келесі құжаттың мәтінінен байқаймыз. 1916 жылғы 5 қарашада Верный кіші ауданының меңгерушісі Жетісу қоныс аудару басқармасының меңгерушісіне жолдаған рапортында көрсетілгендей, Облыстық комиссия құрылғаннан кейін өлкеде мектептердің құрылысына бөлінетін қаржы мәселесі тез арада шешіле бастады [5, 5-6 пп.]. Рапортта анықталғандай, 1915 жылдың өзінде Верный кіші ауданында 6 мектептің құрылысына несиелер және қайтарылмайтын қаржы бөлінді.

Жетісу өлкесінде Облыстық комиссияның алғашқы отырысы 1910 жылы 4 наурызда өтті. Отырыстың хаттамасына сүйенетін болсақ, Облыстық комиссияның төрағасы Жетісу облысының әскери губернаторы М. Фольбаум және мүшелері Жетісу облысының вице-губернаторы П. Осташкин, Жетісу қоныс аудару басқармасының меңгерушісі С. Велецкий, Халық училищелерінің инспекторлары П. Якоб, В. Светлов, Жетісу Облыстық басқармасының кеңесшісі Е. Мартов және Верный кіші ауданының меңгерушісі қызметін А. Голубев атқарды. [6, 46 п.]. А. Голубевке комиссия хатшысының міндеті қоса жүктелді.

Жетісу қоныс аудару басқармасының меңгерушісі С. Велецкийдің мәліметі бойынша, Пішпек және Верный кіші аудандарында жақын арада мектептерді ашу қажет. Сонымен қатар, меңгеруші Жетісу облысындағы оқу-ағарту ісі бойынша есеп берді. Отырыста көтерілген негізгі мәселелердің бірі мектептердің құрылысына қатысты болды. Атап айтсақ, қоныс аудару телімдерінде Халық ағарту министрлігінің немесе шіркеулік-приходтық мектептерді салу қажеттігі қарастырылды. Өлкедегі мектептердің құрылысы мен оқу-ағарту ісін ұйымдасқан түрде шешу үшін комиссия әр уезде арнайы құрылыс комитеттерін құру туралы шешім қабылдады.

Облыстық комиссияның 1910 жылы 11 наурызда өткен отырысының № 2 хаттамасында Верный, Пішпек, Пржевальский, Жаркент уездерінде барлығы 20 мектеп ғимаратын салу және 1910 жылдың соңына қарай құрылыс комитеттерін ұйымдастыру туралы шешім шығарылған [6, 83 п.]. Облыстық комитеттің отырыстарында, негізінен, өлкедегі оқу-ағарту ісі және мектептер мен училищелердің құрылысы туралы мәселелер қарастырылған. Талданған құжат мәтіндерінен өлкедегі Қоныс аудару басқармасы оқу-ағарту ісіне жіті мән беріп, қарашекпенділердің білім алуы мәселесін үнемі назарда ұстап отырғандығына көз жеткіземіз.

Халық ағарту министрлігі Түркістан генерал-губернаторына жолдаған 1912 жылғы 1 қарашадағы нұсқауында Облыстық комиссияның міндеттері көрсетілген [7, 3 п.]. Айта кетерлік жайт, нұсқауда комиссияның құрамына,

сонымен қатар, діни ведомствоның өкілі қосылған. 1916 жылы 20 маусымда Қоныс аудару бас басқармасынан Жетісу облысының әскери губернаторына жолданған құжатта көрсетілгендей, Епархиалды комитеттер мен Облыстық комиссиялардың арасында байланыс болмағандықтан, Халық ағарту министрлігі комиссияның құрамына діни ведомствоның өкілін кіргізген [8, 61 п.]. Бұдан байқайтынымыз, оқу-ағарту ісіне діни мекемелердің де қызметін араластырған.

Халық ағарту министрлігінің нұсқауына сәйкес, 1909 жылы 22 маусымда «Мектеп құрылысының қажеттігіне қазынадан ақшалай көмек бөлу ережесі» бекітілген [7, 3 п.]. Ереженің 4-бабы бойынша Халық ағарту министрлігі мектептердің құрылысына жұмсалатын қаржының жартысын қайтарылмайтын ссуда түрінде бөлуге тиіс болды. Халық ағарту министрлігінің тарапынан белгіленген қаржы есептік құжаттарда көрініс тапты.

Жетісу облысының әскери губернаторының 1914 жылғы 9 тамыз циркулярында көрсетілгендей, Облыстық комиссия құрылыс комитеттері мен Уездік комиссияларға арнайы нұсқау дайындады [9, 1 п.]. Верный қаласында типографиядан басылып шыққан бұл нұсқау қорда табылған болатын [10, 24-35 пп.]. Құжатты Жетісу облысының әскери губернаторы М. Фольбаум бекітті. Нұсқау 7 тараудан және 59 тармақшадан тұрады: 1-тарау – Мектептердің құрылысына белгіленетін орындар; 2-тарау – Құрылыстардың жобалары; 3-тарау – Уездік комиссиялар және жергілікті құрылыс комитеттері; 4-тарау – Құрылыстардың өндірісі; 5-тарау – Құрылыс бойынша есептер; 6-тарау – Ғимараттардың қайта салынуы; 7-тарау – Ғимараттардың сатып алынуы. Қосымшасында әр түрлі мазмұндағы өтініштердің үлгілері келтірілген. Құжат облысты билеуші және оның әкімшілігі оқу-ағарту ғимараттарын салу, оларға бөлінетін қаржы, болашағы жайындағы мәселені бүге шігесіне дейін талдап, егжей-тегжейлі қарастырып, отырғандығын дәйектейді.

«Жетісу облысының қоныс аудару поселкілерінде мектеп ғимараттарын салу үшін құрылған жергілікті құрылыс комитеттерінің нұсқауына» сәйкес, мектеп құрылыстарын жергілікті құрылыс комитеттері жүргізетін. Құрылыс комитетінің құрамында төраға – жергілікті мұғалім немесе дін қызметкері және мүшелері село старшинасы немесе старостасы, 4-5 жергілікті тұрғын болды. Құрылыс комитеттерінің мүшелерін сайлау туралы үкімді Уездік Комиссия және Облыстық комитет бекітетін.

Нұсқаудың 13-14 тармақшасында көрсетілгендей, уезде және кіші ауданда Халық ағарту министрлігі мектептерінің құрылысы мен ашылу ісін, құрылыс комитеттерінің қызметін Уездік комиссия бақылады. Комиссияның төрағасы – уездің халық училищесінің инспекторы, мүшелері – уезд басшысы, салық инспекторы, кіші аудан меңгерушісі, шіркеулік-приходтық мектептердің уездік бақылаушысы, жергілікті орманшы болды [10, 26 п.]. Бұл нұсқауға сәйкес, жаңа мектептердің құрылысы туралы өтініштер құрылыс комитеттері мен Уездік комиссиялар арқылы өтіп, Облыстық комиссияның қарауына жолдану қажет еді. Сонымен, құрылыс комитеті Уездік комиссияның қарауына ктіп, ал Уездік комиссия Облыстық комиссияның бақылауына берілген.

Уездік комиссиялардың хаттамалы арқылы олардың нұсқауға сәйкес

жүзеге асырған қызметін анықтауға болады. Мәселен, Пржевальский Уездік комиссиясының 1915 жылы 10 сәуірде өткен отырысының хаттамасында 1915-1916 жылдарда Пржевальск уезі бойынша салынатын мектептер мен оларға қажет қаражат мәселесі қарастырылған [11, 24-25 пп.]. Хаттаманың шешімінде 1915 жылы Барсқауын, Соколовка, Тархан селоларында 5 мектеп және 1916 жылы Светлая-поляна, Раздольное, Валерияновка, Рысок, Григорьевка селоларында 7 мектеп салу жоспарланды. Бұл мектептердің құрылысына қатысты жасалған селолық үкімдер мен ссудалық ведомость Облыстық комиссияның қарауына жолданды.

Лепсі Уездік комиссиясының 1915 жылы 20 қазанда өткен отырысының хаттамасында орыс-тузем мектебін ашу мәселесі қаралған. [12, 18-19 пп.]. Саратов селолық қоғамының үкімі бойынша Мақаншы-садыр және Мақаншы-кастек болыстарымен бірлесіп орыс-тузем мектебін ашу үшін Халық ағарту министрлігінен 3000 сом ақшалай көмек және Қоныс аудару басқармасынан 3000 сом ссуда бөлуді сұраған. Бір айта кетерлік жайт, құжатта көрсетілгендей, көшпелі қазақ болыстары бірден 1167 сом 80 тиын жиналған қаржы берген және 1916 жылдан бастап мектептің құрылысы біткенге дейін әр шаңырақтан 20 тиыннан ақшалай көмек көрсетуге ұйғарым жасады. Бұл мәліметтер біз үшін өте құнды болып табылады. Қорда жергілікті қазақ халқына арнайы ашылған мектептер туралы құжаттар аз кездеседі. Есептік құжаттарда жалпы мектептердің саны беріледі, бірақ олардың қаншасы қазақ мектептері болғандығы белгісіз.

1916 жылы 20 мамырда Жетісу қоныс аудару басқармасының меңгерушісі міндетін атқарушы Бурьиннің межелеу бөлімінің басшысына жолдаған өкімінде Пржевальский уезі Тархан селосының қырғыз (қазақ – автор.) бөлімінде бос үлестерден 3 десятина көлеміндегі жерді мектеп теліміне анықтау туралы тапсырма берген [8, 45 п.]. Өкімде көрсетілгендей, Тархан селосының қазақ тұрғындарының атынан Жақынбек Атақанов пен Дикембай Әділеутен тиісті көлемде мешіт үшін және мектеп үлесіне телім бөлу туралы өтініш түскен. Бірақ жоғарыда қарастырылған «Жетісу облысының қоныс аудару поселкілерінде мектеп ғимараттарын салу үшін құрылған жергілікті құрылыс комитеттерінің нұсқауына» сәйкес, жаңадан құрылған селоларда мектеп теліміне далалық үлеспен бірге 14 десятина жер белгіленетін. Ал тұрғындары бұрыннан қоныстанған селоларда мектеп үлестеріне 4,5 десятина жер бөлінетін [10, 25 п.]. Далалық үлестерді мектептің бау-бақшасы, зерттеу телімі құрайтын. Тархан селосындағы мектепке белгіленген 3 десятина жер үлесі нұсқауға сәйкес келмейтінін байқауға болады. Қоныс аудару басқармасы қазақтар үшін мектептерге бөлінетін тиісті жер үлестерін іс жүзінде дұрыс белгілемегендігін аңғарамыз.

Жетісу облысында 1913-1915 жылдар аралығында 10 шіркеу салынды. Олардың құрылысына 39500 сом көлеміндегі негізгі қаржы Қоныс аудару басқармасынан бөлінген. 1908-1916 жылдары өлкеде 71 сиыну үйі салынып, ең көбі Пішпек кіші ауданында болды. Сиыну үйлері негізінен қоғамдық қаржығы тұрғызылған. Қоныс аудару басқармасынан Верный, Пржевальский, Лепсі және Пішпек кіші аудандарындағы сиыну үйлеріні құрылысына ақшалай көмек

көрсетілді. Себебі, осы кіші аудандарда негізінен орыс халқы қоныстанған. Салынған шіркеулер туралы құжаттар Қоныс аудару басқармасының көшіп келгендердің рухани наным-сенімін де назардан тыс қалдырмағандығын дәлелдейді. Мұның өзі жергілікті отаршыл билеушілердің отандастарының рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға белсене кіріскендіктерін байқатады. Шіркеулер мен сыйыну үйлерінің қатарын көбейтуде жергілікті халыққа идеологиялық ықпал етіп, рухани отарлау арқылы орыстандыру саясатын жүзеге асыруға ұмтылды.

Жетісу өлкесінде шіркеулік-приходтық мектептердің құрылысы 1906-1914 жылдары жүргізіліп, барлығы 27 ғимарат салынды. Анықталған көрсеткіштер бойынша, шіркеулік-приходтық мектептердің құрылысына негізінен тұрғындардан жиналған қоғамдық қаржы жұмсалған. Бірақ олардың құрылысына Ұлы Синодтан қарағанда Қоныс аудару басқармасының тарапынан көбірек қаржы белгіленген. Халық ағарту министрлігінің 13 мектебі 1909-1915 жылдары салынған, бірақ Пішпек кіші ауданында 1904 жылы Жетісу облысы бойынша алғашқы мектеп Благовещенск селосында ашылған [4, 34 п.]. Ұлы Синодтан Халық ағарту министрлігінің мектептеріне мүлдем қаржы бөлінбегенін байқаймыз. Мектептер негізінен Қоныс аудару басқармасының бөлген ссудаларына және қоғамдық қаржыға салынған. Бір айта кетерлік жайт, Қапал кіші ауданында 1915 жылға дейін шіркеу, шіркеулік-приходтық мектеп және Халық ағарту министрлігі мектебінің құрылысы мүлдем жүргізілмеген. 1915 жылғы Жетісу өлкесіндегі шіркеулер мен мектептердің құрылысы туралы есептік құжатта 1906-1915 жылдар аралығындағы мәліметтер берілген. Бұл құжат бойынша да Қапал кіші ауданында шіркеулер мен мектептердің құрылысы болмағаны анықталған [13, 108 п.]. Қапал кіші ауданында орыс селоларының саны аз болғандықтан, құрылыс жүргізуге қажеттілік тумаған.

1909 жылғы 22 маусымдағы «Мектеп құрылысының қажеттігіне қазынадан ақшалай көмек бөлу ережесіне» сәйкес, мектептердің құрылысына жиналған қоғамдық қаржы жеткілікті болмаған жағдайда, Қоныс аудару басқармасынан ссудалар бөлінетін [7, 3 п.]. Сондықтанда жоғарыда келтірілген кестеде мектептер үшін негізінен қоғамдық қаржының жұмсалғандығын көруге болады.

Жетісу өлкесінде ашылған оқу орындарының қатарында ауыл шаруашылық училищелер болды. Егіншілік және жерге орналастыру басқармасы 1913 жылы 27 қарашада «Ауыл шаруашылық училищелердің жалпы жарғысын» бекітті [14, 5-24 пп.]. Жарғыға сәйкес, төменгі ауыл шаруашылық училищелер Егіншілік және жерге орналастыру басқармасының рұқсатымен ашылады. Әр училищенің қызметін қадағалайтын Бақылау комитеттері болды. Сонымен қатар, өлкеде егіншілік және бақташылық училищелер болды. Мәселен, 1912 жылғы 28 ақпанда өткен Верный қалалық думасы отырысының журналында Верный егіншілік училищесін ашу туралы мәселе қарастырылған [15, 3-4 пп.]. Қалалық басқарманың өкілі училищеде арнайы мамандар дайындалса, болашақта олар жергілікті халықтың отырықшылыққа көшуіне ықпал етендігін ерекше атады. Отырыстың нәтижесінде, Қалалық қоғамдық басқарма оқу орнына бос

жерлерден телім белгілейтіндігі туралы шешім қабылданды.

Екіншілік училищенің ашылуы 1914 жылдың басына жоспарланған. Бұл мәселе Жетісу қоныс аудару басқармасы меңгерушісі мен Қоныс аудару басқармасының арасында жүргізілген хат алысу құжаттарында көрініс тапқан. С.Н. Велецкий 1913 жылы қараша айында Қоныс аудару басқармасына жолдаған баяндауында көрсетілгендей, Жетісу облысының әскери губернаторы Түркістан генерал-губернаторына жаңа жылдың басында училищені ашу туралы өтініш жасаған. Бұл оқу орны ашылмаған жағдайда екіншілік курстарын ашуды ұсынған [15, 35 п.]. Училищеде мектепте оқылатын пәндермен қатар, арнайы пәндер де оқылатын. Курстарда тек мамандыққа қатысты пәндер жүргізілетін. Мәселен, екіншілік училищесінің 1910 жылғы оқу бағдарламасында барлығы 17 пән кірген, арнайы пәндерден «Геодезия», «Межелееу заңдары», «Космография», «Жер қабаты жіне өсімдіктер» оқытылатын [15, 39-62 пп.]. Сонымен қатар, барлық оқу орындарында міндетті түрде «Дінтану» сабағы өткізілетін.

Верный бау-бақша мектебіне арнайы жасалған оқу бағдарламасының қолжаба түрі табылды [16, 7-50 пп.]. Бұл бағдарламаға сәйкес, бау-бақшадан арнайы оқылатын пәндер көп болған және олар негізінен 2-3 кластарда жүргізілетін. Айта кетерлік жайт, Верный мектебінің бағдарламасында «Есеп жүргізу» пәні енгізілген, онда жылжымалы және жылжымалы емес капитал, квитанция, вексель туралы қажетті түсініктер берілетін. Қарастырылған бағдарламаларға сәйкес, оқу орындарында қажетті пәндердің барлығы енгізілгендігін байқауға болады.

Осылайша Жетісу қоныс аудару басқармасы құрылғаннан кейін, Жетісу облысының барлық аудандарында мектептер мен шіркеулер салына бастады. Бұл мәселе Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі қорының құжаттарында көрініс тапқан. Негізінен басқарушы, есептік және хат алысу құжаттарында өлкедегі рухани отарлау саясатының жылдам қарқынмен жүзеге асырылғандығы сипатталған. Ресей әкімшілігі жергілікті қазақ халқын өз мәдениетінен, дінінен алшақтату мақсатында орыс мектептері мен шіркеулердің санын өсірді. Мешіттердің және медреселердің құрылысына қатысты құжаттар қорда кездеспейді. Жетісу қоныс аудару басқармасы өлкеде орыс шаруаларын қоныстандыру ісімен қатар, рухани отарлау саясатын да жүзеге асырды. Жетісу қоныс аудару басқармасының қызметі жылдарында жинақталған іс жүргізу құжаттарында отарлау саясатының көрінісі анық байқалады.

-
1. Смета на постройку школы на 6-м Чуйском участке, переписка с Туркестанской консисторией о постройке церкви // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 2706. – 191 п.
 2. Материалы о постройке церкви и школ на переселенческих участках // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 2767. – 3-4 пп.
 3. Дело о постройке школы в сел. Смольнинском Пржевальского уезда // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 2770 – 15 п.
 4. Таблицы о числе сельских школ и церквей в селениях Семиреченского переселенческого района // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 618 – 10-14 пп.

5. Докладная записка заведующего переселенческим делом в Копальском подрайоне о состоянии строительства школ в переселенческих поселках // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 599. – 5-6 пп.
6. Дело об открытии начальных училищ в переселенческих участках // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 126 – 56 п.
7. Доклад о школьных земельных наделах в поселках Семиреченского района и материалы к нему // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 1827 – 3 п.
8. Переписка с заведующими подрайонов об отводе земельных участков под постройку молитвенных и причтовых домов в Верненском и Копальском уездах, о строительстве школ в переселенческих поселках и др. вопросам // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 630 – 61 п.
9. Копии циркулярных распоряжений военного губернатора Семиреченской области // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 1074 – 1 п.
10. Инструкция местным строительным комитетам учрежденным для постройки школьных зданий в переселенческих поселках Семиреченской области // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 1075 – 24-35 пп.
11. Дело о выдаче ссуд и пособий на постройку школ в переселенческих поселках // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 1090 – 24-25 пп.
12. Дело об открытии школ в переселенческих поселках Семиреченской области // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 1079 – 18-19 пп.
13. Сведения о постройках церквей, школ, молитвенных и причтовых домов в переселенческих поселках Семиреченской области // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 806 – 108 п.
14. Материалы об образовании низших сельско-хозяйственных училищ и комплектовании их преподавательским составом // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 464 – 5-24 пп.
15. Дело об открытии в гор. Верном земельного училища // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 354 – 3-4 пп.
16. Программы общеобразовательных и специальных предметов Верненской школы садоводства // ҚР ОММ. Қ. 19; т. 1, іс. 480 – 7-50 пп.

ҚОРЫТЫНДЫ

Еліміздегі тарихнамалық зерттеулердің кең түрде жүргізілуі, тарихнама ғылымының қажеттілігін терең түсіну қазіргі кезеңдегі ғылымның түрлі салаларындағы жетістіктер тұрғысынан, жаңаша тарихнамалық, методологиялық талдаулардың заңдылықтарын, ерекшеліктерін оқып-үйренуді талап етеді. Ғылыми талаптарды жан-жақты меңгерген сайын тарих ғылымындағы зерттелмеген мәселелер айқындалып, ол алдыға жылжиды. Керісінше, методологиялық проблемалар өз шешімін таппаса, зерттеушілер әдіснамалық жағынан пісіп-жетілмесе ғылым жаңа, сапалы жетістіктерге жете алмайды.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдарда тарихнамалық зерттеулерді жүргізуге ықылас артып, тарих ғылымының тарихын терең түсінуге алғашқы қадамдар жасалды. Мұның өзі жаңа, ғылымның түрлі салаларында қол жеткізілген жетістіктер тұрғысынан тарихнамалық методологиялық талдаудың заңдылықтары мен өзіне тән белгілерін тануды талап етті. Осы бағытта біраз жұмыстар жасалды. Тарихнамалық зерттеулердің методологиялық тұғыры болып танымның жалпы ғылыми мәртебесін

иемденуші дербес диалектикалық-материалистік, философиялық ілімдер жүйесі, теориялық-әдіснамалық ұстанымдар қалыптастырылды.

Тарихнамалық еңбектердегі методологиялық “түзетулердің” қажеттілігі ғылымның өзіне тән болжам жасау бағытына байланысты артады. Тарихнамалық зерттеудің құндылығы көп жағдайда ондағы ғылыми дәйектелген болжаудың орын алуына байланысты анықталады. Тарихнамашының гипотеза шығаруға белгілі бір уақыттарда ғана құқығы болады. Тарихнамалық ойдың тереңдігі жаңа проблемалар мен тақырыптардың дүниеге келуіне жол ашады. Білікті, білімді, методологиялық жағынан табанды, дүниетанымы кең, логикалық ой-өрісті маман тарихнамашы ғана болашақтағы ғылыми ізденістерге негіз болатын болжам жасай алады. Методологиялық ұстанымдары берік, оның негіздерін жетік меңгерген тарихнамашы ғана бұрынғы болжамдардан бас тартып немесе жоққа шығарып, тарихнамалық білімнің дамуына септесе алады.

Ғылымның осындай “миссиясына” қол жеткізу үшін оның методологиялық негіздерін терең меңгеру қажет. Айта кетерлік жайт, тарих методологиясына қызығушылық әдіснамалық проблемалардың дамуы мен кең қанат жаюына байланысты артып келеді. Тәуелсіз Қазақстанда соңғы уақыттарда бірқатар ғылыми маңызы зор еңбектер жарық көрді. Олардың қарастырған мәселелері де сан қырлы. Дегенмен көптеген мәселелер әлі де болса терең зерттеуді қажет етеді, өйткені Отан тарихына қатысты проблемалардың басым көпшілігі терең әрі толыққанды зерделенбеген, кейбіреулері мүлде ғалым-зерттеушілер назарынан тыс қалған. Бұл әсіресе тарихнаманың методологиялық проблемаларына қатысты. Отандық ғылымда методологиялық мәселелерге арналған еңбектер жоқ десе де болғандай, алайда соңғы жылдары тарихнама ғылымы бойынша біраз зерттеулер жүргізіліп, ірілі - ұсақты еңбектер дүниеге келді. Осыған байланысты ғылым кенже қалған деңгейінен елеулі түрде даму жолына түсті. Дегенмен осындай үрдістермен қатар методологиялық ізденістер жүргізуді талап ететін жаңа проблемалар, зерттеулердің жаңа бағыттары пайда болуда.

Қазіргі кезеңдегі тарихнаманың бірінші кезектегі методологиялық проблемалары және жарық көрген, жазылған тарихнамалық еңбектерді талдау олардың әдіснамалық тұстарының ұшталмағандығын байқатты. Зерттеулерде жиі кездесетін қателіктердің бірі - тарихнаманың тарихнамасын көрсете алмау. Сонымен қатар ғылымның теориялық мәселелерін меңгермеу оның өзіндік ұғымдарына мән бермеуге итермелеуде. Мәселен, тарихнамалық деректерді енді ғана танып білгенімізбен тарихнамалық фактіні түсіне алмай келеміз. Ресей Федерациясында тарихнамалық фактіні айқындап, соған қатысты ой-пікірлер мен тұжырымдарды таразылау, олардың ұтымды, ұтымсыз тұстарын ажырату әлдеқешен ғылымнан орын алған. Ал біздер болсақ, библиографиялық сипаттау жасаудан ары аса алмай отырмыз. Тарихнама ғылымы қалыптасуының алғашқы кезеңінде библиографиялық сипаттауға жол беріледі, өйткені сол арқылы мәселенің қаншалықты күн тәртібіне шығарылғандығы анықталады. Содан кейінгі кезеңдерде ғылыми талдаулар тереңдеп, белгілі бір тарихнамалық фактіге байланысты ғылыми тұжырымдар таразыланады. Сипаттама емес

тарихнамалық талдау терең болған сайын зерттелуге тиіс мәселелер нақты айқындалатындығы белгілі. Келесі бір жиі ұшырасатын олқылық - тарихнамалық мерзімдемені тарихи мерзімдемеден ажырата алмау. Мұның өзі оған мән бермеу ғана емес, тарихнама ғылымының теориясын елемеуден туындайтын кемшілік. Сондықтан да алдымен отандық тарих ғылымында тарихи кезеңдеуді нақты анықтап алғанмыз абзал. Осы орайда айта кетерлік жайт, еліміздің тарихының кезеңдеуі былай тұрсын оның атауына байланысты пікір талас туып отыр. Тарихтың аталуына қатысты әзірше бір ұсыныс ҚР білім және ғылым министрлігі тарих және этнология институтының ғалымдары қолдап отырған Отан тарихы деген атау. Мейлі, солай болсын дейік, сонда ол кімнің Отаны деген сауал туындамай ма? Өйткені Қазақстан - полиэтникалық, поликонфессиялы мемлекет. Осындай сипаттағы елге ол ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың бас кезінде айналғандығы мәлім. Оған дейін ол бір ұлтты, яғни қазақ халқы ғана мекен еткен ел болды. Қазақстан деген атау осы халықтың мекен еткен аймағына қатысты тарихи деректерден орын алғандығы ескерілмейтіндігі қынжылтады. Дүние жүзіннің тәжірибесіне назар аударсақ, барлық елдерде тарихы сол аумақты мекен еткен негізгі халықтың немесе елдің атауымен аталады, тарих негізгі этностың немесе мемлекеттің атауымен тығыз байланысты. Мәселен, Ресей тарихы, Ұлыбритания тарихы, Германия тарихы, Қытай тарихы, т.б. Оларды ағылшын, неміс, орыс тарихы деп атау қалыптаспаған. Бұл елдердің бірде біреуінде ол Отан тарихы деп аталмайды, аталған күннің өзінде, ысалы, Ресейде Отан тарихы жақшада Ресей Федерациясы тарихы деп аталады. Осы тұрасында еліміздің тарихының атауын Қазақстан тарихы деп қалдыру көкейге қонымды.

Тарих ғылымның ілгері дамуына пәнаралық байланыстардың ықпалы айтарлықтай. Ғылым мен техника дамыған қазіргі ХХІ ғасырда белгілі бір ғылымды жеке оқып-үйрену, зерттеу мүмкін емес екендігіне көз жеткізіп келеміз. Дамудың интеграциясы және жаһандандудың ықпалы қоғамның барлық салаларынан, соның ішінде ғылымнан да көрініс беруде. Соңғы уақыттарда оқытудың жаңа технологияларына ден қойылып, оқып-үйренудің дербестігіне, өз бетінше ізденістер жүргізуге жіті мән берілуде. Сонымен қатар кез-келген пәнді, ғылымды жеке дара емес өзге де ғылымдардың, пәндердің көмегімен, пәнаралық байланыста оқыту мен оқып-үйрену заман талаптарына сәйкес іске асырылуда. Пәнаралық - бұл біздің заманымыздың сипатты көріністерінің бірі, білімнің әлеуметтік және саяси интеграциясы. Көп жақтылы ұғымда пәнаралықтың бірпәнділіктен айырмашылығы оның әртүрлі пәндер, білім салалары арасында өзара әрекет етуі түрінде түсіндіріледі. Оның дамуы барысында идеялар мен көзқарастардың, терминдері және зерттеу тәжірибесінің интеграциясы, айырбасы жүреді. Осындай өзара ықпал етудің нәтижесінде ғылыми білімнің өзекті міндеттерін шешудің бағыты қалыптасып, ақырында зерттеу объектісінің мазмұны толығып, байи түседі. Пәнаралық тұрғыда жинақталған тарихнамалық фактілердің құрылымы және мазмұны, оларды талдау мен баға берудің критерийлері туралы мәліметтер фактілерге терең еніп қана қоймай, қосымша тәсілдер, соның ішінде жүйелеп талдау әдісі бойынша білімнің жинақталу тенденцияларын, олардың одан ары дамуын және жаңа ғылыми зерттеулерді

болжауды айқындауға жағдай жасайды. Мұндай жетістікке қол жеткізу пәнаралықтың эмпирикалық тәсілдерін теориялық қағидалармен біріктіре алатын қабілетінің негізінде мүмкін болады. Осы орайда тарихнамалық зерттеулердегі оның байланысатын ғылымдары, олардың атқаратын ролі туралы проблема өзекті бола түседі. Тарихнамада деректанулық тарихнама және тарихнамалық деректану деген түсініктер кең орын алған. Өкінішке орай біз бұл түсініктерге әлі де қол жеткізе алмай келеміз. Пәнаралық байланыстарға жай ғана ғылымдармен байланыс ретінде емес олардың өзара астасуы түрінде қарайтын уақыт әлдеқашан жеткен.

Жете түсініп, мән бермей келе жатқан тағы бір жайт, ол - тарихнамалық зерттеулер жүргізудегі заңдылықтардың ролі. Табиғи заңдылықтар тәрізді ғылыми, соның ішінде тарихнамалық заңдылықтарды бұзу ғылымының дағдарысына әкеледі. Сондықтан да оны үнемі сабақтастықта ұстану қажет. Тәжірибеде тарихнамалық шығармашылықтың деңгейін жаңа, сапалы деңгейге көтеру, ғылымның пайда болу, болашақтағы функциялары мен бағыттарының даму заңдылықтарын терең ашып көрсету қажет деген тұжырым жасауға болады.

Тарихнама ғылымын дамыту мақсатында мына төмендегі ұсыныстарды атап көрсетеміз:

- отандық тарихнамада жаңа методологиялық ұстанымдарды берік орнықтыруда эталондық тұжырымдар ретінде бағаланатын көзқарастардың қажеттілігі уақыт өткен сайын айқын сезілуде. Эталондық ой- пікірлер көбейген сайын тарихнамалық фактілерді бағалау зерттеушіге қиындықтар тудырмайды. Ал эталондық тұжырымдар қоғамның саяси жүйесіне, әлеуметтік ортаға, идеологияға тәуелді болмауы тиіс;

- соны ғылыми тұжырымдамаларды қалыптастыруда түпнұсқалық сипаттағы деректерді іздеу, оларды жүйелеп талдау басты рөл атқарады. Деректерді талдаудың әдіс - тәсілдері заман мен ғылым талаптарына сәйкес жетілдірілуі хақ. Осыған орай тарихнамалық және деректанулық еңбектерді қайталамай, керісінше олардың методологиялық деңгейлерін көтере отырып, ғылымның жаңа саласы - тарихнамалық деректануды қалыптастыру міндеті туындайды;

- ғылымның териялық-методологиялық негіздерін жетілдіруге арналған еңбектер жарық көруі тиіс;

- ғылыми мектептердің ғылымда алатын орны зор екендігі белгілі. Сондықтан да мектептің қалыптасуына мүмкіндіктер жасалуы қажет. Республикада тарихнама ғылымы бойынша түбегейлі зерттеулер дайындауда ғылыми мектептің қажеттілігі уақыт өткен сайын айқын сезілуде. Осыған орай ғылыми мектепті қалыптастырып қана қоймай, оның әлеуетін де жетілдіру міндеті туындайды. Тарихнама ғылымы бойынша іргелі мектеп құрылу осы саладағы көптеген өзекті мәселелермен бірге ғылымның методологиялық ұстанымдарын да ұштауға септеседі;

- тарихнама, деректану және тағы басқа тарих ғылымының салаларын, солар бойынша зерттеулер жүргізу, оларды зерттеудің үлгілерін қарастыратын пәндер жоғары оқу орындарында магистратурада, докторантурада оқытылғаны жөн. Мұның өзі кәсіби тарихшы мамандарды дайындауға үлесін қосады. Осы орайда мына төмендегі мәселелерге назар аударғанмыз абзал:

- кәсіби тарихшыларды дайндауда, әсіресе бакалавриатта ғылымның негіздерін оқытатын фундаменталды пәндерді оқу жұмыс жоспарларына ендіргені дұрыс;
- “Тарихты оқытудың әдістемесі” атты пәннің атауын заманауи талаптарға сәйкес өзгертудің уақыты әлдеқашан келген деп есептейміз. Пәннің атауын “Тарихты оқып-үйрену мен оқытудың жаңа технологиялары” деп атап, оның мазмұнын қазіргі орта мектептердегі оқу үдерісінің талаптарына ыңғайлап өзгерткен жөн;

- элективті пәндер каталогын мамандықтардың бағыттарына қарай, әрі болашақ маманның орта мектептегі қызметіне жарамды, тиімді етіп құрастыру қажет. Сонда болашақ ұстаз мектеп бағдарламасының шеңберінде оқытатын материалын тереңдетуге мүмкіндік алады. Біздің қазіргі кездегі элективті пәндеріміз келешек маманның жалпы дүниетанымын кеңейтуге ғана арналуы тиіс. Орта мектептер мен жоғары оқу орындарының арасында байланыстар орнатылып, олар дәстүрге айналған жағдайда білім беру сабақтастығы және білімнің сапасы, жастарды ғылымға баулудың жолға қойылуы тиіс.

Бакалавриат пен магистратурада оқытудың кредитті жүйесі ауқымында элективті курстардың алатын орны мен атқаратын рөлі ұшан-теңіз. Алайда олардың тақырыптары белгілі бір ғалымдардың кандидаттық немесе докторлық диссертацияларын қайталамауы тиіс. Элективті курстардың тақырыптары студенттердің, әсіресе магистранттың сапалы, әрі терең білім алуына, оның болашақта бәсекелестікке қабілетті маман болуына бағытталуы керек. Осы орайда эдвайзерлер қызметінің белсенділігі қажет. Сонымен қатар бакалавриатта алған білімді тереңдету мақсатындағы курстардың оқытылуына назар аударған абзал. Магистратурадағы элективті курстар магистранттардың өзбетінше ізденуіне мол мүмкіндік тудыруы тиіс. Сондықтан да МӨЖ-ге жіті көңіл бөлінуі қажет. Пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін құрастыруда өздік жұмыстардың тапсырмаларына, оларды орындаудың әдістемелік ұсынымдарына назар аударылып, ПОӘЖ-де көрініп тұрғаны жөн. Магистратурадағы элективті курстарды оқып-үйретуде және ғылыми ізденістерге баулуда жоғарыда аталған әртүрлі әдістерді пайдаланып, сабақтарды тартымды, әрі мәнді етіп өткізуге болады. Соның нәтижесінде оқып-үйренудің дербестігіне, өз бетінше ғылыми зерттеулер дайындауға қол жеткізіледі.

Оқытудың кредитті технология жүйесіне көшуде және заманауи талаптарына сай білім беруде осындай әдістемелік құралдар аса қажет. Дәрістерді оқуда, семинар сабақтарын және студенттердің өздік жұмыстарын жүргізуде әдістемелік ұсынымдардың маңызы арта түсері сөзсіз. Оқытушылардың дәрістері мен семинар сабақтарының, өздік жұмыстарының сапасын арттыру барысында мастер класстар, тәжірибелі оқытушылардың сабақтарына қатысу айлықтарын ұйымдастырып, өткізу көкейкесті міндеттердің біріне айналады.

Болон үдерісінің қағидаларының бірі білімнің сапасын арттыру болып табылады. Осы бағытта университетте білім мен ғылымды ұштастыру шараларына ерекше назар аударылған. Мамандардың кәсіби біліктілігі мен ғылымды дамыту үшін жалпы білім беру жүйесінде атқарылар қыруар жұмыстың басы жоғары оқу орындарында түйіседі. Сондықтан да жаңа

технологияларды меңгеру тек сапалы білім берумен шектелмеуі тиіс. Университеттердің, әсіресе ұлттық жоғары оқу орындарының әртүрлі деңгейдегі ғылыми зерттеу орталықтарына айналуын еліміздегі экономикалық, әлеуметтік-саяси жағдай талап етіп отыр. Университеттерде ғылыми зерттеу орталықтары мен зертханалары көп болған сайын олардың жұмыс нәтижелері сапалы білім беруге, бәсекелестікке қабілетті маман дайындаудың деңгейіне де ықпал етері сөзсіз. Осы орайда мейлінше бәсекелестікке бейім дамыған елдердің қатарына қосылудың басты шарттарының, әрі талаптарының бірі бәсекелестікке қабілетті мамандар даярлау өзбетінше ғылыми зерттеулер жүргізе алатын, өзіндік қабілеті мен пікірі бар жастарды тәрбиелеу екендігін естен шығармаған жөн.